

әл-Фараби атындағы қазақ ұлттық университеті

ӘОЖ 94 (574) «1920/25»+930(574)

Қолжазба құқығында

УРАЗБАЕВА АҚЖАМАЛ МАШРУПҚЫЗЫ

**Қырғыз (қазақ) облыстық комитеті (Қыробком) құжаттары Қазақстанда
тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының дерек көзі (1920-1925 жж.)**

07 00 09 – деректану, тарихнама және тарихи зерттеу әдістері

тарих ғылымдарының кандидаты
ғылыми дәрежесін алу үшін дайындалған диссертация

Ғылыми жетекшісі
тарих ғылымдарының докторы,
профессор Қаражан Қ.С.

Қазақстан Республикасы
Алматы, 2010

МАЗМУНЫ

КІРІСПЕ	3
1 ҚЫРҒЫЗ ОБЛЫСТЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТІ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ ПАЙДА БОЛУЫ.....	17
1.1 Қыробком құжаттарының дерек көзі ретінде пайда болуының объективтілігі мен деректік ерекшелігі.....	17
1.2 Облыстық партия комитеті құжаттарының сақталу формалары мен субъективтілігі.....	27
2. ОБЛЫСТЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТІ ҚҰЖАТТАРЫН СЫНЫПТАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ.....	39
2.1 Құжаттарды сыныптаудың басты принциптері.....	39
2.2 Облыстық партия конференциялары материалдарының деректік сипаты.....	47
2.3 Облыстық партия комитетінің басшы ұйымдарының материалдары - өзіндік дерек.....	56
2.4 Бастауыш партия ұйымдары материалдарының ерекшеліктері мен деректік маңызы.....	69
2.5 Партия қызметкерлері шығармалары мен естеліктерінің дерек ретіндегі алатын орны мен ерекшеліктері.....	83
3. ШЫНАЙЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІНІҢ ҚҰЖАТТАРДА БЕЙНЕЛЕНУ ДЕҢГЕЙІ.....	91
3.1 Үгіт-насихат құжаттары және мерзімді басылымдар әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуы тарихының дерегі.....	91
3.2 Партия қатарын тазалау тарихының құжаттарда бейнелену дәрежесі.....	108
ҚОРЫТЫНДЫ.....	126
ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ.....	130

КІРІСПЕ

Жұмыстың жалпы сипаттамасы. Зерттеу жұмысында Қырғыз облыстық партия комитеті құжаттары Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының маңызды жазба дерек көздерінің бірі ретінде, деректанулық тұрғыдан қарастырылған.

Зерттеу тақырыбының өзектілігі. Қазақстан тарихының құрамдас бөлігі болып табылатын және 70 жылдан астам үстемдік еткен Кеңестік құрылыс тарихы өткен күндер еншісіне айналғанына да біраз уақыт өтті. Бүгінгі елдің тәуелсіз жас ұрпақтары бұрынғы КСРО атты алып мемлекеттің тарихын оқулықтардан ғана оқып біледі. Қазіргі таңда, Кеңес Одағының жасампаз социалистік қоғам құру жолындағы күресіне, оның бүкіл тарихына деген көзқарас, тарихты түсіну, оны түсіндіруге деген ғылыми - теориялық, методологиялық бағыт өзгерді. Бұл мәселеге байланысты тарих ғылымы көптеген проблемаларды қайта қарастыруда. Осы жаңа бағытта жазылған еңбектердің көпшілігі ең алғашқы кезеңде жалпылама бірыңғай қаралау сарынында жазылғандығын естен шығармауымыз керек. Уақыт өте келе шынайы тарих ғылымы нақты тарихи деректер мен фактілерге негізделген зерттеулерді талап етуде. Осы тұрғыдан алғанда елімізде жаңадан қалыптасып келе жатқан деректану ғылымының рөлі зор. Деректану ғылымы - тарихи білімдердің арнайы саласы және тарихи деректер туралы ғылым, деректерді тарихи зерттеулерде пайдаланудың теориясы мен практикасы. Деректанудың негізгі мәселесі - тарихи деректің табиғатын ашу, оның объективті қасиеттері мен қалыптасу заңдылықтарын зерттеу.

Жаңа қалыптасқан тәуелсіздік жағдайында өткенімізді зерттеуге, саралауға деген теориялық және методологиялық әдістер кеңейіп қана қоймай байи түсті. Әсіресе, тарихи процестерді түсіндіру мен түсінуде теориялық қор мен методологиялық құралдың мәні бірден күшейді. Басқаша айтқанда, тарихи танымның теориялық негіздері мен жаңа әдіс-тәсілдерді игерудің маңызы артты.

Тарих ғылымына идеологиялық ықпал жасап келген коммунистік партияның уақыт сынына төтеп бере алмай тарауы және республикамыздың тәуелсіз дамуы бір кездегі Қазақстандағы тоталитарлық билік зардаптарын жан-жақты зерттеп, зерделеуге жол ашты. Мәселенің жаңаша қойылуы сан алуан тың деректерді кең көлемде тауып, ғылыми айналымға енгізуді қажет етеді. Осындай күрделі мәселелердің шешуін табуда Кеңестік құрылыс тұсындағы билеуші партия – алғашқыда Ресей коммунистік (большевиктер) партиясы (бұдан былай РК(б)П – авт.) - деген атпен үстемдік еткен Кеңес Одағының Коммунистік Партиясы (КОКП), соның ішінде, Қазақстан аумағындағы негізгі билік көзіне айналған Қырғыз (қазақ-авт.) облыстық партия комитеті (бұдан былай Қыробком-А.У.) құжаттарының Қазақстандағы тоталитаризмнің қалыптасуы тарихын зерттеуде алар деректік орны ерекше.

XX ғасыр басында билік басына келген большевиктер партиясы – бірден бір билік көзіне айналды. Сондықтан да, партияның күнделікті атқарған жұмысының негізінде партия құжаттары, яғни өзіндік іс қағаздар қалыптасты.

Аталмыш деректер - құжаттарда 1920-1925 жылдарда большевиктік билік ұстанған әкімшіл-әміршіл бағыттағы саясат, атап өтер болсақ, жаңа экономикалық саясат, жергіліктендіру, кеңестендіру, өндірістік қайта жабдықтау және тағы басқа оқиғалар тарихы кеңінен бейнеленген. Сол деректер арқылы, Қазақстанда әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуы тарихының біріншіден, бағыттарын, екіншіден, мазмұнын, үшіншіден, идеологиялық бет-бейнесін, төртіншіден, қазақ халқына қатысты ұстанған саясатын айқын көруге болады. Сондықтан да, құжаттарды дерек ретінде зерттеу – Қазақстанда Кеңес үкіметі мен коммунистік билікті орнату және оның алғашқы қадамдары тарихын зерттеу үшін қажет. Ал, коммунистік партияның жүргізген саясаты елбасымыздың сөзімен келтірсек: «Әлеуметтік құрылым, түзілім, дәстүр, адам қауымдастығының ғасырлар бойы қалыптасқан үлгілері, мораль мен этникалық құндылықтары жай өзгеріп қана қойған жоқ, олар аяусыз жанышталды. Осы негізде орнаған тоталитарлық қоғамның өзіне тән қасиеті қоғамның әлеуметтік-экономикалық, саяси және мәдени өміріндегі барлық күрделілікті санаулы идеологиялық үлгілерге апарып сау болды» [1].

Деректерді талдаудағы келесі маңызды шарт – әлеуметтік және мәдени жағдай, яғни адамдарды өзара ортақ біріктіретін әлеуметтік ұйыммен мәдени, құқықтық, саяси сияқты байланыс түрі. Кез-келген дерек белгілі бір нақты жағдайда саналы мақсатқа сай қалыптасады және одан тыс өмір сүре алмайды. Дерек белгілі бір тарихи шынайылықта пайда болып, сол шындық бекіткен жағдайға (саяси, мәдени, техникалық - А.У.) қызмет жасайды. Осылайша, деректі пайда болған қоғамының бір бөлігі ретінде қарастыру арқылы, сол тұстағы тарихи жағдайды көруге мүмкіндік аламыз.

Кез-келген деректі талдау барысында арнайы деректанулық зерттеу әдістері қолданылады. Деректанулық зерттеу әдісі біздің жағдайымызда керек құжаттарды табу, сақтау, ғылыми айналымға енгізу, қажетті мұрағат құжаттарымен жұмыс жасау сияқты компоненттермен қатар, деректердің пайда болуы мәселесін қамтиды. Оның зерттеуші үшін принципті маңызы зор. Қоғаммен етене пайда болған сондай деректердің бірі - құжаттар, соның ішінде, Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті құжаттары.

Партия өз қызметін идеологиялық, саяси және ұйымдастырушылық бағыттарда жүргізгені анық, сондықтан партия дамуы мен оның барлық қызметін бейнелейтін құжаттар оның деректік негізін құрады. Партия саясатының жүзеге асуын, оның басқарушы, бағыттаушы ретіндегі рөлін деректерсіз, яғни сол жұмыстар барысында қалыптасқан құжаттарды талдаусыз ашу мүмкін емес. Деректанулық талдау жұмысы арқылы құжаттардың шынайылық дәрежесін және олардың партия саясатын іс жүзіне асырудағы роліне баға бере аламыз. Отандық тарих ғылымында осы уақытқа дейін Қыробком құжаттарын деректанулық зерттеу назардан тыс қалды. Себебі, партия роліне, қызметіне біржақты жағымсыз баға беру орын алды және партия құжаттарын дерек көзі ретінде қарастырудан гөрі, жалаң баға беру үстемдік етті. Ал, шын мәнінде, кез-келген тарихи үдерістің, ұйымның қызметімен қоғамдағы атқаратын роліне тарихи деректерсіз баға беру мүмкін емес. Осы орайда, 1920-1925 жылдардағы Қыробком құжаттарын деректанулық

тұрғыдан зерттеудің өзектілігі – оларды ғылыми айналымға енгізудің жолдары мен әдістерін көрсетумен айқындалады.

Тақырыптың ғылыми зерттелу деңгейін жұмыстың ерекшелігінен шыға отырып, мәселенің саралануына қарай бірнеше топқа бөліп көрсетуге болады. Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихына қатысты деректерді арнайы зерттеген еңбектер ғылымнан орын алмаған. Ұзақ жылдар бойы үстемдік еткен тоталитарлық билік тұсында арнайы, шынайы тарихты буржуазиялық бұрмалаушылар қатарына жатқызып, жалған тарихи «шындықтың» өзіндік мектебін қалыптастырған болатын.

Тікелей, КОКП деректануы мәселесін жан-жақты зерттеп, құжаттарды дерек ретінде пайдаланудың теориялық – методологиялық әдіс – тәсілдерін қарастырған авторлардың бірі – украин ғалымы М.А. Варшавчик [2-4]. Автор, бірнеше рет қайта өңделіп жарыққа шығарған еңбектерінде, негізінен, КОКП тарихы деректануының пәні мен мақсатын ашудан бастап, құжаттардың деректік маңызына оларды сыныптау арқылы тоқталған. Әрине, автордың еңбектері коммунистік партияны біржақты бағалау сарынында жазылған. Дегенмен, бұл еңбектің тарихи зерттеудегі маңызын кемітпейді.

Құжаттарды дерек ретінде талдау мәселесі әлі де дұрыс жолға қойылмағандығын көреміз. Жалпы алғанда, коммунистер билігінің орнауы тұсындағы құжаттардың зерттелуі әлсіз, әрі біржақты, оған қоса әдістері де қалыптаспаған. Бұл проблеманы шешуде В.Я. Борщевский [5] еңбектерінің маңызы зор. Автор зерттеулерінде іс-қағаз - құжаттармен жұмыс істеудің жолдары деректанудың ортақ ғылыми әдіс-тәсілдері негізінде қарастырылғанымен, нақты тиянақталмаған.

Соңғы жылдары мұрағат құжаттарын деректанулық тұрғыдан талдаудың жаңа әдіс-тәсілдері мәселелері Ресейдің бірқатар ғалымдарының еңбектерінде қарастырылып отыр. Мысалы, М.С. Селезнев пен С.И. Кузьмин [6], Б.Г. Литвак [7], Л.Н. Мазур мен Ю.А. Русина [8] және т.б. авторлардың еңбектерінің бірінде, тарихи деректердің өткеніміз туралы мәліметтерді сақтаушы ретіндегі маңызы сипатталса, енді бірінде олардың әлеуметтік табиғаты, объективтілік пен субъективтіліктің диалектикалық бірлігі, тарихи шындықты бейнелеу дәрежесі және тағы басқа деректанулық мәселелер қарастырылған.

Қыробком құжаттарын Қазақстандағы әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуы тарихының дерегі ретінде қарастыруда ХХ ғасырдың 20-30 жылдарына қатысты құжаттар комплексін жекелеген тарихи оқиғаларға қатысты деректанулық тұрғыдан зерттеген еңбектердің маңызы зор. Атап өтсек, В.И. Боисенконың 1919-1922 жылдардағы РКФСР азық-түлік халық комиссарлары жанындағы жұмысшыларды қамтамасыз ету бойынша Орталық комиссиясының қызметі туралы құжаттарды [9] және Л.В. Борисованың 1919-1922 жылдардағы РКФСР ВСНХ Президиумының хаттамаларын [10] тарихи дерек ретінде қарастырған диссертациялық зерттеу еңбектерінің алар орны ерекше. Дегенмен, бұл зерттеулер Кеңестер Одағында әкімшіл-әміршіл жүйенің сені әлі де болса бұзылмай тұрған кезеңде қорғалғандықтан, тоталитарлық жүйенің басты көріністері туралы негізгі қорытындылары өзінің өзектілігінен айырылған десек қателеспейміз.

Қазақстанда мәселеге қатысты арнайы ғылыми деректанулық еңбек жоқ дегенмен де, Отандық зерттеушілер арасынан деректанудың теориялық-методологиялық мәселелерімен қатар, деректану ғылымының ұлттық мектебін қалыптастыру бағытында еңбек етіп жүрген Қ.М. Атабаевтың жұмыстарын ерекше атап өтуге тиіспіз [11].

Сонымен бірге, кеңестік кезең құжаттарының деректік маңызына біршама кең тоқталған К.Нұрпейісовтың «Алаш һәм Алашорда» [12] атты еңбегін назардан тыс қалдыруға болмайды. Еңбекте автор, Кеңес өкіметі кезінде зерттеуге тиым салынған Алаш пен Алашорда тарихының деректемелік негіздеріне талдау жасай отыра, ұлттық-демократиялық Алаш партиясының дүниеге келуіне, оның бағдарламалық мақсат-міндеттеріне жан-жақты зерттеу жүргізеді.

Сондай – ақ, хронологиялық шеңбері біздің тақырыбымыздың ауқымына тура келмесе де, жалпы мұрағат құжаттарын тарихи дерек ретінде қарастыру мен талдауда М.А. Қадыртаеваның [13] кандидаттық диссертациясын да негізге ала аламыз. ХХ ғасыр басындағы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйе саясатының Қазақстандағы көрінісі мәселелері, соның ішінде, 1920-1936 жылдардағы күштеп отырықшыландыру, 1920 жылдардағы аграрлық реформа, 1920-1930 жылдардағы бай - «жартылай феодалдарға» қатысты тәркілеу саясаты А.А. Құлшанованың [14], Г.А. Сексенбаеваның [15], С.А. Жакишеваның [16] диссертациялық зерттеу еңбектерінде талданған. Мысалы, С. Жакишева еңбегінде бай-шаруа қожалықтарын тәркілеу мәселесі зерттеудің жаңа математикалық есептеу әдісін пайдалану арқылы жаңа қырынан тарихи – деректанулық тұрғыдан зерттелсе, А. Құлшанованың диссертациялық зерттеу жұмысында Орталық мемлекеттік мұрағат пен Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты құжаттары Қазақстандағы жергіліктендіру мәселесіне қатысты алғашқы рет деректанулық тұрғыдан талданған.

Тарихшы-ғалым Т. Омарбековтың қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұйымдастыру мәселесінің тарихы мен тағылымын қарастырған зерттеу еңбегі хронологиялық жағынан қарастырып отырған тақырыптан алшақ болса да, мәселені зерттеуге әдістемелік негіз қалай алады [17-19]. Әсіресе, мәселенің деректеріне арнайы талдау жасалған «20 жылдардың соңынан 30-ншы жылдардың ортасына дейінгі кезеңдегі Қазақстан шаруалары тарихының методологиясы, деректік негізі және тарихнамасы» деп аталатын тараушаның әдістемелік маңызы зор. Өткен тарихымыздың ақтаңдақ тұстарын жаппай қайта қарастыру мен зерттеуге сұраныстың артуын ғалым Т. Омарбеков: «кез-келген мәдениетті халық өзінің ұлттық тәуелсіздігін алып, басқа мемлекеттің саяси ықпалынан босанған сәтте бұрын отаршылдық бұғауында бұрмаланған тарихын қайта қарауға және ұлт тарихының назардан тыс қалған мәселелерін толық қамтып жазу мәселесін жедел қолға алуға ұмтылады» [18, 4 б.] - деп түсіндіреді. Осы орайда, аталған кезең тарихының өзекті мәселелерін зерттеуде белгілі зерттеуші-ғалым Т.О. Омарбеков еңбектері назардан тыс қалмай басшылыққа алынуы тиіс.

Түйіндей келгенде, алғашқы топ зерттеу еңбектеріне деректану ғылымының жалпы теориялық-методологиялық мәселелерінен бастап, мұрағат

құжаттарын тарихи дерек ретінде қарастыру мен мұрағат құжаттары негізінде кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің күштеу саясатының түрлі саладағы көріністері зерттелген еңбектер жатқызылды. Дегенмен, бұл зерттеулердің кеңестік кезеңде жарық көргендерінің теориялық-методологиялық ұстанымдары бүгінгі тәуелсіз тарих ғылымының сұранысын қанағаттандыра алмайтындығы түсінікті.

Мәселенің зерттелу деңгейін көрсететін еңбектердің келесі тобын КСРО көлеміндегі басқарушы ұйымдар тарихына, тоталитарлық жүйенің жалпы теориялық мәселелеріне және Одақ көлемінде, соның ішіндегі Қазақстандағы әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуының себеп-салдарларын тарихи тұрғыдан қарастырған зерттеулер құрайды. Бұл еңбектер тоталитаризмнің қалыптасуы тарихын қарастырғанмен, деректерді деректанулық тұрғыдан талдауды нысан етіп алмаған.

Осы ретте, 1920-1925 жылдар аралығындағы Қазақстандағы тоталитаризмнің қалыптасуы тарихын қарастыруда басқарушы ұйымдар қызметін талдаған зерттеулер назарға алынды. Мәселен, Т.П. Коржихина [20], Т.М. Смирнова [21], Е.Н. Горедецкий [22], В.П. Мельниковтардың [23] зерттеулерінде КСРО-дағы мемлекеттік мекемелердің қызметтері тарихи тұрғыдан қарастырылғанмен орасан бай деректік қорға негізделген. Бұл зерттеушілердің пікірінше, әртүрлі тарихи кезеңдерде мемлекеттің қызметі мен мақсатының өзгеруіне сәйкес, мемлекеттік ұйымдардың жұмыс істеу бағыты, мақсат-міндеті де өзгеріп отырады, яғни қоғамға әсер етудің әлдеқайда тиімді жаңа жолдары қарастырылады. Мысалы, Т.М. Смирнова Кеңес Одағындағы мемлекеттік мекемелерді дамыған социализм жағдайында қарастырса, Е.Н. Горедецкий өз еңбектерінде 1917-1918 жылдардағы Кеңестік мемлекеттердің алғаш пайда болуы мәселесіне талдау жасайды.

КСРО ыдырағаннан кейінгі кезеңде де аталмыш мәселе бірқатар авторлар еңбектерінде өз бағасын алды. М. Малиа [24], А.А. Искандеров [25], И.В. Павлова [26], В.П. Осипов [27], Е.Г. Гимпельсон [28, 29], В.В. Никулин [30] және т.б. авторлар еңбектерінен Кеңестік басқару ұйымдары қызметіне деген көзқарастың біршама өзгергенін көреміз. Зерттеулердің бұл легінде де өте бай құжаттар легі талданып, ғылыми айналымға енгізілген.

Тарихнамада мемлекеттік мекемелер тарихын зерттеу дұрыс жолға қойылмағандығы туралы пікірлер бар [31]. Алайда, Орталық мемлекеттік мұрағат материалдары негізінде жарық көрген – мемлекеттік мекемелер тарихына қатысты анықтаманың [32] жарыққа шығуы бұл пікірдің бір жақты екендігін көрсетеді. Онда, 1920-1936 жылдар аралығындағы ҚазАКСР-ндағы халық шаруашылығын басқару ұйымдарының пайда болуы және дамуы туралы көптеген мәліметтер берілген. Сонымен қатар, мемлекеттік және партиялық ұйымдардың қызметіне талдау жасауда Қазақстанда ұлттық-мемлекеттік құрылысты зерттеудің методологиясына қатысты еңбектерді де ескерген жөн [33,19].

Зерттеу жұмысы барысында елді әміршіл-әкімшіл жолмен басқарудың механизмін, оның шығу тегін, пайда болу себептері мен алғышартын талдаған зерттеу еңбектері де назардан тыс қалмады. Осы орайда, Ю.И. Игрицкий [34],

В.В. Радеев пен О.И. Шкаратан [35] секілді авторлар еңбектерін ерекше атап өтуге болады.

Отандық ғалымдар арасынан М.Қ. Қойгелдиевтің ХХ ғасырдың 20-50 жылдарындағы Қазақстандағы сталинизм тарихына қатысты жариялаған құжаттар мен материалдар жинағынан тұратын еңбегі мәселенің зерттелу тарихын қарастыруда маңызды еңбектердің біріне жатады. Бұл еңбекте Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің қалыптасуына қатысты құнды құжаттар топтастарылып, жалпы сталинизмнің теориялық сипаты және Қазақстандағы көрінісі мен себеп-салдарлары туралы мәселелер талқыланған [36]. Академик М. Қозыбаев [37] Отандық тарихқа байланысты жүргізген көптеген зерттеу жұмыстарының нәтижесінде әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуы тарихын қарастыруда тың бағыттарды көрсеткен. М.Қ. Қозыбаев пен П.С. Алдажұмановтың біріккен авторлығымен жарық көрген еңбектерінде [38] социалистік тоталитаризмнің шындығы мен зардаптары сараланады.

2004 жылы аталмыш тақырып аясында Р.Ж. Кадысованың [39] тарихнамалық монографиялық еңбегі жарық көрді. Автор, 1917-1940 жылдар аралығындағы қоғамдық-саяси, әлеуметтік-экономикалық мәселелердің тарихнамасын терең талдап қарастыра отырып, кеңестік қоғамның осы салалардағы күштеп модернизациялау мәселесінің зерттелу деңгейіне назар аударған.

Тақырыпқа арқау болып отырған, тоталитаризм, әміршіл-әкімшіл жүйе мәселесі әлі күнге дейін пікірталас тудырып келе жатқаны рас. Тоталитаризмнің қалыптасуы мен нығаюын зерттеген еңбектер біршама. Олар мәселенің тарихын қарастырғанмен деректану нысанына айналмаған. Жалпы, тоталитаризм феномені алғаш рет ғылыми зерттеу объектісі ретінде 30 жылдары қарастырыла бастады. Бірақ, бұл тұста ғалымдар тоталитарлық режим белгілерін тек бірпартиялық, идеологиялық механизм, вождизм сияқты түсініктермен шектеген. Алғашқылардың бірі болып тоталитарлық саяси жүйеге жан-жақты сипаттама беруге тырысқандар К. Фридрих пен И. Бжежинский [40] болды. Кейінірек Х. Арентс [41], тоталитаризм мәні азаматтық қоғамды ыдырату немесе азаматтарды бірігу құқынан айыру екендігі туралы концепциясын негіздеді. Ал, Л. Гуревич қоғамның тоталитарлық моделі тамырлары ежелгі дүниеден басталғанымен, толыққанды бүгін жүйе ретінде тек ХХ ғасырда ғана жүзеге асқандығына тоқталады [42]. Сонымен бірге, А.В. Голубевте [43, 24-32 б.] өз еңбегінде КСРО көлеміндегі тоталитарлық жүйе құрылымына сипаттама беруге тырысады. Ал, Г.А.Трукан [44] 1917-1929 жылдар аралығындағы тоталитаризмнің орнау жолдарына тоқталады.

Ал, тоталитаризмнің негізгі критерийлеріне келер болсақ, Ю.И. Игрицкий немістің экс-коммунисті Ф. Боркенаудың 1939 жылы тоталитаризм деп: - «бір ғана көсемнің басқаруындағы бірпартиялық жүйені» атауды ұсынғанын атап өтсе [45, 3,62 б.], Х. Арентс бұл түсініктің «үстем идеология және жаппай террорға» көбірек келетінін атап өтті [41]. Қалай дегенмен де екі анықтама да кеңестік өкімет тұсындағы саяси жағдайдың анықтамасы бола алады. К. Дейч өз кезегінде тоталитаризмнің ғылыми-техникалық прогреспен ешқандай байланысы жоқ екенін арқау етті. К. Фридрих пен З.Бжежинский керісінше

тоталитарлық режимдердің қалыптасуына бірден-бір әсер еткен жаппай коммуникация технологиясының жоғарғы деңгейде дамуы, сол арқылы көпшіліктің жүріп-тұруын қадағалау болатын деп көрсетеді. Олар сипаттама берген тоталитарлық синдром төмендегідей алты белгімен ерекшеленеді: 1) ескі тәртіпті түбірімен жойып, жоққа шығаратын, орнына қоғамды түгел біріктіре алатын жаңа әлемді құруға арналған арнайы, міндетті идеологияның болуы; 2) бір ғана адамның (диктатор) басқаруындағы бір партия; 3) режимнің «жауларына» ғана емес партия басшылығы кімге көрсетсе соған бағытталған террористік бақылау; 4) ақпарат құралдарының үстінен қатаң бақылау; 5) әрине әскери күштерге басшылық; 6) экономиканы орталықтандырылған бюрократиялық тұрғыдан билеу [40, 31 б.]. Авторлар берген анықтамалар мен белгілер де, әміршіл-әкімшіл жүйенің басқарудағы негізгі принциптері де осыған сайып келген болатын.

Ойшыл И.А. Ильиннің пікіріне сүйенсек: «тоталитаризмнің мәні мемлекеттік құрылымның ерекше формасында емес, жалпы қамтыған «биліктің көлемінде» жатыр» [46, 64 б.]. Сол «көлемнің» ішінде қазақтар да бар. «Тоталитаризмді – XX ғасыр феномені» ретінде қарастырушы авторлар қатарына Ю. Игрицкий [44], К.С. Гаджиев [47] сияқты авторларды жатқызуға болады. Жалпы алғанда, тоталитарлық режим көпшілік біршама саяси рөл ойнай бастаған тұста, қоғамдағы қозғалыстар негізінде пайда болғандығы және олардың қолдарында XX ғасырға тән мықты күш болғандықтан да күшейгені анық.

Мәселені зерттеуде тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының шетелдік зерттеулерде деректанулық тұрғыдан зерттелді ма деген сұрақ туындайды. Бұл сауалға жауапты К. Есмағамбетовтың «Қазақтар шетел әдебиетінде» атты еңбегінен таба аламыз [48]. Автор, еңбегінде, қазақтар туралы шетел ғалымдары, жазушылары, саяхатшылары мен публицистері жазған ағылшын, неміс, француз тілдерінде басылған материалдарды жинақтаған. Мысалы, американ тарихшысы Р. Хингли, американ профессоры М. Ривкин, Лондон университетінің профессоры Х. Сетон-Уотсон және т.б. зерттеушілердің ой-пікірлері топтастырылған. Соның ішінде, Р. Хингли кеңес тарих ғылымына тән екі нәрсені ерекше атайды: «бірі-мемлекеттік және партиялық қатаң бақылау, екіншісі, бүкіл кемшіліктер мен қателіктерін жасырып, ал, жеңістерін шексіз дабырайтып көрсетуге тырысқан дөрекі ұлтшылдық» [48, 4 б.].

Сонымен, тақырып аясында тарихнамалық талдау жасай отырып, 1920-1925 жылдары Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихына қатысты деректер – құжаттар деректанулық тұрғыдан талданбағандығына көз жеткіздік.

Диссертацияның зерттеу нысаны ретінде Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің қалыптасуы тарихының дерегі ретінде деректанулық тұрғыдан талданған Қыробком құжаттары алынды.

Зерттеу жұмысының пәні – Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты мен Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағатында жинақталған 1920-1925 жылдар аралығында Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихын зерттеуге мүмкіндік беретін коммунистік партия құжаттарын деректанулық тұрғыдан, яғни тарихи дерек ретінде талдау.

Диссертацияның алдына қойған мақсаты мен міндеттері: Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты мен Ресей мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағаты қорларында жинақталған Ресей коммунистік (большевиктер) партиясы, соның ішінде Қыробком құжаттарын Қазақстандағы ХХ ғасырдың алғашқы ширегінен бастап орнай бастаған әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуы тарихының дерегі ретінде деректанулық тұрғыдан зерттеу.

Алдымызға қойылған мақсатқа сай төмендегідей міндеттер белгіленді:

- РК(б)П қызметі барысында қалыптасқан құжаттардың дерек ретінде пайда болуын, объективтілігін, деректік маңызы мен ерекшелігін қарастыру және олардың сақталу формалары мен субъективтілік әсерін айқындау арқылы зерттелмеген мәселелер шеңберін анықтау;

- деректанулық еңбектерде қамтылған деректерді сыныптаудың басты принциптерін негізге ала отырып, партия құжаттарын шартты түрде жүйелі топтастыру, сыныптарға бөліп талдау;

- 1920-1925 жж. тоталитаризмнің қалыптасу тарихына қатысты облыстық партия конференциялары және облыстық партия комитетінің басшы ұйымдарының материалдарын жаңа тұрғыдан талдап, кемшіліктері мен олқылықтарын айқындау;

- бастауыш партия ұйымдары материалдарының жеке сынып ретіндегі әкімшіл - әміршіл жүйенің қалыптасуы тарихын зерттеудегі деректік маңызын ашып көрсету;

- Қазақстанда тоталитарлық жүйенің қалыптасуы тарихын зерттеуде партия қызметкерлері естеліктері мен шығармаларының деректік маңызын сараптау;

- партия құжаттары мен ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген мерзімді басылымдардың деректік ерекшеліктерін ескере отырып, партия билігінің әміршіл-әкімшіл жолмен қалыптасуындағы үгіт-насихат шараларының алған орны мен маңызын зерделеу;

- партиядағы оппозициялық топтар және ағымдармен күресу, сонымен қатар, тәртіптің, партиялық этиканың сақталуын қадағалау мақсатында құрылған Бақылау, тексеру комиссиялары қорларындағы құжаттарға деректанулық талдау жасай отыра, «партия қатарын тазалау» шараларының тоталитарлық жүйенің қалыптасуындағы орны мен ролін анықтау.

Зерттеу жұмысының деректік негізі. Зерттеу жұмысының негізгі деректік қорын бірнеше топқа бөліп қарастыруға болады. Алғашқы тобын тікелей Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты мен Ресей Мемлекеттік әлеуметтік-саяси тарих мұрағатының қор материалдары құрайды.

Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының № 139 – Ресей Комунистік (большевиктер) Партиясының Қырғыз (қазақ-авт.) облыстық партия комитеті қорының 1 және 2 тізімдемелері мен №140 Ресей коммунистік (большевиктер) партиясының Қырғыз (қазақ) облыстық бюросы қорлары мәселеге қатысты құжаттар легін топтастырған бірден-бір бай қорлар. «Қырғыз (қазақ) өлкесінің РК(б)П Облыстық бюросы» деп аталатын 140 қор құжаттары 1920 жылдың сәуірі мен 1921 жылдың маусым айлары аралығында жарық көрген құжаттардан тұрады. Партаппараттың құрылымын жан-жақты

сипаттайтын материалдар аз болғанмен, қорда Қазақстандағы партия жұмысын ұйымдастыру мәселелері туралы біраз мәлімет беретін пленум, президиум хаттамаларының түпнұсқалары мен көшірмелері көптеп сақталған. Сонымен қатар, деректік жағынан өте қызық партия, кеңестік ұйымдар есептері мен баяндамалары және жергілікті жерлерге жіберіліп тұрған циркулярлы-нұсқаулық хаттар да көптеп сақталған.

Келесі 139 қор – «РК(б)П Қырғыз облыстық комитеті» деп аталады. Қор құжаттары мазмұны мен маңызы жағынан ең көлемдісі. Мәселенің хронологиялық шеңберімен сәйкес келетін қор құжаттары 1921-1925 жылдар аралығын қамтиды. Аталмыш қорда РК(б)П ОК циркулярларынан бастап ең төменгі партиялық ұйым материалдарына дейін сақталған. Қор құжаттарына толығырақ шолу жасар болсақ, онда жыл сайын өтіп тұрған облыстық партия конференцияларының; президиум, бюро, РК(б)П хатшылығы отырыстарының; губерниялық комитеттері хатшыларының бірінші жиылысының, бастауыш партия ұйымдары конференцияларының, отырыстарының стенограммалары мен хаттамалары жинақталған. Қорда статистикалық материалдармен бірге, елдегі партия ұйымдарындағы коммунистер санын, құрамын, құрылымын анықтауға көмектесетін материалдар да аз емес.

Келесі қордың негізін құрайтын 1921-1925 жылдар аралығын қамтыған Қырғыз Облыстық Бақылау комиссиясы құжаттары комплексінің алғашында қай жерде сақталғаны белгісіз. 1955 жылы құжаттар бұрынғы ОК жанындағы Қазақстан коммунистік партиясы партия тарихы институтының, қазіргі Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының партия мұрағаты секторына түскен. Бұл қор –718-нші қор.

Мәселені жан-жақты талдауды мұрағат қорының № 813-ші қор құжаттары толықтырады. Ол – РК(б)П-ның жеке құрамын тексеру, қайта қарау, тазартудың Қырғыз Облыстық комиссиясы қоры. Қорда губерниялық, облыстық комиссиялар коллегиялары мен тазалау жөніндегі губерниялық, уездік комиссиялар хаттамалары, Бақылау комиссиялары мүшелерінің тізімі, олардың қызметі туралы мәліметтер сақталған. Зерттеу жұмысы үшін маңызды қорлардың келесісі – 811қор. Аталмыш қорды естеліктер қоры десек те болады. Жалпы қор жеті тізімдемеден тұрады. Әр тізімдеме әр облысқа байланысты естеліктерді қамтыған. Мысалы, 811 қордың 6-ншы тізімдемесі Торғай облысына қатысты естеліктер болса, екінші тізімдеме Орынбор облысы естеліктерін жинақтаған.

Кеңес одағының коммунистік партиясы құжаттары толығымен жиналып сақталған келесі мұрағат – Мәскеу қаласындағы бұрынғы коммунистік партия Орталық комитеті жанындағы Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин институтының Орталық саяси мұрағаты, кейінгі жаңа дәуір тарихы құжаттарын сақтау мен зерттеудің Ресейлік орталығы және бүгінгі таңдағы Ресей мемлекеттік әлеуметтік–саяси тарих мұрағаты қорларында сақталған. Әсіресе, Кеңес Одағының Коммунистік партиясы Орталық комитеті қоры – 17 қордың маңызы өте зор.

Мәселенің деректік негізінің келесі сатысын жарияланған құжаттар топтамасы құрайды. Бірқатар партия құжаттары баспада жеке жинақ ретінде

жарық көрген. Ондай құжаттар негізінен, облыстық конференциялар материалдары [49-50], есептік материалдар [51-55], хатшылықтар отырыстары құжаттары [56-57] және тағы да басқалар. Бірнеше басылымдармен партия мүшелерінің бүкілресейлік санақтары да жарық көрген [58].

Бүгінде, Қазақстан Республикасы тәуелсіздігін алғаннан кейінгі жылдары Кеңестер одағының елімізде жүргізген күштеу саясатының көптеген мәселелері жаңа тұрғыдан қайта қарастырылуда. XX ғасырдың 20-30 жылдарындағы әлеуметтік-экономикалық процестердің тарихын зерттеуге арналған бірқатар еңбектерде Қазақстандағы кеңестік әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуы тарихының мәселелері жаңа көзқараспен, бұрын құпия болып келген мұрағат құжаттарының мол қорын пайдалану негізінде қайта қарастырылып, бірқатар құжаттық жинақтар да жарық көрді. Сондықтан да, деректік базамыздың келесі тобын қосымша деректерге жататын құжаттар жинақтары толықтырады.

Осы негізде жарық көрген құжаттық жинақтардың ішінде «Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша хрестоматияның» [59] алатын орны ерекше. 1917-1939 аралығын қамтыған жинақтың бірінші томында жарық көрген тың деректік материалдар хронологиялық жағынан өзіміз қарастырып отырған кезең тарихынан құнды мәліметтер береді. Сонымен қатар, хрестоматияда жинақталған мұрағат құжаттары Қазақстанның XX ғ. 20-30 жылдарындағы экономикалық, әлеуметтік- мәдени және саяси баламалар сияқты маңызды да қарама-қайшы оқиғаларды ашып көрсетеді. Келесі, маңызды құжаттық жинақтың бірі – В.П. Вилкованың құрастыруымен шыққан. Онда, XX ғасырдың 20 жылдарындағы партия ішілік күрес, билікке талас мәселелерін талдауға мүмкіндік беретін құжаттар легі топтастырылған [60]. Сонымен бірге, 1917 жылдар аумағындағы билікке талас мәселесі басқа да құжаттық жинақ тақырыбына да арқау болған [61]. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдары жарық көрген құжаттық жинақтардың қатарына жататын 1921-1990 жылдар аралығындағы Қазақстандағы тіл саясаты мәселесіне арналған жинақтың да тарихнамалық зор еңбек [62].

Тақырыптың ғылыми зерттелу ауқымын Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағаты тарапынан жарық көрген құжаттық жинақтар толықтырады. Мысалы, Алаш қозғалысына байланысты жарық көрген 3 томдық жинақтың Кеңес үкіметінің алғашқы жылдарында тарихи жағдаяттарға сәйкес әлеуметтік-саяси өзгерістер мен жаңа мемлекеттік құрылыс процестеріне кеңінен тартылып, кейін тоталитарлық жүйе күшіне мінген кезде сол жүйенің өз қолымен тұншықтырылған 1920–1928 жылдардағы Алаш қозғалысы өкілдерінің тағдыры әңгімеленген бірінші кітабында жинақталған құжаттар тақырыбымыздың хронологиясына сәйкес келе отырып, аталмыш мәселе бойынша көптеген құнды деректер береді [63]. Ал, Алаш қозғалысы мен Алашорданың қызметінің 1918–2007 жж. зерттелу тарихы жөніндегі құжаттар мен материалдар жинақталған, ұзақ мерзімді қамтитын, өткенді шолуға мүмкіндік беретін жинақтың 4-нші томы құжаттары мен деректеріндегі мәліметтер зерттеушілерге кеңестік дәуірдегі және қазіргі замандағы ғалымдардың аталған мәселені қарастырудағы идеологиялық ұстанымдарымен, берген бағаларымен танысуға мүмкіндік береді [64]. Қазақстан

Республикасының Президенті Мұрағаты қызметкерлерінің 2009 жылдан бері қолға алып, шығара бастаған аса құнды құжаттар топтастырылған жинақтың да мәселені зерттеуде алатын орны ерекше [65]. Сонымен қатар, мәселенің тариханмалық негізін қарастыруда В. Григорьев [66] еңбегін де назардан тыс қалдыруға болмайды. Себебі, автор XX ғасырдың бас кезінде орын алған тарихи оқиғаларға қатысты құжаттарды жинақтай отыра, олардың тарихи маңызына талдау жасап кеткен.

Келесі деректік кешенге мерзімді басылымдарды жатқызамыз. Мерзімді басылымдар, XX ғасырдың басында елімізде орын алған түбегейлі қоғамдық өзгерістер барысын бейнелеп, өз бойларында өтпелі кезең тарихының аса маңызды ақпараттарын сақтады. Кеңестік кезең баспасөзі большевиктік мерзімді басылымдар ретінде танылды. Атап, өтер болсақ, хронологиялық шеңберімізге сәйкес, Қазақ Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар бөлімінде сақталған «Ауыл» газетінің 1923 жылдан 1930 жылға дейінгі сандары, ҚазОАК ұйымы болған «Еңбекші қазақ» газетінің 1924-26 жылдардағы көптеген сандары, «Кедей еркі» газетінің 1921 жылғы наурыз-шілде, тамыз, қараша айларында жарық көрген сандары, Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында (139, 140, 141 қорлар-авт.) сақталған «Известия» газетінің әр жылдардағы басылымдарындағы ақпараттар тақырыпты зерттеуде маңызды деректік негіз бола алады.

Әрине, кеңестік билік, коммунистік партия, әміршіл-әкімшіл жүйе мәселесін қарастыруда маңызды дерек көздерінің бірі – коммунистік идеология көсемдерінің еңбектері. Маркс, Ленин, Сталин еңбектері сол кезеңнің саяси, әлеуметтік – экономикалық ахуалынан бүгінгі зерттеу жұмысына қажетті деректер береді. Тек, оларды зерттеуде пайдалануда методологиялық тұрғыдан сын көзбен қарау қажет.

Көріп отырғанымыздай, таңдап алынған тақырыпқа қатысты дерек көзі өте мол.

Зерттеудің теориялық – методологиялық негізі. Зерттеу барысында жалпы тарих ғылымының дамуы барысында қалыптасқан концепциялар жиынтығы мен тарих ғылымының жетекші мамандарының еңбектерінде көрініс тапқан, Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін жаңа тұрғыдан зерттеуге бағытталған жаңа тарихи ойлаудың концепциясы басшылыққа алынды. Теориялық зерттеулерде кез-келген өркениетке тән заңдылықтарды түсінуге көмектесетін, мәнін ашатын маңызды әдістемелік ережелер орын алған. Олардың әртүрлі деректерді талдау мен ондағы мәліметтерді дұрыс пайдалану тұрғысынан да маңызы зор.

Деректанудың теориялық-методологиялық мәселелері жан-жақты қарастырылған еңбектердің алғашқы толқынын О.М. Медушевская [67-69], З.В. Ждановская [70], С.Н. Валк [71], М.Н. Черноморский [72], А.И. Кардаш [73], С.О. Шмидт [74], Г.М. Иванов [75], И.Д. Ковальченко [76-77] сияқты авторлардың туындылары құрайды. Нақтырақ тоқталар болсақ, О.М. Медушевская өз еңбегінде деректанудың теориялық мәселелеріне тоқталса, А.И. Кардаш деректану және басқа да қосалқы тарихи пәндер мәселесін жан-жақты сәйкестендіре талдаған оқу-әдістемелік құрал

дайындаған. Әсіресе, И.Д. Ковальченконың деректанудың тарихи зерттеу әдістеріне қосқан үлесі зор. Автор, өз еңбектерінде тарихты зерттеудің әдіс – тәсілдеріне ғана тоқталып қоймай, оларды ғылыми тұрғыдан негіздеп, тарих үшін маңызы зор тұжырымдар жасаған.

Тоталитаризм тарихын зерттеуде М. Джилас [78], Э. Фромм [79] және С. Платоновтардың [80] идеологиядан теорияға, догматикалық ойлаудан ғылыми талдауға көшуге бағытталған еңбектерінің методологиялық мыңызы зор.

Зерттеуші жетекшілікке алған әдістемелік принциптер ішінен тарихилық, шынайылық, сыни және жүйелі тұрғы, талдау мен синтез әдісі, хронологиялық, салыстырмалы-тарихи талдау, типологиялық әдістер басшылыққа алынды. Сонымен қатар, зерттеу барысына деректанулық: іздеу, табу және зерттеушілік сияқты әдіс-тәсілдер негіз болды.

Диссертацияның ғылыми жаңалығы. Большевиктер партиясы құжаттарын Қазақстандағы тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының дерек көзі ретінде қарастыра отырып, төмендегідей ғылыми жаңалықтарға қол жеткізілді:

– Қырғыз облыстық партия комитеті (Қыробком) құжаттарының Қазақстандағы тоталитаризмнің қалыптасуы тарихының дерек көзі ретінде пайда болуының алғышарттары, объективтілігі, деректік маңызы және ерекшелігі алғаш рет кешенді түрде деректанулық тұрғыдан қарастырылған;

– мәселеге қатысты құжаттар комплексін құрайтын Облыстық партия комитеті құжаттарының сақталу формалары мен субъективтілігі айқындалған;

– облыстық партия комитеті құжаттары деректану саласындағы сыныптық талдау принциптері негізінде жүйеге келтіріліп, шартты түрде сыныпталған;

– сыныптық тұрғыдан партия құжаттарының алғашқы тобын құрайтын Облыстық партия конференциялары материалдарының деректік маңызы анықталған және облыстық партия комитетінің басшы ұйымдарының материалдарының тарихи дерек ретіндегі толықтығы, шынайылығы талданған;

– бастауыш партия ұйымдары материалдарының әкімшіл-әміршіл жүйенің қалыптасуы тарихын зерттеудегі деректік орны көрсетілген және партия қызметкерлері шығармалары мен естеліктерінің дерек ретіндегі маңызы сарапталған;

– ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген мерзімді басылымдар мен облыстық партия мекемелері құжаттары негізінде партия билігінің әміршіл-әкімшіл жолмен қалыптасуындағы үгіт-насихат шараларының алатын орны мен олардың құжаттарда көрініс табуы зерделенген және партия қатарын нығайтудағы «партия қатарын тазалау» шараларының тоталитарлық жүйенің нығаюындағы маңызы жеке құжаттар негізінде талданған.

Диссертацияның хронологиялық шеңбері Қазақстан аумағында бірден-бір басқарушы саяси ұйым болған, алғашқыдағы Қыроблбюро және кейіндегі Қырғыз (қазақ) облыстық партия комитеті қызмет атқара бастағаннан Өлкелік комитет болып қайта құрылғанға дейінгі кезең, яғни 1920-1925 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең республикамызда экономика, саясат және идеология саласындағы қиындықтар мен қарама-қайшылықтарға толы болды. Еліміздің тарихи дамуында орын алған ірі көлемдегі қайта құрулар мазмұны

жағынан әртүрлі деңгейдегі өзгерістерге алып келді. Сондықтан қарастырып отырған кезең тарихта тоталитарлық жүйенің қалыптасуы кезеңі ретінде бекітілген. Осы негізде 1920-1925 жылдар аралығындағы тарихи үдерістер бейнеленген құжаттардың деректік маңызы аса зор.

Зерттеудің теориялық және қолданбалық маңызы: Зерттеу жұмысында жасалынған қорытындылар мен тұжырымдарды және әміршіл-әкімшіл басқару жүйесінің қалыптасуы мәселесі бойынша ізденіс нәтижелерін Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша элективті (таңдау) пәндер бойынша дәрістер мен семинар сабақтарын өткізуде пайдалануға болады.

Қорғауға ұсынылатын негізгі тұжырымдар: Қыробком құжаттарының тарихи дерек ретінде пайда болуының алғышарттары мен объективтілігіне және дерек ретіндегі маңызына деректанулық тұрғыдан талдау жасай отырып, Қазақстандағы тоталитарлық жүйенің қалыптасуы тарихына байланысты төмендегідей ғылыми тұжырымдар қорғауға ұсынылады.

– Қырғыз облыстық партия комитеті (Қыробком) құжаттарының Қазақстандағы тоталитаризмнің қалыптасуының дерек көзі ретінде пайда болуының алғышарттары, объективтілігі коммунистік партияның билікке келуімен тікелей байланысты болғандықтан партия саясатының мәнін, барысын, партия бөлімдерінің жұмысы барысында жинақталған деректер – Қыробком құжаттары негізінде қарастыру қажеттілігін тудырады.

– Облыстық партия комитеті құжаттарын дерек ретінде талдауды дұрыс жолға қою мұрағаттардағы құжаттардың сақталу деңгейін анықтау арқылы жүргізіледі. Жер-жерлерде партия тарапынан құрылған ұйымдардың өздерінен үстем жоғарғы партия ұйымдары нұсқауларының орындаушы ғана ролін атқаруы мен басшылықтағы партияның сырт бет-бейнесінің ішкі мазмұнға сай келмеуі, сондай-ақ партияның басқарушы ұйымымен бастауыш ұйымының өзара тәуелділігінің күннен-күнге артуы сияқты мәселелердің елдегі әміршіл-әкімшіл басқарудың айқын көрінісіне айналуы облыстық партия комитеті құжаттарының тарихи дерек ретіндегі субъективтілігін айқындай түседі.

– Қазақстандағы әкімшіл-әміршіл жүйенің орнығуын идеологиялық, саяси, ұйымдастырушылық және тағы басқа жұмыстарды басқарып, қадағалап, жүзеге асырып отырған партия қызметі арқылы, атап айтқанда, Қыробкомның конференцияларынан бастап, бастауыш партия ұйымдары қызметі барысында қалыптасқан құжаттарды сыныптау арқылы көрсете аламыз. Деректану саласының ғылыми талаптарына сәйкес құжаттарды сыныптауда деректерді тарихи дәстүлер мен тарихи қалдықтарға бөлу, мазмұнына, нормативтік пен атқарушылық сипатына және түрлік ерекшеліктеріне қарай сыныптаулар сияқты басты критерийлері негізге алынды. Аталған сыныптау түрлерінің өзіндік артықшылықтарымен қатар, кемшіліктері де ескеріле отырып, партия құжаттары шартты түрде өзіндік сыныптық топтарға бөлінді.

– Облыстық пконференция өлкедегі бірден-бір ең жоғарғы басшы ұйым болып есептелгендіктен, облыстық партия конференциялары материалдары, яғни құжаттары ерекше талдауды қажет етеді. Партия конференциялары материалдарының партия бағдарламалары мен жарғылары, баяндамалар мәтіндері мен соның негізінде қабылданған қарарлар мен қаулылар, өкілдер

сөздері, конференция барысында жұмыс істеген комиссиялардың хаттамалары мен есептері сияқты материалдардан тұратындығы айқындалды. Облыстық партия комитетінің басшы ұйымдарының материалдары партияның басшы ұйымдарының құжаттары ретінде партияны нығайту мақсатында күнделікті атқарылып жатқан ұйымдастырушылық бағыттағы жұмыстарды талдауға мүмкіндік бере отырып, партия жұмысының ұйымдастырылуы партия саясатының әміршіл-әкімшіл жолмен жүзеге асырылғанының айнымас айғағы екенін дәлелдей түседі.

– 1920 жылдардан бастап тұрақты түрде төменгі буын ұйымдардың басқару ұйымдарына, жүйелі және нақты мәлімет беріп тұруына байланысты пайда болған бастауыш партия ұйымдары материалдарын түрлі құжаттар құрайтындықтан орталық ұйымдардан келген нұсқауларды басшылыққа алған жергілікті партия мекемелері үшін бұл құжаттардың Кеңестік өкіметті құруда, партия өмірін жандандыруда, жалпы әкімшіл-әміршіл жүйені күшейтуде басты ұстанымға айналғандығын көруге болады. Сонымен бірге, тоталитарлық жүйе қалыптаса бастаған 1920-1925 жылдар аралығында экономикалық, саяси, әлеуметтік, қоғамдық қатынастар тарихына қатысы бар партия қызметкерлері естеліктері мен шығармаларының барлығы бір сарында – коммунистік партия саясатын мақтау, насихаттау сарынында жазылғандығына қарамастан, басқа деректерде көрініс таппаған көптеген фактілерді беруімен тарихи дерек ретінде құнды болып табылады.

– Партия билігінің әміршіл-әкімшіл жолмен қаыптасуында маңызды орын алған үгіт-насихат компаниялары коммунистік идеялардың көпшілік арасына таралуын ғана емес, коммунистердің билікке келіп, большевиктер билігінің орнап, елді отарлаудың одан әрі күшеюін нығайтуға бағытталды. Осы мақсатта, 1920-1925 жылдар аралығында жарық көріп тұрған большевиктік сарындағы мерзімді басылымдардың ролі орасан зор болды. Ал, партияны нығайтуда оның қатарын тазалау немесе бақылау комиссиялары құжаттары партия тәртібін бұзу, қызмет бабын пайдалану, ішімдікке салыну, діни рәсімдер жасау, спекуляция, сауда, байлық жинау, карьеризм, коммунистік емес өмір салты сияқты қылмыстар бойынша сөгіс жариялау, партия қатарынан шығару, өндіріске ауыстыру секілді жазалау түрлерін қолдана отырып қысым көрсету шараларын күшейтіп, тоталитарлық жүйенің қалыптасуын күштеу, қорқыту арқылы жүзге асырғандығын көрсетеді.

Диссертацияның сыннан өтуі: Диссертация әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті тарих факультетінің деректану және тарихнама кафедрасында талқыланып қорғауға ұсынылған. Зерттеу жұмысының негізгі мазмұны үш ғылыми мақалада, бес халықаралық ғылыми конференциялар жинақтарында баяндалған.

Диссертацияның құрылымы: Зерттеу жұмысы кіріспе, қорытынды бөлімдермен қатар, біреуі бес бөлімнен, екеуі екі бөлімнен құралған үш тараудан, пайдаланылған деректер тізімі мен зерттеуде кездесетін қысқарған сөздер мен термин сөздерге берілген түсініктемеден тұрады.

1 ҚЫРҒЫЗ ОБЛЫСТЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТІ ҚҰЖАТТАРЫНЫҢ ТАРИХИ ДЕРЕК КӨЗІ РЕТІНДЕ ПАЙДА БОЛУЫ

1.1 Қыробком құжаттарының дерек көзі ретінде пайда болуының объективтілігі мен деректік ерекшелігі

Қазан төңкерісінен кейін билікке келген большевиктер партиясы елімізде өздеріне сүйеу болатын саяси және қоғамдық ұйымдарды құра және соларға сүйене отырып өз саясатын жүзеге асыра бастады. Осы мақсатта құрылған саяси басшылық ұйымдардың Қазақстандағы ошағы - Қыробком болды. Қыробком құжаттарының пайда болуының объективті алғышартының өзі – коммунистік партияның билікке келгендігі екенін мойындай отыра, партия саясатының мәнін, барысын қоғамдық ұйымдар мен партия бөлімдерінің жұмысы барысында жинақталған деректер - құжаттарға сүйенбей зерттеу, талдау мүмкін емес екендігі. Сонымен қатар, заман талабынан туындаған қоғамдық ғылыми ізденістерге сүйене отырып басқарудың рөлі мен маңызының артуы, Коммунистік партия қызметін теориялық бейнелейтін деректерге-құжаттарға назар бөлуге алып келді.

Құжаттар - партия тарихының, қызметінің, саясатының, мақсат-мүддесінің ғана емес, хронологиялық шеңбері сәйкес дәуірдің қоғамдық, экономикалық, әлеуметтік, тарихи дамуының да дерегі болып табылады. М.А. Варшавчиктің пайымдауынша: «құжат-дерек ретінде Коммунистік партияның пайда болуы мен дамуының әртүрлі кырларына, оның идеологиялық, саяси және ұымдастырушылық қызметіне байланысты тарихи мәліметтерді материалдық жинақтаушы, сақтаушы» - болып табылады [3]. Партияның пайда болу, даму тарихын толық, жан-жақты зерттеуде, партия саясатының мәнін, халықты басқарудағы және кеңестік қоғамды дамытудағы тәжірбиесін, басшылықтың саяси басшылық ретіндегі формасы мен әдісін зерттеуде де құжаттардың дерек ретінде атқарар міндеті зор. Сонымен қатар, партия тактикасы мен стратегиясын, мақсаты мен міндетін бейнелейтін, саяси партиялардың қоғамды реформалаудағы және «реттеудегі» күштерін, іс-қимыл формаларын анықтайтын дерек - құжаттар ішінде партия құжаттары маңызды орындардың біріне ие.

Партия құжаттарының қалыптасуының объективті алғышарты – Кеңес өкіметінің орнап, биліктің большевиктер қолына өтуі. 1917 жылдың 25 қазаны кешінде ашылған Кеңестердің Бүкілресейлік II съезі бүкіл елде барлық өкімет билігі Кеңестердің қолына көшкендігі жарияланды. Съезде тұңғыш жұмысшы және шаруа үкіметі – Халық комиссарлар Кеңесі құрылды. Съезд Ленин үндеулері арқылы еңбекшілерді барлық жерде жаппай Кеңес өкіметін орнатуға орнатуға шақырды. Билік басына келген жұмысшы, солдат депутаттар Кеңесі елдегі билікке түбегейлі өзгеріс енгізді. Осы негізде құрылған Кеңес Одағының коммунистік партиясы биліктің басты тірегіне айналды.

Ресей Ғылым Академиясының ғылыми қызметкері, тарих ғылымдарының докторы Е.Г. Гимпельсонның «Соблазны НЭПа и политическая система 1920-х годов» атты еңбегі кеңестік саяси жүйенің қалыптасуына қатысты фундаментальды зерттеу еңбегі. Саяси жүйе жағдайын автор экономика

дамуымен, билеуші құрылымдар және қоғамдық ұйымдар қызметімен байланыстыра отырып зерттеген. Оның пікірінше, экономика мен саясаттың өзара әсер ету механизмі кезекпен ауысып отырған. 1920 жылдардың бірінші жартысында экономикалық реформа үстем болса, кейінірек саяси жүйе «әскери-коммунистік» тенденцияны күшейте отырып экономикаға әсер ете бастады. Іс жүзінде революциядан кейін орнаған кеңестік басқару жүйесі өзгеріс әкелмеді. Кеңестік ұйымдар партия диктатынан құтылған жоқ, демократия сөз жүзінде ғана орын алды.

Кеңестік тарихнамада, А.А. Нелидов [81], А.Ф. Морозов пен В.П. Портнов [82], Т.П. Коржихина [83], А.В. Краснова [84] сияқты авторлардың еңбектерінде КСРО көлеміндегі мемлекеттік мекемелердің қызметі тарихи тұрғыдан біршама жақсы талданған. Авторлар өз еңбектерінде КСРО көлемінде жұмыс істеген саяси мекемелердің қалыптасуы себептерін, олардың қызметтерін, бағыттарын жан-жақты талдаған. Олардың пікірінше, мемлекеттің алдына қойған мақсат-міндетінің өзгеруіне сай әртүрлі тарихи кезеңдерде мемлекеттік мекемелер қызметінің де бағыты өзгеріп тұрған. Дегенмен, бұл еңбектерде мекемелер қызметі біржақты бағаланып, оның тоталитарлық жүйе қолшоқпары болғандығы туралы мәліметтер алға тартылады.

Ал, осы кеңестік биліктің Қазақстанда қалыптасып, орнауы мәселелері сарыны С.З. Зиманов және И.К. Рейтор [85-86], Г.А. Агдарбеков [87] сияқты авторлар еңбегінде өз жалғасын тапқан. Авторлар, тек Қазақстандағы ұлттық-мемлекеттілік құрылыс мәселелеріне тоқталған. Мысалы, С.Зиманов және И. Рейтор авторлығымен жазылған еңбектерде кеңестік мемлекеттік құрылыстың теориялық жақтары мен ұлттаралық жақындасуы сияқты мәселелері қарастырылған.

Қазақстанда орнаған жас Кеңес үкіметін одан ары нығайту, әсіресе жаңа кеңестік мемлекеттік ұйымдарды құру және күшейту барысы ХХ ғасырдың алғашқы ширегінде өткен Ресей Коммунистік (большевиктер) Партиясы (бұдан былай РК(б)П-авт.) отырыстары мен съездерінің шешімдерінде көрініс тапқан. Құжаттарға көз жүгірте отырып Кеңестік құрылыстың алғашқы сәттен-ақ әміршіл-әкімшіл жүйе идеясына негізделгендігін көреміз. ХХ ғасырдың 20-ншы жылдарының бірінші жартысында қалыптасып, орныға бастаған тоталитарлық жүйенің кейбір айқын белгілерінің, атап айтсақ, бүкіл ел өмірінің бақылауға алынуы, республикалардың орталықтан әміршіл -әкімшіл жолмен басқарылуы, үстем партия ретінде большевиктер партиясының ғана қалып, басқа саяси ұйымдардың ығыстырылуы, яғни бір партиялық жүйенің орнауы, партияның әрбір мүшесінің жүріп-тұрғанының есепке алынуы, биліктің тек коммунистік партияның қол астына шоғырлануы сияқты факторлардың қоғамдық өмірде белең ала бастауы осының дәлелі. Бұл оқиғаларға ХХ ғасыр басында өмір сүрген ірі қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынов: «Россияның орталық ауданында большевиктік қозғалыстың қалай өткендігі қазақтарға белгісіз, шет аймақтарда ол барлық жерде зорлау, қиянат жасау және ерекше диктаторлық үкімет билігімен қатар жүрді» - деп баға береді [88]. Кеңестер өкімет басына келіп, коммунистік партияның билік тізгінін өз қолына алғаннан бастап Қазақстан жерінде құрылған алғашқы

ұйымдардың бірі – Ұйымдастыру (кейін облыстық болып өзгерген-авт.) бюросы еді. Мұрағат қорларындағы құжаттарға сүйенсек, РК(б)П-ң Ұйымдастыру бюросын құру туралы шешімі 1920 жылы 6 сәуірде басшылықтың кеңейтілген отырысында қабылданса [89], Қазақ өлкелік ұйымдастыру бюросы 12 сәуірде құрылып, істері 14 маусымдағы РК(б)П-ң облыстық ұйымдастыру бюросы отырысының №1 хаттамасындағы «ұйымдастыру бюро құру туралы» атты параграфқа сай Қазақ Облыстық бюросына өтеді [90] Оған негіз болған РК(б)П ОК 1920 жылғы 3 майда қабылданған №52 қаулысы [90, 3 п.]. Ал, облыстық бюроны құру туралы шешім 1920 жылғы 30 сәуірдегі отырысында қабылданған болатын. Онда: «Қазақ территориясында партиялық жұмысты жандандыратын, құрамы жеті адам: Пестковский, Мырзағалиев, Әйтиев, Әлібеков (кіші), Арғанчеев, Авдеев, Джангельдиндерден тұратын РК(б)П облыстық бюросын құру қажет» - делінген [90, 7 п.]. Келесі құжатта Қырғыз облыстық бюроның (бұдан былай Қыроблбюро-авт.) қызметі туралы айтылады. «Қыроблбюро Қырғыз өлкесі бойынша барлық партия жұмыстарын біріктіре отырып, партаппараттардың ортақ жоспарын енгізуді қажет деп санайды. Қырпартбюро РК(б)П ОК-ң өлкедегі партиялық өмірді біріктіруші және басқарушы ұйымы» - деп көрсетілген [91]. Осы жылдың 11-18 маусым аралығында Орынбор қаласында өлкедегі большевиктік ұйымдарды ұйымдық жағынан біріктіретін Бірінші Бүкілқырғыздық облыстық партия конференциясы өтеді [49]. Осы бас қосуда өлкедегі партиялық жұмысқа басшылық жасайтын ұйым- Қазақ облыстық партия комитеті құрылады [92]. Қыробком қызметі барысында қабылданған көптеген құжаттар сол тұста партия қызметінің жемісі ретінде ел билеудегі негізгі құрал қызметін атқарса, уақыт өте келе құнды дерек көзіне айналып отыр.

Жоғарыда атап өткеніміздей, деректердің шынайы өмірде белгілі бір қажеттіліктен, арнайы мақсат - мүддеге сай туындайтындығын ескерсек, тарихи деректер бірден дерек қызметін атқара алмайды, ол тек уақыт өте келе тарихи оқиғаны зерттеуде пайдаланылған тұста ғана дерек қызметін атқарады. Сондықтан «деректің дерек болғанға дейінгі және деректік екі өмірі бар, ал тарихшы оны екінші өмірінде пайдаланады» [3] - деген пікірмен келіспеуге болмайды. Сол сияқты құжаттар да, соның ішінде Қыробком құжаттары да әміршіл-әкімшіл жүйе саясатын жүзеге асырушы құрал ретінде қалыптасып, уақыт өте келе әміршіл-әкімшіл жүйе қалыптасуы тарихын зерттеуде құнды дерек көзіне айналып отыр. Тарихшы үшін шынайы шындықты айқындау, зерттеп отырған мәселеге қатысты деректің объективті бейнесін, толықтығын ашу, шынайылығын пайымдау - бірінші дәрежедегі маңызды нәрсе. Адам қызметі барысы мен нәтижесінде пайда болған дерек кез-келген қоғамдық қатынастардың жемісі ретінде сапалық даралылыққа ие болады.

Қоғамдық қатынастар ішінен материалдық және идеологиялық қатынастарды бөліп алуға болады. Алғашқылардың ішінде өндірістік, экономикалық қатынастар басты және қоғамның экономикалық базисін құрайды. Осылардың негізінде идеологиялық қатынастар құрылады. Саяси, этикалық, эстетикалық және т.б.. қоғамдық қатынастар заманмен бірге өзгеріп

отырады, ол-заңдылық. Соған сай, деректердің түрлері де, ішкі мазмұны да жаңа қоғамдық қатынастар алып келген талапқа сай өзгереді. Осылайша саяси-партиялық күрес саяси сипаттағы партиялар қызметін бейнелейтін деректерді қалыптастырды. Соның бірі өзіміз қарастырып отырған- коммунистік партия құжаттары. Оларға партия қызметі мен жандануынан мәлімет беретін материалдар жатады. Кеңестер одағының коммунистік партиясы бағдарламасында көрсетілгендей: «партия - көпшіліктің тарихи шығармашылығының ұйымдастырушысы мен шабыт берушісі, қоғамның жетекші және бағыттаушы күші. Маркстік-лениндік теориямен қаруланған партия халықтың танымдық қызметінің ғылыми басшылығын қамтамасыз етеді, коммунистік құрылысқа ұйымдық, жоспарлылық, мақсаттық сипат беруші күші» - деп саналған [93].

Сонымен бірге, партия өзінің бар күшін идеологиялық, саяси бағыттарда жұмыс істеуге жұмсады. Ал, оның дамуы мен қызметінің барлық түрін бейнелейтін материалдар оның деректік негізін құрайды. Қыробком Қазақстан жеріндегі КОКП-ның бірден-бір басқарушы ұйымы қызметін атқарды. Оның басқарушылық ролін айқындайтын фактор - Кеңес Одағы көлеміндегі партия нұсқау-қарарларының одақ көлемінде, соның ішінде Қазақстанда да бастауыш партия ұйымдары құжаттарына негіз болуы.

Кеңес өкіметі орнағаннан кейінгі бірден-бір партиялық билеуші ұйым ретінде қалыптасқан коммунистік партия - партия құжаттарының деректік маңызын айқындайтын басты фактор болса, құжаттарда сақталған мәліметтерді талдау, таразылау арқылы елдің экономикалық, саяси-әлеуметтік, мәдени өмірінде орын алған өзгерістерді жан - жақты саралауға мүмкіндік туары анық. КОКП - тоталитарлық қоғам құрылымының ядросы, билік механизміндегі маңызды құралғы. Соның ішінде, Қыробком бүкіл биліктің Қазақстан территориясындағы елді әміршіл - әкімшіл жүйе тетігіне айналдырудағы бір ғана бөлшегі. «КОКП-н тек шартты түрде ғана партия деуге болады, шын мәнінде ол тоталитарлық мемлекет мүддесіне жұмыс істеді» - деген пікір өте орынды [68]. Партия тарихының теориялық құрылымы мен практикалық қызметінде орын алған кең көлемді құжаттар жалған идеологияландырылған схемаларға сүйенген.

Болған оқиғаны бейнелеу формаларына қарай кез-келген дерек зерттеу барысында өзіндік ерекшеліктеріне сай жұмыс істеу принциптері мен әдістерін анықтауды талап етеді. Құжаттарды да дерек ретінде қарастыру барысында өзіндік теориялық мәселелер туындайтындығы анық. Өйткені партия құжаттары мен материалдары да шығуы, бағыты, мазмұны, формасы, құндылығы жағынан әртүрлі.

Деректану ғылымының теориясы мен методологиясы негізінде дерекпен жұмыс істеудің бірнеше әдісі айқындалып, соның ішінде, деректі ғылыми пайдаланудың тиімді тәсілдері қарастырылған. Сол сияқты партия құжаттарын да дерек ретінде пайдалану бірнеше сатыдан тұрады. Ең алдымен, ол әрине деректерді іздеу, табу. Жұмыстың бұл сатысы зерттеудің деректік базасын қалыптастыруға, тарихшыны қажет материалдармен қамтамасыз етуге бағытталады немесе қарапайым тілмен айтқанда, қарастырып отырған мәселе

бойынша қандай дерек қай жерде сақталғанын анықтауға көмектеседі. Жоғарғы мектеп ұстаздары және ірі француз ғалымдары Ланглуа мен Сеньобостың концепциясына сүйенсек, тарихи танымда басты етіп төмендегідей этаптарды бөліп көрсетуге болады. Біріншісі - «алдын-ала берілген мәліметтер», яғни ең алдымен құжаттарды табу мен жинақтау (бұл этапқа байланысты авторлар «эвристика» терминін қолданады). Бұл сатының маңыздысы - құжаттарды табуға көмектесетін анықтамалық басылымдар – каталогтар, мұрағат тізімдемелері, тарихи библиография және т.б. материалдар қарастырылады [94].

Қажет деректерді іздеу, табу, реттеп алу жұмыстарынан кейінгі әрекет олардың анализі мен синтезі немесе деректанулық сын, яғни Ланглуа мен Сеньобос танымындағы екінші ғылыми-зерттеу этапы - «аналитикалық процестер» этапы осымен байланысты [94, 275-276 бб.]. Бұл термин астарында деректің шығуы мен авторын анықтауға қатысты сыртқы сын және шынайылық дәрежесін анықтау мен талдауда маңызды ішкі сын жатыр. Деректану тарихнамасында деректанулық сын сыртқы және ішкі болып екіге бөлініп қарастырылады [95-99]. Сыртқы сында деректің шығуы, авторы, талданады.

Партия құжаттарымен жұмыс істеуде ең алдымен, жарық көріп, жарияланған құжаттармен таныссақ, тарих пен саясаттың арасындағы байланысты дұрыс және жан-жақты түсінудегі ең бірінші көмекші - құжаттарды сақтаушы - мұрағат болғандықтан, келесі сатыда мұрағат қорларында жинақталған құжаттар легімен жұмыс басталады. Құжаттардың мұрағаттарда жинақталу мен сақталу деңгейі анықталғаннан кейін, жиналған материалдар ішінен қажетті, маңызды, құнды деген деректер бөлініп алынып деректанулық талдау жүргізіледі.

Деректанулық сын немесе талдау - деректерді іздеп тапқаннан кейінгі зерттеу мақсатының ерекшеліктерінен шығатын зерттеудің маңызды әдісі мен тәсілі. Ол, деректердегі ақпараттың ғылыми танымдық маңызын анықтау мақсатында жүргізілетін, бір-бірімен тығыз байланысты істердің жиынтығы [11]. Сонымен қатар, мұнда деректің сипаттық ерекшеліктері ескерілуі тиіс. Құжаттар да дерек ретінде өзіндік белгілерімен ерекшеленетіндіктен, өз ішінде бірнеше түрге бөлінетіндіктен оларды зерттеуде де өзіндік әдіс-тәсілдер қолданылады. Құжаттарды дерек ретінде пайдалану барысында - оның мәселені зерттеудегі орны, соның ішінде, пайда болу шарты, қызметі, ондағы мәліметтердің өзектілігін айқындайтын ерекшеліктері, басқа деректермен байланысы анықталады, яғни әр деректің мазмұны әрқайсысына жеке-жеке талдау жасалынғаннан кейін барып ашылады. Деректану ғылымының критерийлері бойынша кез-келген дерекке байланысты оның пайда болған уақытын, авторын, жерін және тағы басқаларын анықтау, яғни деректің пайда болуын сынау проблемасы туындайды. Ендігі жерде осы критерийлерге жеке - жеке тоқталған дұрыс.

Партия құжаттары жататын жаңа заман дәуірі деректері үшін пайда болған жерін анықтау шарты ерте дәуір деректеріне қарағанда сирек туындайды және біршама оңай. Себебі, партия құжаттарында пайда болған жерінің көрсетілуі маңызды шарттардың бірі. Осыған сай, заңдылық ретінде жаңа және қазіргі

заманның барлық арнайы құжаттарында іс жүргізу талабына байланысты құжаттың жазылған уақыты көрсетілуі тиіс еді. Көрсетілмеген жағдайда зерттеуші оны өзі анықтауы тиіс. Пайда болған уақытын анықтаудың маңызы - сол кездегі нақты қалыптасқан тарихи жағдайды білуде. Қыробком құжаттарын алар болсақ, жиырмамыншы жылдарға дейінгі құжаттармен салыстырғанда барлығында дерлік пайда болған уақыты көрсетілген.

Пайда болған уақытымен қатар деректі дұрыс талдауда пайда болған жерін анықтаудың да маңызы зор. Ол дерек пайда болған кездегі нақты тарихи жағдайды анықтаудағы қажетті шарт. Кез-келген қоғамдық өзгеріс сияқты деректе уақыт пен кеңістіксіз өмір сүре алмайды. Партия құжаттары жататын жаңа заман дәуірі деректері үшін пайда болған жерін анықтау шарты ерте дәуір деректеріне қарағанда аса қиындық тудырмайды. Партия құжаттарының қай бағыттағы түрін (жоғарыдан төменге, төменнен жоғарыға-авт.) алмасаң да барлығында дерлік пайда болған жерінің көрсетілуі міндетті шарттардың бірі. Мысалы, «Барлық губерниялық комитеттерге» бағытталған Қырпартбюроның циркулярлы нұсқауында сол кездегі республика орталығы болған Орынбор қаласынан жер-жерлерге тарап отырғандығы көрсетіледі. Радио арқылы таратылған мына бір құжаттағы «Мәскеу қаласынан Ақмола уездік комитетіне, Семей, Бөкей, Орал губерниялық комитеттеріне» [100] деген мәліметтен құжаттың қай жерден бастау алып қайда бағытталатындығы айқын көрініп тұр. Осы сияқты құжаттардың барлығында дерлік бағыт-бағдары айқын көрініп тұрады. Бұл өз кезегінде құжаттармен жұмысты біршама жеңілдететіндігі анық.

Деректанулық сынның деректі талдау мен бағалаудағы маңызды шарттарының келесісі - авторын анықтау. Құжаттарға қатысты бұл мәселе біршама басқаша қойылады, яғни партия тарапынан шығып отырған құжаттың авторы деп кім саналуы тиіс: сол құжатты қабылдап, таратып отырған ұйым ба, әлде сол құжатқа қол қойған тұлға ма? Осы шарттың анықталуы жекелеген қызметкерлердің көзқарасын, шешім қабылданған жағдайды, оның тарихын білуге көмектеседі. Кез-келген шешімді алып оның тек жобалық кезінен құжат болып қабылданғанға дейінгі кезеңін бақылау арқылы ұжымдық тәжірбие негізінде жекелеген ой-пікірлерден, жобалардан ортақ көзқарасты білдіретін құжат пайда болатындығын көреміз. Әсіресе, бұл конференциялар барысында қабылданатын құжаттарда жиі кездеседі. Себебі, конференциялар барысында қарастырылған әрбір жекелеген мәселе бойынша, дауысқа салу арқылы арнайы қаулы қабылданып отырған. Мысалы, Үшінші Бүкілқырғыздық (қазақтық) партия конференциясы барысында Қыробком хатшысы Коростелевтің обком жайында жасаған баяндамасын алайық. Автор, баяндамасын обкомның аштық салдары, ұйым әлсіздігі жағдайында жұмыс істеп жатқандығынан бастап өрбітіп, атқарылып жатқан іс-шаралардың мән-жайын баяндайды. Баяндама соңынан талқылау басталады. Мысалы, жергілікті ұйым мүшелері Егоров, Жангельдиндер: «обком жағынан ешқандай жүйелі басшылық болмады, партиялық және кеңестік жұмысшыларды пайдалануда терең қателіктер көп болды. Обкомның жұмыс істеу тәсілдері дұрыс болмады»-десе, Попернов: «Обкомның дұрыс жұмыс істей алмауын төмендегідей объективті себептермен: басшылықтағы коммунистердің дайындығының төмендігімен; ұйымның

элеуметтік құрамының әртүрлілігімен; обкомның өзінің ұйымдық тұрақсыздық жағдайымен»- байланыстырады. Юсулбеков болса: «Біздегі негізгі мәселелердің бірі - ұлт мәселесі. Біз баяндамашыларды тыңдап отырғанда тек қырғыз (қазақ-авт.) ұлтын ғана ұлтшылдыққа айыптау туралы тыңдадық. Бұл дұрыс емес. Өзара есеп айырысу мақсатында қазақтар мен орыстар арасына іріткі салынууда» - деп басым айтса, Полозов керісінше: «Жолдастар айтып қана қоймай өздері де нашар жұмыс істейді, обком сау емес» - дейді. Бірақ, екінші Бүкілқырғыздық (қазақтық-авт.) партия конференциясына қарағанда мұндағы ұйымдар біршама сауыққан, обкомның екі мүшесінен басқаларының барлығы жер-жерлерге барып жұмыс істеп қайтқан. Обкомды айыптаушылардың өздері ешқандай жұмыс бітірмеген»- деген пікір білдіреді. Ал, Сәдуақасов болса: «Бұл жерде тағы да ұлтшылдық пен отаршылдық мәселесі туындап тұрғандай. Ол неге байланысты? Ол біздің еркімізден тыс. Бұл барлық автономды республикаларда бар. Отаршылдық пен ұлтшылдықтың себебі әлдеқайда тереңде жатыр және ол себеп бізде сөзбен істің сәйкес келмейтіндігі. Нұсқау, жарлықтар көп, бірақ бәрі бірдей жүзеге аспайды» - деп ақтауға тырысады [101]. Нәтижесінде, Қазақ обкомының баяндамасы бойынша: «Қазақ обкомының есепті кезең ішіндегі жұмысы туралы есебін тыңдай келе, обкомның аштық, партия қызметкерлерінің жергілікті мүшелерінің болмауы, обкомның өз құрамында қажетті бірліктің жоқтығы, сондай-ақ обком президиумының басшы құрамының партаппаратағы тікелей жұмыстан жиі-жиі алаңдатылуы, осыдан барып жергілікті жерлердегі партиялық жұмысқа жоспарлы түрде басшылық жасауда біраз іркілістердің болуы секілді қолайсыз жағдайларда қызмет атқарғанын ескере келіп, Үшінші Бүкілқазақтық партия конференциясы Қазақ АССР партия ұйымының сонда да болса сапалық тұрғыдан өсіп, нығайғанын атап көрсетеді, Қазақ обкомының жұмысындағы саяси бағытты дұрыс деп тауып, жұмысын жалпы және тұтас алғанда қанағаттанарлық деп санайды.

Қазақ обкомы қызметінің бұдан былайғы жолдарын белгілеп және қазір жұмыс жағдайының жақсаруы байқалғанын атап көрсетіп, конференция обкомның жаңа құрамына жұмысшы аудандарындағы партиялық жұмысты нығайтуға барынша көңіл бөлуді, бұл орайда партия және совет жұмысына қазақ жұмысшылары мен батырақтарын тартуға назар аударуды тапсырады. Жергілікті жерлерге Қазақ обкомының жауапты қызметкерлерін жіберу жөнінде жасалған тәжірбиені бұдан былай да орнықтыру, әрбір партия ұйымына жылына кемінде екі рет қызмет көрсетілетіндей есеппен жұмыс істеу, осы тәжірбиеге негіз етіп алынуы қажеттігі» - баса айтылып, орталықтың шет аймақпен байланысын нығайту және жергілікті жерлердің тәжірбиесін есепке алу жолындағы шаралардың бірі ретінде конференция тарапынан губком хатшыларына, бөлім меңгерушілеріне мезгілімен кеңестер шақырып тұру міндеті жүктеледі» [101,18 п.] - деген қарар қабылданады. Ұжымдық ұйымнан шығып тұрған құжаттарды дайындау барысына жеке адамның қатыстылығына қарамастан басынан аяғына дейін ұжымдық сипатқа ие. Сондықтан авторын анықтау проблемасы да жеке адам емес ұжымдық ұйым пайдасына шешілуі тиіс. Сонымен, деректанулық сынның маңызды бөлігін құрайтын авторын

анықтау мәселесі деректің толықтық, шынайылық, құндылық дәрежесін ашуға бағытталған.

Деректердің уақытын, авторын, пайда болған жерін, шынайылығын анықтау мәселесі - ол деректі сол дәуір контекстінде қарастырудағы, оның әлеуметтік алғышарттарын ашудағы қажетті мәліметтер ғана. Деректанушы ғалым О.М. Медушевскаяның пайымдауынша: «Деректану теориясы үшін принципті сәттің бірі тарихи деректі адамдардың мақсатты іс - әрекетінің жемісі ретінде қарап, тарихи деректің табиғатын ашу және оның объективті қасиеттері мен қалыптасу заңдылықтарын зерттеу. Адамдардың мақсатты іс-әрекеттерінің нәтижесінде пайда болған деректерді талдау, пайда болу себептерін ашу - олардың тарихи процестер барысында атқарған әлеуметтік функцияларын айқындау арқылы ғана мүмкін болады. Әлеуметтік процестердің дамуы барысында пайда болып, кейіннен тарихи зерттеу объектісіне айналған деректер, өз бойында тарихи процесс ретіндегі методологиялық бірлік пен ғылыми - тарихи танымды біріктіреді» [67]. Деректің пайда болуының әлеуметтік алғы шартын - белгілі бір мақсаттармен және деректің нақты әлеуметтік функциясымен байланыстырған көрнекті деректанушы - ғалым Қ.М.Атабаев: «Автор оларды нақты дәл айтуы мүмкін, немесе бұркемелеуі, ал кейде тіптен саналы түрде басқа мақсаттар көрсету арқылы жасыруы мүмкін. Мұндай екіжүзділіктің тамаша үлгісін Коммунистік партия көрсетіп берді. 70 жылдан астам партияның барлық қаулы - қарарлары «халық мүддесі үшін» деген ұранмен қабылданды, ал халық болса сол қаулылардан азап шекті. Сондықтан тарихшы барлық жағдайда деректің дүниеге келуінің мақсаты мен міндеттерін, нақты әлеуметтік функцияларын айқын ашуы керек» [11,37 б.] - деп аталмыш мәселенің маңыздылығын баса көрсетеді.

Келесі кезекте, қажетті ақпараттарды жинаған соң деректің мазмұнын сынауға мүмкіндік туады. Осы негізде деректану теориясының негізгі шарттарының біріне жататын шынайылық дәрежесін анықтау факторының алар орны ерекше. Бұл деректердің табиғи ерекшеліктерімен байланысты. Шынайылық – деп субъект бейнелеген образдың объектпен адекваттылығы (сәйкестігі) айтылады [11,39 б.]. Тарихи дерек ретінде Қыробком құжаттары да өзіндік деректік ерекшеліктермен ершеленетінін ескере отырып, толықтық, шынайылық дәрежесін және деректің объективті ғылыми құндылығын анықтауға байланысты туындаған мәселелерді - деректі аналитикалық талдау арқылы шеше аламыз. Шынайылық - ол ең алдымен, деректе мәлімделген тарихи оқиғаның шынымен болғандығы, екіншіден, деректің сол оқиғаны жай ғана емес объективті, шынайы бейнелеуі, соның дәлелі болуы немесе бір сөзбен айтқанда деректе берілген мәліметтің шындыққа жақындылық дәрежесі.

Деректің шынайылығын анықтай отырып факт-деректің факт-оқиғаға сәйкестігіне көз жеткіземіз. Дегенмен екеуін теңестіруге болмайды, себебі, дерек табиғаты жағынан ғана емес мазмұны жағынан да оқиғадан әлдеқайда тар [3, 111 б.]. Дерек мазмұнына адам ойының қатыстылығы әсер етеді. Осы жерде деректің толықтық мәселесі туындайды. Толықтық дегеніміздің өзі оқиғаның көрнекті ерекшеліктерін, оқиғаның басты мазмұнын бейнелеу қасиетінен шығады. Көріп отырғанымыздай, деректің толықтығы мен

шынайылығы өзара байланысты қасиеттер. Бірақ, фактілік шынайылықтың барлығы бірдей деректің оқиғаны дұрыс беріп отырғанына кепіл бола алмайды. Өйткені дерек авторлары оқиғаны ысырып қойып, қатысы жоқ фактіні маңызды етіп көрсетуі мүмкін. Оған әрине оның таптық, саяси позициясы негіз бола алады. Партия құжаттарына қатысты да, мұндай олқылықтарға жол берілгендігі анық. Кеңес дәуірінің өкілдерінің сенгені де, мойындағаны да бірақ партия еді. Ол-коммунистік партия. Бүкіл идеология тек партия ілімін ғана алға тартты. Ал, оның зардабын қарапайым халықпен қатар білім, ғылым салаларындағылар, билікке біртабан жақын тұрғандар тартты.

Кеңестік тарихнамада партия құжаттарының басқа деректермен салыстырғанда шынайылық деңгейі әлдеқайда басым екендігі көрсетіледі және де оның себебі партия құжаттарына негізінен партия конференцияларының отырыстары, пленумдарының материалдары; әртүрлі санақ, статистикалық, есеп материалдары жататындығымен және коммунистік партия құжаттарының көбіне ұжымдық еңбек жемісі екендігімен, яғни олардың қабылдану не қалыптасуы алдында арнайы комиссия мүшелерімен дайындалатындығы, бір емес бірнеше рет талқыланатындығы алға тартылады [102]. Сонымен қатар, құжаттардың қалыптасуы барысында-ақ мәліметтердің шынайылық ерекшелігіне өзіндік талдау жасалады. Дегенмен де, К.А. Заболотская: «партия құжаттарының шынайылығына еш күмән келтірілмегендігімен, шын мәнінде партия құжаттарының өздері нағыз шындықтан әлдеқайда алыс болған, тек өздерінің ерекше статусына сай ғана қоғамдық санаға терең ене білген» [103] - деген тұжырым жасайды. Коммунистік идеологиямен уланып келген қоғамдық сананың өзгеруіне байланысты туындаған мұндай тұжырым шындыққа етене жақын десек қателеспейміз. Себебі, ұлттық сананы әлеуметтік-топтық санамен алмастырған, ұлттық тарихты саналы түрде әдейі қаралаған әміршіл - әкімшіл жүйе алғашқы күннен-ақ өмірді жаңаша түсіндіріп, жаңаша қабылдануға тырысты. Әміршіл-әкімшіл жүйе қалыптасқан сәттен бастап-ақ ғылымды ұйымдастыруда тежеуіш болып қана қоймай, ғылыми творчествоны да улады [104]. Әсіресе гуманитарлық саладағы ғылымдарға, соның ішінде тарих ғылымына зардапты болды. Заманымыздың көрнекті тарихшы ғалымы Манаш Қозыбаевтың сөзімен келтірсек: «Қазақстан тарихының концепциясы, негізгі байымдары Одақ көлемінде империялық бағытта жазылды. Жергілікті тарихшылардың еншісіне Одақтық тарихи концепцияларды тек иллюстрациялау тиді. ...тотықұс сияқты Одақтық дауысты қайталаумен болды» [105, 360-363 б.]. Бюрократизм, ведомствалылық, идеологиялық шыдамсыздық, сияқты белгілер әміршіл-әкімшіл жүйенің тереңдеп енуіне қолайлы жағдай жасады. Әбден мемлекеттендірілген ғылым толығымен идеологияландырылды. Осындай саясат нәтижесінде партия қызметі қойған мақсатына жетіп, оң баға да алып келді. Қыробком құжаттары Қазақстан тарихының Кеңестік дәуір тұсында орын алған осындай тарихи оқиғаларды зерттеудегі айнымас деректердің бірі екендігі даусыз.

Біз қарастырып отырған деректер комплексі:

- елдің экономикалық және саяси жағдайы мен қарастырып отырған бағыттағы партия қызметін анықтаған қоғамдық дамудың объективті қажеттіліктері;
- партияның өз қызметі барысында сүйенген теориялық және бағдарламалық ережелері;
- партия ұйымдарының қарастырып отырған кезеңдегі идеялық және ұйымдастырушылық деңгейі, партиядағы жағдай;
- зерттеу аумағындағы партия саясатының қалыптасу процесі;
- зерттеу аумағындағы партия саясатының мәні;
- партияның қалыптасқан саясатты жүзеге асырудағы идеологиялық қамтамасыз ету шаралары, партия мен оның ұйымдарының жаппай-саяси жұмысы;
- белгіленген саяси мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған партияның ұйымдастырушылық қызметі;
- партия қызметінің нәтижелері;
- партия жүзеге асырған іс-шаралардың теориялық және практикалық мәні сияқты бағыттардағы проблемелерді бейнелейтін деректерді қамтиды. Осылардың ішінен әсіресе партия саясатының негізі болған теориялық жағдайды бейнелейтін деректерге көбірек тоқталу қажет.

1920-1925 жылдар аралығындағы бірден-бір басқарушы ұйым -Қыробком тоталитарлық саяси билік көзінің Қазақстанда жүзеге асуының алғашқы және негізгі тірегіне айналды. Оған дәлел - әрине партия құжаттары. Аталмыш құжаттарды дерек ретінде қарастыруда басшылыққа алынатын шарттардың келесісін және деректанулық эвристиканың негізгі бір бөлігін мұрағат құжаттарының жинақталуы және сақталуы заңдылықтарын білу мәселесі құрайды. Ол - ең алдымен қор құраушы тарихын (мекеме не ұйым-авт.) және қандай құжаттар екенін айқындау. Біздің жағдайда қор құраушымыз әрине мұрағат болғандықтан, елдің бүкіл саяси жүйесі, оның құрылымы, әлеуметтік стратификациясы және ең маңыздысы оның толық қызметі мұрағат алдынан өтеді, яғни мұрағатта сақталған құжаттар арқылы. Сонымен бірге, қор құраушылардың қалыптасқан уақыты, қызметі, басқа ұйымдар не мекемелермен байланысы, қордың құрылымдық бөлімдері қызметі мен ішкі құрылымы және қайта ұйымдастыру барысымен байланысты мәселелері де осы сатыда шешіледі. Деректердің жинақталуы мен сақталуын талдау біріншіден, құжаттардың пайда болу шарты мен жүріп өткен жолдарын айқындау, екіншіден, мәселеге қатысты құжаттар легін жүйелеп, ретке келтіру мүмкіндігі. Үшіншіден, мұрағат құжаттарының сақталу заңдылықтары мен мекеме не ұйымда іс жүргізу жүйесін білу арқылы тану мүмкіндігі. Бұл саты мұрағат құжаттарының өзіндік ерекшеліктерін айқындауға көмектесетіндігі анық.

Қорыта келгенде, Қыробком құжаттарының дерек көзі ретінде пайда болуының объективті алғышарты – коммунистік партияның билік басына келіп, кеңестік идеологияның таралуы болғандығы анық. Партия құжаттарының деректік ерекшелігінен шыға отырып, қазақ жерінде орнаған коммунистік партия қызметінің қыр-сырын ашуға мүмкіндік аламыз.

1.2 Облыстық партия комитеті құжаттарының сақталу формалары мен субъективтілігі

XX ғасырдың 20 жылдарында қалыптасқан әміршіл-әкімшіл жүйе жағдайына сәйкес Қазақстанда өзіндік басқару ұйымдарының құрылғандығы жоғарыдан мәлім. Жер-жерлерде партия тарапынан құрылған ұйымдарда еркіндік болмады, яғни олар өз тарапынан өздерінен үстем жоғарғы партия ұйымдары нұсқауларын орындаушы ғана ролін атқарды [26, 51 б.]. Басшылықтағы партияның сырт бет-бейнесінің ішкі мазмұнға сай келмеуі мен өзара тәуелділіктің (партияның басқарушы ұйымымен бастауыш ұйымының-авт.) күннен-күнге артуы елдегі әміршіл-әкімшіл басқарудың айқын көрінісі болды. Дәлірек айтсақ, кеңестік дәуірде әртүрлі дәрежедегі саяси конференциялар, отырыстар, партиялық, кәсіподақ, комсомол ұйымдары жиналыстары көптеп орын алған болатын. Осының негізінде қарапайым халық билікке араласып жүр саналды. Бірақ бұның барлығы тек, партияның, халықты саяси өмірге араласып жүргеніне сендіру бутафориясы, ал, әлемдік деңгейде Кеңестердің социализм құрушы ел ретіндегі беделі ғана еді. М.Қозыбаев бұл жағдайға: «жұмысшы табы диктатурасы ел билейді деген әдемі ұран болды, шын мәнінде билік коммунистік партияның уысынан шықпады, қалың жұмысшы табы меншігі жоқ, жесе асқа, кисе киімге, баспана үйге зар жалдамалы тобыр болып қала берді. Кеңес елі әлеуметтік салада зор табысқа жетті»[37, 73 б.] - деп дәл баға берген. Себебі, 1920 жылдардың өзінде-ақ партия ұйымдарында да, кез-келген съезд не конференция да еркіндік болған жоқ. Себебі біріншіден, барлық нұсқау, қаулы-қарар, шешім сияқты басқа да маңызды құжаттар Орталық комитет тарапынан талқыланып барып таратылып, орындалу барысы да қатаң қадағаланып отыратын. Нәтижесінде жер-жерлердегі партия ұйымдары соның аясынан шыға алмайтын. Екіншіден, жер-жерлердегі (жоғарғы не төмен) конференция барысында талқыланған мәселелер тек қана мәлімдемелік, есептік сипатқа ие еді. Себебі, экономика, саясат, мәдениет салаларындағы кардиналды мәселелері ОК отырыстарында талқыланып, шешілетін мәселе өз шешімін тауып қоятын. Ал, аймақтағы партия ұйымдары бұл қалыптасқан жүйеден аттап кете алмайтын. Осылайша Кеңес Одағы көлеміндегі саяси мәселелер бір пошыммен пішілген еді. Олардың барлығы тең мөлшерде партияның Орталық комитетінің саяси Ұйымдастыру бюролары хатшылығына тәуелді болды [26, 49-66 б.]. Орталықтан саяси нұсқау алған ұлттық республика немесе обком хатшысы өзінен төменгі партия комитеттеріне (төменгі инстанцияларға-авт) жіберіп отырды.

Қарастырып отырған мәселеге қатысты материалдар, негізінен Қырғыз облыстық партия комитетінің, РК(б)П-ның облыстық бюросы, Қазақ облыстық бақылау комиссиясы мен РК(б)П жеке құрамын қайта қарау, естеліктер, тексеру және тазалау комиссиялары қорларында сақталған. Аталмыш қорлар Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатында орналасқан және сандық көрсеткіші жағынан 139, 140, 718, 813, 811 қорлар. Мерзімдік шегі жағынан 1920-1925 жылдарды қамтыған бұл қорлар тек партия құжаттарын ғана жинақтауымен ерекшеленеді. Қорларда: нұсқаулық хаттар; РК(б)П-н

басқарушы ұйымдарының президиум, пленум отырыстарының хаттамалары; басқарушы, бастауыш партия ұйымдарының конференция материалдары; әртүрлі дәрежедегі хаттамалар; циркулярлар; нұсқаулар; қаулы-қарарлар; есептер; анықтамалар; жабық хаттар; бұйрықтар және басқа да басқарушы партия ұйымдарымен бастауыш ұйымдар арасындағы өзара хаттамалар сияқты көптеген құжаттар сақталған. Олардың әрқайсысы құнды дерек. Аталмыш құжаттарды деректанулық тұрғыдан талдай отырып, 1920-1925 жылдарда Қазақстанда орын алған қоғамдық-саяси, экономикалық - әлеуметтік процестерден әртүрлі деңгейдегі мәліметтер ала аламыз.

Құжаттардың негізгі легін орталық басшылығымен Қазақстанда партия ұйымдарының құрылуы мен қалыптасуына қатысты материалдар құрайды. Әсіресе, Қазақстан аумағында партия ұйымдарын бір ұйым астына біріктіру мақсатында құрылған алғашқы партиялық ұйым - ұйымдастыру бюросының құрылуы мен қызметі туралы құжаттар; 1920 жыл бойындағы Қыроблбюро президиумы, саяси бюро, пленум отырыстары хаттамалары; облыстық партия конференцияларына қатысты құжаттар; қазақтар арасындағы партия жұмысының түрлері мен әдістерін қамтыған құжаттар; РК(б)П Орталық комитетімен, өлкенің губерниялық, уездік партия ұйымдарымен өзара хаттамалары; губерниялық, уездік, аудандық конференциялар мен губерниялық, уездік комитеттер отырыстарының хаттамалары сияқты маңызды құжаттар негізінен Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының 139 және 140 қорларында жинақталған. Аталмыш құжаттарда көтерілген мәселелер шеңбері партиялық, кеңестік, шаруашылық құрылыс және кадр мәселелерімен байланысты өрбіген.

Қорда сақталған тарихи маңызды құжаттардың қатарына сонымен бірге, РК(б)П-ның партия, кеңес, шаруашылық ұйымдарының; губерниялық, уездік комитеттері мен жергілікті ұйымдарының қызметін баяндайтын есептері [106-111] мен баяндамаларын және де Облыстық бюроның жер-жерлерге таратып отырған циркулярлары мен нұсқаулық хаттарын жатқызуға болады [112-135]. Отан соғысы жылдары мұрағат қоры қайта өңделгенмен, құжаттар дұрыс жүйеленбеген. Сонымен қатар, қордың құжаттық материалдарының мұрағатқа түскен мерзімі де белгісіз. Дегенмен, қор құжаттары ғылыми-зерттеу жұмыстары үшін құндылығын жоғалтпайды. Әсіресе, Қыробком құжаттарының ең көп жинақталған қоры - 139-шы қоры. Қор құжаттары мазмұны мен маңызы жағынан ең көлемдісі. Біз қарастырып отырған 1920-1925 жылдар аралығындағы партия қызметі барысында қабылданған құжаттардың әлдеқайда басым бөлігі осы қорда жинақталған. Аталмыш қорда РК(б)П ОК циркулярларынан бастап ең төменгі партиялық ұйым материалдарына дейін сақталған. Қор құжаттарына толығырақ шолу жасар болсақ, онда жыл сайын өтіп тұрған облыстық партия конференцияларының; президиум, бюро, РК(б)П хатшылығы отырыстарының; губерниялық комитеттері хатшыларының бірінші жиылысының, бастауыш партия ұйымдары конференцияларының, отырыстарының стенограммалары мен хаттамалары жинақталған. Қорда статистикалық материалдармен бірге, елдегі партия ұйымдарындағы

коммунистер санын, құрамын, құрылымын анықтауға көмектесетін материалдар да аз емес.

Қордың толық аты – «РК(б)П Қырғыз облыстық комитеті». Қырғыз облыстық партия комитеті бірінші облыстық партия конференциясында, 1921 жылы маусым айының 18-інде сайланып [136], РК(б)П ОК шешімімен 1925 жылы ақпан айында облыстық партия ұйымы өлкелік болып қайта құрылған [137] кезге дейін өмір сүрген. Бірінші облыстық партия конференциясының алға қойған мақсаты - ҚазССР-ндағы партия ұйымдарын біріктіру, ортақ партиялық басшылық орталығын құру және сол арқылы дамудың өзіндік жолдарын қалыптастыру болған. Соның негізінде конференция басқарушы билік орталығы - Қыробком болған РК(б)П - ның Қырғыз облыстық басқару ұйымын біржола қалыптастырды [138]. Алғашқы сәттен бастап елді басқарудың өзіндік құрылымы қалыптасты. Партия саясатын жүзеге асыруда Қыробком бірнеше бөлімдер мен бөлімшелер көмегіне сүйенді. Олар, ең алдымен құпия, шаруашылық, жалпы кеңес бөлімшелерін біріктірген жалпы бөлім; келесісі, өз ішінде есептік - статистикалық, нұсқаулық және мәлімдемелік бөлімшелерге бөлінген ұйымдастырушылық – нұсқаулық бөлім және үгіт-насихат бөлімі еді [139].

Партия ұйымдасқан алғашқы күннен бастап іске кіріскен бөлімдер, елді әміршіл-әкімшіл жолмен басқарудағы баспалдақ болды. 1921 жылдан 1924 жылға дейін аталмыш бөлімдерде айтарлықтай өзгеріс болмады. Тек, 1924 жылы РК(б)П ОК директивасы негізінде ұйымдастырушылық – жетекшілік бөлім ішінде мәлімдемелік-статистикалық бөлімше қызметімен толықтырылды. Аталмыш бөлімше тірі - нұсқаулық – мәліметтік байланысты дамытты, партия ұйымының ұйымдық құрылымының дұрыс немесе бұрыстығын зерттеп, жергілікті партия тәжірбиесін есепке алды және де губерниялық ұйымдар қызметін қадағалады. Ал, мүшелермен кандидаттарды есепке алу басшылығы тіркеулік - өкімдік бөлімге өтті. Партияның ішкі құрылымына байланысты мәселені шешу мақсатында ұйымдастырушылық – нұсқаулық бөліммен төменгі партия ұйымдары қызметкерлері қатысуымен арнайы жиналыстар шақырылып тұрған [140]. Осылайша партия қызметін ұйымдастыруда үлкен жүйелілік қалыптасты, соның арқасында халық арасында тоталитарлық қоғам үрдістері тереңдей еніп, ұлттық сананы улауда көптеген саяси шаралар жүзеге асып, орны толмас қателіктерге алып келді. Сонымен қатар, Қазақстан территориясында тікелей Қыробкомға тәуелді жеті губерниялық комитет болды. Қорда әрбір губернияға қатысты материалдар біршама толық сақталған. Әр губерниялық партаппараттың ішкі құрылымы РК(б)П ОК ережесіне сай бірдей болды [141]. Осындай жақсы ұйымдастырылған саяси құрылым арқасында большевиктер партиясы көптеген «жетістіктерге» жетті. Ал оның ақ-қарасын айыруда қор құжаттарының тигізер көмегі зор. Қордағы материалдардың мерзімдік шегі 1921 жылдың маусымынан 1925 жылға, Қырғыз өлкелік комитеті құрылғанға дейінгі аралық. Қорда барлығы 1278 іс жинақталған. Дегенмен, қордың құжаттық материалдары толық сақталмаған. Олай деуіміздің себебі, кеңестік саясаттың сарқыншағы - партияны жат

элементтерден тазартуда 1921 жылға қатысты материалдар сияқтылар жоқтың қасы.

Партия саясатының маңызды мәселелерін шешуде облыстық партия конференцияларының орны ерекше. 1921-1925 жылдар аралығында төрт Бүкілқырғыздық облыстық партия конференциялары шақырылды. Төрт конференция материалдары - хаттамалар, стенограммалар түгел дерлік толық сақталған [142], бірақ дұрыс жүйеленбеген. Бір материалдың бірнеше құжатта қайталануы, ал ол құжаттардың бірнеше істе қайталануы. Мысалы, Екінші облыстық партия конференциясының материалдары 139 қор, 1 тізімдеменің 247, 249, 252(261), 254(263), 256(265), 257(266), 258(267) сияқты істерінде сақталған. Оның 247, 252,261, 254 істері тек қана хаттамаларды қамтыған. Қыробком пленумы хаттамалары 261, 259, 252 сияқты үш істеде қайталады. Сол сияқты басқа үш конференция материалдары да қайталанып, бірнеше істерде сақталған. Олар, негізінен жалпы бөлімнің құпия бөлімшесі мен нұсқаулық бөлімнің мәліметтік бөлімшесінде сақталған. Сондықтан, конференция материалдарын толық қарастыру үшін екі бөлім материалдарын да салыстыра отырып қарастырған дұрыс. Сонымен қатар, мұрағат қорларында жер-жерлердегі бастауыш партия көлемдерінде өткен конференциялар материалдары да орын тепкен. Мысалы, бір Семей губерниялық комитеті бойынша 1921-1925 жылдар аралығында бес губерниялық партия конференциясы шақырылса, қордың құжаттық материалдары ішінде үшінші және бесінші конференция материалдары ғана сақталған. Қарастырылған мәселелер легіне келсек, әртүрлі мазмұндағы баяндамалар, губерниялық комитеттер есебі, партиялық құрылыс сияқты мәселелер қамтылған [143]. Қыробком бөлімдері ішінен, ұйымдастырушылық - нұсқаулық бөлім материалдары саны жағынан басым, барлығы 769 іс болса, ал, үгіт-насихат бөлімі материалдары 152 істі қамтиды. Әміршіл-әкімшіл саясаттың жүзеге асуында үгіт-насихаттың алар орны ерекше болды. Бұл бөлім ел арасына партия саясатын түсіндіріп қана қоймай, оның тереңдеп енуіне жағдай жасады. Түйіндей келе, 139 қор - деректік және тарихи жағынан маңызды да бай қор екендігіне көз жеткіземіз. Сол себепті, аталмыш қор құжаттары жаңа заман тарихын зерттеуде баға жетпес қорлардың бірі.

Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының маңызды қорларының келесісі -140 қор. Қордың хронологиялық шеңбері Облыстық бюро құрылған 1920 жылдың 30 сәуірінен Қыроблбюроның өмір сүруін тоқтатқан 1921 жылдың маусымы аралығын қамтиды. РК(б)П Қыроблбюро құжаттарының барлық жиынтығы бірінші тізімдемеге енгізілген, барлығы 137 істі құрайды. Қор құжаттарының басым бөлігі өлкедегі партияның жұмысын ұйымдастырушы, жетекші, басшы, органы - Қыроблбюро қызметі туралы мәліметтерді қамтиды. Облыстық бюро қызметі қорда сақталған бюро президиумы отырыстары мен пленумдарының хаттамалары, циркулярлы хаттары, есептік мәліметтері, жергілікті партия ұйымдарымен өзара хаталмасулары сияқты құжаттарда көрініс тапқан. Сонымен бірге, қорда, Облыстық бюроға келіп түскен губерниялық, аудандық, және уездік ұйымдардың құжаттары да жинақталған.

Қор ауқымында аталған мерзімдік шеңберден шығып кететін де құжаттар сақталған. Мысалы, 1921 жылдың екінші жартысын қамтитын, «РК(б)П Қыробкомының партия жұмысы мәселелері бойынша губкомдармен хаталмасуы» қордың 22а, 60, 62, 76, 86, 87, 101, 110, 117 –нші істерінде, ал 1922 жылдың қаңтарындағы «Қырғыз өлкесінің жауапты қызметкерлерінің анкеталары» 112-нші істе сақталған.

Деректік маңызы жағынан келесі құжаттар – Қырғыз Облыстық Бақылау комиссиясы материалдары. Партия ұйымдарындағы Бақылау комиссиялары идеялық-саяси және ұйымдық платформа негізінде, партияның бірлігін сақтау мақсатында партиядағы оппозициялық топтар және ағымдармен күресу, сонымен қатар, тәртіптің, партиялық этиканың сақталуын қадағалау мақсатында құрылған. 1921-1925 жылдар аралығын қамтыған Қырғыз Облыстық Бақылау комиссиясы құжаттары комплексінің алғашында қай жерде сақталғаны белгісіз. 1955 жылы құжаттар бұрынғы ОК жанындағы Қазақстан коммунистік партиясы партия тарихы институтының, қазіргі Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатының партия мұрағаты секторына түскен. Бұл қор – 718-нші қор.

Қор құжаттары ХХ ғасырдың 20 жылдарының бірінші жартысында Қазақстанда партиялық және мемлекеттік бақылау ұйымдарының құрылуы мен қалыптасу тарихынан мәлімет береді. Қырғыз Облыстық Бақылау комиссиясының ҚазССР-ндағы партиялық бақылауды ұйымдастыру мен жүзеге асырудағы басшылық ролі облыстық комиссия хаттамаларында, циркулярлы хаттарында, есептерінде, баяндамаларында және де РК(б)П-ның құрамын тазалау комиссиясы мен жергілікті бақылау комиссияларының есептік, мәліметтік құжаттарында, статистикалық материалдарында көрініс тапқан. Келтірілген құжаттар легінде партиялық бақылау ұйымдары жұмысының формасы мен әдісі, бағыты туралы РК(б)П комитеттері, сот және тергеу мекемелерімен қарым –қатынасы, партия мүшелерін тексеру және тазалау туралы, партия және кеңес ұйымдары тәжірбиесіндегі бюрократизм, мансапқорлық, қызметтік қылмыстарды әшкерелеудегі қызметтері туралы мәліметтер қамтылған. Қыроблыстық бақылау комиссиясы, партияны тазалау комиссиясы мүшелері тізімі, партиялық және тәртіптік ескертулер алған, тергеуге түскендердің, губерниялық және уездік комиссиялар жұмысы нәтижесінде партиядан шығарылғандар тізімі, өтініштер, арыздар, апелляциялар және т.б. құжаттар легі сақталған [144].

Қор құжаттарының бір бөлігі мемлекеттік бақылау ұйымы жұмысы туралы және оның партия бақылау ұйымдарымен бірігіп қайта құрылуы туралы мәліметтерді де сақтаған. Қор құжаттары сонымен қатар, ХХ ғасырдың 20 жылдарында Қазақстанда партиялық және мемлекеттік бақылау ұйымдарының құрылуы мен қалыптасуы тарихын да бейнелейді. Қыроблыстық бақылау комиссиясы алғаш рет РК(б)П-ның 18 шілдедегі Бүкілқазақтық бірінші партия конференциясында ІХ Бүкілресейлік конференция үкімі (постановление) негізінде сайланған [49]. 1921 жылы құрамында төрағасы, жауапты хатшысы, тергеушісі және үш техникалық жұмысшысы бар комиссия штаты құрылды [145]. Қыроблбюро қаулысына сәйкес, 1924 жылы 21 ақпанда Қыроблыстық

бақылау комиссиясы Қыробком шешімімен ҚазССР-ның жұмысшы шаруа инспекциясы Халық комиссариатымен бірікті [146]. Онда жоғарғы саяси рольге ие болды және ішкі саяси мәселелерді қарастыруда автономдық құқығын сақтап қалды. Өз қызметін облыстық ұйымның өлкелік болып қайта құрылуына сәйкес тоқтатты. Партия ұйымы жанынан құрылған бақылау комиссиялары - пария ішіндегі ортақ идеялық-саяси және ұйымдастырушылық платформа негізінде бірлікті сақтап қалу үшін оппозициялық ағымдармен, топтармен, бюрократизммен, тәртіп бұзушылықпен күресу мақсатында құрылған [147].

Қырғыз облыстық бақылау комиссиясы губерниялық бақылау комиссияларының үстінен қадағалап отырды. 1923 жылы бақылау комиссиясының жергілікті ұйымдарының саны жетеу болған [148]. Губерниялық бақылау комиссиялары баяндамалары мен сводкаларындағы мәліметтер өз кезегінде губерниялардың саяси және экономикалық жағдайына, сауда жөніне, ең бастысы тұрғындардың партия мен Кеңес өкіметі саясатына деген көңіл-күйін байқатады. Бұл қор құжаттары қазақ және орыс тілдерінде. Қазақ тіліндегі құжаттар араб графикасымен де жазылған. Басым көпшілігі әрине орыс тілінде. Құжаттардың жалпы сақталу деңгейі қанағаттанарлық. Толық болмаса да есімдік картотекалар жасалған. Қор құжаттары микрофильмдерге көшірілмеген және каталогтандыру жүргізілмеген.

Тарихи зерттеу үшін маңызды қордың келесісі - 813 қор. Ол - РК(б)П-ның жеке құрамын тексеру, қайта қарау, тазартудың Қырғыз Облыстық комиссиясы қоры. Қорда губерниялық, облыстық комиссиялар коллегиялары мен тазалау жөніндегі губерниялық, уездік комиссиялар хаттамалары, Бақылау комиссиялары мүшелерінің тізімі, олардың қызметі туралы мәліметтер сақталған. Біздің зерттеуіміз үшін 811 қордың маңызы да басқа қор құжаттарынан кем емес. Аталмыш қорды естеліктер қоры десек те болады. Жалпы қор жеті тізімдемеден тұрады. Әр тізімдеме әр облысқа байланысты естеліктерді қамтыған. Мысалы, 811 қордың 6 тізімдемесі Торғай облысына қатысты естеліктер болса, екінші тізімдеме Орынбор облысы естеліктерін жинақтаған. Бұл қордың естеліктерді дерек көзі ретінде талдауда маңызы зор.

Сондықтан да, Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының 139, 140, 718, 813, 811 қорлары материалдары Қазақстанда әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуы проблемасын зерттеудегі басты деректік қорлар. Аталмыш қорлар құжаттарын дерек ретінде талдай отырып партия қызметін жан-жақты, толық зерттеуге, сол арқылы қарастырып отырған мәселенің толық ашылуына мүмкіндік аламыз.

Ал, осы қорлардағы құжаттардың сақталу дәрежесіне келсек, 139 қор құжаттарының тек микрофильмдік көшірмесімен ғана жұмыс істеуге мүмкіндік бар. 2005 жылғы 11 қаңтарда түскен, мұрағат қорларын сақтап, оларды есепке алу жайын жақсарту беру шаралары туралы бұйрыққа сәйкес «1946 жылға дейінгі түпнұсқа құжаттарды Мұрағат оқу залына пайдалануға беруге тиым салынсын» [149] - делінген. Микрофильмдік көшірмешелердің басым пайызы дұрыс оқылмайтындықтан, құжаттармен жұмыс істеу біршама қиын. Дегенмен, қолға берілетін басқа да көптеген қор құжаттарының

түпнұсқаларына байланысты ескіріп, өшіп бара жатқан құжаттарды өңдеп, мәтінін қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп жатқандығын айтуға болады.

Партия құжаттары кеңінен сақталған келесі мұрағат - Мәскеу қаласындағы бұрынғы коммунистік партия Орталық комитеті жанындағы Маркс, Энгельс, Ленин, Сталин институтының Орталық саяси, кейінгі жаңа дәуір тарихы құжаттарын сақтау мен зерттеудің Ресейлік орталығы және бүгінгі таңдағы Ресей мемлекеттік әлеуметтік – саяси тарих мұрағаты қорларында сақталған. Мұрағат құжаттары үш негізгі тақырыптық жиынтыққа (комплексе-авт.) топтастырылған; батыс Европаның әлеуметтік және саяси тарихы құжаттары (XVII-XX ғасыр басы); жаңа және қазіргі замандағы Ресейдің саяси тарихы құжаттары (XIX ғ. аяғы- XX ғасыр); халықаралық жұмысшы, социалистік және коммунистік қозғалыстар тарихының құжаттары. Ал, қосымша төртінші комплекс жеке тұлғалық қорлар. Осылардың ішінде біз қарастырып отырған мәселеге байланысты құжаттар легі екінші кешенде жинақталған. Саяси тарих құжаттарының өзін үшке бөліп қарастыруға болады. Біріншісінде, Ресей социал-демократиялық партия (РСДРП), соның ішінде, Орталық комитет (ОК) мен РСДРП орталық ұйымдары мен басқа да мекемелерінің жалпыпартиялық съездері, конференциялары материалдары жинақталса, екіншісінде, В.И. Ленин мұрағаты құжаттары, оның хатшылығы материалдары, және Халық комиссарлар Кеңесі құжаттары т.б. жинақталған. Ең көлемдісі, үшіншісі Кеңес Одағының Коммунистік партиясы Орталық комитеті қоры -17 қор. Қор басқа да әртүрлі қосалқы партия ұйымдары мен мекемелері жұмысын қамтитын 158 тізімдемеден тұрады. Жеке комплекстерге партия съездері мен конференция, КОКП ОК пленумдарының отырыстары материалдары, саяси, ұйымдастыру бюро және ОК хатшылығы хаттамалары ішкі саяси мәселелермен қатар, ішкі және сыртқы саясат, экономика, шаруашылық, ғылым, мәдениет мәселелерімен айналысқан ОК аппараты құжаттарына бөлінген. Сонымен қатар, бірнеше жергілікті коммунистік ұйымдар қорлары да жұмыс істейді. Біз үшін әсіресе, 17 кодың 1-4, 16, 112-116,121-128, 84-86, 131-137 тізімдемелерінің құжаттық маңызы зор. Қор құжаттарының сақталу деңгейіне келсек, 80%-дан астамы микрофильдерге көшіріліп сақталған.

Көптеген тың мәліметтер беретін бұл мұрағаттардың көп мәселеде Қазақстандағы партиялық мұрағат құжаттарын қайталайтындығын көреміз. Оның себебін тарихшы-ғалым Т.Омарбеков айтқандай: «мұндағы құжаттардың (яғни еліміздегі құжаттардың-А.У.) негізінен Қазақстан басшылығының Мәскеудегі орталыққа жіберген мәлімдеулері екендігімен» түсіндіруге болады [1,176.].

Ғасыр басындағы саяси билікте терең тамырлай бастаған әміршіл-әкімшіл жүйе негізінде қалыптасқан сыңаржақтылыққа байланысты тарихнамада бұл қорлар құжаттары кең пайдалануға түспеген, яғни партия құжаттарының барлығы бірдей зерттеушілер назарына берілмей, көпшілікке беймәлім болып келді. Оны бірнеше себептермен түсіндіруге болады. Соның бірі, көптеген құжаттардың сақталмай жойылып кетуі болса, екіншісі, сақталған күнде де «құпия» деген желеумен қолға берілмеуі. Белгілі мәліметтерге сүйенсек, зерттеушілерге біршама таныс, жұмыс істеуге мүмкін болған құжаттар-

жарияланған бағдарламалар, стенограммалар және партия конференциялары мәліметтері. Ал, партия құжаттарының негізгі бөлігі - саяси бюро отырыстары, пленумдар хаттамалары, әртүрлі аналитикалық жазбалар, статистика материалдары мен тағы басқа құжаттар зерттеушілердің өте шектеулі шеңберінің назарына аз ғана мөлшерде берілген. Мұның себебі неде?-деген сауалға тарихшы, ғалым Т.Омарбековтың: «Ресми тоталитарлық жүйе өзінің әкімшіл-шаруашылық тәртібін, зорлық-зомбылық әдістерін қалыптастырғанын, тоқшылық жылдары тұтас халықты алапат аштыққа ұрындырғанын, меншік иелерін кінәсіз жазалағанын, күштеп ұжымдастыру саясатының адамгершілікке жат, қаскөй принциптерді басшылыққа алғанын, әлеуметтік теңдік, социалистік демократия дегендерді шын мәнінде еңбекшілер билігін шектеуге, жаппай қуғын-сүргінге айналдырғанын өз азаматтарынан, әсіресе кейінгі ұрпақтан жасырып қалуға әрқашан тырысып келді» [1, 23 б.] - деген түйінімен жауап беруге болады.

Мұндай құпиялылық партия тарапынан түсіп тұрған жекелеген құжаттарда да сақталған болатын. 1920 жылдың соңына қарай жер-жерлердегі мемлекеттік ұйымдар өз еріктерінен айырылып, толығымен қызметтеріне сәйкес партия комитеттеріне тәуелді болды және де 20 –ншы жылдардың ортасынан бастап саяси бюро орталық мекемелер жұмысына толық басшылық жасап, олардың қызметін бақылап, шешімдерін бекітіп, тіпті, «кеңестік қалыпта», яғни кеңес атынан, партия шешімдерін жүзеге асыруды міндеттеді. Жергілікті партия ұйымдары ендігі кезекте партияның елдегі «құлағы» мен «көзіне» айналды. Нәтижесінде, жоғарғы партия ұйымдары мен жер-жерлердегі партия ұйымдары арасында құпия сипатқа ие болған байланыс орнай бастады. Өзара байланыста да, хат алмасуда да толығымен құпиялылық орын алды.

Әміршіл-әкімшіл авторитарлық жүйе өзін сынға алатын өзінің қылмысты саясатын әшкерелейтін тарихи еңбектерге мүдделі бола қойған жоқ. Осыған байланысты тарихшылар пайдаланатын деректер аясы да тарыла түсті. Ресми үстем идеологияның «социализмнің толық және түпкілікті жеңуі», «кемелденген социализмнің орнауы» және «кеңес халқының коммунизмге өте бастауы» жайлы қияли теориялық тұжырымдамаларына көлеңке түсіретін, оларға күдік туғызатын құжаттар жарыққа шығарылмай тұншықтырылды» [1, 315 б.] - деп берген бағасы нақты жауап бола алады. Одан ары: «Мұндай ахуалда тарихшылар үстем ресми идеологияны ғана басшылыққа алып, тек «табыстар» мен «жеңістерді» дәріптейтін еді, ал кемшіліктерді айта қалса оларды қайдағы бір «солшылдар» немесе «ұлтшылдардың» қаскүнемдік әрекетінің салдары ретінде көрсететін» [1, 316 б.] - деп сипаттайды. Яғни, құпиялылық себебін, ең алдымен партия ұйымдарының өзара тәуелділігімен және оның билік құрылымының ерекшелігімен түсіндіруге болады». 20 жылдардың ортасына қарай саяси жүйе екіжүзділігі жойылды. Бұл енді партия - мемлекет емес, партиялық мемлекет еді» [26, 54 б.] - деген пікірдің жаны бар. Себебі, партия аппараты мемлекетті «жұтып» өзі билік құрылымына айналды. Жаңа саяси жүйе қатаң ортақ құрылымды ұсынды, яғни бұл өзіндік бір партия комитеттерінің иерархиясы еді. Партия құрылымындағы саяси билік

табиғатының өзінде үлкен құпиялылық болды [26, 57 б.]. Сондықтан да, жоғарғы партия ұйымдарының жергілікті жерлердегі аппараттармен байланысы құпия, конспиративті сипатта болды. Өзара байланыс та құпия жүрді. «Құпия» не «өте құпия» ретте дайындалған басшы ұйымдар шешімдері, ең жоғарғы хатшылықтан бастау алып, төмен қарай иерархиялық баспалдақпен биліктің құпия инфра құрылымдары арқылы тарап отырған. Орталық комитет хатшылығының өзінде 1920 жылдан бастап жұмыс істеген, яғни құпия құжаттарды тіркеп, нұсқау - қарарлардың орындалу орындалмауын қадағалап және де бүкіл шифрлық жұмыстарды, атап өтсек партия шифрларын дайындау және тарату, оны оқу сияқты мәселелермен айналысқан арнайы құпия - директивті бөлім жұмыс істеген [150]. Оған мұрағат қорында сақталған өзара байланыс немесе хат алмасу туралы мына арнайы құжаттардың бірі дәлел бола алады. Онда: А.1. Облыстық партия комитеттері хаттамаларының көшірмелері мен обком хатшыларының жеке нұсқаулары таратылатын адамдар тобы обком хатшысымен тағайындалып, бұл құжаттар олардың тікелей өздеріне ғана жіберіледі. А.2. Көшірме немесе нұсқауды тікелей өзіне бағытталмаған адамдарға беруге мүлдем тиым салынады. А.3. Көшірме немесе жеке нұсқаулар кеңестік және кәсіптік іс-қағаздардан бөлек, ерекше жеке істерде сақталуы қажет. Б.1. Обкомның бұл шешімдері орындалмаған не бұзылған жағдайда обкомның атқарушы бюросына хабарланып, кінәлілер қатаң партиялық жауапкершілікке тартылуы тиіс» [151] - делінген.

Жоғарғы басқарушы ұйымдар бастауыш ұйымдармен екіжақты байланысты болды. Жергілікті партия комитеттерінің, аудандық, облыстық комитеттер хатшыларының жоғарыдағы басқарушы ұйымдарға 1922 жылдың ақпан айынан бастап құпия түрде хаттары жіберіліп отырған. Осындай құпия құжаттардың қатарына жабық хаттар жатады. Хатшылар дайындаған жабық хаттар төменнен жоғары қарай тар схема шеңберінде жылжып отырды. № 1902 18 қаңтар 1922 жылдағы циркуляр мен 1920 жылғы №3 жеделхатта бекітілгендей көлемі екі бетке жуық жабық хаттар Облыстық, губерниялық комитеттер хатшыларымен дайындалған. Онда барынша шынайы, қатаң тексерілген, партия өмірінің өңірлердегі ең маңызды жақтары объективті тұрғыдан қамтылуы тиіс болған [152].

Бұрынғы партия қызметкері Л.А. Оников сөзіне сүйенсек «Үш өлшемдегі: «жоғарыдан-төменге», «төменнен жоғарыға» және «горизонталды» түрдегі жүйелі құпиялылық аппарат, партия жұмысының көптеген қырларын аппараттағылардың өзінен жасырын ұстауға көмектесті» - деп келтіреді [153] Мұның арнайы жүйе болғандығы рас. Коммунистік билік соңына дейін өз саясатын тек халықтан ғана емес, сонымен қатар өз партиясынан да жасырып қатаң құпиялылық жағдайда жүргізді. 1924 жылы 19 тамызда РК(б)П ОК пленумымен «конспиративті құжаттармен жұмыс істеу ережелері» бекітіліп, құпия циркуляр түрінде бүкіл облыстық, губерниялық комитеттерге, комиссияларға таратылды. Онда: «конспиративті құжаттарға саяси бюро, ұйымдастыру бюросы пленумы хаттамалары, жабық хаттар, кейбір жекелеген нұсқаулар және тағы бірқатар құжаттар жатады» [154] - делінген. Мұндай құжаттарға «құпия» немесе «өте құпия» деп жазылып, құпиялылық дәрежесіне

сай арнайы әріптермен белгіленіп отырған. Осындай «құпия» деп белгіленген мына бір құжатқа көз жүгіртсек «ҚазССР-ндағы бүкіл Кеңестік жұмысты толық басшылыққа алу мақсатында РК(б)П Қырғыз облыстық комитеті принциптік сипаттағы барлық декреттер, нұсқаулар, өкімдер, бұйрықтар алдымен Қыробкомның ұйыдастырушылық-өкімдік бөлімі арқылы Қыробком президиумы құзырына жіберіліп, онда олар арнайы талқыланып бекітілуге тиіс. Сонымен қатар, партиялық күшті нақты және жүйелі есепке алу мақсатында жауапты қызметкерлер мен коллегия мүшелерінің қызметі, жолсапарлары мәселелері Қыробкомның ұйымдастырушылық - өкімдік бөлімі тарапынан жүзеге асқандығы дұрыс»-делінген [130].

Сонымен қатар, басшы ұйымдар мен жергілікті ұйымдар арасындағы тығыз «құпия» байланыстар шифрожеделхаттар арқылы жүрген. Ол шифрбюроның арнайы қызметкерлерімен оқылып, ал түпнұсқа өртелініп отырған. Құпия құжаттармен тек арнайы артықшылық хұқы бар адамдар ғана таныса алған. Аталмыш шифрлық қызметтер тәжірбиеге 1920 жылдың қыркүйек айынан енгенмен [155], арнайы шифрлау бөлімдері бар жүйе ретінде 1923 жылдан қалыптасқан. Мұрағат құжаттарына қарасақ, шифрлардың жиі-жиі өзгертіліп тұрғанын, дәлірек айтқанда ай сайын өзгертіліп тұрғанын байқауға болады. Мысалы, «Жылдам-құпия» деген айдармен жауапты хатшыға 1923 жылдың 27 маусымында келген хатта: « шифрант пен дешифрант кестесі мен пайдалану ережелерінен тұратын № 59 «Тяга» шифрының бір нұсқасы жіберіліп отыр. «Тяга» шифры қазіргі уақытта қолданыста жүрген «Весна» шифрының орнына жіберілген, қолданысқа енгенге дейін құпия сақталуы тиіс. «Тяга» шифры 1923 жылдың бірінші тамызынан айналымға еніп, «Весна» шифры қолданыстан шықсын» [156] - делінсе, дәл бір айдан кейін, дәлірек айтсақ, 1923 жылы 29 тамызда тура осы мазмұнда «Связь» шифрының «Тяга» шифрының орнына түсірілетіндігі туралы хабарланады [156, 102 п.]. Қолданыстан шығарылған шифрлар міндетті түрде ережеге сәйкес ОК-тің шифр бөліміне қайтарылуы тиіс болған. Мұндай құжаттар, шифрлар туралы қысқа мәліметтер бергеніне қарамастан үлкен деректік маңызға ие. Бұл жерден біз тек шифрлардың аттары мен ауысу жүйесін ғана біліп қоймай, олардың партия үшін қаншалықты маңызды болғандығын да аңғарамыз. Мұрағат қорларында «құпия» деген айдар тағылған құжаттар саны аз емес.

Осы секілді құпиялылық деңгейдегі құжаттардың мәнін ашудың деректік маңызы зор екендігі даусыз. Мысалы, партия комитеттерінің жеке нұсқаулары мен хаттамаларының көшірмелерін пайдалану ережесі туралы шифрлы жеделхатта: «партия комитеттері хатшыларының бұл нұсқаулар жіберілетін қызметкерлердің тізімін арнайы бекіткендігі, жоғарыда атап өткен құжаттар тек сол адамдарға ғана жіберіліп, арнайы жеке істерде сақталуы керектігі, көшірме түсіруге тиым салынатындығы және осы ережелер дұрыс орындалмаған жағдайда кінәлілерді қатаң партиялық жауапкершілікке тарту туралы» нұсқау берілген [156, 4 п.]. Бұл нұсқаудан, біріншіден, қатаң құпиялылықты, екіншіден, бірегей теңдік дегеннің тек сөз жүзінде ғана екендігін және үшіншіден, саяси тар шеңбердің сомдалғандығын, яғни тоталитарлық билік нышандарының қалыптаса бастағандығын көре отырып,

сол тұстағы қоғамның саяси идеологиялық процестерінің адамзатқа қарсы бағытталғанына көз жеткіземіз. Мысалы, Образцов Всеволод Николаевич деген почта қызметкері шифрларды екінші біреуге бергені үшін жазалауға байланысты сот отырысының шешімімен: «осы негізде трибунал 66 статьяның 1 тармағын негізге ала отырып және Қылмыстық кодекстің 58 бабының 1 тармағына сәйкес ату жазасына кесілсін» [157] -деген үкім шығарылған.

Партия саясатында орын алған құпиялылық салдары ұзақ жылдар бойы мұрағат қорларындағы құжаттардың басым бөлігімен танысуға мүмкіндіктің болмауына бірден-бір себеп болды. Партия құжаттарының барлығы бірдей зерттеушілер назарына берілмей, көпшілікке беймәлім болып келгендігінің тағы бір себебі, XX ғасырдың 20 жылдары билік басына терең тамырлай бастаған, әміршіл-әкімшіл жүйе негізінде қалыптасқан сыңаржақтылыққа да байланысты еді.

Бүгінде, ғылыми айналымнан тыс қалған «құпия» айдары бар құжаттардың ашылуы кеңестік дәуір деректерін толықтырып қана қоймай, әтрүрлі тарихи кезеңдердегі өзгерістерден құнды мәлімет береді және өткенді жаңа тұрғыдан түсінуге, түсіндіруге көмектеседі.

ҚР Президенті жарлығымен құпия құжаттар қорлары ашық деп жарияланып, айналымға енді. Бұл өз кезегінде тарих беттерінің де құпия парақтарын ашуға үлкен мүмкіндік туғызып отырғаны хақ.

Сонымен қорыта келгенде, тарихи деректік маңызы зор құжаттардың мұрағат қорларында жинақталуы мен сақталуы мәселесі де арнайы зерттеуді қажет ететіндігін көреміз. Құжаттардың жинақталуы мен сақталуын талдап зерделеу деректану ғылымының басты бағыттарының бірі ретінде мәселеге қатысты құжаттарын жүйелеуде басты критерий екені анықталды.

Қор құжаттарын талдау нәтижесінде партия материалдары арнайы мақсат пен бағытқа сай дайындалғандығына көз жеткіздік. Бұл материалдар партияның іс жүзінде ұлттық және басқа мәселелерді қазақтар пайдасына шешуге тырысатындығына, сондай-ақ, солардың мүддесіне жұмыс істейтіндігіне сендіру мақсатын қойғандығын көрсетсе, екіншіден, құжаттар жоғарғы басқару ұйымдарына есеп беру мақсатын атқарған. Ең бастысы олар жер-жерлерде «орталық» саясатын жүзеге асыру мақсатын көздегендігіне көз жеткізе аламыз.

Ал, енді партия құжаттарының субъективтілік мәселесіне тоқталайық. Жер-жерлерде партия тарапынан құрылған төменгі ұйымдардың өздерінен үстем жоғарғы партия ұйымдары нұсқауларын орындаушы ғана ролін атқаруы мен басшылықтағы партияның сырт бет-бейнесінің ішкі мазмұнға сай келмеуі, сондай-ақ партияның басқарушы ұйымымен бастауыш ұйымының өзара тәуелділігінің күннен-күнге артуы, елдегі әміршіл-әкімшіл басқарудың айқын көрінісіне айналуы облыстық партия комитеті құжаттарының тарихи дерек ретіндегі субъективтілігін айқындай түседі. Осы орайда деректану ғылымының орны ерекше. Ол, ең алдымен құжаттардың объективтілігімен, яғни қоғам дамуы барысында пайда болатын заңдылығымен және одан кейін, субъективтілігімен, яғни, құжаттардың қай түрі болмасын жеке адамдардың немесе белгілі бір топтың саналы іс-әрекетінің салдарынан пайда болатындығымен байланысты.

Партия құжаттарының да дерек көзі ретінде белгілі бір кеңістік пен уақытқа сәйкес, бір кезде өмір сүрген, еңбек еткен адамдардың саналы іс-әрекетінің нәтижесінде, белгілі бір мақсатқа сай дүниеге келгені анық. Сондықтан да құжаттар, өздерін дүниеге әкелген орта мен уақыттан және сол уақыттағы тарихи оқиғалардан, өзгерістерден тәуелсіз қалыптаса алмайды. Нәтижесінде уақыт өте келе, қоғамның дамуына, өзгеруіне байланысты құжаттардың субъективтілік деңгейі де өзгеріп отырады.

Бүгінгі таңдағы, «бір жағынан, кеңестік заң актілерінде большевиктер партиясының басшылығымен, бұрынғы Ресей империясы шеңберінде орнатылған тоталитарлық жүйе тарапынан қазақ халқының басына келген барлық қайғы –қасірет тарихы бейнеленсе, екінші жағынан, Қазақстанның алғаш РСФСР құрамында автономиялық республика болып құрылуының, кейіннен КСРО-ның ыдырауына байланысты тәуелсіз мемлекет ретінде бөлініп шығуына мүмкіндік берген, формальды түрде болса да, Одақтас республика дәрежесін алуының тарихы да бейнеленген. Кеңестік заң актілерінің ең басты ерекшеліктері 1917 жылдың 25 қазанында қарақшылықпен өкімет билігін басып алып, өздерінің шексіз диктатурасын орнатқан большевиктер партиясының заңдарға деген көзқарасынан туындайды. 70 жылдан астам КСРО деп аталған алып державада билік құрған большевиктер партиясының тарихы, қандай да болмасын заңдарды сыйламаушылықтың, екіжүзділіктің, адам құқығын аяққа таптаудың тарихы болғандығы белгілі» [158] - деген пікір 1920-1925 жылдар аралығындағы партия құжаттарының субъективтілік сипатын айқындай түсетіндей.

Партия тарихшылары бүгінге дейін партия деректерінің күмәнсіз шынайылығы мен тазалығын дәлелдеп келді. Шынымен де, кез-келген партия шешімін алсақ одан күмән тудыратын ештеңе таппауымыз мүмкін. Бірақ маңыздысы партия директиваларының шынайы өмір талабынан емес, қиялдағы ойдан шығарылған құрылымға сай туындағандығы да шындық. Өмірдің барлық саласында басым болған тотальды идеология жекелеген деректермен қоса, деректер комплексінің де бұрмалануына алып келгені анық.

Дегенмен, бұл айтқандарымыз құжаттардың тарихи зерттеудегі деректік ролін кемітпейді. Сол себепті де кез-келген дерек түрі секілді, партия құжаттарын да біржақты талдауға болмайды. Үлкен деректанулық талдау, салыстыру әдістерін пайдалана отырып қана, шынайылыққа қол жеткізуге болады.

Қорыта айтар болсақ, құжаттардың мұрағат қойнауында сақталу әртүрлі дәрежеде екендігін көреміз. Құжаттық мәліметтердің дұрыс сақталмай жойылып кетуі, өз кезегінде тарих беттерінің шынайы зерттелмей бұрмалануына жол беру мүмкін. Осыған орай, мұрағат құжаттарының сақталу мерзімін ұзарту және оның сапалы сақталуын жетілдіруді жолға қоюдың маңызы өте зор.

Субъективтілік мәселесіне келер болсақ, құжаттар, субъективті сипатқа ие болғанмен де, жазба деректердің басқа түрлерімен салыстырғанда тарихи деректер кешенінің ішінде объективтілік деңгейі басым түрінің бірі екендігі туралы батыл тұжырым жасауға боларын анық.

2 ОБЛЫСТЫҚ ПАРТИЯ КОМИТЕТІ ҚҰЖАТТАРЫН СЫНЫПТАУ ЖӘНЕ ОЛАРДЫҢ ДЕРЕКТІК МАҢЫЗЫ

2.1 Құжаттарды сыныптаудың басты принциптері

Құжаттардағы мәліметтерді жүйелі түрде талдау мүмкіндігі сыныптаудан шығады. Деректану ғылымында сыныптық талдау кестесі деректердің типтері мен түрлерін, олардың тарихи шындықты бейнелеу ерекшеліктерін зерттейтін маңызды таным міндетін атқарады. Сол себептен жазба деректердің кешенді тобын құрайтын Қыробком құжаттарын ХХ ғасырдың алғашқы ширегіндегі Қазақстан тарихы мәселелерін зерттеу мақсатында дерек ретінде пайдаланудың тиімді әрі күрделі тәсілінің бірі де – құжаттарды сыныптау болып табылады. Сыныптау көптеген объектілерді айқын логикалық топтарға бөлу [159], ғылым үшін зерттеу объекті – деректі белгілі тәртіпке келтіру, олардың өзіндік белгілері мен қасиеттерін, ерекшеліктерін айқындау және сол ерекшелік белгілеріне қарай топтастыру.

Бүгінгі таңда деректану ғылымында сыныптау мәселесі бірқатар ғылыми еңбектерде арнайы қарастырылған [68, 3, 49, 77]. Құжаттарды сыныптау мәселесіне ауқымды тоқталған авторлар ішінен Н.Н. Маслов пен В.В. Степанов [160] есімдерін атауға болады. Деректерді түрлерге, типтерге бөлу, олармен жұмыс істеу сатылары, В.П. Данилов [161], В.В. Фарсобин [162], В.И. Буганов [163], Л.Н. Пушкарев [164] сияқты авторлардың еңбектерінде де біршама ашылған. Мысалы, В.В. Фарсобин өз еңбегінде сыныптау мәселесін «тарихи дерек» түсінігімен бірлікте қараған. Деректерді сыныптау мәселесін зерттеуден Рсей ғалымдарынан Қазақстандық тарих ғылымы да шет қалмаған. Атап өтер болсақ, Қ.М. Атабаевтың деректерді сыныптау (классификациялау-авт.), оған деректанулық талдау жасаудың әдіс-тәсілдері туралы зерттеулері Қыробком құжаттарын деректанулық тұрғыдан талдауда негіз бола алады [26].

Дегенмен де, деректерді түрге, топқа бөліп жіктеген сыныптаудың біржақты қабылданған нақты жүйесі жасалынбаған. Сондықтан да сыныптауды қалыптасқан жағдайда, біріншіден, алдыға қойған мақсат-міндеттен, екіншіден, қолдағы бар деректер кешенінің көлемі мен түрлерінен және тағы басқа ерекшеліктерінен шыға отырып жасау қажет.

Зерттеу барысында, сыныптаудың ғылымда кең таралған және дерекке тән объективті белгілері қатаң ескерілген бірнеше түрін пайдалануға болады. Оларға: деректерді тарихи дәстүлер мен тарихи қалдықтарға бөлу, мазмұнына, нормативтік пен атқарушылық сипатына және түрлік ерекшеліктеріне қарай сыныптаулар жатады. Аталған сыныптау түрлерінің өзіндік артықшылықтарымен қатар, кемшіліктері де бар. Оған әрқайсысын жеке-жеке талдау барысында көз жеткізуге болады.

Ең алдымен, Қыробком құжаттарын дерек ретінде қарастыруда деректерді тарихи дәстүлер мен тарихи қалдықтарға бөлуге келсек, ХІХ ғасыр соңы мен ХХ ғасыр басында өмір сүрген неміс тарихшысы Э.Бернгейм деректерді сыныптау шартын «фактіге жақындық дәрежесіне қарай» қарастырып, осы өлшемге сай деректерді – тарихи дәстүлер мен тарихи қалдықтарға бөлсе, [159,

85 б.] КОКП деректануы мәселесімен айналысушы ғалым М.А.Варшавчикте сыныптаудың басқа да түрлерін талдай келе деректі оқиғаға қатыстылығына сәйкес екіге: тарихи дәстүлер мен тарихи қалдықтарға бөліп қарастыруды ұсынады [3, 69 б.]. Бұл дәстүр, неміс әдіскері және тарихшысы И.Г. Дройзен еңбегінде де орын алған. Автор, дерек пен факт сәйкестілігі принципін сыныптаудың негізі етіп алған. Жоғарыда аты аталған В.В. Фарсобин М.Н. Тихомиров пайымдауларын пайдалана отырып, деректердің бұрыннан қалыптасқан, бірі – тарихи қалдық, екіншісі – тарихи дәстүр секілді екі түрі бар екендігіне тоқталады [162, 204 б.]. Автор, тарихи дәстүр деп қандайда болмасын бір фактінің деректе көрініс табуын, яғни тарихи дәстүр сол фактінің куәгерге немесе басқаға әсер ету нәтижесін алса, ал, тарихи қалдық деп, адамдар қызметінің қалдығын, тарихи фактілердің тікелей куәгерлерін атайды.

Э. Бернгеймнің пайымдауы бойынша «қалдықтар» оқиғаның бір бөлігі ретінде шын мәніндегі тікелей нәтиже мен оқиға турасынан субъективті әсер ету нәтижесінде бұрмаланбаған мәлімет береді [159, 86-87 б.]. Сонымен қатар, автор, қалдықтардың түрлері көптігіне тоқталып: «...соның бірі – құжаттар. Құжаттар көп нәрсені өзгеріссіз береді» [159, 87б.] – дейді. Қалдық өзінің тармағынасында субъекттің кейінгі ұрпаққа әдейі мұра етіп қалдыруды ойламаған іс-әрекетінің іздері болуы мүмкін, яғни күнделікті тіршілікте қолданыс тапқан жәдігерлер.

Ал, деректанушы ғалым М.А. Варшавчик: «тарихи қалдық» - деп, бейнелеп отырған оқиғаның даму барысында қалыптасқан жәдігерді айтамыз [3, 69 б.] - дейді. Жазба деректерде қалдық түсінігі–құжат түсінігімен сәйкес. Атап өтсек, нұсқаулар, қаулы-қарарлар, жиналыстар мен отырыстардың хаттамалары, стенограммалары немесе оқиғаға қатысты ғана емес, сол оқиға барысын бейнелейтін, бағалауға мүмкіндік беретін басқа да құжаттар түрлері немесе жәдігерлер. Тарихи дәстүрге оқиғадан алған әсері негізінде субъекттің ақыл-ой жемісі нәтижесінде қалыптасқан құжаттар жатады. Олар: естеліктер, күнделіктер және тағы басқалар. Әрине мұндай жәдігерлердің пайда болуына қоғам лебі әсер еткенмен ол арнайы қажеттіліктен туындамайды. Зерттеуші үшін деректерді қалдықтар мен дәстүрлерге бөлудің маңызы мынада: қалдықта (біздің пайдалануымызша құжаттар - авт.) әдеттегіден субъективизм мөлшері аз болады, мұнда жеке адамның көзқарасы, оның сезімдері назардан тыс қалады. Сондықтан, тарихи дәстүрлермен салыстырғанда қалдықтардың, яғни құжаттардың маңызы артығырақ. Дегенмен, құжаттардың адамдардың іс-әрекеті нәтижесінде қалыптасатындығын, сондықтан да құжат мазмұнына адамның-субъекттің жеке ойы, пікірі әсер етпей қоймайтындығын ескермеуге тағы болмайды. Ондай құжаттар: баяндамалар, отырыстардың стенограмма болып дайындалғанға дейінгі хаттамалық жазбалары және тағы сол сияқты. Мұнда пікірталас, өзара келіспеушіліктер орын алуы мүмкін. Сондықтан да құжаттарды да дерек ретінде пайдалануда шынайылық дәрежесін айқындау мәселесіне көңіл бөлу қажеттігін тағы да баса көрсетеміз.

Сонымен қатар, бір дерек қалдық та, дәстүр де болуы мүмкін. Мысалы, кейбір құжаттар белгілі бір оқиғаны сипаттағанымен, оқиға барысынан мәлімет бере алмауы мүмкін. Мысалы, партия ұйымдарының есептік баяндамаларын

алайық, олар конференция не жиналыс барысын қарастыруда тарихи қалдық қызметін атқарса, есеп беріп отырған оқиғаға қатысты баяндаушы ғана бола алады, яғни тарихи дәстүр. Нақтырақ түсіндірсек, отырыста есептің қарастырылғандығы факт (хаттамаланса-авт.), ал есептің өзі атқарылған істі баяндаушы ғана - дәстүр. Сонымен бірге, бір деректің дәстүр де, қалдық та бола алуы әсіресе баспасөз материалдарын қарастыруда айқын көрінеді. Партиялық немесе кеңестік мерзімді басылым-өткенді тіркеуші ғана емес, партия қолында қоғамдық ықпал етудің бірден-бір құралы болды. Қоғамда болып жатқан әр алуан оқиғалар туралы оқырмандарына жедел мәлімет жеткізу міндетін атқарған мерзімді басылым, уақыт өте келе құнды деректердің біріне айналды [165, 166]. Болған оқиғаны бейнелеуде өзіндік ерекшелігімен оқшауланатын дерек көзі-мерзімді басылым тарихи дәстүр, яғни болған оқиғаны баяндаушы қызметін атқарса, фактімен оның салдары арасын байланыстырушы ретінде тарихи қалдық бола алады. Бұл тұрғыдан алғанда Э. Бернгейм «дәстүрді де қалдық деп қарастыруымыз, бағалауымыз мүмкін, егер оларға уақыт лебінің, тынысының жемісі, көрінісі деп қарасақ» [159, 876.] – деген. Қорыта айтқанда бұдан көретініміз, деректерді қалдық пен дәстүрге бөлу шартты болғандығымен, құжаттарды сыныптауда пайдаланудың тиімді әдісі екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Кез-келген тарихи зерттеу үшін деректің ішкі мазмұнының алатын орны ерекше. Сондықтан да деректерді мазмұнына қарай топтастыру да ойға қонымды шарт. Дегенмен, деректерді мазмұнына қарай сыныптауда да бірқатар қиындықтар туындайды. Мысалы, Қыробком құжаттарына қатысты алсақ, біріншіден, Қыробком құжаттары өз қызметі барысында мазмұны, мақсаты, сипаты жағынан әртүрлі мәселелерді бірден қарастырады. Осыған сай отырыс, съезд, конференция барысында дүниеге келген құжат та бойына сол ұйым, біздің жағдайда Қыробком қызметін жан - жақты суреттейтін материалдарды жинақтайды, яғни қаншалықты көп мәселе қаралса, дерек те бойына соншалықты жан - жақты мәлімет сіңіреді.

Саяси өмір, идеологиялық жұмыс, халық шаруашылығы, мәдениет, ішкі не, сыртқы саясат, партиялық, кеңестік құрылыс мәселелері - бір ғана құжат мазмұнында орын алуы немесе керісінше бір отырыс барысында жарық көрген бірнеше құжатта жариялануы мүмкін. Сондықтан, мазмұнына қарай топтастырғанда бойына әртүрлі бағыттағы бірнеше мәлімет жинақтаған бір дерек әр мәселеге сай қайталанып отыруы мүмкін. Сонымен қатар, мазмұны жағынан бір-біріне жақын деректер зерттеудің әртүрлі әдіс-тәсілдерін талап етуі мүмкін. Бұл да өз кезегінде деректанулық талдауды күрделендіреді. Сондықтан да мазмұнына қарай топтастыру маңызды шарттардың бірі бола тұра, деректі ғылыми пайдалануда қиындық тудыратындықтан сыныптаудың негізгі түрі бола алмайды.

Келесі «нормативтік» және «атқарушылық» деп сыныптауға келсек, нормативті дерекке қалыптасу барысында нормативті қоғамдық қызмет атқарған, яғни өздерінің негізгі мазмұны мен бағыты жағынан өткенге емес керісінше болашаққа бағытталған, атқарылған іс-әрекеттен гөрі атқарылуға тиіс іс - әрекет туралы мәлімет жеткізіп отырған құжаттар жатады [167]. Нормативті

деректер пайда болуы, түрі, мазмұны, формасы және маңызы жағынан әртүрлі. Нормативті құжат өздері пайда болған уақытқа дейінгі қалыптасып қойған қатынастарды зерттеуге мүмкіндік беретіндігімен де маңызды. Олардың қатарына «жоғарыдан төменге бағытталған» партия бағдарламалары мен жарғылары, партия міндеті мен саясаты айқындалатын партия конференциялары мен съездерінің шешімдері, ОК-тің қаулы-қарарлары, жергілікті партия ұйымдарының директивті құжаттары, билеуші партия тарапынан түсірілетін үкімдер және тағы басқа құжаттар жатады. Ал, атқарушы құжаттар өзінің қызметі жағынан партия мен Кеңес мемлекеті саясатының жүзеге асуының барысы мен қорытындысын бейнелейді. Нормативті құжаттарға ғана негізделген тарихи зерттеудің түбірлі кемшілігі – олардың коммунистік партияның күнделікті ұйымдастырушылық қызметін, кеңестік құрылыстың шаруашылық, саяси – «тәрбиелілік» мәнін аша алмауы. Жоспарланған жұмыс пен саяси директивалардың қаншалықты жүзеге асқандығы көрсетілмегендіктен, тіпті кейде директивті құжаттардың соңында атқарылған істердің нәтижесінің, қорытындысының берілуі де бұл олқылықтың орнын толтыра алмайды. Ол тек істелінетін іске нұсқау ғана. Сонымен бірге, қабылданып, таратылған қаулы - қарарлардың санына қарап, партия ұйымдарының қызметіне баға беруге тағы болмайды. Себебі, қаулылардың бірнеше рет қайталана жарық көруі олардың уақытында орындалмағандығының дәлелі.

Атқарушылық сипаттағы құжаттардың партияның саяси, ұйымдастырушылық, шаруашылық, кеңестік құрылыс жұмысының барысын, жоғарыдан түскен нұсқаулардың жүзеге асқандығын не аспағандығын айқын көрсете алатындықтары олардың деректік маңызын арттыра түседі. Атқарушылық деректердің саны мен түрі өте көп. Оған: басқарушылық - ұйымдастырушылық, шолулық, есептік сипаттағы құжаттар, қорытынды құжаттар және де жергілікті ұйымдардың осы сипаттағы құжаттары «төменнен жоғарыға» түсетін мәліметтік материалдар, өзара хаталмасулар, әртүрлі дайындық материалдары жатады. Жалпы алғанда, атқарушы құжаттар арасынан жедел және қорытынды құжаттарды бөліп алуға болады. Тарихи зерттеуде нормативті мен атқарушылық құжаттар арасындағы байланысты ескере отырып екеуін бірдей пайдаланған дұрыс. Бұл байланыс объективті сипатта, яғни саяси және ұйымдастырушылық қызметтің бірлігін бейнелейді.

Қорыта келгенде, нормативті құжаттарға негізделген зерттеу жұмысының басты кемшілігі - партияның күнделікті өмірдегі ұйымдастырушылық, идеялық-саяси қызметін бақылау мүмкіндігінің жоқтығы. Соған қарамастан, тарихи зерттеуде нормативті және атқарушы деректерді пайдаланудың маңызы-олардың өзара байланыстылығымен айқындалады. Екеуі бірін-бірі толықтырған жағдайда тарихи оқиға барысын жан-жақты ашуға мүмкіндік береді. Салыстырмалы деңгейде, «нормативті» және «атқарушылық» шартқа сай топтастырудың тарихи зерттеуде маңызы өте зор екендігіне көз жеткіземіз.

Сыныптаудың келесі қарапайым түрі – түрлік сыныптау, яғни деректерді түріне, сыртқы формасына қарай топтастыру. Мысалы, естеліктер, газеттер, актілік, статистикалық материалдар, мақалалар және т. б.. «Деректің түрі»

деген түсінікті қалыптастыру қажеттігіне Л.Н.Пушкарев [168], М.К.Макаров [169] секілді бірқатар ғалымдар назар аударған. М.Медушевская: «түр- деп- қоғам өмірінде пайда болып, нақты қызмет атқаратын тұрақты ұқсас белгілері бар ескерткіштер тобын» [69] – қарастырады. Бұл түрдің ерекшелігі емес, тек қана деректік түрдің пайда болу шарты ғана. Одан ары, «Деректің мазмұны түрлік қасиеті аясында шектелуі мүмкін емес» екеніне тоқталған автор, барлық көріністердің форма (үлгі – У.А.) мен мазмұн байланысынан шығатындығын алға тартады [69]. В.О.Ключевский [170]. бір түрге жататын шығармалардың үлкен тобына кешенді талдау жасау секілді деректанулық зерттеудің ерекше бағытын қалыптастырғандардың бірі. Автор пікірінше, түрлік тұрғыдан келу деректердегі әлеуметтік мәліметтердің ерекшелігін, шынайылығын анықтауға көмектеседі.

Құжаттарды түр тұрғысынан топтастырғанда ескеретін нәрсе - деректің бір түрі өз ішінде бірнеше сыныпқа бөлінуі мүмкін. Түрі жағынан әртүрлі деректер, мазмұны жағынан ұқсас болуы мүмкіндігін (жиналыс хаттамалары, естеліктер, статистикалық кестелер және т.б.) де жоққа шығаруға болмайды.

Түйіндер болсақ, деректің түрін мазмұны сипаттамайтындығы түрге бөлуде ескерілуі қажет екендігіне және дерек мазмұнын ашуда да түріне сай бөлу басты шарт бола алмайтындығына көз жеткіземіз. Себебі, дерек түрі өте көп және олардың мазмұны да әртүрлі. Дегенмен, деректерді түріне қарай сыныптаған Л.Н. Пушкарев, ең алдымен деректердің негізгі және басты типтерін -құжаттық және баяндаушы (повествовательный) деп екіге бөле отырып, жазба деректерді сыныптаудың кескіндік циклдық және сызықтық жүйелерін жасап шығарған [168, 264-268 б.]. Соған қарамастан, автордың құжаттық және баяндаушы деректер арасындағы айырмашылықты: «егер дерек өзі пайда болғанға дейінгі өткенді көбірек баяндаса, ол – баяндаушы дерек, ал егер деректе өткен оқиға тек қана тіркеліп, ол туралы ашық баяндалмаса, ол- құжаттық дерек» [168, 212 б.] -деп көрсетуімен келіспеуге болады.

Тарихшы Т. Омарбеков сыныптау мәселесінде Р.Б. Казаковтың: «Тарихымыздың кеңестік кезеңінің барлық құжаттары үш топқа бөлініп жіктеледі: жеке адамдардан шыққан құжаттар; саяси партиялар мен қоғамдық ұйымдар құжаттары; мемлекеттік мекемелер мен кәсіпорындар құжаттары»- деген пікірін негізге алады және оның артықшылығын: «ең бастысы деректерді жіктеуде иерархиялық сатыдан бас тартып, олардың кейбіреулерін (мысалы, марксизм-ленинизм классиктерінің шығармаларын, КОКП партиялық органдарының құжаттарын және т.с.с.) тарихи деректердің ішінен ерекше дәріптеуден қол үзу дер едік» [18, 20 б.] – деп пайымдайды. Әрине, бұл сыртқы белгілері ортақ, формалары тұрақты жалпы кеңестік кезең құжаттарын тұтас қамтып отырғандықтан, арнайы партия құжаттарына сыныптау жасалмаған. Дегенмен, Қыробком құжаттарын сыныптауда аталмыш принципті де назардан тыс қалдыруға болмайды. Сонымен қатар, «мұндағы тағы бір ескерер нәрсе: бұрын коммунистік идеологияның дара үстемдігі жағдайында, Кеңес кезеңінің деректері өздерінің пайда болу принциптері жағынан мүлде басқаша үш топқа жіктеліп келгендігіне» -тоқталған тарихшы-ғалым Т. Омарбеков, «құжаттардың әлеуметтік-экономикалық қарым-қатынастар аясында пайда болған деректер,

әлеуметтік- саяси күрестер, қоғамның ақыл-ой және мәдениет аясында пайда болған деректер және жеке жанұялық негізде пайда болған деректер» [18, 21 б.] - деп топтастырылғандығын көрсетеді. Әрине, құжаттарды бұлайша топтастырудың да кемшілігі бар. Олай дейтініміз, көптеген құжаттардың жасалуы жағынан бір мезгілде барлық үш топқа да қатысты болуы мүмкін. Ал, ол өзіндік ерекшеліктері бар әртүрлі деректерді талдау мүмкіндігін қиындатады.

Сонымен бірге, кейбір деректанулық еңбектерде, құжаттарды ісқағаздарға жатқызып, оларды шамамен сегіз түрге бөліп қарастырады. Біріншісіне - ұйымдастырушылық бағыттағы құжаттар жатқызылған. Олардың бастылары – ережелер, жарғылар, келісімдер. Ұйымдастырушылық құжаттар қандайда болмасын бір істің атқарылу ретін, құрылымын, артықшылығын, түрлері мен жүзеге асыру ретін анықтауға көмектеседі. Нұсқаулық құжатнама деп аталған екінші топқа шешімдер, үкімдер, циркулярлар сияқты құжат түрлері жатқызылған. Бұл бағыттағы құжаттар, ұйымдастырушылық құжаттардың жалғасы ретінде басқарушылық жұмыстардың жүзеге асуын көрсетеді. Ал, хаттамалар мен стенограммалар ұйымдастырушылық-нұсқаулық құжаттардың ерекше түрі ретінде үшінші топқа топтастырылған. Төртіншісі – мекемелердің ағымдағы хаталмасулары, яғни хаттар, жеделхаттар және тағы сол сияқтылар. Жоспарлық құжаттар – бесінші, тіркеулік сипаттағы құжаттар алтыншы, бақылау құжаттары – жетінші, есептер – сегізінші топтарға топтастырылған [68]. Құжаттарды былайша топтастырғанның орны бар. Әр құжат жеке –жеке талданады. Дегенмен, оларды созбай ортақ белгілеріне қарай тағы жинақтап топтастыруға болатынын ескерсек, сыныптаудың бұл түрін де басты шарт ретінде қабылдай алмаймыз.


Орталық мемлекеттік мұрағат пен Қазақстан Республикасы Президенті мұрағаты құжаттарын жершілдендіру саясатының дерегі ретінде қарастырған А.А. Құлшанова құжаттар кешенін: «нормативті, ұйымдастырушылық-нұсқаулық, есептік- мәліметтік және жеке сипаттағы құжаттар» – деп төрт топқа бөліп қарастырады [14, 43 б.]. Автор, нормативті құжаттарға декреттерді, қаулыларды, ережелер мен съездер материалдарын жатқызса, хаттамалар, үкімдер, циркулярлар, нұсқауларды нұсқаулық мәліметтерді қамтығандығынан шыға отырып, ұйымдастырушылық- нұсқаулық топ құжаттарына жатқызған. Ал, үшінші топқа есептік-мәліметтік деп өз аты айтып тұрғандай, есептер, баяндамалар, шолулар, құжаттарға негіз болған материалдар, анықтамалар, түсініктеме хаттар, өзара хаталмасулар сияқты есептік сипаттағы құжаттарды жатқызған. Олар, белгілі бір уақыт аралығына қатысты қорытынды материалдарды қамтиды. Жеке сипаттағы құжаттарға хаттарды, басшы ұйымдарға жазылған өтініштерді жатқыза отырып, «жеке сипаттағы құжаттар, арнайы құжаттарда тіркелмеген көптеген тың мәліметтер береді. Оларда автордың жеке қасиеттері, оның азаматтық ұстанымы, саяси көзқарасы бейнеленеді» –деген қорытындыға келген.

Ғылыми негізге құрылған аталмыш сыныптаулардың барлығы Қыробком құжаттарымен жұмыс істеуде үлкен маңызға ие. Олардың ешқайсысын назардан тыс қалдыруға да және олармен шектелуге де болмайды. Сонымен,

ғылымда деректерді, соның ішінде құжаттарды сыныптаудың айнымас кестесі жоқ екендігін көреміз.

Соған қарамастан, жоғарыда аталған шарттарды, принциптерді негізге ала отырып, Қыробком құжаттарын шартты түрде төмендегідей топтастыруға болады: партия мекемелері мен ұйымдарының құжаттары және партия қызметкерлері шығармалары. Жалпы, партия ұйымдары мен мекемелерінің құжаттары, біріншіден, партия тарихындағы көлемі жағынан ең көбі, осыдан шыға отырып, бұл құжаттардың материалдары Қазақстан тарихының барлық қырын толық және кең ашуға мүмкіндік беретін мәліметтерге толы. Идеологиялық, саяси, ұйымдастырушылық және тағы басқа жұмыстарды басқарып, қадағалап, жүзеге асырып отырған партия қызметі дәл осы құжаттар тобында айқын көрініс тапқан. Себебі, аталмыш топ құжаттарында – Қыробкомның конференцияларынан бастап, бастауыш партия ұйымдары қызметі барысында қалыптасқан құжаттарға дейін қамтылады.

Бұл құжаттарды ғылыми зерттеуде тиімді пайдалану және ішкі мазмұнын мәселеге байланысты талдауды жеңілдету мақсатында өз ішінде төмендегі диаграммада көрсетілгендей топтастырып қарастыруға болады:



Диаграммдан, көріп отырғанымыздай, партия құжаттары нормативті және атқарушылық болып бөліне отырып өз ішінде:

–партия конференциялары материалдары;

–партияның басқарушы ұйымдарының құжаттары;

–жергілікті партия мекемелері мен бастауыш партия ұйымдарының құжаттары;

–партия қызметкерлерінің шығармалары мен естеліктері секілді үлкен төрт топқа бөлініп қарастырылды. Әр топ құжаттары өз ішінде тағы да түрлерге бөлініп топтастырылды. Бұл әрине, 1920-1925 жылдар аралығында Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы мен орнауы тарихын құжаттық деректер арқылы зерттеуді біршама жеңілдері анық. Ендігі кезекте, әр топ құжаттарына қысқаша аннотация беріп өтейік.

Партия бағдарламалары мен жарғылары, баяндамалар мәтіндері мен соның негізінде қабылданған қарарлар мен қаулылар, өкілдер сөздері секілді құжат түрлерінен тұратын партия конференциялары материалдарын жеке топ ретінде алып шығуымыздың себебі, конференциялардың басшы ұйым ретіндегі кеңестік қоғамдағы орнымен байланысты. Олар өзінің сипаты жағынан нормативті құжаттарға жатады. Қарастырып отырған хронологиялық шеңбер ауқымында төрт бүкілқазақтық облыстық конференция шақырылған. Конференциялар құжаттары стенограмма және хаттама ретінде толығымен жарияланған. Бұл, әрине өз кезегінде аталмыш құжаттар түрімен жұмыс істеуді біраз жеңілдетеді. Дегенмен, конференциялардың толыққанды материалдары Қазақстан Республикасы Президенті Мұрағатының 139,140 –ншы қорларында сақталған. Конференция материалдары құжаттарын, соның ішінде, конференция барысында жасалған баяндамалардан, солардың негізінде қабылданған қаулы-қарарларды дерек ретінде талдай отырып, әміршіл-әкімшіл жүйе билігінің қалыптасып орнау процесін қадағалауға болады. Мысалы,

Партияның басқарушы ұйымдарының құжаттарына ұйымдастырушылық-нұсқаулық сипаттағы құжаттарды топтастыруды жөн көрдік. Себебі, әміршіл-әкімшіл деп аты айтып тұрғандай коммунистік партия үстемдігінің қалыптасып, орнауына партияның жоғарғы, басшы ұйымдары тарапынан жергілікті мекемелерге түсіп тұрған нұсқаулық, өкімдік сипаттағы құжаттарының маңызы зор болды. Басшы ұйымдар құжаттары өз ішінде бақылау ұйымдары мен хатшылық құжаттары, нұсқаулар мен циркулярлар, бұйрықтар және жергілікті ұйымдармен арадағы хаталмасулар секілді құжат түрлеріне жіктелді. Бұл құжаттар да нұсқаулық сипатта болғандықтан нормативті құжаттар қатарын толықтырады. Оларды дерек ретінде пайдаланудың тиімділігі, тоталитаризмнің жоғарыдан төменгі партия инстанцияларына әміршіл-әкімшіл жолмен өз шешімдерін орындата отырып орнағандығын талдауға мүмкіндік тудыруында.

Жергілікті партия мекемелері мен бастауыш партия ұйымдарының құжаттары тобын есептік-мәлімдемелік сипаттағы құжаттар құрайды. Олардың қатарына есептер, жабық хаттар, хаталмасулар сияқты материалдар жатады. Аталмыш құжаттар түрлеріне деректанулық талдау жасау арқылы тотальды биліктің орнауының барысын қадағалауға мүмкіндік аламыз. Төменгі,

жергілікті партия ұйымдары тарапынан жоғарыдағы басшы ұйымдарға жіберілген құжаттар мазмұны өте қызықты да құнды мәліметтерге толы. Деректанулық талдау барысында аталмыш топ құжаттарының ерекшеліктерін ескере отырып, өзіндік әдіс-тәсілдер қолдана отыра зерттеген абзал. Себебі, есептік материалдар мазмұны, өзінің бағыт-бағдарына, мақсатына қарай өзгеріп, шынайылық дәрежесін иөмендетуі мүмкін.

Кез-келген тарихи оқығаны тұлғаларсыз зерттеу мүмкін емес. Сондықтан да, әміршіл-әкімшіл жүйенің, коммунистік идеологияның қалыптасып орнығуында саяси партия қызметкерлерінің алатын орнынан, олардың ұстанған шыға отырып, партия қызметкерлерінің шығармалары мен естеліктерін деректің жеке түрі ретінде талдауды жөн көрдік.

Қорыта айтар болсақ, деректердің басқа түрлері секілді құжаттарда да түрлік, мазмұндық, сипаттық ерекшеліктеріне қарай сыныптауды қажет ететіндігіне көз жеткізілді. Бұл өз кезегінде, құжаттардың ерекшелігін анықтауға мүмкіндік береді. Сыныптау зерттеушіге, біріншіден дерек көзі ретінде құжаттардың түрлерімен жұмыс істеуге көмектесе, екіншіден, соған сай арнайы әдіс-тәсілдерін пайдалануға мүмкіндік тудырады. Осы мақсатта 1920-1925 жылдар аралығында Қазақстанда тоталитаризмнің қалыптасуы тарихына қатысты партия құжаттары: партия конференциялары материалдары; партияның басқарушы ұйымдарының құжаттары; жергілікті партия мекемелері мен бастауыш партия ұйымдарының құжаттары; партия қызметкерлерінің шығармалары мен естеліктері секілді ірі топтарға, бұл топтар өз ішінде тағы да түрлерге бөлініп қарастырылды. Мәселенің деректік негізін құрайтын құжаттар кешенін осылайша сыныптау құжаттарды ғылыми айналымға енгізуде жеңілдік тудырады да хақ.

2. 2 Облыстық партия конференциялары материалдарының деректік сипаты

Партия құжаттары ішінде, жетекші орынды партия конференциялары материалдары алады. Партия конференциялары материалдарының деректік маңызын айқындайтын негізгі басты көрсеткіш-партия қызметі барысындағы съездер мен конференциялардың орны мен рөлі. Қарастырылып отырған мерзім аралығында өлкеде төрт облыстық партия конференциясы болып өткен. Алғаш рет Қазақстан территориясында «Қырпартбюроның жаңа құрамын сайлау және облыстық конференция шақыру туралы» мәселе ОК –те 1921 жылдың 21 наурызында қаралды. Оның барысында: «РК(б)П Қыроблбюро құрамы жаңартылып, облыстық ұйымның территориялық ауқымы анықталып, облыстық партия конференциясын шақыру қажет» –деп табылады [171]. ҚазССР-ндағы РК(б)П-ның ұйымдастырушылық жобасында көрсетілгендей «Бүкілқырғыздық (қазақтық-авт.) облыстық конференция ҚазССР территориясындағы бірден-бір ең жоғарғы басшы ұйым болып табылды» [172]. Конференцияның басшы ұйым ретіндегі маңызының қаншалықты зор екеніне осы құжат арқылы көз жеткізе отырып, оның материалдарының деректік маңыздылығына да күмән келтіре алмаймыз.

1920-1925 жылдар аралығындағы партия конференциялары материалдары толығымен стенограммаларда сақталған. Стенограмма түріндегі материалдар зерттеушіге негізгі баяндамалармен қабылданған қараларды талдауға ғана емес, сонымен бірге мәселелердің қаралу және шешімдердің қабылдану барысын, сондай-ақ өкілдердің сөйлеген сөздерін және ондағы пікірталастарын да жан-жақты талдауға мүмкіндік береді. Конференция барысында қарастырылатын мәселелер, оның шақырылу мақсаты, міндеті, уақыты, алдын-ала шешіледі [90, 41 п.]. Белгіленген жобаға сай конференция жылына бір рет шақырылуға тиіс [173]. Сонымен қатар, конференция стенограммаларында күн тәртібінде қандай мәселе қарастырылғандығы, баяндамалардың толық мәтіні, баяндамашылардың білдірген ой - пікірлері, талқылаулар, пікірталастар мен қорытындылар толық қамтылады [49, 174, 175]. Бекітілген ережеге сәйкес, партия конференциялары барысында:

–бағдарламалық сипаттағы мәселелер талқыланып, шешімін тауып, оның өлкеде жүзеге асуы қадағаланып отырған;

–өлкедегі партия жұмысының бағыт-бағдары, жұмыс істеу әдістері талқыланып, қарастырылған мәселеге сай қаулы-қарарлар қабылданған;

–облыстық комитет, ревизиялық ұйымдар және бақылау комиссиялары құрылып, мүшелері тағайындалған [176].

Партия конференцияларының материалдары өз ішінде партия бағдарламалары мен жарғылары; баяндамалар мәтіндері мен соның негізінде қабылданған қарарлар мен қаулылар; өкілдер сөздері; конференция барысында жұмыс істеген комиссиялардың хаттамалары мен есептері және мандаттық комиссия материалдары сияқты бірнеше түрге бөлінеді.

Дерек ретінде, партия бағдарламалары, жеткен жетістік пен дамудың ерекшеліктерін жан-жақты бейнелей келе партия қызметі мен қоғам дамуы барысындағы түбірлі сұрақтарға негізделген жауап берсе, жарғылар-партияның ұйымдастырушылық принципіннің дамуын, қалыптасқан жағдайға байланысты, алдына қойған мүддеге сай ұйымдастырушылық жұмыстың түрлері мен әдістерін бейнелеген. Сонымен қатар, жарғылар партия ұйымдарының ішкі өмірін реттеуші құжат болса, ал бағдарламалар партияның даму мақсаттарын, стратегиялық бағытын айқындаған. Жарғының өзінде көрсетілгендей: «партия уставының партия өміріндегі маңызы өте зор. Онда партияның ұйымдастырушылық құрылымы бейнеленген. Сондықтан да, партияның әрбір мүшесі жарғыны жатқа білуі тиіс» болған [177]. «...Партияның алғашқы жарғысы 1918 наурызда партияның VII съезінде қабылданған. Ендігі жерде партия уставы жаңа қоғам құрудағы партияның басшылық рөлінің артуын қамтамасыз етуі қажет болды» [178] - деп көрсетеді өз еңбегінде О.Г.Обичкин.

Партия бағдарламасының тарихына келер блсақ, алғашқы бағдарлама 1903 жылы II съезде қабылданса, екінші бағдарлама 1919 жылы партияның VIII съезінде қабылданған [179]. Партия қызметі барысында толықтырулар мен өзгертулер енгізіліп отырған.

Жалпы алғанда, бағдарламалар мен жарғылар – нормативті құжаттар, олар өз мазмұнымен партияның болашақтағы бағыты мен бағдарын айқындайды, яғни партияның жұмыс істеу жоспары мен ережесі десек қателеспейміз. Партия

бағдарламалары мен жарғылары, съезд барысында қабылданғандықтан партия съездерінің құрамдас бөлігі. Партия бағдарламалары мен жарғылары дерек ретінде партия қызметінің қызылтаяң кездегі ішкі және халықаралық өміріне қатысты түбегейлі сұрақтарына жауап табуға көмектеседі.

КП-ның бағдарламалық құжаттарын талдау нақты әлеуметтік – экономикалық және мәдени жағдайды, қоғамдық ұйымдардың қызметін, басқарудың мемлекеттік және шаруашылық аппаратын, партиялық немесе кеңестік басшылықтың жүзеге асырылуының жолдары мен әдістерін түсінуге мүмкіндік береді. «Қоғамның барлық мүшелерінің жан-жақты дамуына және әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін әлеуметтік төңкеріс қажет. Жұмысшы табының төңкерісі қоғамның таптар мен топтарға бөлінуін жоя отырып, жапа шеккен адамзатты азат етеді. Әлеуметтік төңкерістің алғышарты - пролетариат диктатурасы, яғни пролетариаттың қанаушыларға төтеп берерліктей күшті басып алуы. Осы жолда коммунистік партия оны барлық буржуазиялық партияларға қарсы тұра алатындай жеке саяси партияға біріктіреді» - дей отыра, «тек қана коммунистік төңкеріс қана адамзатты империализм мен империалистік соғыс әкеліп тыққан тығырықтан алып шыға алады» [180] - деп сенеді. Дегенмен КП теңдік ұранын алға тартқанмен, бір таптың (кедей жұмысшылардың-А.У.) үстемдігін арттыру арқылы екінші бір таптың (байлар мен ұлттық интеллигенция өкілдерінің-авт.) бәрібір қаналуына, жапа шегуіне алып келді.

Партия бағдарламалары партия қызметінің мақсаты мен міндеттерін, оларды шешу жолдарын айқындаумен қатар, партияның теориялық жұмысын да сипаттайды. Партия жарғылары партия қызметінің ұйымдастырушылық мақсаты мен сипатын, партиялық құрылыс принципін, партиялық басшылықтың түрлері мен міндеттерін ашуға мүмкіндік береді. Бағдарлама мен жарғыны дерек ретінде пайдаланудың зерттеуші үшін маңызы зор.

Конференция материалдарының ішінде орталық орынға ие құжаттардың бірі –конференция барысында жасалған баяндамалар мен солардың негізінде қабылданған қаулы-қарарлар. Конференция не съезд шақыру алдын –ала дайындықты, ұйымдастырушылықты талап еткен. Конференцияның күн тәртібі алдын-ала бірнеше рет талқыланып, бекітілген.

Күн тәртібінде бекітілген баяндамалар кейде тезис түрінде дайындалған. Тезистер - конференция барысында жасалатын баяндамалардың қысқаша желісі мен мазмұны болғандықтан, ондағы мәліметтерге деректанулық талдай жасай отыра, баяндама барысында қарастырылатын мәселенің өзектілігін ғана айқындап қоймай, партия саясатының бірқатар қырларын ашуға көмектеседі. Мысалы, сондай бір тезистің мазмұнында: «Қазақ арасындағы партиялық жұмыс - олардың экономикалық, тұрмыстық жағдайларын, кедейлер мен орташалардың, яғни көпшілік бұқараның мәдени дәрежесін ескеру қажет» - екендігін алға тартқанмен, сайып келгенде мұның бәрі сөзден асып кете алмады. Одан ары қазақ халқын: «қазақ халқы экономикалық, мәдени дамуы жағынан артта қалған шығыс халқына, соның ішінде дамудың рулық дәуірінен шықпаған халыққа жатады» [181] - деп бағалай келе жанашыр ретінде оларды осындай жағдайдан құтқарудың жолдарын, шешімдерін іздейді. Осы тезистің

10-шы пунктінде ол жолдың бірі былайша көрсетіледі: «Байлармен, ақсақалдармен күресу, сол арқылы олардың кедейлерге тәуелді екендігін дәлелдеу және қазақтарға ықпал етуде интеллигенциямен күресу қажет» [181, 13 п.]. Облбюроның пайымдауынша: «қазақ интеллигенциясы өн бойына буржуазиялық - ұлттық көзқарастарды сіңірген». Бұл кеңестер тарапынан жасалған тек қана біржақты тоқтам еді. Осылайша, Кеңес үкіметінің алғашқы күндерінен-ақ жергілікті халық саяси дискриминацияға ұшырады.

Конференция жұмысы барысында әдетте республикадағы партия құрылысының мәселелері маңызды орын алған. Конференция партия ұйымдарының өткен кезеңдегі қызметінің қорытындысын шығарып, қазақ халқы арасындағы партия жұмысының Кеңес өкіметінің алғашқы жылдарында жинақтаған тәжірбиесін қорытқан. Ол қорытындылары әрбір мәселе бойынша қабылданып бекітілген қаулы-қарарларда көрініс тапқан. Партияны тазалау, ұйымдастырушылық-партиялық және үгіт-насихат жұмысы туралы қарарларда РК(б)П X съезінің ішкі партиялық демократияны дамыту, партия қатарының тазалығын, идеологиялық ұстамдылығын сақтау, коммунистердің идеялық-саяси дәрежесін көтеру жөнінде белгіленген шараларына сүйене отырып, республиканың партия ұйымдары да ішкі партиялық жұмысты жандандыруға бағыт алғанын байқауға болады.

Күн тәртібіне қойылған мәселелер партия тарапынан жүргізіліп отырған саясат, яғни әкімшіл-әміршіл жүйе мүддесінен шыға отырып қарастырылған. Конференция сол сияқты ұлтшылдық ауытқудың барлық көріністеріне батыл тойтарыс беріп отыруға, еңбекшілерге интернационалдық тәрбие беру және оларды топтастыру бағытында жан-жақты жұмыс жүргізуге шақырған [182]. Сонымен бірге, елдің халықаралық және ішкі жағдайын, партияның идеялық және ұйымдастырушылық қызметін талдаған, яғни партия саясатының, жұмысының даму барысына талдау жасауға мүмкіндік беретін Орталық Комитет баяндамалары мен солардың негізінде қабылданған қарарлардың деректік орны ерекше болды. Себебі, жергілікті жерлерде партия саясатын жүргізудің бағыт-бағдары әкімшіл-әміршіл жолмен Орталық ұйым бекіткен іс-шараларға сәйкес жүзеге асты. Коммунистік партия аппараты мемлекеттік ұйымдармен бірігіп қана қоймай «пролетариат (бұдан былай жұмысшылар-А.У.) диктатурасын» пайдаланып көпшілік арасында зор сенімге ие болған. Елді басқару жоғарыда - РК(б)П саяси бюросынан ең төменгі жергілікті партия комитеттеріне түсетін иерархиялық баспалдақ түрінде қалыптасқандығы туралы жоғарыда да айтылған болатын. Мұндай бағыныштылық арнайы құжаттарда заңды түрде бекітілген. Мысалы, 1920 жылғы 15 қазанда өткен Қырпартбюро отырысының №35 хаттамасында ҚазССР Орталық мекемелерінің Орталық Кеңестік билік низамдарын орындау реті арнайы қарастырылып, онда: «Автономды ҚазССР бүкіл Кеңестік Федерацияның бір бөлігі» екендігі баса көрсетіліп, «сондықтан да, ондағы саяси және кеңестік іс-шаралар толығымен орталықпен байланысты болуы тиіс...» - екендігі және «Орталық билік низамдары мен Бүкілресейлік масштабтағы іс-шаралар міндетті түрде ҚазССР территориясында да орындалуы қажет»- [90, 69 п.] екендігі анық көрсетіліп, алтыншы пунктінде мынадай түсіндерме беріледі: «Мұндай шаралар орталық

мекемелердің үлкен өзіндік творчестволық жұмыстарын жандандырмаса құртпайды және барлығында бірдей декреттер мен қаулылардың дұрыс орындалуына жағдай жасайды» [90, 71 п.].

Сол сияқты, жалпы саяси баяндамалар мен шаруашылық, саяси-әлеуметтік мәселелерді қамтыған баяндамалар мәтінін талдау барысында партияның жаңа сатыдағы нақты мақсат–міндеттерінің мазмұнын айқын көруге болады. Осы қырынан алғанда конференция материалдарын да нормативті құжаттарға жатқызуға болады. Өкілдердің сөзін дерек ретінде пайдалану баяндамашының (автордың) жеке қасиетін оның партия жұмысындағы орнын талдауды талап етеді. Дегенмен, «КОКП басшыларының әдеби мұраларын баяндамалар, мақалалар, кітаптар құрайды. Егер 20-ншы жылдардың басында саяси қызметкерлер сөздері мен баяндамаларын өздері дайындаса, кейінгі жылдары оның барлығын партия аппараты дайындайтын болды. Сондықтан бұл ұжымдық жұмыс болып табылғандықтан, авторын анықтау мәселесі туралы сөз жоқ» [68, 545 б.] - деген пікірлерді де негізге алсақ, баяндамалар мәтінін пайдалануда да сыни көзқарасты негізге алып, салыстырмалы әдісті пайдалану қажет.

Қалыптасқан жағдайға сәйкес бірінші облыстық конференция да өлкенің партия ұйымдарын біріктіріп, ортақ партиялық басшы ұйым құру мақсаттарымен қатар, партия тарихында бетбұрысты болған оныншы съезд шешімдерін жүзеге асыруды негіз етті. Ал, съездің негізге аларлық маңызды шешімдері – жаңа экономикалық саясатты бекіту, ұлт мәселесіне байланысты кезекті міндеттерді айқындау, жұмысшылар арасындағы идеялық-тәрбиелік жұмыстарды жандандыру және қалыптасқан жағдайға сәйкес партия ұйымдарының қызметін қайта құру сияқты мәселелер еді [183]. Ол өз кезегінде тоталитаризмнің басты белгілерінің бірі - бүкіл қоғамдық өмірді саясаттандыру, жоспарлау арқылы барлық экономикалық-әлеуметтік процестерді жалғыз бір ілімге бағындыру принципіне келіп саяды.

Әрине, барлық уақытта да экономика мен саясат өзара байланыста, өзара әсер етуде болған. Ал, тоталитарлық мемлекеттерде экономика толығымен саясатқа бағынған. Оны Жаңа экономикалық саясаттың (бұдан былай ЖЭС-А.У.) жүзеге асуынан да көруге болады. ЖЭС –ты жүзеге асыру арқылы партия бүкіл ел өмірін басқаруға тырысты. Сөз жүзінде ЖЭС ендірілгенімен, Кеңес өкіметі іс жүзінде баяғы қарқынмен экономикаға өзінің бақылауын жүргізуді тоқтатпады [184]. Бірінші облыстық партия конференциясы: «барлық партия ұйымдары жаңа экономикалық саясатты терең оқып үйреніп, жергілікті жағдайды есепке ала отырып, дәйекті түрде жүзеге асыруға, ЖЭС негізінде халық шаруашылығын дамытуға және жұмысшылар мен ауыл еңбеккерлерінің одағын барынша нығайтуға күш салуға міндетті» - деп атап көрсеткен [182, 8 п.]. Мұны осы конференция барысындағы азық-түлік жөніндегі жаңа саясатқа байланысты экономикалық құрылыс туралы қарардан анық көруге болады. Онда: «жаңа экономикалық саясатты еліміздің экономикалық ресурстарын қалпына келтіруге түбегейлі көшу ретінде негізге ала отырып, РК(б)П Қазақ АССР бірінші конференциясы халықтардың, ұлттардың және еңбекшілердің өндірістік топтарының шын мәнінде еңбектегі ынтымақтастығы принципіне

негізделіп құрылған бұл саясатты ұзақ мерзімге белгіленген саясат деп таниды және оны баршадан сөзсіз мұқият әрі тыңғылықты жүзеге асыруды талап етеді» - дей келе, одан ары елдегі жағдайға: «мұның өзі Қазақ АССР-інде әсіресе қажет, өйткені мұнда халықтың әлі басым көпшілігі дамудың патриархаттық - рулық сатысында болып отыр, отырықшы шаруалардың саны аз» [185] - деп баға берумен шектеліп қоймай, қазақ өлкесі сияқты артта қалған елдің дамуына көмектеседі деп сендіргісі де келеді.

Бір сөзбен айтқанда, жаңа экономикалық саясат Коммунистік партияның елді әміршіл - әкімшіл жолмен отарлаудағы алғаш жүзеге асырған шешімдерінің бірі еді. Бұған дәлел болар мына тезистің маңызы зор. «ЖЭС әсерін есепке алу және ішкіпартиялық құрылыстың мақсаттары» деген тақырыптағы тезисте: ... 2) Мемлекетте өте қажет белгілі бір стратегиялық маневр ретінде коммунистік партия басшылығымен қабылданған шара - шаруашылықтың жеке меншіктік формасының басым сипатына ие ЖЭС, партия тарапынан пролетариаттың түпкі мақсатына жетуде капиталистік шаруашылыққа тән әдістер мен формаларды және тап күресін басты құрал ретінде пайдалануда орасан зор көңіл бөлумен қатар, пайдалана бідужі же талап етеді. 3) Сондықтан да, ЖЭС-тың жетістігін қамтамасыз ететін шарттардың бірі-жалпы партияның және оның жекелеген мүшелерінің таптық сана-сезімінің кіршіксіз тазалығы» [186] - делінген. Кейбір жетістіктерге қарамастан экономиканың саясатқа тәуелді болуы елді тығырыққа тіреді, ғылыми-техникалық даму жағынан дамыған елдердің қатарынан көш соңы артта қалдырды.

Көріп отырғанымыздай, конференциялар таптық идеологияны ту еткен Кеңес үкіметі мен оның басқарушы ұйымы - Коммунистік партия алдында тұрған кеңестік мемлекеттілік, «шынайы коммунистік ұйымдар» құру; ауқымды мәдени - ағартушылық жұмыс жүргізу; ұлттық кадр қалыптастыру; идеялық-саяси жұмысты ұйымдастыру сияқты міндеттерді талқылап, солардың жүзеге асуын қамтамасыз еткен, яғни әміршіл - әкімшіл жүйенің қалыптасып, нығаюы мақсатына жұмыс істеген.

Аталмыш мәселелерді шешуде әсіресе, үшінші облыстық партия конференциясы шешуші роль атқарған. Конференция барысында партияның көшпелі және жартылай көшпелі ауылдағы саяси және экономикалық жұмысын ұйымдастырудың, ауылдағы капитализмге дейінгі формаларды қайта құрудың, байдың ықпалын жеңудің ұтымды құралдарын табу мәселелері басты орын алған. III Бүкілқазақстандық партия конференциясы өз алдына ұйымды сауықтырып, нығайту жөнінде жүйелі, тыңғылықты әрі табанды науқан жүргізу туралы айбынды мәселе қойған [101, 153 п.]. «Қазақстандағы партия және кеңес жұмысына элеуметтік негіз құруды маңызды бастама» - деп санаған партия арнайы әдістерін қарай бастады. Оның біріншісі, партия мен жұмысшы бұқарасының партия және кеңес ұйымдарының бүкіл жұмысы мен шаруашылықтың барлық салаларындағы партия әкімшілігінің әрқайсысына қатысты қоғамдық пікірді жандандыруы, яғни жұмысшы бұқарасы мен оның ерік-тілегін орындаушылар арасындағы байланысқа бақылау жасаудың және оны тереңдетудің ең қуатты құралы болып табылады [101, 154 п.].

Кеңестік саяси билік халықтың әлсіз жағын, яғни кедейлігін тиімді пайдалану арқылы өз жақтарына тартып қана қоймай қалың бұқара арасына іріткі салды. «Кеңес өкіметі мен ерікті Федерация қазақ ұлтының біртіндеп, ерікті түрде коммунизмге қарай қадам жасауын қамтамасыз етуге тиіс. Коммунистік партия ұлттық езгінің қалдықтарына қарсы күресте және түркі халықтарының қанаушы үстем топтарына қарсы күресте тірек болуға тиіс» [183] - деп көрсеткеніндей халыққа тек жақсылық пен тыныштық алып келе алмағандығына уақыт өзі сарапшы болды.

«Біздің партияның Қазақстандағы негізгі, бірінші кезектегі міндеті патша өкіметі езіп келген еңбекші кедейлер мен қазақ бұқарасының толық сеніміне ие болу болып табылады»-деп өз саясатын сенімге кіру арқылы жүзеге асырған. Одан ары: «біз жалпы ұлттық езгі мен теңсіздіктің сарқыншақтарына батыл соққы беруге, орыстар мен қазақтарды экономикалық жағынан толық теңестіруге тиіспіз, осы арқылы партия өзіне қазақ бұқарасының ықыласын аударып алады» [49, 103 п.] -дей келе, партияның Қазақстандағы өзінің ең таяудағы міндетін: «Қазақ кедейлерінің қоныстануына барынша көмектесу. Халықтың жиналып, топтасқан белгілі бір мекені болған жерде ғана партиялық және мәдени-ағарту жұмыстарын жүргізуге мүмкіндік болады. Біздің міндетіміз - Қазақстанның еңбекші халқын орналастыру, мәдени-экономикалық жағынан мешеулігін жою»- деп көрсетіп қана қоймай, қазақ кедейлеріне жер бөліп беру шараларына кіріскен. Оған қоса: «егер хандардың азғана уақыт эззілдікпен басқарған кезеңін санамасақ, қазақ ұлтының белгілі бір формадағы мемлекеттік құрылысы болған жоқ» [49, 104 п.] - деп қазақтардың ғасырлар бойғы қалыптасқан дәстүрлі қоғамдық басқаруын, мемлекеттілігін жоққа шығарады.

Түптеп келгенде облыстық конференциялар жекелеген мәселелерді өздігінен шеше алмады десе де болады. Себебі, әрбір шақырылған съезд не конференцияға өзек болған мәселелер Орталықта болған съезд, конференция барысында талқыланып барып облыстық конференция құзырына берілген. Сондықтан да, жергілікті жерлерде шақырылған конференциялар барысындағы баяндамалар сипаты өкімдіктен гөрі, мәлімдемелік немесе есептік сипатта болған десек аса қателеспейміз.

Конференция материалдары ішінде келесі бір маңызды комплексті – делегаттар жөніндегі мәліметтер құрайды. Делегаттар жөніндегі мәліметті мандаттық комиссиялар мәліметтерінен ала аламыз. Бұл мәліметтер өз кезегінде делегаттардың сауалнама толтырғанда берген мәліметтерімен толықтырылады. Сауалнамада аты-жөні, жасы, партиялық стажы, білімі, мамандығы, қызметі деген қалыптасқан мәліметтермен қатар, делегаттардың жеке қасиеттерінен шыға отырып олардың толық портретін алуға болатын мәліметтер беріледі. Мысалы, сауалнамада аты-жөні, қай ұйымнан екендігі, жасы, қай жерде туылғандығы, негізгі мамандығы, қызметі, жанұялық жағдайы, басқа партияға қатыстылығы, РК(б)П-на қай кезден мүше екендігі, қуғын-сүргінге ұшыраған не ұшырамағандығы, білімі, қанша тіл білетіндігі сияқты мәселенің барлығы ескерілген [187].

Делегаттардың тізімін салыстырмалы түрде талдай отырып, партия кадрлары қатарындағы өзгерістерді көруге мүмкіндік аламыз. Конференция не

съезде қатысқан делегаттарды мандаттық комиссия жынысына, жасына партиялық стажына, ұлтына тіпті семья жағдайына қарай пайыздық көрсеткіштерін есептеп отырған. Мысалы, бірінші және екінші Бүкілқырғыздық партия конференциясына қатысушылар құрамын мандаттық комиссияның төмендегі көрсеткіштерінен салыстырып көруге болады. Бірінші конференцияға - 214 [182], ал екінші конференцияға барлығы – 118 делегат қатысқан [188]. Олар (Кесте 1).

Кесте 1 - Мандаттық комиссия мәліметтері

Бірінші Бүкілқырғыздық партия конференциясы	Адам саны	№	Екінші Бүкілқырғыздық партия конференциясы	Адам саны
Барлығы		124	Барлығы	118
Соның ішінде			Соның ішінде	
			Әлеуметтік жағдайына сәйкес	
-		1	жұмысшылар	45
-		2	шаруалар	41
-		3	зиялы қауымға жататындар	32
-			Партиялық стажына сәйкес	
-		1	1917 жылға дейін	9
-		2	1917 жылдың қазанына дейін	12
-		3	1918 -1919жж.	47
-		4	1920-1921жж.	36
Ұлты жағынан			Ұлты жағынан	
қырғыздар (казактар)	12	1	қырғыздар (казактар)	32
Кіші орыстар (малорусы)	33	2	орыстар	71
Ұлы орыстар (великорусы)	58	3	татарлар	3
татарлар	12	4	басқа ұлттар	12
басқа ұлттар	9			
Жынысына қарай			Жынысына қарай	
ерлер	120	1	ерлер	110
әйелдер	4	2	әйелдер	8
Жасына қарай			Жасына қарай	
19-23жас	18	1	17жастан 25 жасқа дейін	41
24-30	55	2	25 пен 35 жас аралығы	62
31 жас және одан жоғары	51	3	35 жас және одан жоғары	15
Саяси қызметі үшін қуғындалғандар			Саяси қызметі үшін қуғындалғандар	
қуғындалды	55	1	каторга	4
қуғындалмады	69	2	Түрме	7
-		3	айдауда болғандар	5
-		4	қатаң бақылауда болғандар	17
-		5	тазалар (айыпталмағандар)	85
Білімі			Тіл білу	
жоғары	15	1	орыс тілін	118
Студент	5	2	қырғыз (қазақ) тілін	32
орта	40	3	Татар	3
Төменгі	31	4	өзге тілдер	23
қалалық	12			
басқалары	21			

Кестеде көрсетілгендей, екі конференция жұмысы барысындағы мандаттық комиссия мәліметтерін өзара салыстырсақ, бірінші конференция барысында шешуші дауыс берушілердің стажы белгіленбеген. Ол туралы мандаттық комиссияның хаттамаларының бірінде «шешуші дауыс беруші конференция мүшелерінің стажы туралы» мәселе қаралып, «стажға байланысты бірінші конференция тарапынан ешқандай нұсқау болмағандықтан, мандаттық комиссия оған мән бермейді» [189] деген шешім бекітілген. Сонымен қатар, бірінші облыстық конференцияға қатысты әлеуметтік жағдайына байланысты мәліметтер де жоқ екендігін көреміз. Ал, үшінші облыстық партия конференция материалдары қатарынан мандаттық комиссия мәліметтері тіпті табылмады.

Сонымен қатар, мандаттық комиссия қай аймаққа қанша шешуші, қанша қосымша дауыс берілетіндігін айқындайды. Мысалы, бірінші конференцияға Ақмола губерниясы партия ұйымындағы партия мүшелерінің саны 3997 болған, олардың 27-сі шешуші дауысқа ие болса [189, 7 п.], екінші конференцияға Ақмола губерниясы партия ұйымының 5628 мүшесіне 30 шешуші дауыс бөлінген [188, 14 п.]. Бұл мәліметтерден партия қатарына өтушілер санының артқанын анық көруге болады. Осы іспеттес болжамдарды басқа губернияларға қатысты да ала отырып, тоталитаризмнің халық арасындағы идеологиялық саясатының жемісті жүргенін көреміз.

Съезд не конференцияға қатысушы әрбір мүше арнайы мандатпен келген. Онда негізінен оның қандай ұйым атынан, қандай мақсатпен, нендей қызмет үшін жіберілгендігі расталған. Мысалы, Тараненко Иван Михайловичке берілген мандатта оның Қостанай губкомы төралқасының мүшесіне берілгендігі және оның Орынбор қаласына Қостанай партиялық ұйымына қатысты мәселелерді шешуге бара жатқандығы көрсетілген [190]. Сонымен қатар, оған төмендегідей міндеттер жүктелген: а) ұйымның жағдайы мен ішкі партиялық жұмыс туралы нақты баяндама жасау; б) Обкоммен өзара қарым-қатынас мәселесін және олардың басшылығы туралы мәселені шешу; в) өздерінде қалптасқан жағдайға байланысты, туындаған қиындықтарға байланысты қажетті директивалар мен нұсқаулар алу және т.б. сияқты [190, 283 п.]. Мандат соңында И. Тараненко қайтып келген соң есеп беруге тиісті екендігі көрсетіліп, мандатта жазылғандар мөрмен расталады [190, 282 п.]. Кейбір мандаттарда қалыптасқан жағдайларға сай, қажетті дәрежеде көмек көрсетілу туралы да айтылады. Мысалы, мына бір мандат Мұхтар Ауезовке берілген. Ол кісінің Орал губерниялық конференциясы атынан облыстық партия конференциясына шешуші дауыспен бара жатқандығы расталады. Алдыңғы мандаттан айырмашылығы мұнда: «Барлық темір жолдарға, кеңестік және әскери ұйымдарға М.Ауезов мырзаға қажет жағдайда қолдау көрсетіп, тұрғылықты орынмен қамтамасыз ету» өтінілген [191]. Залиев мырзаға берілген келесі бір мандатта: « Мұны көрсетуші Залиев мырза Орал және Бөкей губернияларына Қыробком атынан жергілікті жердегі партиялық және қоғамдық-кеңестік жұмысты қадағалауға іс сапармен аттануда. Сонымен қатар, ол басқарушы ұйым нұсқауларының орындалуын бақылауы қажет» [192] - дей келе, оның партиялық, кеңестік, шаруашылық ұйымдарының барлық отырыстарына қатысуға, олардың жұмысын бақылауға; әртүрлі жиындар,

жиналыстар, отырыстар ұйымдастыруға; жекелеген мәселелерге қатысты шешім қабылдауға құқы бар екені көрсетіледі. Өз кезегінде жергілікті ұйымдарға Залиевке көмектесу жүктеледі. Кез-келген жағдайда тікелей байланыс, радио және т.б арқылы байланысқа шыға алатындай жағдай туғызуды талап етеді [192, 3 п.].

Көріп отырғанымыздай әртүрлі жағдайда жұмыс істеген мандаттық комиссия құжаттарын дерек ретінде талдай отырып, басқарушы ұйымнан бастап жергілікті ұйымдардың жұмысын зерттеуге зор мүмкіндік аламыз. Мандаттық құжаттар кадр мәселесін ғана емес, сонымен бірге саяси тарихты талдауға мүмкіндік береді. Сондықтан, олар да партия саясатын зерттеуде айнымас дерек көзі бола алады деп қорытынды жасай аламыз.

Басқа да құжат түрлерімен қатар, қаулы-қарарлардың дайындалу процесін, яғни партияның саяси идеологиясын бейнелейтін құжаттардың да деректік маңызы зор. Бұлар ең алдымен, партия қызметкерлерінің қатысуымен партия саясатын алдын-ала талқылау құжаттары болса, екіншіден, шешімдердің жобалары, делегаттардың съезд не конференцияға жіберген ұсыныстары да болуы мүмкін. Өз кезегінде бұл партияның көпшілікпен жұмыс жасалынып жатқанының айқын көрінісі деп танылғанмен, шын мәнінде тек қана көзбояушылық еді. Себебі, облыстық, губерниялық, уездік конференциялар барысында қабылданған қаулы - қарарлар, орталықтан шешіліп, қабылданып қойған шешімдердің көшірмесі ғана болғандығын тағы да айта кеткен жөн.

Қорыта келгенде, конференция материалдары, соның ішінде баяндамалар, қаулы-қарарлар белгілі бір мерзім ішіндегі партия қызметінің қорытындылары мен партия жұмысын жан-жақты сипаттайтын құнды мәліметтер беретіндігі анықталды. Сонымен қатар, 1920-1925 жылдар аралығында партияның елді тотальды, яғни тұтас бір коммунистік идеологияға бағындыру сияқты мақсаттарын жүзеге асырудағы жеткен жетістіктері мен кемшіліктерін нақты баяндаудағы маңызды құрал екендігі даусыз. Мәселені талдауда облыстық партия конференцияларын жеке топ ретінде талдаудың артықшылығы партия саясатының мәнін ашудағы ролімен айқындалады. Сол сияқты, партия конференциялары материалдарының ұйымдастырушы-нұсқаушы сипаттағы құжаттарға жататындығы айқындалды. Тоталитаризмнің қалыптасып, орнығуына негіз болған шешімдер, қаулы - қарарлар осы партия конференциялар барысында қалыптасқандығын да атап өту қажет.

2.3 Облыстық партия комитетінің басшы ұйымдарының материалдары – өзіндік дерек

Әкімшіл-әміршіл жүйе саясатындағы Қазақстан тарихының өзекті мәселелерін талдауда құжаттарымыздың келесі тобы - облыстық партия комитетінің басшы ұйымдары материалдарының алатын деректік орны ерекше.

Басқару ұйымдары құжаттары өз ішінде бірнеше түрлерге бөлінеді: партияның бақылау ұйымдары мен хатшылықтың құжаттары; үндеулер мен циркулярлар; бұйрықтар; жергілікті ұйымдармен өзара хаталмасулар; пленумның шағын және кеңейтілген отырыстарының хаттамалары; Қыробком партия қызметкерлерінің кеңестері мен отырыстары құжаттары. Бұл

құжаттарда партияның ең жоғарғы ұйымдарынан бастап төменгі партия мекемелері қызметіне дейін терең көрініс тапқан. Партияның басшы ұйымдарының құжаттары дерек ретінде партияны нығайту мақсатында күнделікті атқарылып жатқан ұйымдастырушылық бағыттағы жұмыстарды талдау мүмкіндігін арттырады. Деректанушы ғалым И.Д.Ковальченко: «басқарушы ұйым құжаттарында мекеменің, ұйымның қызметінің тек қана бастапқы қалыбы емес, оның жүзеге асуындағы белгілі шаралар көрініс табады» [76, 121 б.] - деп бекер айтпаған.

Ең алдымен, партияның Орталық комитеті құжаттарын дерек ретінде пайдаланудың маңыздылығына тоқталып көрелік. ОК партияның идеялық, саяси және ұйымдастырушылық басшылығының беделді ұйымы ретінде В.И.Ленин жетекшілігімен құрылып, барлық партиялық ұйымдарды бір орталыққа бағындырып тұрған ұйым қызметін атқарды. ОК құжаттары ең алдымен басшылық қызметті бейнелейтін құжаттар. Тіптен, «ОК-партияның ұжымдық миы»-деп те бағалаған [3, 257 б.].

Құжаттардың мазмұнына сүйенсек, ОК шын мәнінде партияның қоғамдық өмірдегі қызметін басқарушы және оған бағыт беруші ұйым ретіндегі ролі зор болғандығын көреміз. Сондықтан болар, ОК құжаттары партия құрылған сәттен бастап-ақ басты назарда болып, жиі жарияланып тұрған. Мысалы, «Известия ЦК КПСС» газеті партияның арнайы мәліметтік басылымы қызметін атқарған. Газет 1922 жылдан – ай сайын шықса, 1924 жылдың қазанынан апталық орган ретінде жарық көріп тұрған. Мұны газет алқасы: «ішкі партиялық өмірге көп көңіл бөлу, орталық ұйымдар жұмысы туралы коммунистерді жан-жақты хабардар етіп тұру, жергілікті жұмыстардың тәжірибелерін біліп отыру» қажеттілігінен туындағандығымен түсіндіреді [193].

Сонымен қатар, шығарылым рубрикаларына көз жүгіртсек, газет бетінде партияның құнды мәлімет беретін материалдары жарияланып тұрғанын көреміз. Оған: «партиялық-ұйымдастырушылық мәселелер бойынша жетекші мақалалармен шолулар; ОК ұйымдарының бюро отырыстарында жасалған баяндамалар мен сөйлеген сөздер; жекелеген ұйымдардағы жұмыстар мәселелері бойынша мақалалар мен баяндамалар; жалпыпартиялық мәселелер бойынша ОК-тің маңызды қаулы - қарарлары мен нұсқаулары; жергілікті ұйымдардың қалыптасқан жағдайға байланысты жасалған баяндамалары бойынша ОК қаулылары; ОК пленум шешімдері, ОК Бақылау комиссиялары мен бөлімдерінің ағымдағы маңызды мәселелері» - сияқты аталмыш рубрикалардың реті дәлел бола алады [194].

Олардың қатарына үндеулер мен циркулярлар, жергілікті жерлермен хат алмасу, жолсапарлық куәліктер және т.б. құрайды. Құжаттардың бұл тобы ОК-тің партияны нығайтудағы күнделікті ұйымдастырушылық жұмыстарын ашып көрсетеді. ОК құжаттарының қатарын ОК хатшылығы материалдары толықтырады. Хатшылық әкімшіл-әміршіл биліктің қалыптасып нығаюында, жетекші қызмет атқарғандықтан, оның құжаттарын назардан тыс қалдыруға болмайды. Коммунистік партия өздерінің саяси бағытын жүзеге асыруда

партия жұмысын дұрыс ұйымдастыруға көп көңіл бөлген. Әсіресе, хатшылық жұмысына аса назар аударғанына құжаттар дәлел.

«Партия мекемелері жанынан хатшылық секцияларын ұйымдастыру туралы» арнайы нұсқауда: «Партия ұйымдарының дұрыс та жемісті жұмыс істеуінің басты шарты-техникалық орган –хатшылық жұмысын дұрыс бағыттау білу. Хатшылық жұмысына салғырт қарап, дұрыс көңіл бөлмеу тек қана бір аймақтың ғана емес, орталық партия ұйымдарының да жалпы саяси жұмысына кедергі болады. ...Хатшылықтар, аудандардың өмірімен біте қайнасып, олардың қажеттіліктері мен мұқтаждықтарын біліп, қамтамасыз етіп отыруы қажет. Ол үшін хатшылықтар, партия ұйымдарымен үнемі байланыста болуы тиіс. Хатшылықтар жергілікті халықты партия саясатына бағыттап отыруы үшін өздерінде орталық және жергілікті партия мен кеңес ұйымдарының барлық нұсқаулары, қаулылары, үкімдері болуы қажет. Хатшылықтың ең маңызды міндеттерінің бірі - ОК пен үнемі толық байланыста шарт.

...ОК пен хат алмасып отыру, орталықпен байланысудың тиімді жолы. Ұйымдардың барлық жұмыстары, олардың кеңестік мекемелерге әсері, жергілікті басқа партиялармен күресі мәселелері турасынан жазу қажет.

Хатшылықтар жергілікті мекемелерді ОК-тен келген қаулы-қарарларды, нұсқауларды, үкімдерді тарату арқылы хабардар етіп отыруы қажет.

Хатшылықтар, партия әдебиеті мен газетін таратып қана қоймай, мерзімді басылымдарға жаппай жазылуды қамтамасыз етуі қажет. Сонымен қатар, хатшылықтар, партия мүшелерінің өз міндеттерін дұрыс атқарып жүргенін қадағалауы тиіс» - деп олардың маңыздылығын баса көрсетеді [195]. Сондықтан да тоталитарлық жүйенің қалыптасуы мен нығаюы проблемасын деректерді талдай отырып зерттеуде хатшылық құжаттарын назардан тыс қалдыруға болмайды.

Партияның басшы ұйымдары құжаттарының қатарын партия ұйымдарының әртүрлі деңгейдегі отырыстарының хаттамалары (1924 жылдан бастап стенограммалары-авт.) құрайды. Отырыстар хаттамалары немесе стенограммалары баяндамалардың тезистері мен мәтіндерін, қабылданған шешімдерді қамтығандықтан, олардың дерек ретіндегі маңызы -партия өміріндегі іс-шаралардың әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасу барысын талдауға көмектесетіндігімен айқындалады. Себебі, хаттамалардан күн тәртібіне қойылған мәселелер бойынша толық, жан-жақты мәлімет алып қана қоймай, оның талқылану барысын, қабылданған шешімдердің алғышартын аңғаруға болады. Мысалы, бірінші облыстық қырғыз конференциясының хаттамасын алар болсақ, бұл жинақ: - конференция барысындағы делегаттардың сөйлеген сөздері мен талқылаулары; - шешімдер мен қаулылардан тұратын конференция материалдары; - конференция шақырылатындығы туралы хабарландырулар, баяндамалар тезистерінен тұратын қосымшалар атты бөлімдерден тұрады [49]. Соның ішінде, партияның бақылау ұйымдары құжаттарының деректік маңызы өте зор. Губерниялық партия ұйымдарының қызметін біріктірген Қырғыз (қазақ) облыстық бақылау комиссиясы басқарушы және апелляциялық ұйым болып табылған-ды. Аймақтағы «саяси маңызды» бағыттағы жұмысқа жетекшілік етіп отырған

бақылау және тексеру комиссиялары құжаттары өз ішінде хаттамалардан, нұсқау-қаулылардан, шешімдерден, бұйрықтар мен есептік материалдардан және т.б. тұрады. Осы құжаттардың әрқайсысын жеке-жеке талдау арқылы бақылау комиссиясының әміршіл-әкімшіл жүйе идеологиясының негізгі қолшоқпары болғандығына көз жеткіземіз.

Құжаттар қатарында бақылау ұйымдарына байланысты түскен қаулы-қарарлардың да саны аз емес. Олардың әрқайсысы өз кезегінде партия қатарын «партияға жат элементтерден» тазалауда жұмысты дұрыс ұйымдастырудың бағыты мен бағдарын анықтап отырған. Мысалы, 1921 жылғы 10 қыркүйектегі №6 қаулыға сәйкес бақылау комиссиясының қызметін, жұмысын жақсарту мақсатында «барлық губкомиссияларға партия комитеттерімен біріге жұмыс істеу» жүктелсе [49, 36 п.], №7 қаулы бойынша бұрын басқа партияда болғандардың жұмыс өтілін есептеу мәселесіне байланысты: «1) партиялық стаж коммунистік партия қатарына өткен тұстан бастап есептелетіндігі және 2) басқа партияда болған стажы есептелмейтіндігі қарастырылған» [49, 37 п.]. Тіпті партия қатарынан шығып қалғандардың тізіміне байланысты мәселеге дейін арнайы талқыланып, бекітілген. «Партиядан шыққандар тізімін жариялау туралы» №9 қаулыда: «партиядан шыққандар тізімін тек қана губерниялық тексеру комиссиялары ғана жариялауға құқықты» [49, 37 п.] екендігі анық көрсетілген. Көріп отырғанымыздай, партия қатарына алынған адам партия тұрғысынан толық тексеруден өткеннен кейін ғана партияға өтуге мүмкіншілік алған.

Облыстық бақылау комиссиясы есептерінің бірінде губерниялық бақылау орындарының қызметіне берген бағасына көз жүгіртейік: «Ақтөбе, Қостанай, Орал, Бөкей ұйымдары өте жас, коммунистік сауаты төмен, себебі, партия мүшелерінің басым бөлігі шаруалар және ұсақ иелік иелері. Көптеген жағдайда мас болу, пара алу, қызмет бабын пайдалану сияқты олқылықтар орын алады»- деп атап өтіп, облыстық бақылау комиссиясы тарапынан «партия этикеті мен тәртібін бұзушылықтарға, әртүрлі ауытқушылықтарға қарсы қатаң күрес жүргізу керек екендігі»-тағы да ескертіледі [196].

Бақылау комиссиялары отырыстарының хаттамалары маңызды құжаттар легінің келесі тобын құрайды. Хаттамаларда тексеру комиссияларының әртүрлі «қылмыстарға» қатысты мәселелерді талқылануы, соларға байланысты қабылданған шешімдер көрініс тапқан. Бүкілқырғыздық облыстық бақылау комиссиясы отырысы хаттамаларының бірінде: «РК(б)П Бүкіл қырғыздық облыстық бақылау комиссиясының 1923 жылғы 4 қаңтардағы №4 қаулысына сәйкес облыстық бақылау комиссиясының мүшесі Арғанчеевті, ішімдікке салынғандығы, партия стажын жалған көбейтіп көрсеткендігі және басқа партияда болғандығын жасырғандығы үшін партия қатарынан шығару туралы» шешім қабылданған. Осы қаулы негізінде Орынбор губерниялық бақылау комиссиясының И.Харитоновты 1 жыл мерзімге партиядан шығару туралы қаулысын бекітеді. Аталмыш азамат «буржуазиямен байланысы мен діни салттарды орындағаны үшін» айыпталса, келесі Д. Гоцлав деген интеллигент «партия этикасын, партия тәртібін бұзғандығы мен карьеризм үшін», ең ауыры және сорақысы «Отанын сағынғаны» үшін партиядан шығарылған [196, 5-8 п.].

Осы іспеттес құжаттардың барлығы да Қазақстан тарихын зерттеуде айнымас дерек көздерін құрайды. Бақылау комиссиялары құжаттарының мазмұнына келесі тарауда толығырақ тоқталатын болғандықтан, кезекті құжаттардың келесі түріне берейік.

Басшы ұйымдар құжаттарының келесі тобын - циркулярлар мен нұсқаулар құрайды. Циркуляр дегеніміз-белгілі бір салаға қарасты мекемелерге таратылатын нұсқаулар түрі. Партиялық билікті жандандыруға бағытталған нұсқаулар барлық губерниялық комитеттерге және жергілікті партия ұйымдарына жолданып отырған. Ал, нұсқау – жоғарыдан түсетін, атқарылатын жұмыс ережелері. Мұрағат қорларындағы құжаттардың басым бөлігін осы – циркулярлы нұсқаулар, хаттар құрайды. Нұсқаулық хаттарды дерек ретінде қарастыра отырып, биліктің өзара байланыстылығын және партияның өз саясатын жүзеге асырудағы бағыт-бағдарлары мен іс-шараларын саралай аламыз.

Барлық облыстық, губерниялық комитеттерге, облыстық бюроларға бағытталған мына бір циркулярлы құжатта РК(б)П Орталық Комитетінің облыстық ұйымдар құрамына кіретін жер-жерлердегі губерниялық, облыстық комитеттермен жазба байланысты ретке келтіру қарастырылған. Онда: «РК(б)П Орталық комитетінің облыстық ұйымдар құрамына кіретін жер-жерлердегі губерниялық, облыстық комитеттермен жазба байланысты жақсартуда келесі жүйелілік қажет: 1) Орталық комитеттің барлық циркулярлары мен нұсқаулары Облыстық Бюро, Ұлттық және өлкелік Орталық комитеттермен қатар, облыстық және ұлттық бірлестіктерге кіретін губерниялық, облыстық комитеттерге де таратылады. 2) Облыстық бюролар өлкелік комитеттерге қажет болған жағдайда түсіндірмелік толықтырулар қосуға рұқсат етіледі, бірақ циркулярдың мазмұны өзгермеуі қажет. Түсіндірмелік толықтырулар енгізген жағдайда ол туралы құзырлы орындар ескертілуі тиіс...» [197] -делінген, ал губерниялық және облыстық комитеттер өз кезегінде барлық материалдарды, яғни есептерді, жабық хаттарды циркулярлы нұсқауларды алғандығы туралы ескертулерді, олардың жүзеге асу барысы туралы мәліметті өздерінен жоғары ұйымдарға жіберіп тұруға тиіс болған. Циркулярлардың орындалу ретін арнайы қарастырған келесі бір құжатқа көз жүгіртсек, оның бірінші бетінде циркулярды алғандығы туралы айтылса, келесі бетінде орындалу барысы сипатталған [198]. Онда: «1) губерниялық комитет тарапынан циркулярды орындау барысында жүзеге асқан шаралары, 2) губернияның жергілікті жағдайына бұл циркулярдың қаншалықты тиімділігі және ойға қонымдылығы»-көрсетілуі қажет екендігі айтылады. Ал, қосымша берілген ескертуде: «оның жүзеге асуын, оның нәтижесін айлық есепте тапсыруға болатындығы»-жазылған. Осы сипаттағы №2 формадағы бланктер жергілікті мекемелер тарапынан орындалуға тиіс шаралар қарастырылғаннан кейін барып толтырылып жіберілуге тиіс болған [198, 201п.].

Сонымен қатар, «Қыробкомның барлық бөлімдері мен бөлімшелеріне» деген айдармен жіберілген мына бір бұйрықта: «§1.Қыробком бөлімдері мен бөлімшелері шығарған нұсқаулар мен циркулярлар Қыробкомның мәліметтік-нұсқаулық бөлімшесінде тіркелуі қажет. Сол жерден оларға Қыробком

тарапынан шыққан циркулярлардың реттік номері қойылады. §2. Циркулярдың бір нұсқасы мәліметтік бөлімде қалып, іске тігілуі тиіс»-делінсе, осы бұйрықтың төртінші параграфында: «барлық жарық көрген циркулярлардың көшірмелері РК(б)П ОК-не жіберілуі тиіс» [199] екендігі айтылған.

Басшы ұйымдардан жергілікті саяси мекемелерге түсіп тұрған циркулярлы нұсқаулар партия өмірінің әртүрлі жақтарын қамтыған. Мысалы, Қостанай губерниялық комитетінің есептік құжаттарына сүйенсек, 1922 жылдың бір желтоқсан айында РК(б)П Қыробкоммен бастауыш ұйымдардан келген және жан-жаққа таратылған циркулярлар саны-55-ке жуық болған [200]. Оларды сипатына қарай былайша бөлуге болады (Кесте 2).

Кесте 2 - Қостанай губерниялық комитетіне 1922 жылдың желтоқсан айында келген және жан-жаққа таратылған циркулярлар

Сипаты	Келіп түскендер	Жан-жаққа таратылғандар
Ұйымдастыру мәселесі бойынша	10	5
Үгіт-насихат	10	2
Партия қызметкерлерін есепке алу	1	4
Нұсқаулық	3	4
Әртүрлі	10	6
Барлығы	34	21

Бұл кестеден сандық мәліметтермен қатар, партия саясатын жүзеге асыруда әсіресе ұйымдастыру мен үгіт-насихат мәселесіне көп көңіл бөлінгендігін көруге болады. Бұл тек бір айдың ғана мәліметі. Тура осындай нұсқаулық сипаттағы құжаттар ай сайын әртүрлі көлемде, әртүрлі бағытта келіп тұрған.

Мысалы, бір айдың ішінде, қай ұйымнан қандай қағаздар, қаншалықты мөлшерде түсіп тұрғанын келесі кестеден көруге болады.

Кесте 3 - Губерниялық комитеттің жалпы бөлімінің маусым айында алған, жіберген қағаздарының мәліметтері

Кімнен келіп түскен және кімге жіберілген	Алынғандар			Жіберілгендер		
	Циркулярлар	Телеграммалар	Басқа да қағаздар	Циркуляр	Телеграммалар	Басқа да қағаздар
Жоғарғы партия ұйымдары	2	5	8		13	15
Аудандық комитеттер				7	9	22
Кеңестік мекемелер мен жекелеген адамдар			21		2	247
Барлығы	2	6	94	17	24	284
Барлығы	242			325		

Кестеден көріп отырғанымыздай, бір айдың көлемінде 500-ден астам қағаз айналымда жүрген. Соның ішінде, циркулярлардың нұсқаулық құжат ретінде тек басшы ұйымдардан ғана түсіп тұрғанын қадағалауға болады.

Циркулярлар мазмұны, бағыты, құрылымы, кімге, қай ұйымға бағытталғаны, тақырыбы жағынан әртүрлі болған. Мысал ретінде, Қостанай губерниялық комитетіне маусым айы ішінде келіп түскен циркулярлар тізіміне көз жүгіртейік: «№160 Циркулярно всем губполитотделам и комсекретарям при РВС Заволжского военного округа», №1022 Циркулярно всем райкомам, укомам, и губкомам РКП(б) Кирреспублики, №3171 Циркулярно всем губкомам и областкомам ЦК республик на Всероссийский съезд женщин, №1022 Копия циркуляра №628 Кирпартбюро сообщает всем завгубфинотделам, №1337 Циркулярное письмо о проведении беспартийных конференций, №10 Циркулярно всем учреждениям и организациям города Кустаная от Кустанайского губкома, №122 Циркулярное письмо о курсе для изучения марксизма, №1408 Циркуляр всем парткомам Киркрая ввиду острого недостатка милиционеров не снимать с должности таковых, №1937/1235 Всем губкомам РКП(б) воздержаться выдачи широкого потребления во время съездов и конференций делегатов» [201]. Циркулярлардың тақырыбы мен мазмұны қаншалықты әралуан болса, олардың дерек ретінде беретін мәліметтер аясы да соншалық кең. Сондықтан да, тек циркулярларға талдау жасау арқылы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының бірталай қырын ашуға болары анық. Талдап көрсек, жоғарыда аты аталған №1022 циркуляр тақырыбы қайда бағытталғанын ғана білдіреді, бірақ ішкі мазмұнынан еш хабар бермейді, яғни қандай мәселе бойынша келгенін толық таныспайынша аңғару мүмкін емес. Ал, №122 циркулярдың тақырыбында-ақ марксизмді оқу курсы туралы екені көрсетілген. Бұл өз кезегінде, аталмыш құжат түрін жіктеу жұмысын жеңілдетеді. Бұдан шығатын қорытынды, осы іспеттес циркулярлар мен нұсқаулардың тіпті тақырыбы мен бағытынан шыға отырып та деректанулық тұрғыдан сыныптап, сыртқы сын жүргізу мүмкіндігінің артары.

Нұсқаулық құжаттардың келесі тобынан, партия өз қызметі барысында жергілікті партия ұйымдарымен жұмысты жандандыру мақсатында нұсқаушылық-мәліметтік жұмысты жолға қойғандығын көруге болады. Осы мәселеге байланысты қарардың «Жергілікті жерлермен байланыс» пунктінде нұсқау берудің жүзеге асырылуының жолдары көрсетілген: «а) белгілі аудандарға бекітілген және сондағы жұмысты жолға қоюға жауапты нұсқаушыларды жіберу; б) нұсқау хаттар, нұсқаулар жіберу; в) есептер бойынша қорытынды беру; г) жоғары ұйымдар президиумдары мен пленумдарының сол ұйымның қызметіне қатысы бар немесе жергілікті жерлердегі партия жұмысының мәселелері үшін үлкен маңызы бар қаулыларынан үзінді хабарлау». Қосымшада: «барлық нұсқау хаттар жергілікті жерлерге, таза техникалық сипаты бар нұсқаулардан басқасы комитет хатшыларының қолы қойылып жіберіледі» - деп ескертілген [202]. Циркулярлар мен нұсқау хаттар туралы айтылған 44 пунктте: «циркулярлар мен нұсқау хаттарды жібергенде жоғары партия ұйымына үш циркулярдан және біріктіріп отырған төменгі ұйымдарға бір циркулярдан келетіндей

есеппен жіберу қажет, оның бер жағын волкомдар мен ұяларға тек жалпы партиялық сипаты бар немесе арнаулы, бірақ кеңінен таратуды талап ететін циркулярлар ғана жіберілетіндігі» - көрсетілген [202, 48 п.]. Циркулярлы нұсқаулардың басым бөлігі «мәдени-саяси, шаруашылық жағынан артта қалған» қазақ қоғамын дамытып ретке келтіру мәселелерін қарастырған.

Қырреспубликаның барлық губкомдарына бағытталған циркулярдың біріне көз жүгіртсек, «Көшпенділер арасындағы саяси жұмысты ретке келтіру» мәселесін: «қазақ байлары мен кедейлері арасындағы таптық бөліністі тереңдету арқылы» [203] шешу керектігі айқын көрсетілген. «Аталмыш мәселеге келгенде жергілікті ұйымдар қараңғылықпен, рулық тенденциялармен күресе отырып, ең алдымен, өзіміздің коммунистік көзқарасымызды терең сіңіруде аса мұқият болғаны абзал»-деп ескерте отырып партия төмендегі нұсқауларды береді: «уездік, аудандық комитеттерге, ұяларға, кедейлермен қарым-қатынаста жүрген нұсқаушыларға, жекелеген коммунистерге күнделікті өмірде орын алған барлық өзгерістерді, ерекшеліктерді мұқият қадағалау және біліп-байқағандарын төмендегі формаға сай жоғарғы инстанцияларға жеткізу жүктелсін: а) қырғыз кедейлерінің Кеңес өкіметіне көзқарасы; б) партияға көзқарасы; в) байлардың мүлкін тартып алуға, тәркілеуге және оларды кедейлер арасында бөліп беруге көзқарастары; г) кедейлердің байларға тәуелділігінің айқын көрінісі неде; д) басшы әкімшілік, экономикалық орындарға кедейлердің тағайындалуына көзқарастары сияқты мәселермен қатар, ...з) рулық дәстүрлерге қарсы нені тиімді пайдалануға болатындығы; олардың арасында партиялық ұйымдастырудың қандай формалардың тиімділігі; к) экономикалық, мәдени-ағарту, үгіт-насихат шаралардың қайсысының тиімділігі; л) әйелдердің құқын қорғауға, қалың малды жоюға және отырықшылыққа көшуге қатысты көзқарастарының қандай екендігі» [203, 13 п.] сияқты мәселелерді талдата отырып, өз идеяларының ұтымды әрі тез таралуына қолайлы жағдай іздегендігін байқауға болады.

«Кедейлер - партияның тірегін күшейтуде, өз шараларын көпшілік арасында тиімді жүргізуде күш алатын басты резерв болып табылатындығын» [204] партия жете түсінген. Жер-жерлерге арнайы қызметкерлер жіберу арқыл өлкедегі саяси жағдайды қадағалап, реттеп отыруға тырысқан. Аймақтарға жіберілген қызметкерлер нұсқаушылық қызмет атқарып, жер-жердегі қалыптасқан жағдайды басшы ұйымдарға хабарлап тұрған. Мысалы, «күпия»-деп белгіленген мына бір құжатта, Ақтөбе уезіне жіберілген А.Умеров аймақтағы жағдайды төмендегідей сипаттайды: «Мен келгенге дейін бұл жерлерде ешқандай саяси үгіт-насихат жұмысы жүргізілмеген тәрізді. Барлық болыстық, ауылдық кеңестерде ірі кулактар отыр. Ал олардың қастарында жүрген, өздерін интеллигент санаған шовинистер өз халқының көзін ашып, кеңес өкіметі пайдасына үгіт-насихат жүргізудің орнына өздерінің ұлттық-шовинистік көзқарастарын таратуда. Бір сөзбен айтқанда қырғыз кедейлері өздерінің тарихи және таптық жауларының талауына түскен» -деп байлар мен зиялыларды аш қасқырға, кедейлерді шарасыз бейшараларға теңеген [205]. Осылайша тіпті қазақ арасынан шыққан санаулы ғана зиялыларымыз да байлармен бірге қоғамның «ақ қарғаларына» айналды. III облыстық

конференция барысында үшінші мәселеге байланысты пікірталаста, С.Садуақасов партияның интеллигенцияны дұрыс пайдалана алмағанын басып айтады. Ол: «...кезінде коммунистер үлкен қателік жасады. Ол қателік интеллигенцияны өз жағына тартудың орнына біз «ұлтшылдар» деп айыпталдық. Одан ары барар болсақ, коммунистедің тағы бір үлкен қателігі-өз ішінде «мынау біздікі, мынау біздікі емес» - деп бөлінуінде еді» - деп өз пікірін білдірген [101, 143 п.].

Түйіндей келе, партия комитетінің басшы ұйымдары тарапынан шығып, таралып отырған нұсқаулар мен циркулярларды құжаттық дерек ретінде дұрыс талдау арқылы тоталитарлық жүйенің орнауы мен тамырын тереңге жаюы барысын зерттеудегі құнды деректер қорын құрайтындығына көз жеткіземіз.

Коммунистік партияның осындай ұлан-ғайыр саясатының жүзеге асуында үлкен жүйелілік болғаны анық. Ол жүйелілік ең алдымен партияның арнайы бөлімдерінің қызметтері нәтижесінде жүзеге асып, сол бөлімдер құжаттарында көрініс тапқан. Сондықтан да бөлімдер қызметіне тоқталмай кетуге болмайды. «Партия апапратының ішкі жұмысын жолға қою саласында бөлімдер мен бөлімшелердің инициативасы мен талапкерлігін және жұмыстағы өзара байланысын арттыру» қажет екендігі партия қаулысында басым көрсетілген. Партия аппаратының жұмысына байланысты қабылданған қарар мәтініне сүйенсек, «партия аппаратының ішкі жұмысын жолға қою саласында бөлімдер мен бөлімшелердің инициативасы мен талапкерлігін және жұмыстағы өзара байланысын арттыру, бюро тарапынан жалпы басшылықты арттыру, бюро мен пленумдардың жұмысындағы жоспарлылық элементін күшейту арқылы партия комитеттерінің бюроларын ұсақ-түйек жұмыстан босату мәселесі алға қойылуы тиіс екені» [206] -көрсетілген.

Барлық губерниялық ұйымдарға бағытталған келесі бір циркулярда: «РК(б)П сіздерге партия құрылымдарының біртекті болуы үшін төмендегідей ұйымдық өзгерістерді ұсынады. Обкомдардың негізгі бөлімдері: а) канцелярия, қаржы, әкімшілік-шаруашылық бөлімшеден тұратын жалпы; б) нұсқаулық, мәліметтік, тіркеулік - статистикалық бөлімшелерден тұратын ұйымдастырушылық - нұсқаулық; в) үгіт-насихат, әдеби-шығармашылық бөлімшелерден тұратын үгіт-насихат бөлімдері. Аталмыш ереже барлық аймақта бірден енгізілуі тиіс» [207] -деп көрсетілгеніндей әр бөлімнің, әр бөлімшенің мақсат - міндеті алдын - ала айқындалып, ережелері бекітіліп отырған. Соның нәтижесінде әміршіл - әкімшіл жүйе ешқандай талас - тартыссыз, соғыссыз, көмескі саясаттың нәтижесінде тамырын тереңге жайған.

Оған негіз болған бөлімдердің ең ірісінің бірі-ұйымдастырушылық-бөлімдік. Өлкелік, облыстық және губерниялық комитеттердегі ұйымдастырушылық-распределительный бөлімдер туралы арнайы ережеде: «Өлкелік, облыстық және губерниялық комитеттердегі ұйымдастырушылық-бөлімдік бөлімдер негізгі бөлімдердің бірі. Ол арқылы жергілікті партия ұйымдарымен ұйымдастырушылық байланысты жақсарту, төменгі партия ұйымдарын нығайту және олардың жұмысын қадағалау, басшылық тарапынан түсетін нұсқау, бұйрықтарды жүйелеу, өлкедегі партия құрылысын жандандыру сияқты маңызды шараларды жүзеге асыруға болады» [208] -деп аталмыш

бөлімнің маңыздылығын атап өткен. Сондықтан да, көптеген циркулярлар, нұсқаулар авторлары осы бөлім болғандығы анық.

Ұйымдастыру сипатындағы шаралармен бір мезгілде коммунистік сана-сезімді арттыру саласындағы жұмыс дамытылуға тиіс болған. Бұл орайда партия өз алдына мынадай шұғыл міндеттерді қояды: «партия мүшелері арасындағы техникалық және саяси сауатсыздықты жою; даярланған қызметкерлердің білім деңгейін көтеру; партияның ішінде болсын, және одан тысқары жерде болсын ұсақ буржуазиялық идеологияға қарсы белсенді күрес жүргізілу және негізгі шарт ретінде өзін кемелдендіру жұмысы саласында партия бұқарасының өз талапкерлігін дамыту және бұл салада партия ұйымдарының тарапынан аталған жұмыстың техникалық жағдайлары мен білікті басшылық жасалуын қамтамасыз ету» [209].

Қазақстан аумағында партия жұмысын жандандырып, коммунистік идеологияны көпшілікке сіңіруде циркуляр–нұсқауларды таратушы - ұйымдастырушылық-жетекшілік бөлімнің де қызметі зор болды. Бұл ұйым ұйымдастырушылық жағынан үш: нұсқаулық, кодификациялық және дағдарыстық бағытта жұмыс жасады. Нұсқаулық бөлімнің мақсаттары ОК дайындаған «Губкомдардың негізгі бөлімдері жөніндегі ережесінде» бекітілген. Онда: «Нұсқаулық бөлім құрамында нұсқаушылар кадры құрылуы тиіс. ... олардың әрқайсысы уездер мен аудандарды бөліп алып жұмыс жасаулары қажет. Инструкторлар міндеті - өздері басшылыққа алған мекемелер жұмыстарын бақылау, партия аппаратын нығайтуға байланысты іс-шаралар жөнінде нұсқаулар беру» [210] -делінсе, одан арыда өз міндеттерін орындау үшін не істеу қажеттері екендігіне дейін ережеде бекітілген. Олар, өз кезегінде уездерден, аудандардан, мәлімдемелік бөлімшеге түсетін материалдармен (баяндамалар, есептік мәліметтер-У.А) танысып қана қоймай қажет кезде қосымша толықтырулар талап ету арқылы жергілікті жерлердегі партия жұмысының кемшіліктерін шығарып отырған. Сонымен қатар, әртүрлі бағыттағы жиналыстар, съездер, отырыстардың шақырылуы мерзімі де нұсқаушылық бөлімше құзырында болған. Мысалы, съездер мен жиналыстардың шақырылуының жобалық жоспарына көз жүгіртсек, ұйымдастырушылық-нұсқаушылық бөлім басшылары мен хатшылары апта сайын, аудандық және уездік комитеттері хатшылары үш айда бір рет бас қосып отырған [210, 95п.].

Губерниялық комитеттер жанындағы ұйымдастырушылық-нұсқаулық бөлімнің қызметі туралы ережелердің бірінде: «ұйымдастырушылық-нұсқаулық бөлім губерниялық комитеттердің маңызды бөлімдерінің бірі және төмендегідей маңызды міндеттерді жүзеге асырады: а) партия ұйымдарымен (укомдар, райкомдар, волкомдар, ұяшықтар) ұйымдастырушылық байланыс орнатады; б) төменгі партия ұйымдары қызметтерін бақылау, тексеру және күнделікті партия өміріне қатысты туындаған сауалдар бойынша нұсқаулар беру; в) бастауыш партия ұйымдарының партапараттарын күшейту, олардың құрылымының дұрыстығын қадағалау; ...д) жоғарғы тұрған партия орталықтарынан келіп түскен циркулярлар мен басқа да нұсқауларды төменгі партия ұйымдарына тарату; е) партиялық құрылыс тәжірбиесін зерделеп жан-

жақтыландыру» [211] –дей келе аталмыш ұйымның басшы ұйым ретіндегі орны мен маңызын ғана көрсетіп қана қоймай, мақсаты мен міндеттерін де айқындап беріп отыр. Бұл өз кезегінде, аталмыш ұйым құжаттарының партияның басшы ұйымдарының қызметі мен партия саясатының мәнін талдаудағы деректік маңызын да арттырып отыр. Құжаттарға сүйенсек, ұйымдастырушылық – нұсқаулық бөлімнің басшы ұйымдарға бағынышты төменгі партия ұйымдардарына нұсқау түсіру ісін жолға қойып, оларды партия саясатының қыр-сырымен таныстыруға басшылық ету нұсқаулық-мәліметтік бөлімше арқылы жүзеге асқандығын көреміз. Осы бөлімшеге қатысты ереженің пункттерінің бірінде, бөлімше міндеті: «...б) ұйымдастыру жұмыстары бойынша циркулярлар, нұсқаулар мен ережелер дайындау; 7) жергілікті партия ұйымдарының уақтылы басшы ұйымдар тарапынан түскен нұсқау, қарар, циркулярлармен қамтамасыз ету» [211] - екендігіне ерекше назар аударылған. Осы іспеттес құжаттарға деректанулық талдау барысы-партия жұмысының ұйымдастырылуы деңгейінің жоғары болғандығын ғана емес, ел өмірінің маңызды мәселелерінің аталмыш шаралар жанында кейінгі орынға қалып отырғандығынан да хабар беретіндей.

Құжаттардың басым бөлігінен «партия бірлігі», «жұмысшы авангарды», «бірлік», «татулық» сияқты асқақ идеалдардың партияның «қараңғы», «каналышы» қарапайым хылықтың сана-сезімін оятудағы басты қағидасы ретінде пайдаланылғандығын көруге болады. Жоғарғы нотада жазылған үндеулердің халық санасын оятудан гөрі саяси партиялық сананы тереңдетуге бағытталғаны анық. Сол тараптан, құжаттардың келесі түрі үндеулерді де дерек ретінде назардан тыс қалдыруға болмайды. Мысалы, РК(б)П ОК-нің комитеттерге, топтарға және партия мүшелеріне бағытталған мына бір үндеудің мазмұнымен танысып көрейік. Онда: «Біздің партия Кеңестік биліктің басында тұр. Кеңес өкіметінің декреттері, шаралары біздің партиядан шығып отыр. Осының барлығы түпкі идеалдар-таптық теңсіздіктің, қанаудың жойылуына, коммунизмнің орнауына қол жеткізуге бағытталған. Бұл аталған шаралар буржуазияның үстінен толық қатал диктатура орнату жағдайында ғана жүзеге асады. Бірақ диктатура оның авангарды ретінде біздің партиядан, жұмысшы табынан мықты ұйымдасуды талап етеді» - деген ұран сөздерден кейін, «Біздің партия бір бүтіннен құралуы тиіс. Біздің партиядан арамтамақтар мен бұзақыларға, авантюристерге, маскүнемдер мен ұрыларға, екіойлылар мен теңселіп тұрғандарға орын жоқ. Біз партияны керек емес, зиянкес элементтерден темір сыпыртқымен тазартуымыз керек» [212] - деп бірлікке шақыра отырып, ел арасына іріткі салуда.

Сонымен, партия жанынан құрылған бөлім құжаттарының, Қазақстан тарихына қатысты жеке бір мәселелр бойынша деректанулық талдау жасауға тұрарлық құнды мәліметтерге толы екенін көреміз.

Қазақстан тарихын, саясатын, қызметінің қырларын ашуда орны ерекше құжаттардың келесі түрі – хаттамалар, әрі олар басқа құжаттармен салыстырғанда көлемі жағынан ең көбі. Хаттамалардың дәстүрлі формасы тыңдалды және қабылданды немесе қаулы етілдіден, яғни тыңдалған мәселе, соған сай шешімнен тұрады. Хаттама басына номері, қай ұйым отырысы

екендігі, күні, айы, жылы, қатысқан адамдар мен мүшелер тізімі беріледі. Хаттамалардың өзіне тән ерекшелігі - күн тәртібіне қойылған мәселердің бірден талқыланып, шешім қабылданылуы. Осыған орай да, хаттамаларды дерек ретінде талдай отырып көптеген сауалдардың шешімін табуға болары хақ. Соған қарамастан, хаттамаларға тән кемшілік те бар. Ол, хаттамаға негіз болған түп деректерді зерттеу мүмкіндігінің жоқтығы. Хаттамалардың дұрыс жүргізілуі басшы ұйым тарапынан талап етілген. Барлық аудандық комитеттерге бағытталған мына бір циркулярға көз жүгіртсек: «хаттамаларды дұрыс жүргізу туралы жіберілген циркулярлы нұсқауларға қарамастан хаттамалар дұрыс жүргізілмеген. Қолдағы хаттамаларда тек қана қарастырылған мәселелердің аты ғана көрсетіледі де оның талқылану барысы түсіп қалады. Бұл өз кезегінде сіздердің белгілі бір мәселені шешудегі әдіс – тәсілдеріңізді саралауға мүмкіндік туғызбайды. Сондықтан да РК(б)П губкомы алдыңғы жіберілген нұсқауларды растай отырып, тағы да хаттамаларда міндетті түрде мәселенің талқылану барысы мен соған қатысты шешімнің қабылдануын негіздейтіндей етіп жіберу қажет. Тек осыдан кейін ғана губком мәселенің сіздердің тараптарыңыздан дұрыс не бұрыс шешілгенін саралай алады»- делінген [213]. Расында да мұрағат қорларында сақталған хаттамалардың көпшілігінде тек қарастырылған мәселелердің аты мен бекітілген шешім ғана жазылады, ал талқылау барысы түсіп қалған. Яғни, мұрағаттарда сақталған хаттамалық құжаттардың 80 пайыздан астамында бұл нұсқау сақталмаған. Қалған 20 пайызында талқылау барысы қосымша ретінде берілген. Мысалы, 1920 жылғы 1 қарашада болған РК(б)П Қырбюро Президиумы отырысының №18 хаттамасында бірінші мәселеде, маңызды мәселелердің бірі - «Қырғыздар арасында партиялық жұмысты жүргізу туралы нұсқаудың жобасы және губкомдарды құру туралы 1 нұсқаудың өзгертілуі» туралы сұрақтың қарастырылып, ол бойынша «негіз ретінде қабылдау, кейбір өзгерістер енгізіп, Обкомға бекітуге ұсыну» [214] туралы бекітілген. Көріп отырғанымыздай, бұл хаттама әңгіменің қай нұсқау туралы, қандай жоба туралы болып тұрғанынан еш мәлімет бермейді. Ал, ОК Ұйымдастыру бюросының 1924 жылы 4 қазандағы отырысының №34 хаттамасында мәселе тіптен қысқа қайырылған. Онда: «Коростелев жолдас туралы тыңдалып, оны Қазақстаннан шақырып Мәскеудегі жауапты жұмыс үшін ОК құзырына беру бекітілген» [215]. Хаттамалардың бұлайша қысқа, дұрыс берілмеуіне партия да назар аударып, қатаң қадағалап отырған. «Қымбатты жолдастар»! - деп басталған мына бір хатта да: «Хаттамаларды дұрыс жүргізу реті туралы бірқатар циркулярлық нұсқаулар жіберілгеніне қарамастан, бұл талап орындалмай отыр. Сіздердің тараптан келіп түсетін хаттамаларда қарастырылған мәселелердің тақырыбы ғана берілген, әрине ол мәселенің талқылануы, мәні, қалайша шешілгендігі губерниялық комитеттерге беймәлім. Осыдан шыға отырып, алдыңғы нұсқаулардың күшін жоймай губком, қайтадан хаттамаларда әр мәселенің бүге-шігесін ашып жазуды міндеттейді. Тек осы жағдайда ғана басшы ұйым мәселенің дұрыс не бұрыс шешілгендігі туралы тұжырымдай алатындығын» [216] - баса көрсеткен. Тағы бір мысал ретінде, Семей губерниялық комитетінің президиумының 1924 жылғы 25 қарашадағы

кезекті отырысының № 44 хаттамасына тоқталып көрейік. Оның құрылымы мен мәтіні төмендегідей:

«Тыңдалды: Қыркомиссияның қырғызша (қазақша-авт.) іс жүргізуді енгізуге байланысты баяндамасы (Токжігітов).

Қаулы етілді: Токжігітов жолдастың мекемелерде қазақ тілін енгізуге байланысты губерниялық комиссиясының жұмысы туралы баяндамасын тыңдап губком бюросы: 1) бұл мәселеге осы уақытқа дейін жете көңіл бөлінбегендігін; 2) кеңестік мекеме басшыларының бұл мәселені маңыздылығын дұрыс бағалай алмағандығын; 3) комиссия мүшелерінің жиі ауысатын тұрақсыздығын көрсете отырып, губком Бюросы төмендегі шараларды жүргізуді қажет табады: IV. Арнайы тұрақты комиссия құру және де комиссияның басты мақсаты мемлекеттік, шаруашылық, қоғамдық ұйымдарға жергілікті тұрғындарды тарту, сол арқылы партиялық ұйымды көпшілік тұрғындарға жақындату. Сондықтан да, аудармашы, ісжүргізушілерді іздеп уақыт өткізбей мекеменің белсенді қатарын жергілікті тұрғындар есебінен өсіру қажет; V. Қазақтандыруды жетгілікті тұрғындар есебінен енгізе отырып, партия пролетаризация принципін ұстана отырып, қазақ зиялыларын коммунистік партия мен кеңестік билікке жақындатуда партия съездері мен шешімдерінен бас тартпауы қажет» [217]. Бұл хаттама мәліметі де толық емес. Себебі, онда тыңдалған мәселенің аты мен ол баяндаманы Токжігітов жолдас жасағандығы берілгенмен, баяндаманың мәтіні берілмеген. Мәтін болмағандықтан аталмыш мәселе қай тұрғыдан баяндалғандығы, оның кемшіліктері мен артықшылықтары туралы тұжырым жасау қиын. Дегенмен, қаулы етілген шешім мәтініне қарап, мәселенің біржақты, коммунистік тұрғыдан ғана қарастырылғанын болжамдауға болады. Расында да, осы іспеттес хаттамаларды тарихи дерек ретінде қарастыруда да қиындықтар туындайды. Сондықтан да бұл жағдайда хаттамаларды басқа құжаттармен, деректермен салыстыра, сәйкестендіре отырып қарастырған абзал. Сонда ғана, берілген мәліметтің толықтығын қамтамасыз етуге болады.

Хаттамалар басқарушы да, атқарушы да ұйымға, конференцияға да ортақ. Хаттама қысқа да толық та түрде жазыла береді. Толық жазылған хаттама алқалық ұйымның отырысы барысымен, қабылданған шешіммен жан-жақты танысуға мүмкіндік береді және ол көбіне конференцияға тән. Конференциялар хаттамаларының деректік ерекшеліктеріне жоғарыда тоқталған болатынбыз. Ендігі жерде, хаттаманың тағы бір түрінен мысал келтіріп, талдап көрейік. Қыробкомның 1923 жылдың 11-15 қазан аралығында губкомдар хатшыларымен кеңейтілген пленумының хаттамасында: «... кеңейтілген отрыс кейінге қалдыруға болмайтын келесі шараларды өткізуді қажет деп табады. 1) партиялық, кеңестік аппараттарды нығайту және оларға қыр тұрғындары арасынан жұмысшылар тарту саласында: а) осы бағытта партия ұйымдарына Қырғыздардағы (Қазақстандағы-авт.) партия мүшелері ортасында кездесетін бірқатар кедергілерден өту қажет. Олар, орыс жұмысшылары тарапынан қырғыз жұмысшыларының қажеттіліктері мен тұрмыс ерекшеліктеріне немқұрайлылықпен қарау; «қазақ халқының» көзқарастарын жұмысшылардың таптық көзқарастарына қарсы қою, жергілікті

ұлтшылдыққа қарай бел бұғу, ұлттық элементтермен күресте белсенділік танытпау тіпті кей жағдайларда қырғыз зиялыларының ролін асыра сілтеу. Ауытқушылықтың қай түрі болса да Кеңес партиялық ұйымдарды ұлттық шовинизмге қарсы күресіп тазалау жұмыстарын жүргізіп тұруға шақырады; ... 3) барлық коммунист қырғыздардың есебін жүргізіп, Кеңес өкіметіне деген көзқарастарын анықтау; 4) жауапты қызметкерлерді жер-жерлерге баяндамалармен жіберу арқылы жұмысшылармен жүйелі байланысты кеңейту және т.б.» [218] - сияқты мәселелер қаулы етілген. Аталмыш хаттамада әдеттегі «тыңдалды» немесе «қаулы етілді» деген формалар сақталмаған, тек қабылданған шешімдер берілген. Әрине, мұндай хаттамада біржақты дайындалған толық емес хаттамаға жатады. Соған қарамастан, хаттамалардың деректік маңызы кемімейді.

Көріп отырғанымыздай, хаттамалардың түрі қаншалықты көп болса, онда сақталынған мәліметтер тақырыбы, мазмұны мен бағыты жағынан тіпті әралуан. Қай тұрғыдан алсақта, хаттамалардың деректік негізі олардың партияның басқарушы ұйымы құжаты ретіндегі маңызының зор екендігімен айқындалады.

Қорыта келгенде, біріншіден басқарушы ұйым құжаттарына бағыты жағынан нұсқаулық мазмұндағы циркулярлар, нұсқаулар, әртүрлі деңгейдегі отырыстар хаттамалары жататындығы, екіншіден, тоталитарлық жүйенің Қазақстанда кең ауқымдағы, әртүрлі бағыттағы іс-шараларының жүзеге асуында жоғарыдан түскен нұсқау, қаулылардың маңызы күшті болғандығы анықталды. Үшіншіден, олар, партияның басшы ұйымдарының құжаттық деректері ретінде Қазақстанда партияны нығайту мақсатында күнделікті атқарылып жатқан ұйымдастырушылық бағыттағы жұмыстарды талдау мүмкіндігін арттырып қана қоймай партия жұмысының әміршіл-әкімшіл жолмен ұйымдастырылуын көрсететін мәліметтер береді. Төртіншіден, аталмыш дерек түрлерін ғылыми айналымға енгізе отырып, Қазақстан тарихының жаңа замандағы саяси, экономикалық, әлеуметтік тұрғыдан қалай дамығандығына қатысты дәлелді мәліметтер ала аламыз. Бесіншіден, басқарушы ұйым құжаттарының сақталу деңгейі анықталып, арнайы топтастырылып, ғылыми айналымға енгізілді.

2.4 Бастауыш партия ұйымдары материалдарының ерекшеліктері мен деректік маңызы

Партия бағдарламасы мен жарғысын, конференция материалдарын, басқару ұйымдары құжаттарын дерек ретінде қарастыру барысында зерттеуші Қазақстан тарихының тоталитарлық билік тұсындағы көптеген өзекті мәселелерін жан-жақты талдауға мүмкіндік алары хақ. Бірақ, XX ғасырдың 20-ншы жылдарындағы Қазақстан тарихын терең талдауда, сол тұста билік басында болған партияның бағыты мен формасына қарайғы көпқырлылығын қазақ жеріндегі бастауыш партия ұйымдарының құжаттарының талдау мүмкін емес.

Бастауыш партия ұйымдары құжаттарының түрі де, сақталу дәрежесі де әртүрлі. Төңкеріске дейінгі кезеңдегі құжаттарды сақтау, жинақтау жолға

қойылмағандығы белгілі. Оның себебін М.А.Варшавчик: «құпия, бірін-бірі арандату жағдайында партия комитеттері жер-жерлерде өз қызметінің жазбаша дәлелін қалдырмауға тырысты» – деп түсіндірсе [3, 167 б.], М.С. Ольминский: «Партия өмірі жасырын қалқада өтіп жатты. Партия полиция қолына түсіп қалып, күдік тудыруы мүмкін құжаттарды жойып отырған» - деп пайымдайды [219]. Әрине, әлі толық билікке қол жеткізе қоймаған большевиктер, ұшы айналып келіп өздеріне тиіп кетуі мүмкін құжаттарды сақтауға мүдделі болған жоқ. Сондықтан да, партия ұйымдарының іс қағаздарын жүйелеу қазан төңкерісінің жеңісінен кейін жолға қойыла бастаған. Осы тұстан бастап, төменгі буын ұйымдардың басқару ұйымдарына, жүйелі және нақты мәлімет беріп тұруына баса назар аударылған. Әсіресе, мәлімет беруді ретке келтіруге байланысты жұмыс жиырмасыншы жылдары қолға алынған. ОК-те партияның XIII конференциясы шешіміне байланысты партия аппараты жанынан жаңа мәлімдемелік бөлім ашылған. Осы жылдардан бастап қалалық, аймақтық, өлкелік комитеттер, Облыстық бюролар ОК-ке: партия комитеттерінің конференция, пленум және президиум хаттамаларын, мәліметтік есептерін - үш айда бір рет; хатшылардың саяси хаттарын – екі айда бір рет, өзекті мәселелерге қатысты арнайы баяндамаларды – мәселенің туындау жағдайына қарай жіберіп тұрған [220]. Тіпті, билеуші өкімет тарапынан партия өмірінің барлық қырларын қамтыған мәліметтердің жүйелі түсіп тұруының арнайы схемасы да жасалған [220, 60 п.].

М. Қозыбаевтың: «Ұлттық мүддені пролетарлық-таптық мүддеге бағындыру ұлттың өзін-өзі билеу құқын шектеп, ұлттық мемлекет құруды пролетариат диктатурасына табындыру, бір орталық мемлекеттен қуыршақ ұлттық республикаларды өрбітіп, жерін, байлығын, малын-жанын ортаға салып, өз үлесін өзі алу үшін жалындыру В.И.Лениннің, большевиктердің ұлт саясатының негізгі арқауы болды» [37, 34-35 б.] -деп көрсеткеніндей, жаңа саяси жүйе қатаң ортақ құрылымды ұсынды, яғни бұл өзіндік бір партия комитеттерінің иерархиясы еді.

Аты айтып тұрғандай, әміршіл-әкімшіл жүйе, өз саясатын жер-жерлерде, соның ішінде Қазақстан аумағынада терең ойластырып, үлкен жүйелілікпен жүргізгендігі мәлім. Партия құрылысы туралы бірінші бүкілқырғыздық партия конференциясы барысында қабылданған қарарда: «РК(б)П –ның Қазақ АССР-індегі ұйымдарына Қазақ АССР-інде РК(б)П-ның Кеңестік ұйымдарын - жергілікті және орталық ұйымдарын құру жөніндегі жұмыс жүктеледі. Осы жағдайларға байланысты бізде барлық партия ұйымдарын біріктіруші әрі оларға басшылық етуші облыстық бірлестік (РК(б)П облыстық комитеті) формасындағы орталық болуға тиіс» [185, 196 п.] -деп көрсеткеніндей өлкеде партияның ықпалын нығайту жөніндегі жұмыс ең алдымен оның бастауыш партия ұйымдарына бағытталуға тиіс еді. Партиялық тұрғыдан алғанда жұмыстың ерекше салмағы түсуге тиісті партияның негізгі, аса маңызды және ең төменгі ұйымы - ұя болды. Партия: «Қазақ өлкесіндегі барлық ұялар жұмысының негізі - біздің партияның ұлт мәселесіндегі саясатымен егжей-тегжейлі таныстыру, кедей элементтерді анықтау үшін қазақ кедейлерінің каналу формаларын зерттеп білу, оларды өз төңірегіне топтастырып, партияға

тарту болуға тиіс» [221] - екендігін баса көрсеткен. «Тек ұзаққа созылатын осы жұмыс қана бізге жер-жердегі кеңестерге байлар емес, кедейлердің сайлануын қадағалап отыруға мүмкіндік береді» - деп сенді.

Партия ұялары туралы партия бағадарламасының ІХ тарауында: «ұя-партия ұйымының негізі болып табылады. Ол уездік немесе аудандық комитетпен кемінде үш адамнан сайланады» - дей келе ұялардың міндет-мақсаттарын: «1) жер-жерлерде партия шараларын іске асыру; 2) жаңа мүшелерді тарту; 3) жергілікті комитеттің ұйымдастырушылық және үгіт-насихат жұмысына көмектесу; 4) партия мен елдің саяси және экономикалық өміріне араласу»[222] сияқты жұмыстармен байланыстырады. «Халқы артта қалған, ұсақ - буржуазиялық сипатта өмір сүріп жатқан қазақ халқы арасындағы ұялар – коммунистік партияның негізгі күші мен тірегіне айналуы тиіс» екендігіне де партия тарапынан басты назар аударылған. Көріп отырғанымыздай, партия ұялары жергілікті қарапайым халық арасына коммунистік идеологияны сіңіруде, оларды әміршіл-әкімшіл жүйе тетігіне айналдыруда биліктің қуатты аппаратының бірден-бір құралы болған. Бұл өз кезегінде аталмыш ұйым құжаттарының тарихи дерек ретіндегі маңызы мен орнын анықтайды.

Жергілікті партия мекемелеріне жіберілген мына бір циркулярлы хатта: «біз шаруалардың үлкен массасына кең әсер ететін дәрежеге жеттік, бірақ бұл жетістігіміз қажетті ұйымдастырушылық жұмыстарсыз әлсіз. Сондықтан да ең шалғайдағы ауылдың өзінде партия ұяшықтарының құрылуына қол жеткізуіміз керек.

...Губерниялық және уездік партия орталықтарына ауылдағы жұмысты жүргізетін партия қатарындағы жолдастардан топ құру қажет. Ауылдық кедейлерді ұйымдастыру, оларды кулақтық элементтердің ықпалынан жұлып алып, кедейлердің ықпалына көндіру, кулактарға қарсы күреске жұмылдыру – міне біздің басты мақсат»[223] - деген партия өздерінің көпшілік үшін, ел үшін, халық үшін оң іс атқарып жатқандарына еш күмәндары болмаған. Бұл идеяларға өздері ғана сеніп қана қоймай мыңдаған адамдарды осы идеяға сендіре алған. Ол туралы құжаттың жалғасында былай делінеді: «Ресей жұмысшы табы коммунистік қоғам құру жолындағы өзінің батырлық күресімен, ұлы сезімталдығымен, асқан творчестволық жұмысымен барлық елдердің жұмысшыларын осы күреске жұмылдыра алды. Олар, көтерген коммунистік революцияның туы барлық елдердегі жұмысшылардың бостандығы жолындағы күресінің жарық сәулесі мен жол көрсетуші жұлдызына айнала алды» [223, 1-10 п.]. Құжаттардан көріп отырғанымыздай, партия бағытын жүзеге асыруды ұйымдастыру мәселелері басқару ұйымдары құжаттарында кеңінен көтерілген. Сол арқылы ОК немесе одан төмен тұрған басқарушы ұйымдардың партия саясатына қатысты шешімдері де, Кеңес өкіметінің декреттері де жұмысты жалпы бағыттаушы ғана екендігін, негізгі салмақ жергілікті партия ұйымдарына түсетіндігін көрсеткен.

Барлық губерниялық және уездік комитеттерге бағытталған келесі бір құжатта: «Біздің партияның өмір сүріп жатқан үш жыл уақыт ішінде жергілікті ұйымдардың жұмысшы аппараттары сипатының біртектілікке жақындап келе

жатқанын байқаймыз. Ендігі жерде күн тәртібіне РК(б)П-ның барлық комитеттерінде біртекті құрылымдық жүйені қалыптастыру мәселесі тұр. Сондықтан да, осы жергілікті ұйымдардың тәжірбиесін есепке алу мақсатымен, барлық губкомдар мен укомдарды, орталыққа дереу қандай ұйымдардың қандай мақсатта жұмыс істеп жатқандығы туралы мәлімет жіберуге міндеттейміз» - делінген [224]. Осылайша, алыс түкпірлерге дейін құрылымы, сипаты және әрине, мақсаты бір жергілікті ұйымдар құрыла бастаған. Тек қана құрылып қана қоймай коммунистік партия идеологиясын тереңдете сіндіруде үлкен жұмыс атқарды. Сол саясаттың мәнін, сипатын, мазмұнын, мақсатын ашып талдауда маңызы зор құжаттар жергілікті партия ұйымдарының қызметі барысында қалыптасты.

Алайда партия аппаратын құру ұялар сияқты жергілікті ұйымдар желісінің қызметін дұрыс белгілеумен шектелмеген. «Партияның әрбір мүшесінің өзінің жұмыс орнында өзіне ең жақын партия ұйымдары арқылы айналасындағы партиялық және партияда жоқ ортамен өз партиясының идеяларын жүзеге асырушы, оның өкілі ретінде әдеби тиянақты қатынаста болуына жету қажеттігі» [156, 131 п.] алға тартылған. Одан ары келесі бір құжатта: «Партия мүшелерінің бәрін түгел жүйелі, белсенді партиялық жұмысқа осылайша тарту Қазақстан партия ұйымының кезектегі міндеті ретінде алға қойылып, мұның өзі қалалық ұялардан ауылдық ұяларға, күшті ұялардан әлсіз ұяларға қатысты ішкі партиялық саяси тәрбие жұмысымен қатаң сәйкестендіріле жүргізілуі тиіс» - десе, сол «Жергілікті жерлермен нақты байланыс тұрғысынан уәкілдер мен нұсқаушыларға берілетін тапсырмаларды нақтылап, ықшамдап, олардың жергілікті жерлердегі жұмысын төменгі партия желісінің жұмысы мен тұрмысын нақты ұғынуға жақындатуды қажет» [205, 103 б.] - деп тапқан.

Қазақстанда партия саясаты мен идеологиясының тереңдеп енуіне жағдай тудырған келесі жергілікті мекеме – болыстық мекеме болды. РК(б)П–ң болыстық немесе аудандық мекеме туралы ережесіне сәйкес: «болыстық (аудандық) партиялық мекеме кем дегенде үш ауылдық партия ұяшықтары негізінде немесе, болыстықта оннан кем емес партия мүшесі болған жағдайда құрылып, жоғарғы ұйымы – партия мүшелерінің жалпы жиналысы» [225] болған. Құжаттарда: «губерниялық комитеттер біздің партиямыздың негізгі тірегі болып табылады. Олар есейді, істің байыбына баратын болды, құрылыс жұмысына қолма-қол кірісетін боды және өз губерниясының шаруашылық және саяси тіршілігін шын басқара білетін болды. Олар өз ішінде жұмысқа басшылық ете алатын ынтымақты ұйытқы құрып алды» [226] -деп бастауыш партия ұйымы ретіндегі губерниялық комитеттер жұмысын зор мақтанышпен алға тартқанмен, «ал біздің партияның аппарат жөніндегі негізгі осалдығы - ол нақ уездік комитеттеріміздің осалдығы, резервтердің, яғни уездік хатшылардың жоқтығы» екендігін де жасырмайды. Бүкілресейлік орталық атқару комитетінің II сессиясында қабылданған төменгі партия ұйымдары туралы ережеге сәйкес ауылдық кеңестер мен болыстық атқарушы комитеттердің құқықтары мен міндеттері кеңейтілген. «Қазіргі таңдағы партияның да кеңестік құрылымның да басты мақсаты - ауылдық кеңесті шын мәніндегі саяси билік ұйымына, әсіресе, көптеген шаруалар ықпал ету ұйымына айналдыру» [227] қажеттігі

басым көрсетілген осы құжат негізінде ауылдық кеңестер заңдық құқықтары толық бекітілген мемлекеттік құрылыс мектебіне айналдырылғандығын байқаймыз. Бұл ережеден, болыстық пен ауыл масштабындағы кеңестердің - биліктің жоғарғы ұйымы қатарына жатқандығы анық көрінеді.. Себебі, олар да, жергілікті жерлерде, ең шалғайдағы ауыл-аймақтарда партия саясатының қалайша жүзеге асқандығын талдауға мүмкіндік беретіндіктен, бұл ұйымдар құжаттарының да деректік рөлі мен маңызы зор.

Барлық жергілікті партия комитеттеріне жіберілген РК(б)П ОК-нің циркулярлы хаттарының бірінде: «Қалыптасқан жағдайда ауылдардағы партиялық жұмыстың маңызы өте зор. Біздің партия еліміздің ең керең аймақтарын да қамти алатын ұйымдастырушылық аппарат құруы қажет. Осындай аппарат болғанда ғана біз орталықпен жүргізіліп жатқан шаралардың тез және дұрыс екеніне сенімді бола аламыз.

...Әр болыстықта, жақын маңдағы партия ұйымымен тығыз байланыста болып тұратын өзіміздің жеткілікті сенімді партия мүшесі болатындай жағдайға қол жеткізуіміз қажет. Мұндай жолдас өз ауданында орталық директиваларына сай партия өміріне басшылық жасай алады» [228] – дей отыра әміршіл-әкімшіл жүйені қалыптастыруда партия өз тарапынан әрбір кішкентай мүмкіндіктің өзін тиімді пайдалануға тырысып қана қоймай, үлкен сенімділікпен қарағанын көреміз. Оған дәлел осы хаттың соңындағы: «ОК партияның барлық мүшелері коммунистік бастауларға негізделген жаңа қоғам құру барысында барлық қиындықтарды жеңіп, ең керең аймақтарды қамтитын ұйым жүйесімен көмкерілері анық» [228, 75 п.] - деген жолдар.

Орталық комитеттің жергілікті партия ұйымдарына басшылық жасауына байланысты қызметінде кадр мәселесі, олардың саяси, партиялық тәрбиесі үлкен орын алды. ОК партия комитеттеріне партия күштерін теңдей бөлуде партия қызметкерлерін жүйелі тіркеп отыру жұмыстарын ұсынып, осы мақсатта арнайы дайындалған тіркеу карточкасының жобасын түсірген. Ол карточканың 1918 жылы бекітілген формасында: «Аты-жөні, жасы, отбасылық жағдайы, отбасы мүшелерінің саны, қандай партия ұйымында (қала, аудан, губерния, уезд) жұмыс істейтіндігі, партиялық жұмысы, біздің партияға қашан кіргендігі, бұрын қанша уақыт, қай партияда болғандығы, партиялық өткен өмірі, кәсіби жұмысы» [229] - сияқты пункттер қамтылды. Тіркеудің мақсаты құжатта көрсетілгендей: «қызметкерді қайда, қандай тапсырмамен жіберуге болатындығын шешуге көмектесетін сипатты белгілерді тіркеу арқылы, саяси күшті дұрыс бөлу» [229, 23 п.] -болған. Тіркеуге алынған мәліметтер бойынша партия қызметкерлері үш категорияға бөлінген. Бірінші категорияға-партияның әртүрлі жауапты жұмыстарын атқара алатын бұрыннан келе жатқан немесе жаңа мүшелері кірсе, екінші категория негізін қосалқы, жауапкершілігі аз жұмыстарды атқаратын партия мүшелері қалады, ал үшінші категория-қажет кезде берілген тапсырмаларды орындай алатын, жай ғана партия сеніміндегі мүшелерден тұрды. Сондықтан да, тіркеу карточкасының басында: литер, категория және № көрсетілді. Литер дегеніміз фамилиясының бас әрпі еді [229, 23 п.]. Осылайша, партия тарапынан дайындалған әрбір жоба, әрбір құжат жаңа заманға қатысты кез-келген тарихи мәселені зерттеудегі басты дерек болары

хақ. Большевиктік партия алғашқы күннен-ақ бүкіл қоғамдық өмірді саясаттандыру, жоспарлау арқылы барлық экономикалық, әлеуметтік, саяси процестерді жалғыз бір тоталитарлық ілім пішініне салып, өзіне тән әлеуметтік құрылымды сомдаған.

Әрине, партияның өз саясатын әкімшіл-әміршіл жолмен дұрыс бағыттай алуы өз жемісін берді де. Мысалы, «Өмір сүріп жатқан қазіргі уақытта коммунистер-большевиктер партиясынан басқа қаналушылар мен еңбекшілердің мүдделері үшін батыл да ашық күресіп жатқан бірде-бір партия жоқ» деп жазған бір топ адамдар өздері туралы: «біз өздерін Кеңестік еңбекшіл жанұяның бір мүшесі деп санайтын шағын топ, осы күні өзіміздің жеке жиналысымызда бас қосып, ағымдағы саяси жағдай туралы өз ой-пікірлерімізбен бөлісе отырып, осындай шешімге келгендік» - деп жазады» [230]. Сонымен қатар, 1921-25 жылдарды, жаңа шаруашылық саясатының негізінде халық шаруашылығын қалпына келтіру дәуірі - деп сенген коммунистер өздерінің оң іс атқарып жүргендеріне еш күмәні болмаған. Мысалы келесі бір естелік құжатта: «осының бәрі Кеңес өкіметі мен Лениндік партияның ұстанып отырған айқын бағытының, дәйекті сыртқы саясатының, аса зор еңбегінің жемісі» [231] деп кеңес саясатына үлкен сенім артқандығын көреміз. Мұндай формадағы хаттар мен естеліктерді салыстыра, бірін-бірін толықтыра отырып, дерек ретінде пайдалану арқылы да, көпшілік халықтың көңіл-күйін, партия саясатына деген көзқарастарын анықтауға болады.

Сонымен, зерттеушілер ең көп пайдаланатын құжаттар қорына - бастауыш партия ұйымдары мен жергілікті партиялық мекемелер материалдары мен құжаттарын жатқызамыз. Аталмыш топ деректері мазмұны, бағыты, шығуы, формасы жағынан әртүрлі. Ол әртүрлілікті біріншіден, жергілікті ұйымдар мен мекемелердің масштабы жағынан әркелкілігімен, екіншіден, аталмыш ұйымдардың қызметінің, ұстанған бағыт-бағдарының жан-жақтылығымен, яғни қоғамдық өмірді толық қамтуға тырысқандығымен түсіндіруге болады.

Бастауыш партия ұйымдары құжаттары комплексі нормативтік те, атқарушылық та сипаттағы құжаттарды қамтиды. Жергілікті партия ұйымдары құжаттарының басым бөлігін партиялық-ұйымдық жұмыстың барысын қадағалауға мүмкіндік беретін құжаттар құрайды. Олардың қатарына, партия ұйымдарының жұмысын ұйымдастырудың қырларын анық көрсете алатын - жоспарлар, есептер, Коммунистік партия нұсқауларының орындалған не орындалмағандығы туралы анықтамалар; партия қызметкерлерінің отырыстары мен семинарларының хаттамалары; атқарылып жатқан іс-шаралардың есебі; жергілікті нұсқаушылардың мәлімдемелері; басшы партия ұйымдарымен хаттамасулар; жабық хаттар; тексеру, бақылау нәтижелері сияқты т.б. материалдар легі кіреді.

Материалдардың кең ауқымы, мысалы, есептер, анықтамалар, баяндамалық мәліметтер, тақырыптық шолулар, үгіт-насихат материалдары және т.б. партияның идеологиялық, қоғамдық - саяси жұмысының қыр-сырын ашуға көмектеседі.

Бастауыш партия ұйымдары мен мекемелері құжаттары тек оқиғаға қатысты мәлімет беріп қана қоймайды, сонымен бірге оқиға барысын талдауға

да көмектеседі. Мұндай сипаттағы құжаттарға есептер, шолулар, түсіндірмелік хаттар және тағы басқа статистикалық материалдарды жатқызуға болады. Әсіресе есептік мәліметтердің маңызы өте зор. Есеп, төменнен бастауыш партия ұйымдары тарапынан басқарушы ұйымдарға жіберілетін орындалған және орындалмаған іс-әрекеттердің есебі. Сондықтан басқа құжаттармен салыстырғанда есеп белгілі бір мәселе бойынша нақты, жүйелі мәлімет беруі мүмкін. «Есептік материалдарды дерек ретінде пайдалануда олардың қандай сипаттағы съезд не конференцияға дайындалғандығына да баса назар аудару қажет. Себебі, өкілетті кеңеске дайындалған есеп бірнеше рет қаралып, талқыланып, өңделіп барып қана жіберіледі. Ал, салтанатты кеңеске дайындалған есепте жеткен жетістіктерге көбірек көңіл бөлінсе, талқылау кеңесіне дайындалған есепте керісінше, назар қателіктерге аударылады» [14, 53-54 б.]– деген пікірдің жаны бар. Жалпы алғанда, есептер - партия ұйымдарының жұмысымен, бағыттарымен, жетістіктерімен, кемшіліктерімен танысуға мүмкіндік беретін құжаттар.

Есептер мәліметтік және статистикалық болып бөлінген. Мәліметтік есептер, баяндама түрінде бір-бірімен байланысты, дәлелді, нақты болып құрылуы тиіс болған. Соған қарамастан, мәліметтік есептің айлық атқарылған іске шолу екенін ескере отырып, ағымдағы жұмысты қадағалау мақсатында ұйымдастырушылық бөлім, оның қосымша жергілікті мекемелер отырыстарының хаттамаларымен, мерзімді басылымдармен толықтырылып жіберіліп отырылуын талап еткен [152, 27 п.].

Статистикалық есепте арнайы формаға сай толтырылып, ай сайын тиіс ұйымдарға түсіп отырған. Онда: партия мүшелерінің басқа партияда болғандар, репрессияланғандар, жастар ұйымына қатысушылар, сонымен қатар, еркектер, әйелдер, қазақтар, орыстар, басқа ұлттар, жұмысшылар, байлар, орташалар, кедейлер, зиялылар саны, олардың білімділік категориясы, партиялық стажы сияқты әртүрлі мәліметтер қамтылды [101, 6 п.].

Есептің қай түрі болмасын, міндетті түрде бір данасы облыстық комитетке, бір данасы орталық атқарушы комитетке жіберілуі тиіс болған. Есептердің уақтылы түсіп тұруына жер-жерлерде облыстық басқарушы ұйымның хатшысы жауапты болған. Басқа жағдайда жауапты қызметкерлер әкімшілік жауапкершілікке тартылған [152, 27 п.].

Есептік мәліметтердің басқарушы ұйымдармен сарапталып, жүйеленуі туралы құжатта: «Есептік материалдардың партия комитеттеріне көптеп жиналуы бұл парткомдарға осы материалдарды бір жүйеге келтіру, пайдалану және тексеру жөніндегі жұмысты барынша дамытуды міндеттеген». Сонымен қатар, қажетті минимум ретінде жоғары ұйымдарға: «жергілікті жерлердегі жұмыс пен жағдай туралы мерзімдік ақпараттар мен парткомдардың негізгі бөлімдерінің мәліметтерін құрау мен бөлімдердің аталған ақпараттарға қатысты мезгіл-мезгіл қорытындылар беру керектігі; есептік материал мен бөлімдердің қорытындылары негізінде жергілікті жерлерге нұсқау хаттар жіберуі және ақырында партия инспекциялары арқылы немесе жергілікті әртүрлі жұмыспен жіберілетін қызметкерлер арқылы кейбір есептік мәліметтер өзгертіліп, жүзеге асырылуы тиіс» екендігі айқын белгіленген [101, 103 п.]. Қыробком өз

тарапынан жер-жерлерде өткізілген әрбір съезд не конференция жайында толық, жан-жақты мәліметті уақтылы жіберіп отыруды талап еткен. Губерниялық не уездік конференциялар мен съездердің мәліметтік есептерінің арнайы схемасында: 1) съезд не конференция атауы; 2) кімнің тарапынан шақырылғандығы; 3) күні, айы, жылы; 4) қашан ашылғандығы, қашан жабылғандығы; 5) қайда өткендігі; 6) қатысушылар саны, оның ішінде: шешуші, кеңестік дауыстардың арақатынасы мен қонақтар саны; 7) бекітілген күн тәртібі; 8) съезд не конференция барысында қарастырылған сұрақтар; 9) қандай комиссиялар не секциялар бекітілгендігі; 10) қандай топтар қалыптасқандығы, не мақсатпен; 11) қандай мәселелер бойынша аса маңызды қаулылар бекітілді (қысқаша мазмұнын беру); 12) қай жоғарғы ұйымнан және жергілікті комитеттің өкілетті мүшелері. Жеке-жеке қысқа мінездеме беру. 13) өкілетті мүшенің жұмысы неден көрінеді; 14) жоғарғы басқарушы ұйым низамдары толық орындалды ма; және 15) съезд не конференцияның жалпы қорытындысы сияқты арнайы пункттер талқылануы тиіс болды [232].

Қазақстан аумағында қызмет жасаған партия ұйымдары мен мекемелерінің арасында, ең төменгі партия ұяшықтарынан бастап партияның ОК-не дейін өзара тығыз байланыс орнағанда ғана және жұмыс барысындағы әрбір қате, әрбір жетістік және әрбір белсенді қызметкер тіркеуге алынып, партия жұмысына жұмылдырыла алған жағдайда ғана ОК жергілікті жерлердегі партия ұйымдары жұмысына бақылау орната алатындығы, сондықтан да, губерниялар мен уездердегі жұмысты дұрыс жолға қойып есептік мәліметтерді уақтылы жіберіп тұру қажеттігі бір емес бірнеше хаттарда талап етілгенін көреміз [233]. Яғни, партияның орталық ұйымдары үшін де маңызды шарттардың бірі – уақтылы, толық және шынайы мәліметтер алып тұру болған. Сонымен қатар, ОК облыстар мен аудандар партия комитеттерінен жоғарыға жіберіп отырған мәліметтермен толық танысып, жан-жақтыландырып барып бірақ жіберуін талап етті. Партия мәліметтеріне қойылған талаптардың ең маңыздысы - өз партия ұйымдарының қызметімен ғана шектелмей, жергілікті жерлердегі барлық партиялардың өмірін, дамуын, ықпалын да анықтап есеп беріп отыру еді. Есеп нақты, ұсақ-түйек мәселелерден таза болуы қажет болды [234].

Қойылған талаптарға қарамастан, құжаттардан, жергілікті мекемелердің есептік мәліметтері уақытында жіберіліп тұрмағандығын, олардың партия тарапынан бекітілген формаға сай емес екендігін байқауға болады. Барлық губкомдар мен укомдарға бағытталған мына бір циркулярда осы олқылық туралы: «әлі күнге дейін ОК тарапынан түсірілген есеп беру жүйесі жергілікті ұйымдармен жетік меңгерілмеген. Кейбір мекемелер түсірген есептер, өте қысқа, түсініксіз құнсыз. Өз кезегінде, есептердің ретсіздігі нұсқаулық – мәліметтік аппарат жұмысын кейіндетіп отыр, себебі, алынған мәліметтер негізінде қандай да бір қорытынды шығару, жергілікті мекемелерге бағытталған жоспар дайындау мүмкін емес... Сонымен бірге, партияның алдына қойған мақсат – міндеттерінің орындалмағандығы көрінеді. Яғни, бастауыш партия ұйымдары тарапынан жоғарыдан түскен нұсқауларға қажет дәрежеде көңіл бөлінбегендігі, жергілікті мәлімдемелік аппараттардың жұмысының әлсіздігі айқын» [235] - деп кемшіліктерді жоюда бірқатар жаңа

міндеттемелер жүктейді: «а) мәлімет беру ісіне жете көңіл бөлу арқылы төменгі партия мекемелерімен жұмысты реттеу; б) статистер мен есеп берушілерді тексеріп, сапалық дәрежесін арттыру, оларға барлық материалдар ішінен керегін, маңыздысын, құндысын ажыратуды үйрету; в) есептердің кешікпей, дер кезінде түсіп тұруын қадағалау» [235, 4 п.]. Губерниялық комитеттерге бағытталған келесі құжатта: «укомдардың материалдарының обкомға жүйелі түспеуіне және келіп түскен материалдарды өңдейтін штаттың аздығынан губком хатшыларының съезді шешімімен, укомдардың мәліметтік есептері мен хаттамалары губкомдарға жіберілсін. Ал, олар, өз кезегінде, алынған мәліметтерді өңдеп Обкомға губерния бойынша аяққы, толық мәліметтік есеп берсін» [177, 67п.] деп талап етілген. Мұрағатта, осы іспеттес мазмұндағы нұсқаулар аз емес. Есептік материалдарды дайындауға байланысты пайда болған осы құжаттардың өзінен де көптеген деректік құны бар мәліметтер алуға болады.

Ортақ, есептік - мәліметтік жұмысты, жергілікті ұйымдармен байланысты дұрыс жолға қою арқылы ғана елді әміршіл - әкімшіл жолмен толық билеуге мүмкіндік алатынын жақсы түсінген коммунистік партия көздеген мақсаттарына үлкен шыдамдылық таныта отырып жеткені анық. Партия басшылары алыс – жақын аймақтарға жауапты партия қызметкерлерін жіберіп, ондағы қалыптасқан жағдайды бақылауда ұстаған. Партия қызметкерлерінің бірі А.Умеров Ақтөбе облысының қазақ ауылдарына барған сапары туралы мәлімдемесінде қалыптасқан жағдайды: «мен келгенге дейін бұл аймақта ешқандай саяси-ағарту, үгіт-насихаттық, ұйымдастырушылық жұмыс жүргізілмеген екен. Барлық аудандық, болыстық кеңестерді ірі байлар, кулактар, қазақ интеллигенттері – шовинистер басып алған. Әрине олар, өз тарапынан партия жұмысын үгіттемей, керісінше ұлттық-шовинистік саясаттарын жүргізіп, өздерінің күшті де берік КАЗАКИСТАНдарын (деректе солай –А.У.) құрмақ болған. Бір сөзбен айтқанда, қолында ешқандай билігі жоқ, дәрменсіз қазақ кедейлері таптық және тарихи жауларының талауында қалған. Байлары мен зиялылары автономия туралы мәселе көтеруде, байқұс кедей автономия дегендері - ұлттық буржуазияның қанауы екенін түсінбейді» [205, 107 п.] - деп суреттей отыра өзінің үлкен жұмыс тындырғандығын мәлімдейді. Яғни, ол, қалыптасқан жағдайға қарамастан, ауылдарда митингілер өткізіп, баяндамалар жасап, партия саясатын түсіндіргендігін, қазақ ауылдары коммунистік әдебиеттерге зәру екендігін, Орынборға келісімен оларды коммунистік сарындағы әдебиеттермен қамтамасыз етуін өтінгендігін баса баяндай отырып, «ендігі біздің мақсат-олардың арасында рухани төңкеріс жасап, олардың мәдени сауатын ашып барып, коммунистік идеяларды сіңіру»-деп табады [205, 107 п.].

Ендігі кезекте, есептік материалдардың ішкі мазмұнын талдай отырып та көптеген құнды мәліметтер алуға болатындығына тоқталар болсақ, есептердің партия өмірінің барлық қырынан түгел дерлік мәлімет береді хақ. Оларды ішкі мазмұнына қарай, тақырып бойынша, жыл бойынша немесе облыс, аудан көлеміндегі есептер бойынша, бөлімдер есептері бойынша әртүрлі топтастырып қарастыруға болады. Көптеген есептер кіріс-шығыс қағаздардың санымен ғана

шектелген. Мысалы, Қостанай губерниялық комитетінен 1921 жылдың маусым айының 15 мен 30-ы аралығына дайындалған есептік баяндама мазмұнына тоқталар болсақ, онда: «жалпы бөлімде ісқағазын жүргізу жұмыстары жеңілдетілген және дұрыс түзілім бойынша ағымдағы хаталмасу жүргізілді және төмендегі кестеде көрініс табады [236].

Кесте 4 - Қостанай губерниялық комитеті жалпы бөліміндегі 1921 жылдың 15-30 маусым аралығындағы ағымдағы хаталмасуы

	Кімнен алынды, кімге жіберілді	Алынғандар саны	Жіберілгендер саны
	Жоғарғы ұйымдастырушылық мекемелер	46	34
	Жергілікті ұйымдастырушылық мекемелер	119	120
	РК(б)П –ның аудандық комитеттері	43	73
	Ұяшықтар	8	2
	Әртүрлі адамдар мен мекемелер	57	136
	Барлығы	253	366

Кестеден көрініп тұрған, мұндай мазмұндағы есептік материалды дерек ретінде пайдалануда міндетті түрде қосымша құжаттар қажет. Өйткені, ең алдымен, бұл есепте қандай ұйымдармен байланыс орнағандығы мен кіріс-шығыс қағаздардың саны анық көрсетілгенмен, оның өзі де жалпылама, қағаз алысып жүрген ұйымдардың аттары да нақты берілмеген. Тіптен қандай мәселелер аймағындағы мәліметтер екенін де нақты біле алмаймыз. Осы уақыт аралығына губкомның ұйымдастырушылық-нұсқаулық бөлімінің баяндамасы бойынша: «Президиумның төрт отырысы болып, 26 мәселе қаралды. Оның 9-ұйымдастырушылық-партиялық, 3 - ұйымдастырушылық-кеңестік сипатта, 1-обком директивасы бойынша, 11-тағайындауға байланысты, 2- шаруашылық мәселелерді қамтыған» [236, 106 п.]. Бұл жерде де қарастырылған мәселелердің жалпы бағыты көрсетілгенмен, нақты аттары аталмаған. Яғни бұл жерде де мәліметтің толықтығы мен шынайылығын анықтауда деректанулық талдаудың басты қағидаларының бірі - басқа құжаттармен салыстыра және толықтыра отырып жұмыс істеу қажеттігі туындайды.

Орынбор губерниялық комитетінің 1922 жылдың сәуір айында партиялық құрылыс бойынша атқарылған іс-шаралары туралы есептік баяндамасы жоғарыда қарастырылған есептік мәліметтерге қарағанда біршама ашылған түрде берілген. Онда, губкомның укоммен ұйымдастырушылық байланысы, кеңестік құрылыс аясындағы партия қызметі, ұяларға басшылық ету туралы мәліметтер мен жалпы мәліметтер қамтылған. Есептік баяндама мәтінінде тек қана: «губкомның укомдармен ұйымдастырушылық байланысы нұсқаулар беру, циркулярлар түсіру, сесптер, хаттамалар талап ету сияқты хат-қағаз байланысы болды; губком бюроларының қызметкерлері жұмыстың көптігінен және адам қолы жетіспегендіктен жер-жерлерге шыға алмады; аудан хатшыларымен бір кеңес, екі аудандық, бір қалааралық жиналыс өтті; үлгі боларлық уездік комитет жоқ, қанағаттанарлыққа бәрі жатады» [237] -деген сияқты мәселелер ғана қамтылған. Ал, бұл мәліметтер басқарушы ұйым

тарапынан түскен нұсқауларға сәйкес атқарылып жатқан істердің нәтижелері мен қорытындыларын, партия идеясын сіңіру мен кеңестік құрылысты жандандыру шараларын талдауда қажет мәлімет бере алмайды.

Есептерде берілген мәліметтер бойынша аталмыш мәселелердің қандай деңгейде шешілгендігін талдай алуымыз қажет. Дегенмен, көптеген есептерде, күн тәртібінде көтерілген мәселелердің сандары ғана көрсетілген. Мысалы, Пленум мен президиум отырыстарында талқыланған мәселелер [238].

Кесте 5 - Пленум мен президиум отырыстарында талқыланған мәселелер

Партиялық құрылыс	Қаңтар		Ақпан		Наурыз		Барлығы	
	Пленум	Президиум	Пленум	Президиум	Пленум	Президиум	Пленум	Президиум
Ауыстырулар мен тағайындаулар	11	7	10	3		7	25	27
Жанжалдар	3	1		3		4	11	8
Ұлттық мәселе	3	1		1		-	4	2
Тындалған баяндамалар	-	-		-		2	7	2
Ұйымдастырушылық	1	1		2		4	6	7
Әртүрлі	4	10		11		10	17	20
Барлығы	22	20	2	20	5	37	70	66

Кестедегідей, істің барысын тексерудің өзі, әрине, ненің орындалып, ненің орындалмағанын техникалық тұрғыдан тіркеп қоюмен шектелмейтіні анық. Абзалы, жүзеге асырылған шаралардың нәтижелері мен қандай жағдайларда орындалғанын есепке алуды, белгілі бір тапсырмалардың өзгертілген не орындалмай қалған себептерін ашуды, тапсырмалардың орындалмағаны үшін ұйымдар мен адамдардың кінәлілігі мен жауаптылығының шамасын анықтауды көздеу керек [101, 104 п.]. Дегенмен, сандық көрсеткіштерді талдау негізінде қорытындылар шығарылып, одан ары қарайғы істелінер іс жоспарланары анық.

Ал, енді көптеген есептік материалдардың ішкі мазмұнына, ондағы келтірілген мәліметтердің өзіне келер болсақ, деректік маңызға ие құнды құжаттар сараланары анық.

Партиялық және жалпы өмірдің ұйымдастырылуын зерттеудің және ондағы жағдайлардың заңдылығы мен байланыстылығын анықтаудың ең басты құралы – алынған материалды статистикалық тұрғыдан өңдеу болып табылады. Бұл тұрғыдан, біріншіден, жергілікті жерлерден келіп түскен мәліметтердің мезгілінде және толық түсіп тұруына тынымсыз бақылау жасау, екіншіден, оларды жүйелі түрде жинақтап, зерттеп отыру қажет және үшіншіден жалпы есептер мен ақпараттардан ұйымның жұмысы мен өмірінің негізгі жағдайларын сипаттайтын цифрлы жалпы сипаттағы мәліметтерді жүйелеп іріктеп алып отыру жұмыстарының маңызы зор. Осындай статистикалық талдау нәтижесінде партия: «партиялық комитеттердің ішкі партиялық, сондай-ақ жалпы жұмыс жөніндегі тапсырмалардың орындалуын

тексеру бүкіл Қазақстан бойынша тек бастама түрінде қалып отыр» [106] -деп баға берген. Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолы құжаттарда былайша көрсетіледі: «Олай деуге себеп есептік материалдардың партияның басшы ұйымдарына дәл уақытында жіберілмейтіндігі.

Істің орындалуын тексерудің ненің орындалып, ненің орындалмағанын техникалық тұрғыдан тіркеп қоюмен шектелмейтіндігі анық. Ол арқылы жүзеге асырылған шаралардың нәтижелері мен қандай жағдайларда орындалғанын есепке алу, белгілі бір тапсырмалардың өзгертілген не орындалмай қалған себептерін ашу, олардың орындалмағаны үшін ұйымдар мен адамдардың жауапкершілігінің шамасын анықтау – басты міндет.

Көріп отырғанымыздай, партия өз саясатын жүзеге асыруда бұқара арасындағы жұмыспен неғұрлым тығыз байланысты уездік, болыстық және ұялық ұйымдар мен мекемелерге көп көңіл бөлген. Себебі партия саясатының сапалы дәрежеде таралуы осылардың есебінен жүргізіліп тұрған. Істің орындалуын тексеру барысында – қайсібір жеке тапсырманың орындалуы жоғарыдан төменге дейін барлық инстанциялар бойынша бақыланып отырған. Осындай берік аппараттың болуы елде әміршіл-әкімшіл жүйенің тамырлай түсуіне себеп болды. Әсіресе көңіл қалың бұқараға көбірек бөлінген. Оған: «Шаруалар мен мал өсірушілердің қалың бұқарасы арасында коммунистік жұмысты жолға қойып, күшейтуге қол жеткізілсін, ұйымның жауапты құрамы жергілікті жерлерді тікелей аралаған кезде олармен жоспарлы түрде қарым-қатынас жасап, партияда жоқтардың бірқатар конференцияларын өткізсін, көптеген ұялық ұйымдарда байқалып отырған томаға тұйықталушылық пен оқшауланушылық жағдайлары жойылсын» - деген РК(б)П қазақ облыстық комитетінің кеңейтілген пленумының қарары дәлел [239].

Құжаттардың келесі тобын – жабық хаттар құрайды. Жабық хаттар 1922 жылдың 18 қаңтарында жарияланған №1902/с циркулярда бекітілгеніне қарай құпия түрде айына бір рет төменгі партия ұымдарының хатшыларымен орталыққа жіберіліп отырған [152, 27 п.]. Хаттардың қатаң объективті, партия өмірінің маңызды жақтарын толық қамтуы маңызды шарттардың бірі екенін ескере отырып, ОК жабық хаттарда қамтылуы тиіс мәселелерді белгілеп берген. Олардың негізін: 1) бір айдың ішіндегі губернияның шаруашылық өмірдің (егіс жайы, негізгі өнеркәсіптер жағдай, транспорт мәселесі, жергілікті салықтардың жайы) маңызды жақтары; 2) жұмысшылар мен шаруалардың көңіл-күйлері; 3) бізге жау партиялар (олардың қоғамға әсері, жұмыс істеу әдістер); 4) кеңестік аппараттың жұмысы мен жағдайы; 5) партия ұйымдарының өмірі, соның ішінде, партия қызметкерлерін алаңдататын мәселелер. Аса маңызды шешімдер, партия ықпалының өсуі, әртүрлі шаралардың жүзеге асуы сияқты мәселелер легі қалаған [152, 27 п.].

Губерния не облыстың ерекшелігіне қарай, аталған мәселелердің маңыздысы бірінші орынға қойылған. Жабық хаттардағы мәліметтер басқа мәлімдемелік есептердегі мәліметтерге қарағанда, қысқа мәнді, мазмұнды болуы шарт болған. Бүкілқазақтық үшінші конференция барысында да: «Укомдар мен волкомдар хатшыларының не облыстық ұйымдастырушылардың ең жақын жоғары партия ұйымдарының хатшыларына ай сайын жабық хаттар

жазып тұруын барлық жерде енгізетін мезгіл жеткен сияқты»- деп баса көрсетеді [101].

«Өте құпия» деген айдармен ОК хатшысы мен Қыробком хатшысына бағытталған жабық хаттың бірінің мәтініне талдау жасар болсақ, онда шаруашылық жағдайына байланысты: «1922 жылдың азық-түлік салығының қорытындысы қанағаттанарлық.... Дегенмен, азық-түлік салығын жинауда біраз түсініспеушіліктер орын алды және ол халықтың көңіл-күйіне әсер етпей қоймады. Ол қателік –алғашқы тізімнің дұрыс жасалмауына байланысты қосымша салықтың жиналуы. Осының зардабын тартқан қарапайым халық ызалы [240]» -делінсе, одан ары партия ұйымының жағдайы туралы: «партия ұйымының да жағдайы жаман болмаса жақсы емес, Губернияда үш жүзжей ғана партия мүшесі бар. Олардың өзі саяси сауатсыз, мәдени деңгейі өте төмен. Бәрінен де сори сол, бүкіл губернияда партия стажы бар бір-ақ адам. Сондықтан да жауапты қызметкерлер пленкасы өте жұқа, тіпті үзілім кету үстінде» [240, 36-39 п.] -деп партияның мүшкіл халін ашық көрсетеді. Әдеттегі есептерде, партия іс-шараларының тек оң жақтары мен жетістіктері ғана айтылса, жабық хаттарда партия кемшіліктерін де көрсетуге талпыныс жасалған. Жабық хаттың бұл ерекшелігі оның құжат ретіндегі деректік маңызын арттырады анық. Сондықтан да, жабық хаттарды дерек ретінде пайдалануда өзіндік ерекшелігінен шыға отырып талдаған дұрыс. Дерек ретінде жабық хаттар, басқа есептік мәліметтерде кездесе бермейтін тың мәліметтерді талдауға мүмкіндік туғызады.

Бөкей губерниялық комитеті хатшысының «жұмысшылар мен шаруалардың көңіл-күйі туралы» жазған хатында: «Губернияның кедей тұрғындары Қазақ төңкерісінің жеңістеріне әлі үйренген жоқ. Бұның себебі, біріншіден тұрғындардың сауатсыздығы мен қараңғылығы болса, екіншіден, ауылға коммунистік ықпалдың жетіспеушілігінен. Кулактар мен байлар күшейіп кедейлер одан ары кедейлену үстінде» [240, 39п.] -деп партия жағдайы мен қарапайым халықтың мүшкіл халін ашық суреттеген. Ырғыз уездік комитеті хатшысының Ақтөбе губерниялық комитеті хатшысының жеке өзіне жазған құпия және жедел №6 жабық хатында да: «... 2. Шарасыз экономикалық жағдайға байланысты жергілікті тұрғындар қажыған. 3. Байлар өз жұмыстарын тоқтатпай, болыстық және ауылдық атқарушылық комитеттерін сайлауда. Сонымен бірге, соңғы кезде, халықты діни мекемелер-діни мұсылмандық басқару арқылы қолдарына алу орын алып жүр. 4. Кеңестік аппараттар әлсіз, тіпті әлі 90%-ға әлсіз. Жергілікті жұмысшылар да шарасыз, соған қарамастан шетінен мансапқорлықпен, ұлтшылдықпен ауырады. Сырттан келген аз ғана коммунистердің өздері, жергілікті халықтың тілі мен дәстүрін білмейтін орыстар» [241] -деп саяси ахуалды нашар етіп суреттеген. Осы іспетес жабық хаттар мәтініне тоқталып отырған себебіміз, есептік материалдарды дерек ретінде пайдалануда жабық хаттар формасындағы да есептік материалдармен салыстыра отырып пайдалану қажет екендігіне назар аудару.

Барлық укомдар мен райкомдарға бағытталған құжатқа сүйенсек: «мәліметтік жұмысты жақсартып, партиялық есеп беруді дұрыс жолға қою мақсатында РК(б)П ОК екі айлық есеп берудің орнына үш айлық мәлімдемелік

есеп беруді бекітеді (1 қаңтар, 1 сәуір, 1 шілде, 1 қазан). Сондықтан да, есептер мәлімдемелік бөлімге әр айдың 5-10 жұлдызынан ары аспай түсіп тұруы қажет. Ал, осы екі аралықта партия ұйымдарының жұмысын қадағалап отыру үшін, ай сайын түсіп тұратын хатшылардың жабық хаттары сақталуы қажет [242] –деп тапқан, яғни жабық хаттар есептік мәліметтердің ажырамас бір түрі болған. Сондықтан, жабық хаттар да маңызды деректік құжаттардың бірін құрайды.

Партияның бастауыш ұйымдары құжаттары қатарында, жоғарыдан келген нұсқаулардың жүзеге асу жолдарын, қорытындыларын, барысын қамтыған материалдар басым. Әсіресе жергілікті ұйымдар мен жекелеген адамдар арасындағы өзара алмасқан хаттардың (переписка) алар орны ерекше. Басқарушы ұйым құжаттарының тағы бір түріне хаталмасулар жатады. Хаталмасулар бастауыш партия ұйымдарының немесе орталықтың жергілікті партия мекемелеріне бағыттаған хаттарынан және керісінше жергілікті партия ұйымдарының басшы ұйымдарымен хаттамасуынан тұрады.

Өзара хат алмасулардан ұйым не жеке адамның қоғамдық мақсат-мүдделерін, жеке көзқарастарын да байқауға болады. Дерек ретінде хат алмасулар тарихи қалдықтарға жатады және оларды дерек ретінде талдай отырып, тарихымыздың кеңестік дәуірінде кеңінен орын алған әкімшіл-әміршіл жүйе саясатының мәнін, мазмұнын, бағытын және жүйе үкім-нұсқауларының орындалу барысының қорытындыларын қадағалауға мүмкіндік аламыз. Басшы ұйымдармен өзара хаталмасулар ішіндегі РК(б)П ОК тарапынан келетін хаттар партия ұйымдарына, кеңестерге, еңбекшілерге партия саясатын түсіндіруге бағытталған партияның идеялық-саяси және ұйымдастырушылық жұмысының мәнін ашып көрсетсе, жергілікті партия ұйымдарының, жұмысшылардың хаттары-түпкілікті мәселелерді шешудегі партия ұйымдарының қызметін талдауға мүмкіндік береді. Орталықтың жергілікті партия ұйымдарына жазған хаттарында негізінен коммунистік идеяның терең тамырлауына, пролетариат диктатурасының өмір сүруіне ненің зиян, қауіпті екендігі туралы мәліметтер мен қатар төменгі сатыда партия ісін жандандыратын ұяшықтар мен басқа да мекемелерге бағыт –бағдарлар да беріліп отырды. Осы мақсатта, ОК партия өмірінің барлық қырларын қамтитын арнайы нұсқаулар түсіріп, нұсқаулардың орындалуы туралы есептердің нәтижесінде әміршіл-әкімшіл жолмен партия идеяларын тереңдетудің жолдарын ойластырды.

Ал, жергілікті мекемелердің басқарушы ұйымға бағытталған хаттары халықтың коммунистік партияға деген, оның саясатына деген көзқарасына байланысты маңызды мәліметтер береді. Мысалы, Орталық өз кезегінде партия туралы: «Біздің ОК қолы мемлекеттің рулін іскерлікпен билеп отыр» [243] - десе, әр жерлерден оған жауап ретінде: «Партиялық тәртіп пен партия беделінің коммунистер алдында ғана емес, еңбекші халық, ең алдымен жұмысшылар алдында күшейгенін, артқанын үлкен қанағаттанарлық сезіммен айтуға болады» [244] - деген секілді хаттар да келіп тұрған. Сонымен бірге, көпшілік халықтың партия саясатына деген көзқарасын да байқауға болатын келесі хаттағы: «Біздің болыстық тұрғындарының басым бөлігі партия жағында және буржуазияға қарсы» [245] деген жолдар да, партия саясатының күткен нәтижеге қол жеткізгенін байқатады. Осы орайда, басшы ұйымдармен

жергілікті мекемелер арасындағы хат алмасуларды мәселенің деректік негізін қарастыруда назардан тыс қалдыруға болмайды.

Қорыта келгенде, бастауыш партия ұйымдары құжаттарына 1920-1925 жылдар аралығында қазақ жерінде әміршіл-әкімшіл басқару жүйесінің қалыптасу мен орнығуын мәселесін ашуға көмектесетін төмендегідей құжат түрлері жатады:

–коммунистік партия нұсқауларының орындалған не орындалмағандығы туралы анықтамалар;

–партия қызметкерлерінің отырыстары мен семинарларының хаттамалары;

– атқарылып жатқан іс-шаралардың есебі;

–жергілікті нұсқаушылардың мәлімдемелері;

–басшы партия ұйымдарымен хаталмасулар;

–жабық хаттар;

–тексеру, бақылау нәтижелері

–есептік материалдар

Аталмыш құжаттар сипаты жағынан есептік-мәлімдемелік құжаттар қатарына жатқызылады. Оларға деректанулық талдау жасау барысында жергілікті партия мекемелерінің Кеңестік өкіметті құруда, Қазақстанда партия өмірін жандандыруда, коммунистік партияның басты тірегіне айналғандығын көруге болады. Төменгі партия ұйымдары құжаттарының мазмұны ХХ ғасырдың басындағы Қазақстан тарихында орын алған саяси, экономикалық, әлеуметтік, мәдени ахуалды тың мәліметтер негізінде жаңа тұрғыдан зерттеуге мүмкіндігін туғызады. Дегенмен, аталмыш құжаттардың қатарындағы есептік материалдарды ғылыми айналымға енгізуде оларды басқа дерек түрлерімен салыстыра отырып, шынайылық деңгейіне баса назар аудару қажет.

2.5 Партия қызметкерлері шығармалары мен естеліктерінің дерек ретіндегі алатын орны мен ерекшеліктері

Қазақстан тарихында Кеңес үкіметінің саясатын зерттеудегі маңызды деректердің келесі кешенін партия қызметкерлері естеліктері мен шығармалары құрайды. Бұл құжаттар легіне партия қызметкерлерінің хаттары, күнделіктері, естеліктері, басқару ұйымдарына жіберген өтініштері және т.б жатады. Соның ішінде біздің баса назар аударатынымыз естеліктер.

Естеліктер – аса айқын баяндаушы құжат болып табылады [246]. Естеліктерді дерек ретінде қарастыру барысында арнайы құжаттарда кездеспейтін тың материалдарды талдауға мүмкіндік аламыз. Автордың өзіндік ой-пікірінен, көзқарастарынан, жеке дара қасиетінен, ұстанған позициясынан шыға отырып саяси-экономикалық, әлеуметтік, қоғамдық мәселелерді шешудегі биліктің рөлін, ықпалын айқындауға болады. Тек естеліктер ғана өз дәуірінің жалпы жағдайын, «рухы» мен «иісін» айнытпай жеткізе алатындығы бірқатар тарихшылармен мойындалған [247-249]. Деректің бұл түрі ішкі формасымен, құрылымымен, материалды ұйымдастыру сипатымен даралана алады. Сайып келгенде кез-келген құжаттың құндылығы өзінің бойына қаншалықты көлемді, шынайы, бағалы мәлімет жинағандығымен айқындалады. Естеліктердің дерек ретіндегі маңызы, біріншіден, олар басқа деректерден

алған мәліметтерімізді толықтырады, кейде тіпті тың мәліметтер береді. Қай жағдайда болса да ондағы мәліметтер жаңашылдығымен тиімді. Екіншіден, суреттеп отырған оқиғаны көзбен көргендей қылып елестетеді, сол кезеңнің колоритін, партия қызметі мен оның ұйымдастырылуы жағдайын дәл көрсетіп береді. Автор, өз естеліктерінде шартты құжатқа және іс жүргізуге тәуелсіз болғандықтан, өз бойындағы байқағыштық, көрегендік қасиеттерінен шыға отырып, адамдардың мінездерін, жағдайдың шиеленісуін, өз іс-шараларының мотивін анық көрсете алады. Үшіншіден, естеліктерде жабық мәліметтер де кездесуі және естелік жазушының ғана емес, сонымен бірге уақыттың да қоғамдық көзқарастарын білдіруі мүмкін. Мұнда «әлеуметтік жады» [3, 197 п.] пайдаланылуы мүмкін. Оның қоғамдық сана-сезім формасы ретінде автор өмір сүрген дәуірдің ерекшелігін бойына сіңіретіндігі объективті шартты.

Мемуарларды кеңестік қоғам тарихының дерегі ретінде зерттеген ғалым В.С. Голубцов: «естеліктер өткенді есте қалған жәйттер негізінде баяндайды» [246, 36-37 б.] - дей келе оның басты дерек көзі – ес екенін баса айтады. Оның ойынша, «ес – адамның сыртқы әлеммен күрделі байланысының жемісі. Онда адамның шындықты жеке дара қабылдауы сақталады. Еске сай естелікте өте маңызды төтенше тарихи фактілер берілуі мүмкін. Адам есінде сақталатын мәліметтер болған оқиғаның «иероглифтері» де, «символдары» да емес, ол адам санасындағы шынайы фактілердің жиналуы. Естеліктердің сол фактілер негізінде жазылатындығынан естеліктің өзіне тән ерекшелігін айқындауға болады» [246, 37 б.].

Естеліктер негізінен араға жылдар салып барып жазылуы мүмкіндігін ескерсек естегі оқиғаның кейбір нақты фактілері, мысалы: жылы, күні, уақыты, қатысқан адамдардың саны, аты-жөні, сол кездегі қызметі және тағы басқа сияқты маңызды мәліметтер уақыт өткен сайын ұмытыла бастайды. Сонымен бірге, ес адамның ақыл-ой жұмысынан және өмірлік тәжірибиесінен асып кете алмайды. Естелікте кез-келген оқиғаның есте сақталу дәрежесі негізінде жазылады. Тіпті ескі оқиғалар жаңа оқиғалардың көлеңкесінде қалып қояды. Автор тарихи фактілерді зерттеуді алдына мақсат етпегенімен де, кейбір жағдайда қосымша деректерді де пайдалануына тура келеді.

Естеліктердің дерек ретіндегі өзіндік ерекшеліктерінен шыға отырып, оларды дерек ретінде пайдалану барысында бірқатар шарттарды ескерген жөн. Ең алдымен маңыздысы - объективтілік және субъективтілік дәрежесі. Автордың баяндап отырған оқиғаға қатысты көзқарастары негізінде қалыптасатын естеліктердің басқа құжаттармен салыстырғанда субъективтілігі әлдеқайда басым екендігі айқын. Естелік - өткеннің оқиғаларын қалтқысыз баяндау ғана емес, бұл ақтау да, жала жабу да және жеке тұлғаның ойлары. Бұл естеліктің кемшілігі емес, керісінше оның ерекшелігі. Естелік жазушының қаншалықты ағынан жарылғандығы, оның әсерлерінің толықтығы мен шынайылығы біріншіден, қай дәуірде жазылғандығына, екіншіден, қай кезеңде жарық көргендігіне де байланысты. Сонымен қатар естелік объектісіне де көңіл бөлу қажет: оқиға ма немесе жеке тұлға ма?. Естелік жазушы көп жағдайда оқиғадағы жеке басының ролін, оқиғаның өзіне қаншалықты қатысты екендігін көрсетуге тырысады.

Естеліктерді сыни талдаудың маңызды мәселелерінің бірі - авторлық мәселесі, яғни, оқиғаны мәлімдеуші автордың өзі. Естеліктегі мәліметтер автордың қатыстылығы тарапынан жазылатындықтан, автордың жеке басын зерттеуге де үлкен мән беру керек. Себебі, автордың баяндап отырған оқиғадағы өзінің алатын орны мен оқиғаға қатыстылығы, қызметі естелікке әсер етпей қоймайды. М.Н.Черноморский, естелік авторы туралы мәселені қарастыруда, біріншіден, автордың идеялық позициясымен оның көзқарасын айқындауды, екіншіден, автор өскен әлеуметтік ортаны, үшіншіден, оқиғаны қаншалықты білетіндігін, оқиғаға қатыстылығын, оқиға барысындағы орнын немесе қызметін анықтау қажеттігін баса көрсетеді [250].

Автор естелік жазу барысында алдына әртүрлі мақсат қоюы мүмкін. Мысалы, ол өзі туралы, басқалар туралы жазуы мүмкін. Немесе өзі өмір сүрген қоғам талабынан шыға отырып белгілі бір оқиғаны талдауы мүмкін. Мысалы, «1921-1924жж. Алма-атылық және қалалық комсомол ұйымы жұмысының онды жақтары туралы» [251] естелікті алар болсақ, біріншіден, «естелікті дайындаған және жазған Л.М. Каюшин» - деп ресми көрсетілгеніне қарағанда, автор бұл естелікті партияның бұйрығымен немесе біреудің өтінішімен жазған болу керек деп тұжырымдауға болады. Оған идеялық-саяси тәрбиені негізге алған естелік мазмұнының өзі де дәлел бола алады. Онда: «комсомол ұяшықтары қызметіндегі негіздердің негізі - коммунистік тәрбие. Саяси тәрбиенің тақырыбы мен мазмұнын уақыт талабына сәйкес таңдадық» - дей келе, одан ары: «тәрбиенің негізгі тірегі - әрбір комсомол үшін міндетті, аптасына екі рет, екі сағаттан өтетін саяси үйірмелердегі сабақтар болды»- деп, өз жұмыстарының нәтижесі туралы: «осы ұйымнан дайындалып шыңдалған комсомол жастар нағыз кеңестік адамдар, еліміздің саналы азаматтары болып шықты» – дейді. Екіншіден, жазылғандардың барлығы естеліктен гөрі үгіт - насихаттық сипаттағы мәлімдемеге жақынырақ. Мұнда автордың өзіндік көрген - білгені сарапталмаған, естелік ретінде жазылмаған.

Қорыта келгенде, естеліктердің авторын анықтау маңызды да жан –жақты кең мәселе екендігіне көз жеткіземіз.

Естелікті тарихи дерек ретінде талдау барысында назар аударатын келесі мәселе - естеліктің жазылған уақытын есепке алу. Ол өз кезегінде тарихшыға естеліктегі мәліметтерді, сол уақыттағы басқа мәліметермен салыстыра отырып талдауына мүмкіндік береді. Сонымен бірге, оқиға болған уақытпен естелік жазылған уақыт аралығындағы кезең де қамтылуы мүмкін. Егер естелік оқиғадан кейін жақын арада жазылған болса, автор сол оқиғаға қатысы бар адамдардың көздері тірі екендігімен санаспауына болмайтындығы әрине даусыз [252]. Мұндай жағдайда автор, өзін-өзі тексеріп, өз естелігінің бұрмаланбауын қатаң қадағалап, естігенін, көргенін, өзі куәсі болған жәйттерді жазады.

Естеліктердің жазылған уақыты мен тарихи жағдайын анықтаудан, естеліктерді деректану тұрғысынан талдаудың келесі мәселесі – естелікті жазудағы мақсаты мен міндетін, себебін анықтау мәселесі туындайды. Бұл мәселенің маңыздылығы, естеліктің сипаты мен ондағы оқиғаның баяндалуы - естелікті жазу барысындағы мақсат пен себепті анықтаудан шығатындығымен

түсіндіреді.

Естеліктерді дерек ретінде талдау барысында оның қай формада жазылғандығына да көңіл бөлу қажет. Бұл кезекте естелікті деректік тұрғыдан талдауда сыныптау мәселесі туындайды. Әдетте естеліктерді дәуіріне, оқиғаға қатыстылығы дәрежесінен шыға отырып топтастырады.

М.А. Варшавчик естеліктерге қатысты сыныптаудың арнайы формасын қалыптастыру мүмкін еместігін, соған қарамастан оларды әртүрлі деңгейде топтастыруға болатындығын айтады [3, 198 б.]. Мысалы, естеліктер оларға негіз болған деректеріне қарай да әртүрлі болуы мүмкін. Қайсыбірі есте қалғандар бойынша жазылса, екінші бірі автордың оқиға қатысты жазып алған мәліметтері негізінде жазылады. Көптеген естеліктер құжаттарға да сүйеніп жазылуы мүмкін. Кейбір естеліктер әдеби жағынан көркемделіп, автор өз естелігін әсерлі ету мақсатымен оқиғаларды ойдан шығарған диалогтармен немесе т.б. толықтыра бастайды. Мұндай жағдайда әрине, естелік өзінің деректік қасиетінен айрылады. Себебі шынайылық деңгейі төмендейді.

Алайда, біз қарастырып отырып кезеңге қатысты естеліктердің көлемі өте аз. «Социалистік дәуірде, жеке басқа табыну заманында азаматтар естелік айтудың қауіпті екенін түсінді. Мемуарды тек партизандар, Отан соғысының қаһармандары ғана жазатын болғандығы да өмір шындығы екендігі рас» деп бағалаған өз еңбегінде М.Қ. Қозыбаев [253]. Соған қарамастан, 1920-25 жылдар оқиғасына қатысты естеліктерден кеңес өкіметі орнауының фактілерін, сипатын, большевиктердің алдына қойған мақсат-міндеттерін талдауға, коммунистік партияның жүргізген саясатының мәнін ашуға мүмкіндік аламыз.

Мысалы, авторы белгісіз мына бір естелікке сүйенсек, онда: «Лениннің қабылдауында болғандағы есімде қалғаны: партия мен Кеңес өкіметінің қазіргі жағдайда совет шығыс еңбекші халқының ескі әдет-ғұрып және дін жағындағы мәселелерге өте мұқият, жіті қарауды керек қылады. Қазіргі алда тұрған міндеттер кеңес өкіметін осы шығыс халқының алдында қадірлі етіп көрсету, олардың алдында орыс жұмыскерлерінің беделін көтеріп олардың арасында шыдамды түрде барлық мүмкіндіктерді пайдаланып, олардың мәдени, саяси сезімдерін жоғарылату» [254]- делінеді. Көріп отырғанымыздай, партия ел саясатын өз беделі тұрғысынан ғана шешіп, басқарудың әміршіл-әкімшіл формасын тереңдете енгізіп, оның қаншалықты оң саясат екенін көпшілік арасына сіңіре отырып, саналы түрде жеткендігі мәлім.

Сонымен қатар, 1921-25 жылдарды, жаңа шаруашылық саясатының негізінде халық шаруашылығын қалпына келтіру дәуірі - деп сенген коммунистер өздерінің оң іс атқарып жүргендеріне еш күмәні болмаған. Мысалы келесі бір естеліктен: «осының бәрі Кеңес өкіметі мен Лениндік партияның ұстанып отырған айқын бағытының, дәйекті сыртқы саясатының, аса зор еңбегінің жемісі» [255] - деп кеңес саясатына үлкен сенім артқандығын көреміз.

Жастар өздерінің партия жұмысына тартылғандарын мақтан тұтқан. Мысалы, «Менің жасым 22 жаста» деп басталған естеліктің бірінде: «бірінші тұңғыш жұмысым осы партияның тарихи қаулыларын жүзеге асырумен басталды. Қазақстанда, соның ішінде бұрынғы Бөкей губерниясында X съездің

қаулылары негізінде 1921 жылы жазғы егіспен, жер-суды бай-кулак қолдарынан кедей – батрақ шаруалардың қолдарына тартып алып берумен басталғандығын» үлкен мақтанышпен, қуана жеткізеді. Бұл жолдардан тек мақтаныш сезімін ғана емес, 1921 жылы жер-су реформасының басталғанын және оның мәнін көреміз. Осы реформаға қатысты мәліметтерді ХҚК бірінші хатшысы болған Радус-Зеньковичтің естеліктерінен кездестіруге болады. Онда: «В.И. Лениннің бұйрығымен ОАК мен ҚазССР халық комиссарлар кеңесі Қазақстан өмірінде маңызды роль атқарған ірі екі реформа жүргізді. 1921 жылы 2 ақпанда ҚазССР ОАК, патша өкіметі «дворяндар мен капиталистерге бөліп берген жерлерді қазақ еңбекшілеріне қайтару» туралы декрет қабылдады. Осы жылы 19 сәуірде қазақ еңбекші халқына патша өкіметімен жеке меншікке тартылып алынған жерлерді қайтару» туралы да декрет қабылданды. Осының негізінде еңбекші қазақтар бірнеше миллион гектар құнарлы, шөбі шүйгін жерлерге ие болды. Мындаған шаруашылықтар кулактар мен байларға тәуелділіктен босады» [256] - делінген.

Қорыта айтқанда, тоталитарлық жүйе қалыптасып, орныққан 1920-1925 жж. аралығында экономикалық, саяси, әлеуметтік, қоғамдық қатынастар тарихына қатысты бар деген естеліктердің барлығы бір сарында – коммунистік партия саясатын мақтау, насихаттау сарынында жазылғандығына көз жеткіземіз. Соған қарамастан, өзіміз қарастырып отырған тарихи кезеңге қатысты естеліктер басқа деректерде көрініс таппаған көптеген фактілерді беруі, оқиғаға қатысты шешілмей тұрған мәселені зерттеуде шешуші роль атқаруы мүмкін екендігін жоққа шығаруға болмайды.

Естеліктер немесе басқа да жеке басқа қатысты баяндаушы деректерді тарихи зерттеу тұрғысынан пайдаланудың басты шарты- барлық әдіс-тәсілдерді пайдалана отырып, деректерді басқа деректермен тексеру, ең алдымен құжаттармен. Автордың қателеспегендігіне, оның келтірген мәліметтерінің сын көтеретіндігіне, шындыққа жақын екендігіне көз жеткізу. Бір сөзбен айтқанда, мемуарлық әдебиетке сын көз керек, ондағы деректерді ой елегінен өткізіп, басқа деректермен салыстырып отыру керек [253, 42б.].

Академик Манаш Қозыбаев: «Ғұмырнама –негізінде өмірбаяннан құралған. Шындығында тарих - әрбір адамның, содан қалды қауымның, қоғамның тарихы, олардың ішінде ұлылардың өмір жолы» - деп көрсеткен [253, 39б.].

Дерек ретінде партия қызметкерлері шығармаларының алатын орны мен маңызы өте зор. Себебі, тікелей билік тізгінін ұстап, қалыптасқан идеологияны ел арасына сіңіру жолында еңбек етіп отырған басшы, саяси немесе мемлекеттік қызметкер – кеңестік үкімет билігінің орнауы мен нығаюының басты тетігі болып табылады. Тура солай, әміршіл-әкімшіл жүйенің орнауы мен нығаюы жолында еңбек еткен партия қызметкерлерінің де шығармаларын назардан тыс қалдыруға болмайды. Бұл типтегі құжаттық мәліметтердің субъективтілігі басым болары хақ. Өйткені, партия қызметкері партия тарапынан жүргізіліп отырған саяси, экономикалық, әлеуметтік бағыттағы өзгерістер мен енгізіліп отырған жаңа идеологияның түрткісі бола отырып, оған теріс не бұрыс баға беруі мүмкін. Дегенмен де, кейбір жағдайларда атқарылып

жатқан жұмыстарға сын пікірлердің айтылуы, қалыптасқан саяси ахуалдан объективті де мәлімет беруі мүмкін. Мұндай жағдайда оппозиция мен мемлекет басшылары бір оқиғаға қатысты екі түрлі қарама-қайшы мәлімет те беруі мүмкін.

Партия қызметкерлерінің шығармаларының маңызын анықтайтын факторлардың бірі ол шығарманы жазған автордың қандай лауазымдық қызметте отырғандығы. Партия қызметкерлерінің шығармалары қатарына автордың мінбеден сөйлеген сөздерін, конференция не басқа жиналыс барысындағы баянадамаларын да жатқызуға болады. Дегенмен, олардың алдыңғы қатарын партия көсемі болған В.И.Ленин еңбектері бастайтындығы анық. Партия көсемі өз еңбектерінде партияның коммунистік идеясының мақсат-міндетін. Тиімділігін және оны жүзеге асырудың жолдарын егжей-тегжейлі жазып кеткен болатын. Мысалы, «Ресейдегі саяси партиялар және пролетариаттың міндеттері» атты алғашқы еңбектерінің бірінде, әртүрлі партияларды талдай отырып, барлық пункт бойынша тек қана большевиктік партияның тиімді екенін дәлелдеп шығып: «Бар билік тек жұмысшы, солдат депутаттары кеңестерінің қолында болуы керек. Барлық үгіт-ансхатты, миллиондаған адамдарды ұйымдастыруды осы мақсатқа бағыттау керек» [257] - деп жазған. Тіпті, Ресейде Ленин еңбектерін жинақтаудың арнайы мектебі де жұмыс істеген.

Ал, енді мәселені Қазақстан көлемінде алар болсақ, біз Қазақстандағы партия ұйымдарына басшы болған, мүше болған қайраткерлердің еңбектерін талдау арқылы дерек қорын толықтыра аламыз. Олардың қатарында, Пестковский, Радус-Зенкович, Меңдешев, Арғынчиев, Айтиев және тағы басқалардың сөйлеген сөздері мен жазып қалдырған мәліметтерінің тарихи дерек ретіндегі маңызы зор. Қазақ жерінде құрылған алғашқы партия ұйымдарының бірі облыстық бюроны құру туралы шешім негізінде оның құрамына, қазақ территориясында партиялық жұмысты жандандыратын, құрамы жеті адам: Пестковский, Мырзағалиев, Әйтиев, Әлібеков (кіші), Арғынчиев, Авдеев, Жангельдиндерден тұратын ұйым –Облыстық бюро құрылғандығына жоғарыда тоқталған болатынбыз. Ал одан біраз бұрын, яғни 1919 жылы 10 шілдеде қазақ өлкесін басқару үшін революциялық комитет құрылған еді. С.С Пестковский. 1902 жылдан коммунистік партияға мүше болғандардың бірі. Ол, 1919-1920 жылдары сол Қырғыз революциялық комитетінің төрағасы, Қырғыз өлкелік Облыстық Бюро мүшесі болған. Ал, Радус-Зенкович В.А. партия қатарына 1898 жылы енген. Қырғыз революциялық комитетінің төрағасы қызметіне 1920жылдың тамызында тағайындалған, ал, 1920 жылдың қазан айынан ҚазАССР ХКК төрағасы және Қырбюро хатшысы қызметін атқарған.

Келесі қайраткер - 1919 жылы шілдеден РКФСР Кеңес халық комиссарлары жанындағы Әскери-революциялық комитеттің Қырғыз (Қазақ) өлкесін басқару ісінің мүшесі мен оның төрағасының орынбасары болып тағайындалған С. Меңдешев. 1920 жылы тамыздың 20-ында РКП(б) ОК С.Меңдешевті РКП(б) Қырғыз облыстық бюросының құрамына енгізді. 1920 жылы С.Меңдешев Орталық Атқару Комитетінің бірінші төрағасы болды. Ол

калыңмал, құн төлеуді жою, көп әйел алушылықты тыю жөніндегі декреттерді дайындауға күш-жігер жұмсады.

С.Меңдешев С.Сейфуллин және Ә.Жанкелдинмен бірге 1921 жылы Мәскеуде өткен РКП(б) ОК Бірінші мәжілісіне ұлттық республикалар мен облыстардың жауапты қызметкерлерімен бірге барды. Мәжілісте Шығыс халықтарының коммунистік ұйымдарының Орталық бюросы түркі халықтары арасындағы үгіт пен насихат Орталық бюросына айналдырылды. Оның құрамына Қазақстаннан С.Меңдешев сайланды. Сейтқали Меңдешев жаңа салықтық саясаттың негізін жасауда үлкен рөл атқарды. 1924 жылы республика үкіметінің құрамына жұмысшы қазақтарды тарту жөніндегі ұсыныстарды жасау үшін құрылған арнайы комиссияның жұмысына белсене қатысты.

Нақтырақ айтар болсақ, 1924 жылы 8 шілдеде болған РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің мәжілісінде Түркістан Республикасынан бөлініп Қазақ Республикасының құрамына кіретін қазақ аудандарын басқару және қабылдау тәртібі туралы және РК(б)П ОК Орта Азиялық бюросы жанындағы территориялық комиссияға өкілдер тағайындау туралы мәселелер қаралды. Осы мәселелер мәжілісте талқыланып мынадай қаулы қабылданды: «Орта Азия республикаларын межелу жөніндегі территориялық комиссияның құрамына Казаткомның төрағасы С.Меңдешев комиссия төрағасы, егін шаруашылығы халық комиссары Ә. Әлібеков, комиссия мүшелігіне кандидат Т. Жүргенов бекітілсін. Қазақтардың атынан ұсынылған С. Қожанов, Н. Сырғабеков, С. Есқараевтардың кандидатуралары да бекітілді. Мәжілісте Түркістан республикасынан бөлінетін қазақ аудандарын басқару және қазақ автономиясының құрамына қабылдау үшін құрамында С.Меңдешев, Ә. Әлібеков, С. Есқараев, Н. Сырғабеков және Т. Жүргенов бар революциялық комитет құрылды. Революциялық комитеттің төрағасы С. Меңдешев оның орынбасарлары болып Ә. Әлібеков және С. Есқараев тағайындалды. Ревкомның сайланған құрамына Революциялық комитет жөнінде ережені дайындап, ұсыну тапсырылды» [258].

Сонымен қатар, құжаттарға сүйене отырып, С. Меңдешевтің қазақ жерінің территориясы туралы мәселеде де өзін көрсете алғандығын байқаймыз. Орта Азия территорияларын ұлттық межелеуге байланысты РК(б)П ОК Орта Азиялық бюросы жанынан құрылған қазақстандық комиссияның атқарған жұмыстарының барысы 1924 жылы 26 тамыз күні болған РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің мәжілісінде тыңдалды. Сұлтанбек Қожанұлы бұл мәжіліске Орта Азия бюросының өкілі ретінде қатысады. Мәжілісте қазақстандық делегацияның басшысы Қазақ орталық атқару комитетінің төрағасы С. Меңдешев баяндама жасап, Қазақ автономиясына қосылғалы жатқан Сырдария мен Жетісу облыстарының шекараларын айқындау жұмыстары қиыншылықтармен жүргізіліп жатқандығына тоқталады. Атап айтқанда С. Меңдешев РК(б)П Қазақ облыстық комитетінің төралқа мүшелерін Орталық комитет саяси бюросының қаулысына сәйкес Орталық комитеттің өкілі және Орта Азия бюросының төрағасы Зеленскидің төрағалығымен әр ұлттан үш адамнан тұратын комиссия ұйымдастырылғандығын және бұл комиссиямен қатар экономикалық комиссия да ұйымдастырылғандығын

баяндай келіп, ұлттық территориялық межелеуді жүргізу жұмыстарындағы талас тудырып отырған жерлерге айрықша тоқталып өтеді [258, 110-112 п.].

Бірінші облыстық конференция тұсында Облыстық бюро хатшысы қызметінде отырған Мырзағалиев конференция барысында ұлт мәселесі туралы баяндама жасайды. Онда: «Қазақтардың билікке деген көзқарасын байқау керек. Қазақтардың әлі күнге дейін белгілі бір билік жүйесі жоқ. Ертерек уақыттарда оларды хандар басқарған. Олардың арасында саяси тәрбиелік жұмыс жүргізу мүлдем мүмкін емес, себебі, олар қыста жер үйлерге кіріп алып бір-бірімен хабар алыспайды, ал жазда кең даланың әр шетіне шашылып кетеді» - деген сияқты тұжырымдар айтады. Осы сарындағы көптеген материалдарды деректанулық тұрғыдан талдай отырып, автордың көзқарасынан, ұстанған саяси бағытынан ғана емес сонымен бірге, елдегі қалыптасқан ахуал, оған берілген баға жөнінде көптеген мәліметтер ала аламыз. Дегенмен естеліктер болсын, партия қызметкерлерінің шығармалары мәліметтері болсын, біз олардың субъективтілігінің басым екендігін ескере отырып, тікелей дерек көзі ретінде пайдалана алмаймыз. Сондықтан да, деректердің бұл түрін пайдалануда да салыстырмалы әдісті пайдалану қажеттігі туындайды. Сол арқылы ғана деректегі мәліметтердің шынайылық деңгейі анықталады.

Қорыта келгенде, Кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйенің қыры мен сырын ашуда, осы кезеңде тоталитарлық жүйенің орнауы барысында нақты қызметтер атқарған партия қызметкерлерінің, яғни авторлардың естеліктері мен шығармаларының да дерек ретінде алар орнының ерекше екендігі айқындалды.

Сонымен қатар, партия қызметкерлерінің шығармалары мен естеліктерін деректанулық тұрғыдан талдауда – аталмыш деректердің басты кемшілігі– субъективтілік деңгейінің басым екендігіне баса назар аудару қажет. Уақыт өте келе есте тек фактілер ғана қалады, ал қалғаны ұмытылады. Сол себепті, естеліктерді дерек ретінде пайдалануда, естелік авторларының өздері қатысып отырған оқиғаның шынайы мәні мен қыр-сырын білмеуі де мүмкін екендігін де ескеру қажет.

Дегенмен, естеліктерде берілген мәліметтерді басқа құжаттық деректермен салыстыра отырып, 1920-1925 жылдары орын алған тарихи оқиғалардың шынайы көрінісін ашуға қол жеткізуге және еліміздің тарихында орын алған қасіретті де келелі өзгерістерді өзіндік тұрғыдан бағалауға мүмкіндік бар.

Осыған орай, партия қызметкерлерінің естеліктері мен шығармаларын деректанулық тұрғыдан талдау әлі де тың тақырып ретінде жеке зерттеуді қажет етеді.

3 ШЫНАЙЫЛЫҚ ДӘРЕЖЕСІН АНЫҚТАУ МӘСЕЛЕСІНІҢ КҰЖАТТАРДА БЕЙНЕЛЕНУ ДЕҢГЕЙІ

3.1 Үгіт-насихат құжаттары және мерзімді басылымдар әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуы тарихының дерегі

Қазақстан көлемінде әміршіл-әкімшіл жүйе үстемдігін арттыруда, жергілікті жерлердегі партия мекемелерімен жұмысты жақсартуда, партия идеясын кеңінен таратуда, халық арасына сіндіруде арнайы үгіт-насихат бөлімдерінің алар орны маңызды болды. Үгіт-насихат жұмыстары халықтың санасына әсер етуде мерзімді басылымды басты құрал ретінде пайдаланды. Жалпы, мерзімді басылым - мерзімділігімен ерекшелене отырып, қоғамдық ойды ұйымдастыру, мемлекеттің идеологиялық ықпал етуін жүзеге асыру, экономикалық қажеттілікті қамтамасыз ету функциясын атқаратын тарихи дерек.

Қазақстанда жер-жерлерге орталықтан түскен нұсқаулардың басым бөлігі де үгіттеу жұмыстарын қамтыды. Осы негізде жұмыс істеген үгіт-насихат бөлімдерінің басты мақсаты – іс пен сөздің бірлігін қамтамасыз ету, Қазақстан халқын партиялық тұрғыдан тәрбиелеу, қазақ жерінде партия саясатын жүзеге асыру болды. Дегенмен, кеңестік тәжірибеге сүйенсек, істелінген іспен айтылған сөзде бірлік болмаған. «Коммунизм», «теңдік» дегеннің тек партияның ұраны ғана болғандығына бүгінде еш күмән жоқ.

Жалпы үгіт-насихат жұмыстары елімізде үгіт-насихат бөлімдері арқылы жүзеге асты. Үгіт-насихат бөлімі алғаш 1920 жылы 16 желтоқсанда құрылды. [259] Ал, 1921 жылдың бас кезінен бастап жер-жерлерде партия комитеттерінің үгіт-насихат бөлімдері жұмысы жандана бастады. Үгіт-насихатқа үлкен мән берген партия бұл бөлімнің құрамы жағына көп көңіл бөлді. Мысалы, «үгіт-насихат бөлімі қызметкерлері сипаты: партиялық стажы жағынан 1918 жылы - 40%, 1919 жылы - 50% болса, білімі жағынан-төменгі біліммен - 50%, орта біліммен - 30%, жоғарғы біліммен - 20%; ұлты жағынан: қазақтар- 40%, орыстар- 50%, басқалар-10%» [260].

Партия ұйымдары құрылымында арнайы бөлімшелердің құрылуы – идеялық-саяси жұмыстың тереңдеп енуіне ықпал етті. Осылайша партия көпшіліктің сана-сезімінің ерекшеліктерін, жер-жерлердегі жұмысшылардың көңіл-күйін, партияға деген көзқарастарын зерттеуге мүмкіндік алды. Сол арқылы көпшілікті коммунистік кескінге салып пішті. Бұл әрине, қоғамда демократия ұғымымен қатар жүріп сіндірілді. Ішкі партиялық демократия идеясы кең етек алғандығы жоғарыдан белгілі. Ішкі партиялық демократияны жүзеге асыру ең алдымен партиялық сана-сезімді, бірінші кезекте ұйымның белсенді тобының партиялық сана-сезімін, ішкі партиялық демократия принциптерін әрбір партия ұйымының күнбе-күнгі бүкіл жұмысында жүзеге асыру қажеттігі жағына жұмылдыруды көздейді. Өз саясатын «дұрыс» бағытта жүргізу үшін партия төмендегідей мақсат қойды: «Қазақстанда партиялық бұқарамен байланыс ісінде және оның кең талапкерлігін қамтамасыз ете отырып, партиялық және жалпы құрылысқа тарту ісінде партия органдарының тарапынан инициатива мен табандылық басқа жерлердің бәрінен көп болуы

керек. Ішкі партиялық және жалпы шаруашылық бағытты бұлжытпай жүзеге асыру негізінде партиялық күштерді топтастырудың, партиялық және жалпы жұмысты нығайтудың ең мәнді кезеңдерінің бірі-біріктіру принципі бойынша қайта құрылған Бақылау комиссиясы мен жергілікті насихат бөлімдерінің жұмыстарына жан-жақты көңіл бөліп барынша жәрдемдесу болып табылады» - дей келе: «Насихат және тәрбие жұмысын тиісінше тереңдету арқылы біздің партия ұйымдарында байқалып отырған ұсақ буржуазиялық ықпалдар мен идеологиялық ауытқуларға қарсы батыл күрес жүргізуі керек» [261] -деп көрсетеді. Сонымен қатар, «саяси тәрбие және үгіт-насихат жұмысын нақты жүргізу мақсатында, сондай-ақ онда партиялық басшылық элементтерін тереңдету мақсатында үгіт-насихат бөлімінің басшы құрамын, сондай-ақ насихатшылар мен лекторлардың негізгі кадрларын жергілікті жерлердегі партия құрылысының негізгі мәселелерін талдап шешуге, олардың тәжірбиесін есепке алып, пайдалану жөніндегі жұмысқа неғұрлым толық тартылуына жету қажет» [261, 28 п.] екендігі партия аппараты жұмысын жүргізуде басшылыққа алынды.

Үгіт-насихат жұмысы көпшілікпен байланыс көзі болғандықтан да «ҚазақАССР-індегі үгіт-насихат жұмысы және қазақ саяси-ағарту басқармасының міндеттері туралы» [262] сияқты қаулыларда арнайы қарастырылған. Онда басты міндеттерді: «Біздің партияның ҚазақАССР-ндегі кезекті міндеттерінің ішінен үгіт-насихат ұйымдарының жұмысына тікелей қатысы бар міндеттерден бірінші кезекте тұрғандары мыналар: біріншіден, шаруалардың, қазақтардың және казактардың таптық тұрғыдан жіктелуі және пролетариаттың таптық сана-сезімінің нығаюы; бұл орайда, әсіресе, қазақтардың арасында көп жұмыс жүргізуге тура келеді; екіншіден, ҚазақАССР-інде тұратын халықтардың арасындағы ұлттық антогонизмді жою; үшіншіден, Кеңес өкіметін, оның мәні мен шараларын халыққа түсіндіру арқылы нығайту; төртіншіден, көшпенді қазақтардың отырықшылық өмірге шапшаң көшуіне көмектесуге бағытталған шараларды тереңдету» [262, 28 п.] - деп тапқан. Сонымен қатар, қазақ халқының арасындағы жұмысты жандандыруда жергілікті тіл білетін мамандарға да сұраныс артқан. Ол туралы: «қазақ халқының арасында пролетариаттың саны қаншалықты аз болғанымен, алайда оның қазіргі бар кадрлары біздің үгіт-насихат және саяси-ағарту жұмысымыздың ең жақсы материалы әрі бастапқы негізі деп танылуға тиіс» [262, 29п.] -деп баса көрсеткен. Көріп отырғанымыздай, партия ұйымдастыру жұмысына көп назар бөлген.

Ұйымдастыру сипатындағы шараларымен бір мезгілде коммунистік сана-сезімді арттыру саласындағы жұмысты дамытуға да ерекше көңіл бөлінді. Бұл орайда партия төмендегідей шұғыл міндеттерді алға тартуды ұсынады. Ол ең алдымен, «партия мүшелері арасындағы техникалық және саяси сауатсыздықты жою» болса, екіншіден, «партия ішінде болсын және одан тысқары жерде болсын ұсақ буржуазиялық идеологияға қарсы белсенді күрес жүргізілсін және негізгі шарт ретінде өзін кемелдендіру жұмысы саласында партия бұқарасының өз талапкерлігін дамыту» [263] еді. Нақ осы коммунистік сана-сезімді қалыптастыру мақсатында коммунистердің тұрмысына ықпал жасауды

көздейтін бірқатар шаралар жүзеге асырылуға тиіс болды. Ол шаралар, жоғарыда өзіміз қарастырған нұсқаулар, циркулярлар, қаулы-қарарлар арқылы әміршіл-әкімшіл жолмен жүзеге асырылып отырды.

Жергілікті мекемелерге жіберілген циркулярда РК(б)П ОК: «Мақсат... ауылды жерлерге тереңдей еніп, шаруалар арасындағы жұмысты күшейту. Халықтың ең көп бөлігіне жағдайдың егжей-тегжейі мен партия шешімдерін түсіндіру» дейді [264]. Атқарылып жатқан шаралардың мәні – оның көпшілікке тиімді шара екендігіне сендіру еді. Осы мақсатпен ауыл-ауылдарға, небір түпкірлерге үгіт-насихат жүргізуші топтар аттандырылды. Үгіт-насихаттың бағыты, сипаты қалыптасқан жағдайға сай өзгеріп те тұрды. Мысалы, 1921 жылы партия мекемелері назарларын әсіресе, ауыл мен село тұрғындарына жаңа экономикалық саясаттың мәнін түсіндіруге, халықтар арасында бауырластық, туыстық қатынастар орнатуға ұмтылысқа бөлген. Осындай мақсатпен сәуір айының басында шалғай ауылдарға Орал губерниясының бір топ үгіт-насихатшылары аттанды. Дәл сондай тапсырманы Ақмола укомының отыз жұмысшысы да алды. Өз үгіттеушілерін ауылдарға Гурьев уезі де аттандырды [265].

«Жоспардың нақтылығының негізгі алғышарты басшы партия ұйымдарының жалпы директиваларының жергілікті жерлердің шын мәніндегі қажеттілігімен сәйкестігі» - деп ұрандатылғанмен, шын мәнінде партия өз мақсатына жету жолында отарлық сипаттағы күштеп енгізу, сананы тоталитарлық идеологиямен арбау сияқты шараларды кеңінен жүзеге асыра білді. Үгіт-насихат жұмыстарының сапасын арттыруда РК(б)П қазақ облыстық комитетінің пленумы отырысында «Үгіт отауларын ұйымдастыру туралы» арнайы қаулы қабылданды. Онда: «РК(б)П Қазақ обкомының үгіт-насихат бөліміне РК(б)П Қазақ обкомының Қазақ АССР губкомдары хатшыларының қатысуымен 1923 жылы 11-15 қазанда өткен кеңейтілген пленумының қаулысына сәйкес бір ай мезгілде үгіт отауларын ұйымдастыру жоспарын жасау жүктелсін, бұл орайда кейбір губернияларда қазірдің өзінде ұйымдастырылған үгіт отауларының тәжірбиесі ескерілсін және бұған керекті қаржы мөлшері есептелсін. Жоспарды жасаған кезде жалпы басшылық жасау және ұйымдастырушылық міндеттерді орталыққа қалдыра отырып, тәжірбиелік жұмысты жолға қоюды жергілікті жерлерге жүктеу қажеттігі ескерілсін» [266] - делінді.

Үгіт-насихат шаралары ел өмірінің барлық жағын қамтыды. Үгіттеу жұмыстарын жүргізу барысының өзіне жете көңіл бөлген. «Үгітшілердің үйреншікті нәрселер туралы әдеттегі әңгімеден жетекші сұрақтар беру жолымен бірте-бірте саяси тақырыптарға көшу және сұрақ-жауап түрінде ұғынылмай жүрген жайларды түсіндіру, әңгімелесіп тұрған адамдарын оларға жақын қатысы бар жайларды қозғау арқылы жақындатып алғаннан кейін біртіндеп үгіттеп жалпы саяси тақырыптарға, кеңес құрылысы тақырыптарына көшу, ауылдық кеңестерден бастап Орталық Атқару комитетіне дейінгі кеңестік, партиялық ұйымдардың қандай қызмет атқаратыны туралы, олардың өз шаруашылығын шапша қалпына келтірудің қажеттігі және басқалар туралы айып беруге көшу дағдысын меңгергені аса құптарлық»-тапқан партия айқын

мақсаттарға жетудің жолдарын көрсете отырып, «қырда почто-телеграф байланысының жоқтығы баспасөзді таратуға мейлінше қиындық келтіреді. Сондықтан мұнда қолайлы мүмкіндіктердің бәрін: селолық жиынды, тойды, кез-келген себеппен бас қосқан қонақтарды және т.б. пайдаланып, газеттерді дауыстап оқып берудің маңызы зор» [267] -екендігіне басым көңіл бөліп қана қоймай қай жерлердегі үгіт жұмыстарының тиімді екендігін саралаған.

Үгіт-насихат жұмыстарын одан ары жандандырудың жаңа жолдары қарастырылды. Осы мақсатта РК(б)П Қыробкомы 1922 жылдың 18-нші ақпанында арнайы кеңес шақырып, «қызыл керуендер құру туралы» шешім қабылдады. «Қызық керуеннің жұмысы туралы» нұсқау да бекітілді. Қыробкомның 1922 жылдың 10 сәуіріндегі шешіміне сәйкес керуеннің құрамына: лекторлар, үгітшілер, емдеу пункттері, артистер кірді. Ал, 1922 жылдың 21 сәуіріндегі шешімімен басшылары болып А. Жангельдин, М. Атаниязов, Н. Мардаровский бекітілді [268].

Көпшілік халықтың санасын ешқандай күшсіз, соғыссыз улаудың айнымас жолын тапқан партия 1921 жылдың 10 тамызындағы циркулярында: «партияда жоқ қырғыздарды (қазақтарды) өзіміздің әсер ету аямызға кіргізе отырып, біз олардан болашақта кеңестік жұмыстың адал кадрларын құйып шығарамыз. Сол арқылы кедейлердің қолдаушысы ретінде позициямызды да күшейтеміз» - деп өз пиғылдарын анық көрсетеді [115]. Осындай сансыз көп іс-шараларды пайдалана отырып, партия көпшілкті өздеріне бағындырып, партия жұмысын «дұрыс» жолға қоя алды. Атқарылған шаралар өз нәтижесін де берді. Әсіресе 1924-1925 жылдар партия толығымен халықтар арасында қолдау тапты десек қателеспейміз. Мысалы, Адай укомы 1925 жылдың қазанында жұмысшылардың өз еріктерімен, толығымен Кеңес өкіметін қолдайтындығын хабарлаған [269]. Тіпті кейбір мәлімдемелерде «халық ұйқысынан оянып, көзі ашылып, Кеңес өкіметінің қорғаушы пана екенін түсініп, бағалай бастады» [270] -деп те жазған. Партия саясатын жүзеге асыруда өз идеяларын таратуға кедергі болатын ағымдарға тиым салған циркуляр-нұсқаулардың саны да аз емес.

Партия алдында шешімін таппай тұрған және үгіт –насихаттық жұмысты көп қажет еткен көкейкесті мәселенің бірі –дін мәселесі еді. Әміршіл –әкімшіл биліктің дінге қарсы науқанының партия билігі орнаған алғашқы күндерден –ақ басталғаны анық. Дінге қарсы шараларды жүзеге асыруда партия байыппен өте ұтымды жұмыс атқарды. Дінге қарсы насихат туралы: «Баяндамашыларды алдын-ала мұқият даярлап алмайынша, дінге қарсы айтыстар және дінге қарсы басқа сөздер әсте өткізілмесін. Сөздердің өздері неғұрлым ғылыми сипатта болып, қалың бұқараның талап-тілегін қанағаттандыратын, діни түсініктердің орнына, оның орнын толтыратын бірсыпыра ғылыми мәліметтер беруге тиіс» [180, 132 п.] -деп өте абай болуды талап етеді. Одан арыда оны терендетудің жолдарын былайша көрсетеді: «дінге қарсы үгіт пен насихатты шаруашылық саласындағы әртүрлі міндеттермен: электрлендірумен, суару жұмыстарының жүйесімен, егіншілік тәсілдерін жақсартумен және басқалармен байланыстыру ерекше қажет, сөйтіп осы арқылы халық бұқарасы арасында ұйымдасқан түрде қимылдау арқылы бұл жөнінде тек ол өзіне-өзі ғана көмектесе алады деген

ойды сіңіре беру керек» [185, 132 п.]. Үлкен қырағылық танытқан партия бұл мәселеде асқан біліктілік көрсетіп, мәселенің бүге-шігесіне дейін ойластырып барып қана, қимылға көшкен. «Діншілдердің реакцияшылдық рөлін әшкерелей отырып, мұндай әшкерелеуді молдалардың жеке басына шабуыл жасауға айналдырмай, қайта дінбасыларын діни ұйым ретінде сынға алу қажет» [185, 133 п.]. - деген жолдардың діни қызметкерлердің аяғын өз істерімен шалғандығын көреміз. Одан ары: «дінге қарсы үгіт туралы мәселені жауынгерлік, кезек күттірмейтін міндет ретінде бірінші орынға қоюға әсте болмайды. Коммунистердің өз арасында да діни ғұрыптарды сақтау кездесетінін ескере отырып, совет-партия мектептерінде бұл мәселе жөніндегі байыпты дайындыққа көңіл бөлінсін» [185, 133 п.] - дейді.

Діни қызметпен байланысы бар адамдарды партия қатарына қабылдауға тиым салынған болатын. Кеңестік құрылыс тұсында партиялық билеті жоқ адам «адам емес көлеңке» болғанына тарих куә. «Дінге қарсы үгіт-насихат жөніндегі қаулыда» [271] бұл мәселе былайша көрінс тапты: «1) қандай да бір діни қызметпен байланыстылар, партия қатарына емес, тіпті кандидаттыққа да алынбасын. Партияға мүше болам деушіге талап - діни мекемемен байланысты үзу» - деп үзілді-кесілді талап қойылғанмен, бесінші пунктте: «жекелеген жағдайларда ғана, яғни өздерінің коммунизмге адал екендігін дәлелдей алған жағдайда, партия құрамына дінге сенушілер де қабылдансын, олардың тәрбиесіне қатысты нақты ғылыми және маркстік өмірлік көзқарасты қалыптастыруда жеке дара жұмыс жүргізу қажет»-екендігі алға тартылған.

«Өзіне тән таптық тәуелді етудің берік қаруы мен негізі бар Кеңестік мемлекеттіліктің өмір сүруінің өзі - дінге қарсы үгіт-насихаттың мықты факторы бола алады» -деп санаған партия өз мақсатына жетпей қоймады. Халқымыз жарты ғасырдан астам уақыт ішінде дінінен безіп, бар сенімдері жеке адамның басына табынумен алмасты. Дінге қарсы саясат жүйелілік сипатқа 1923 жылдан кейін ие бола бастаған [272]. Дінге қарсы тақырыптарда брошюралар басылып, атеистік мақалалар жариялана бастады. Ондағы басты назар -мазмұнына аударылды. Жарық көрген дүниелер «табиғат көріністері пен қоғамдық өмірді таза материалистік сипатта» [273] - көрсетуге міндетті болды. Өртүрлі дәрежедегі партия қаулыларында, нұсқаулары мен директиваларында діни саясатты сол ұлт өкілдерінің пайдалануы арқылы шешу жолға қойылды. Ол өз кезегінде біріншіден, тілдік барьерді жеңуге көмектессе, екіншіден, ол өкілдің өз ұлтының ділін, тілін, салт-дәстүрлерін білуімен, психологиясын жақсы түсінуімен ұтымды еді.

20-ншы жылдардың бірінші жартысында мұсылмандық мейрамдар әлі де сақталып, аталып өтіліп тұрды. Тіпті, 1921 жылы 5 наурыздағы Орталық атқарушы комитеттің «Мұсылман мейрамдары және демалыс күндері» қаулысында: «қазақтар көп орналасқан аймақтарда аптаның демалыс күні болып жұма күн белгіленді» [115]. Бұл заңның қай кезде күшін жойғаны туралы құжаттар кездеспегендіктен, белгісіз болып отыр. Сонымен қатар, дінге қарсы насихат шаралары барысында лекциялар оқылып, спектакльдер қойылған. Құжаттарға сүйенсек лекциялар тақырыптары: «Әлемнің пайда болуы, ғылым және дін» деген сияқты сарында болған [274]. Осы сипаттағы баяндамалардың

бірінде исламның этикалық және тәрбиелілік жақтарын тіпті уға теңеген. «Көпшілік сол умен уланып жүр деп» сендіруге тырысқан [275].

Жұмысшы партиясы саясатының дінге байланысты негізгі принциптері партия көсемі В.И.Лениннің 1905 жылы жазылған «Социализм және дін» деген шығармасында –ақ қарастырылып қойған болатын. Ол құжат бойынша: «дін рухани қанаудың құралы. Ол әлеуметтік теңсіздік пен қаналған таптың шарасыздығынан туындайды» [276] - деп бағаланып, дінге қарсы күрестің қажеттілігін де осыдан шығарады. Ал ол күрес жолы-«таптық күрес»-екені анық көрсетілген. Сонымен қатар, В.И.Ленин ар-ұят бостандығын ешқандай дінге бас ұрмау идеясымен сәйкестендіреді. Әміршіл-әкімшіл идеологияның қазақ халқының арасында таралуы мәселесін зерттеуде, дінге қарсы күрес негізінде қабылдаған құжаттарын деректік тұрғыдан назардан тыс қалдыруға болмайды.

Жалпы алғанда партияның Қазақстандағы ұтымды саясаты тарапынан, діни сенімге қатты соққы тигеніне қарамастан әміршіл-әкімшіл жүйе дінімізге деген сенімімізді тамырымен жоя алмады. Оған дәлел бүгінде Тәуелсіз Қазақстанның мұсылмандық аясында дамып, діни мейрамдардың күннен-күнге жандандыруында.

Үгіт-насихат жұмыстарының кең етек алуына ғана емес, сонымен қатар, коммунистік идеологияның тереңдеп енуінің басты құралы – мерзімді басылым болды. Сондықтан да, Қазақстан тарихының аса күрделі кезеңін құрайтын кеңестік дәуірді зерттеудің негізгі деректерінің бірі – большевиктік басылымдар болып табылады. Себебі, Коммунистік идеология жүргізген озбыр саясат – кеңестік дәуір жемісі болып табылатын большевиктік газет – журналдар беттерінде жарияланып тұрған.

«Мерзімді басылымдар- қоғамда болып жатқан әралуан, ірілі-ұсақты оқиғалардан халыққа ақпарат жеткізу міндетін ғана атқарған жоқ, ол-ұйымдастырушы, ол-үгітші, ол-ұжымдық тәрбие беруші болды. Уақыт өте келе мерзімді басылым коммунистік диктатураның орнау, әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасу және орнығу тарихының құнды дерек көзіне айналды» [277]- деген пікір шындықтан алыс емес.

Мерзімді басылымға әртүрлі басылымдар: газеттер, журналдар, белгілі бір уақытта шығып тұратын жинақтар жатады. Мерзімді басылым жанры, шығуы, сипаты жағынан әртүрлі мәліметтерді жинақтайды. Олар, арнайы хабарламалар мен құжаттар, заң актілері, публицистика, хаттар, хроника, сұхбаттасу материалдары болуы мүмкін

Газеттер мен журналдар сияқты мерзімді басылымдар түрлері мазмұны, бағыт-бағдары жағынан әралуан және саны, көлемі жағынан аса көп. Сондықтан да, тарихи талдаудың нақты объектісі ретінде: а) бір кезеңде шығып тұрған бірнеше басылымдардың жиынтығын; б) жарыққа шығу хронологиясын қатаң сақтай отырып, белгілі бір басылымды; в) тақырыптан шыға отырып, әр кезеңдерде жарық көрген, газет бетіндегі жекелеген мақалаларды алуға болады. Біздің мақсаттарымыздың бірі - бір кезеңдегі, яғни ХХ ғасырдың бірінші ширегінде жарық көрген бірнеше басылымдар тарихы, яғни большевиктік басылымдардың тарихи дерек ретіндегі маңызын ашу.

Большевиктік басылымдардың қалыптасу, даму тарихы және деректік ерекшелігі мен орны – маңызды элементтердің бірі. Баспасөзді дерек ретінде қарастыруда, оның шығу мөлшері (аз ба, көп пе?-авт.), тиражы, жеке меншік пе, әлде ресми ме, қаржыландыру сияқты мәселелерді ескеру міндетті. Бұлардың барлығы да бір-бірімен тығыз байланысты. Мысалы, егер газет ресми болса, онда оны мемлекет қаржыландырады, осыған сай әрине бұл газет тек мемлекеттік істерді өкімет тарапынан жариялайды, сондықтан да мемлекет өз идеясын жүзеге асыру барысында оның өту өтпеуін ойламай бәріне бірдей міндеттейді. «Билік киімнің сырт жағы болса, баспасөз – сол киімнің іш жағы» [278] деген анықтама да орынсыз емес. Әдетте баспасөзді заңшығарушы, атқарушы және сот ісінен кейінгі төртінші билік деп бекер айтпаған [279-280]. Деректанулық талдау жасаудың және онан алынған мәліметтерді ғылыми зерттеулерде пайдаланудың ең басты және міндетті алғышарты - мерзімді басылымның қоғамдық-саяси бағытын анықтау және есепке алу.

Кеңестік, таптық идеологиядан шыға алмаған, большевиктер тарапынан тікелей қадағалауда болған, бірақ заман талабына сай туындаған большевиктік басылымдар Кеңестік дәуірдегі Қазақстан тарихының, соның ішінде елімізде большевиктік - коммунистік диктатураның орнауы, әміршілдік-әкімшілдік басқару жүйесінің қалыптасуы және дамуы тарихының дерегі ретінде маңызы өте зор.

Мерзімді басылым да кез-келген дерек секілді объективтілік пен субъективтіліктің диалектикалық бірлігі болып табылады. Деректанушы ғалым Қ.М. Атабаевтың пікіріне сүйенсек: «Большевиктік баспасөз - қоғам дамуы барысында қалыптасқан тарихи жағдайға байланысты жүргізілген объективті іс-әрекеттердің субъективті жемісі. Басқаша айтсақ большевиктер партиясының елімізде өкімет билігін толық өз қолдарына алуы салдарынан, елде орнаған жүйенің мақсатына сай жүргізілген саяси шараларға байланысты нақты субъектілердің (авторлар, редакторлар, баспагерлер т.б.) іс-әрекетінің арқасында дүниеге келген жазба деректер. Сондықтан олар, бір жағынан қоғам дамуының объективті көрінісі ретінде маңызды тарихи дерек көзі міндетін атқарса, екінші жағынан өзінің субъективті ерекшеліктерін ескеруді қажет етеді» [281]. Оның субъективтілігінің бір көрінісі - газет-журнал бетінде жарық көрген мақалалар үгіт-насихаттық сипатта болғандықтан, партия қызметі тек қана жақсы жағынан бағаланып, жарық көріп отырғандығы. Сондықтан да газет бетіндегі фактілердің мақсатты түрде субъективті бұрмалануы мүмкін. Бұдан шығатыны кез-келген дерек секілді большевиктік басылымдар да үлкен деректанулық сынды, салыстырмалылық әдісті қажет етеді.

Жалпы, 1918 жылдың орта шенінен шығып тұрған большевиктік газеттерге қысқаша деректанулық талдау жасар болсақ, олар тілі жағынан орыс, орыс-қазақ, қазақ, қазақ-татар, ұйғыр тіліндегі болып бөлінеді. Газеттердің аралас тілде жарық көруін партия, мамандар мен қаржының жетіспеушілігімен байланыстырады [282]. Мысалы, мұрағат материалдарының бірінде «қаржының жетіспеушілігіне байланысты «Красный Казахстан» және «Народное хозяйство» журналдарын жауып, оның орнына Кеңестік халықтық комитет ұйымына айналатын, Қазақстандағы кеңестік, экономикалық

құрылыстың нышаны болатын бір журнал шығару» мәселесі қарастырылған [283].

Газеттердің негізгі мазмұнын анықтайтын, саяси бағыт-бағдарына келсек, олар әртүрлі дәрежедегі кеңестердің жұмысшы, солдат, шарулар, қазақ депутаттарының ұйымы деп аталғанымен, іс жүзінде түгел дерлік большевиктік болды. Мысалы, баспа ұйымдарын мекемелерге бекіту туралы мәселеде: ««Еңбекшіл қазақты» - ҚОАК (КЦИК)- не, ал, «Известия» сияқты газеттерді обкомдарға бекіту» туралы шешім қабылданған [284]. Олардың негізгі мазмұнын, бет-бейнесін бұрынғыдай газет шығарушылар емес, Мәскеу және оның жергілікті жерлердегі өкілдері анықтап отырды [281].

Сонымен, тоталитарлық жүйе, коммунистік идеология қазақ халқының тағдыры сияқты, баспасөз тағдырында да шешуші роль атқарғанын, оның тарихының зерттелуіне, өрескел бұрмалануына өз ықпалын тигізгенін көреміз. Соған қарамастан, қазақ басылымдарын, соның ішінде өзіміз қарастырып отырған кезеңге қатысты большевиктік басылымның өз дәрежесінде ұлт мүддесінен зерттелуі, оның деректік маңызын ашуға, ондағы салынған ақпараттардың шынайылық дәрежесін айқындауға көмектеседі. Осы мәселелерді жан-жақты ашу үшін большевиктік баспасөзді зерттеудің негізгі бағыттары мен кезеңдерін анықтауымыз қажет. Олар, біріншіден, баспасөз тарихын ел тарихы контекстінде зерттеу; екіншіден, әр тарихи кезеңнің өзгешелігінен шыға отырып, баспасөздің негізгі мақсатын, бағыт-бағдарын, сол уақытқа тән ерекшеліктерін анықтау; үшіншіден, оған әсер ететін факторларды анықтау; төртіншіден, әрбір нақты газеттің шығарушыларын, авторларын анықтау; бесіншіден нақты мақала авторы туралы мәліметтерді толық білуге ұмтылу; алтыншыдан, нақты деректің дүниеге келуінің объективті алғышарттарын, себептерін анықтау; жетіншіден, егер мүмкіндік болса құнды деректік маңызы бар түпнұсқамен салыстыру және т.б.

Мерзімді басылымды дерек ретінде қарастыруда авторы, сыртқы ерекшелігі, түпнұсқалылығы, уақыты, пайда болған жері, пайда болу себептері мен ақпараттық толықтығын, шынайылығын, ғылыми-танымдық маңызын айқындауда да маңызды шарттардың бірі. Тарихи дерек қандай формада, қандай мазмұнда дүниеге келмесін, ол ең алдымен өз уақытының жемісі болғандықтан онда уақыт талабының ізі сақталуы заңды құбылыс.

Большевиктік газеттердің сақталу деңгейіне келер болсақ, басым бөлігі Қазақ Ұлттық кітапханасының сирек кездесетін кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде сақталса, енді бірқатары мұрағат қорларында сақталған. Мысалы, Қостанай облыстық өлкелік комитетінің органы болған «Ауыл» газетінің 1923 жылдан 1930 жылға дейінгі сандары, ҚазОАК ұйымы болған «Еңбекші қазақ» газетінің 1924-26 жылдардағы көптеген сандары, «Кедей еркі» газетінің 1921 жылғы наурыз-шілде, тамыз, қараша айларында жарық көрген сандары Қазақ Ұлттық кітапханасының аталмыш бөлімінде сақталған. «Известия» газетінің әр жылдардағы біраз сандары Қазақстан Республикасы Президенті мұрағатында (139, 140, 141 қорлар) сақталған. Газеттердің барлығын дерлік қолға алып, дерек ретінде пайдалануға болады. Дегенмен, деректік мұра болып саналатын бұл басылымдардың сапалық жағдайы өте нашар. Газеттер әбден тозған. Кей

сандары жоғалған, жыртылған, әсіресе өшкен, дұрыс басылмаған жерлер көп кездеседі. Сонымен қатар, қайта жаңалау барысында әріптердің бірін-бірі жауып қалғандары да бар. Әбден ескіргендері пленкаға көшірілгенмен, олардың да сапасы өте нашар, оқу барысында көптеген қиыншылықтар туғызады. Сонымен бірге, газеттерді ұлт тарихының дерегі ретінде пайдалану барысында сапалық жағдайының нашарлығымен қатар, тексттердің араб графикасының қадимінде басылуы, олардың тілдік ерекшеліктерінің де ауытқуына алып келуі мүмкін. Мәтіннің дұрыс оқылмауы, өз кезегінде мәліметтердің бұрмалануы мен қате түсініктердің қалыптасуына алып келеді. Сондықтан большевиктік газеттер мәліметтерін дерек ретінде қарастыруда үлкен мұқияттылық қажет.

Мерзімді басылым, соның ішінде, газеттердің басқа құжаттардан бір ерекшелігі, деректің жазылған уақыты туралы бағалы мәліметтерді сол деректің өзінен табуға болатындығы. Кез-келген газетте бірінші бетінде газет аты, қай жылдан бастап шыққандығы, қай сан екендігі, қай жыл, қай күн екендігі, жазылу барысы туралы мәліметтер толық беріледі. «Еңбекшіл қазақ» газеті мысалында қарастырар болсақ, бірінші бетінің өзінен мынадай мәліметтер алуға болады: ең жоғарғы жағында барлық большевиктік газеттерге тән қанатты сөз: «Жер жүзінің еңбекшілері бірігіңдер» жазылған. Сонымен қатар, кішірек шрифтпен «1921 жылы, жетінші қарашадан шыға бастады» деген мәлімет кездеседі. Оның төмен жағы төртке бөлінген (шартты түрде). Оң жағында: алдымен, Қазақ еңбекшілерінің Республикасы; ортада-төтенше газет аты жазылған; төменде - Қазақстанның Орталық комитетінің тілі; 2-ші бөлікте: қай номер екендігі, қай күн, қай жыл екендігі, мекен-жайы берілген. Мысалы, №154, 7 январь, 1924 жыл. Редакция мекен-жайы: Орынбор, Совет көшесі, 1үй.

Келесі бағанада: жазылу бағасы – 1айға- алтын есебімен 1 сом, жеке номері -9 тиын. Құлақтандыру жылына -25 тиын. Басқармаға жіберілетін сөздер қағаздың бірбетінде, һәм қара сиямен анық жазылған болуы шарт. Толық адресі болмаған мақала басылмайды-деп қысқаша мәліметтері берілген.

Соңғы бағанада: Еңбекшіл қазақ (Трудовой киргиз) Орган ЦИК Кирреспублики. Выходит три раза в неделю. Адрес редакций: Оренбург, Советская ул.,д.1.[285] - деп жоғарыдағы мәлімет орысша беріледі. Осы сияқты мәліметтердің өзінен газетке тікелей байланысты көптеген мәлімет алуға болатындығын көреміз.

Большевиктік газеттердің пайда болуына байланысты – тарихын, авторын, уақытын, түпнұсқалығын анықтау – деректі сол дәуір контекстінде қараудың, оның пайда болуының нақты тарихи жағдайларын ашуға қажетті мәліметтер ғана. Аталмыш газеттердің дерек ретіндегі басты ерекшелігінің бірі- мерзімділігі. Газетке тән басқа ерекшелігін айтпаған күнде, белгілі бір мерзімде ұзақ жылдар бойы шығып тұруы, оларға қазақ тарихында алғаш рет кеңес өкіметі, большевиктердің билеп-төстеу процесінің барысын қазақ жазба дерегі ретінде бейнелеуге мүмкіндік береді. Сондықтан, бұл газеттерді тарихи дерек көзі ретінде талдау зерттеушілерге кеңестік дәуірдегі большевиктер саясатын көруге, тәсілдерін байқауға, нақты қолданған шараларымен танысуға, жалпы

мақсат-міндеттерін тереңірек түсінуге және де ел тарихын дұрыс саралауға мүмкіндік береді.

Сонымен, большевиктік газеттердің пайда болуының, большевиктік басылым ретінде қалыптасуының объективті алғышарты - большевиктердің билігінің орнап, елді жаңа тактика арқылы отарлаудың күшеюі.

Большевиктер күрестің негізгі объектісі етіп жұмысшы, солдат және депутаттар кеңестерін алып, өкімет билігін кеңестер арқылы жұмысшыларға беру, тап күресі арқылы қоғамдағы әлеуметтік теңсіздікті жою, жерді шаруалар мен кедейлерге беру сияқты жалған уәделері арқылы халықты өз сондарынан ертуге әрекеттенді. Осы мақсаттарын іске асыруда газет –журналдарды тиімді пайдалана алды. Газет беттеріндегі мақалаларға нақты бір тарихи оқиға дерегі ретінде деректанулық талдау жасау арқылы олардың деректік ерекшеліктерін көрсетуге болады. Мысалы: «баспасөз –аса нашар күйде. Олай болса Қазақстандағы тез өңдейтін, тез қолдайтын жұмыстардың бірі – баспасөз» екендігі жайында «Еңбекшіл қазақ» қаламгерлері мұңын шаққан [286].

Сонымен қатар, газет бетіндегі келесі бір мақалада «Кедей тілі» газетіне «Еңбекшіл қазақ» іргелі газет ретінде баға беруге тырысады. Мақала: «Астраханның губерниялық партия комитетінің қасындағы татар-қазақ бюросының һәм машинистер ұйымымен тау жұмысшылары ұйымының атынан шыққан «Кедей тілі» атты газеттің баспамызға бірінші саны келіп түсті» [287] - деп басталып, одан ары: «...өнер-білім, мәдениеті кем, баспасөзге шөлдеп тұрған қазақ жұртының жаңа талпынып келе жатқан дәуірінде бұл секілді газеттердің әр жақтан шығып, ел арасын қосып, қазақ кедейлеріне жөн сілтеп, жөн көрсетіп, мұң-мұқтаждарын білдірген газеттің жарыққа шығуы үлкен қуаныш екендігі» - асыра айтылып, газеттің көп пайдасының бірі - көз көрмеген, құлақ естімеген жерлердің халін, тұрмысын, тағы-тағыларын ішінде болғандай қылып таныстыратындығы екендігі», атап көрсетілген. Көріп отырғанымыздай кеңестік мерзімді басылымдардың құны аса зор бағаланған.

Партия-кеңес баспасөзінің мазмұнын жақсартудың бұлжымас шарты оның беттерінде партиялық ой-пікір мен партия өмірінің бейнеленуі болып табылған.

Сонымен бірге мектеп, комсомолдың да ролі зор болды [239, 7 п.]. «Өлкенің артта қалғандығын, саналы пролетариат топтарының аясының тарлығын ескере отырып, Облыстық комитет міндетті түрде жастар арасындағы жұмысқа терең көңіл бөлу қажет деп санайды. Себебі олар ескі дәстүрлермен тығыз байланысып үлгермеген, тез қабылдағыш. ...Біз осылайша көпшілік арасында коммунистік идеяларды таратушы жолсеріктер табамыз» [288] - деп жастарға қатысты жоспарларын ашық жариялайды. «I облыстық партия конференциясы барысындағы Қазақ АССР-індегі партиялық жұмыстың міндеттері туралы» қарарда бұл мәселеге былайша тоқталады: «алғашқы қауымдық қатынастар жағдайында өсіп, тәрбиеленген аға ұрпаққа қарағанда ширақ, сезімтал әрі кертартпалығы аз, анағұрлым жігерлі қазақ жастары партия қатарын толықтыру үшін неғұрлым бағалы элемент. Сондықтан Қазақстанда жастардың коммунистік одағын ұйымдастыруға, онда саяси жұмысты жолға қоюға және оларды жалпы партиялық жұмысқа тартуға біздің партия ерекше назар аударуға тиіс» [289].

Осыдан шыға отырып, баспасөзде жастар мәселесіне де жете көңіл бөлінген. Жастар баспасөзінің өсуі партия ұйымдарының жүйелі басшылық жасауын талап еткен. Оны ең алдымен баспасөз бөлімдері жүзеге асыруға тиіс болған. Өз алдына жастар ұйымы жоқ жерлерде газеттер өз беттерінің бір бөлігін жастарға арнауы тиіс болған. Осындай мақсатпен, «Еңбекшіл қазақ» газетінен жастар мәселесін көтерген «Лениншіл жас» газетіне бір бет бөлінген болатын. Газет шығарушылар газеттің атының «Лениншіл жас» деп аталу себебін «Табымызға қосылындар» атты мақалада анық көрсетеді. Онда: «Бұл бетті «Лениншіл жас» деп атап отырмыз. Ондағы мақсат еңбекшіл жастардың тәрбиешісі жүрегіне жақын сүйікті кемеңгері болғандықтан мәңгі ескерткіш қылып жолын аяқтау. Комсомолға болсын, жалпы еңбекшіл жастарға болсын «Лениншіл» деп атақ алғаннан артық дәреже, бақыт барма?! Біз бұл хұқықты Ильич өмірін салып, дүниеге тұңғыш Кеңес республикасын түзіп, жаудан, залымдардан еңбекшілерді босатып, алты жылдай өзі бастап, тегістік, адамшылық тұрмысқа сілтеген тарихи дәуірді алып отырмыз. Жастардың өнеге алаларлық жақсы ісі, жиренерлік жаман ісі, әдеті болса, ұйымдардың орындап, орындамаған жұмыстары, қуаныш пен қайғы хабарлары болса, әрине, бірінші орын осындайларға арналмақ» -деп одан ары: «жалпы, еңбекшіл жастардың мойнына міндетті болып жүктелген жалғыз құрал, жалғыз міндет бар. Ол- Лениннің жол-ленинизм. Осы құралды қолдан түсірмей, миллион езілгендерді капиталистердің уысынан шығарып, мәңгі бақи әділ коммунист тұрмысына жетіп, әлемге бірдей бақытты күн орнатсақ, лениншіл болғанымыз» [290] - деп жастардың негізгі міндетін анықтап береді.

Мақаладан көріп отырғанымыздай, газеттің үгіт-насихат, партия жұмысын ұйымдастырушы құралы болғаны хақ, екіншіден, большевиктер идеяларының жүзеге аса бастағандығының «ұлы көсем» негізін салған коммунизм идеясының жастар арасына таралу дәрежесінің көрінісі. Жастар баспасөзінің өсуі партия ұйымдарының жүйелі басшылық жасауын талап ететіндігі, оны ең алдымен баспасөз бөлімдері жүзеге асыруы тиіс екендігі және өз алдына жастар органдары жоқ жерлерде газеттер өз бетінің бір бөлігін жастарға арнауы тиіс екендігі туралы шешім жалпықазақтық конференция барысында да қабылданған [291].

Партия қашанда прессаны саяси күрестің, көпшілікке идеологиялық және ұйымдастырушылық әсер етудің күшті құралы ретінде қарастырды. Өзінің бар түр-әлпетімен, жалпы бағытымен және мазмұнымен газет өздері шығып тұрған дәуірдегі партия жұмысын, бағытын, мақсатын бейнелеген, сол саясаттың көпшілікке әсер ету қаруы болып табылған. Халық санасына тек қана партия идеяларын сіңіру мақсатында діннің де кедергі келтіргендігін осы үгіт-насихат құжаттарынан көре аламыз. Себебі, халықтың санасында дінге себеушілік, діннің жоқ екендігін сіңдіруге қатысты материалдар көптеп жарияланып тұрған. Сондықтан да партия өз тарапынан, жер-жерлердегі баспасөз материалдарымен танысып, сынға да алып отырған. Мысалы, Ақтөбе губерниялық комитетінің ұйымы «Кедей» газетінің алтыншы номері қатаң сынға алынған. Шын мәнінде партия тарапынан дінге қарсы уағыздаушы шаралар көптеп жүзеге асырылғандығына қарамастан, газет бетіндегі

материалдарға байланысты сын айтушы Тоғжанов газеттің бұл номері түгел дерлік дінге қарсы мақалаларды қамтығандығын сынға алады. Автор газет бетіндегі мақалалардың бірі туралы: «... «Құрбан» мейрамы туралы, мұсылман дінінің шығу тарихы туралы мәселе қырғыз көпшілігіне бар жоғы 50-ақ жолмен түсіндіріледі» [291, 80 п.] деп күйінсе, «Дін және коммунизм» деген екінші мақала туралы: «мақала авторының: «коммунистік партия жер жүзінде социализм құрып, барлық халықты бір жанұяның мүшесіндей біріктіріп, бүгінде біртұтас коммунистік құрылысты құруға ұмтылуы керек және біз (қазақтар -А.У.) осыны түсініп, ескі дәстүрлерімізден, діннен бас тартып, коммунистік жолмен жүруіміз керек» деген жолдарын, «бұл үлкен саяси қателік, себебі, артта қалған шығыс халықтары арасында дінге қарсы уағыз айту өте қиын мәселе, оны революциялық немесе әкімшілік жолмен шешу мүмкін емес» [291, 80 п.] - деген сын айтқан. «Дін дегенді, буржуазия өз мүддесі үшін ойлап тапқан, кедейлерге ол тиімсіз, құдайға сенбедер» [291, 80 п.] - деп ашық түрде орынсыз жариялағаннан еш жақсылық таппайтынын сезген партия, алдына қойған мақсаттарына асықпай, саналы түрде жету керек екендігін жақсы түсінген. Осы іспеттес партия саясатын әшкерелейтін мақалалардың жариялануы мерзімді басылымдардың дерек ретіндегі маңызын арттыра түсетіні анық.

Бұл жерден көретініміз партия халық санасына әсер етуде әрбір мәселені байыппен, өздерінің «беделін» жоғалтып алмастай етіп жеткізуге тырысқандығын және сондай шипительный мәселенің бірі дін мәселесі болғандығын көреміз.

Өкімет басына келгеннен кейінгі кеңес өкіметінің алғашқы шараларының бірі - сол кезде белгілі себептермен «контрреволюцияшыл-буржуазиялық» баспасөз деп танылған «Қазақ», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Ұран», «Алаш» сияқты бірқатар ұлттық басылымдардың жұмысын біржолата тоқтатып, жабу болды. Осылайша, большевиктер 1918 жылдың соңына дейін өздері байшыл, ұлтшыл, алашордашыл деп тапқан бір топ газет-журналдардың жұмысын тоқтату арқасында солардың баспаханалары мен қағаз қорларын пайдалана отырып өздерінің газеттерін шығара бастады. Ол туралы деректанушы ғалым Атабаев Қ.М.: «Орталық Ресейдегі сияқты Қазақстанда да большевиктер өз үстемдігін тәуелсіз газеттерді күшпен жауып, олардың мүлкін тартып алудан бастады. Мысалы, Верныйда «Алаш» ұйымының бұрынғы облыстық басқармасының жергілікті баспаханасы және үш кәсіпкердің жекеменшік баспаханалары мемлекет меншігіне өтті деп жарияланды. ... Түркістан өлкелік халық комиссарлар Кеңесінің 1918 жылғы 3 сәуірдегі декретімен барлық баспаханалар мен литографиялар ұлттық меншік деп жарияланды. Барлық мүлік, ақшалай қаражат немесе оларды басқару халық шаруашылық кеңесіне өтті» [281, 287] -деп кеңестер саясатын өз тұрғысынан айқын түсіндіреді.

Еңбекшілердің қалың бұқарасына баспасөзбен қызмет көрсету жөнінде партия алдына қойған міндеттерін: «таяудағы уақытта біздің барлық күш-жігеріміз еңбекшілердің қалың бұқарасы мен қалың партиялық ортаға тікелей қызмет көрсететін басылымдарды ғана сақтап, ұлғайтуға бағытталуға тиіс. Осыдан келіп оқырмандардың шектеулі тобына арналған ведомстволық

басылымдардың бәріне қарсы күрес, осылардың есебінен бұқаралық басылымдарды күшейту, нығайту және дамыту міндеті шығады. Біздегі ерекше тұрмыстық және ұлттық жағдайларда бұл міндеттер баспасөздің алдында да ерекше айқын сараланады» [293] - деп айқындады .

«Міне осылай газет шығарушылардың, іскер адамдардың жылдар бойы еңбек етіп ұйымдастырған баспаханаларын, жинаған қорларын большевиктер айналасы 2-3 ай ішінде Қазақстан көлемінде түгел дерлік өз қолына жинақтады. Бұл әрекет большевиктердің ішкі табиғатына сай, олардың бітім-болмысынан шыққан, екі жүзділік, халық бұқарасын алдау, жалған уәде беру сияқты бұрыннан жүргізген саясаттың заңды жалғасы еді. Тек өкімет билігін қолдарына алған соң, күрес тәсілін біраз өзгертті. Олар енді алдымен зорлық жасайды, күш көрсетеді, заңсыздықтарға барады, содан кейін, ескі сыннан талай өткен тәсілдерді- екіжүзділікті, өтірік айтуды, қарсыластарына жала жабуды, сол қылмыстарының ізін жасыру үшін пайдаланды» - деген тұжырыммен де келіспеуге болмайды [292, 263 б.].

Жабылған басылымдар баспасы негізінде партия ұйымдары өз газет-журналдарын шығара бастады. Мұрағат құжаттарына сүйенсек, Жетісу облысының Халық комиссарлар Кеңесінің 1918 жылғы 19 наурыздағы мәжілісінің қаулысы бойынша бұрынғы «алаш» комитетінің баспасы тәркіленіп, мемлекеттің меншігіне алынған [294]. Осыған сүйене отырып, «Вестник Семиреченского трудового народа» газеті тарапынан, редколлегия отырысының 11 маусымдағы қаулысында газетті орыс және қазақ тілінде шығаруға облыстық атқару комитетінен рұқсат сұралған. Өз кезегінде облыстық атқару комитеті бұл инициативаны қолдаған. Осыдан кейін мұсылман істері жөніндегі Облыстық комиссариат, бұл өтінішті 13 маусымдағы мәжілісінде талқылап, газет шығару жөнінде шешім қабылдаған [294]. Сөйтіп, жергілікті партия және кеңес ұйымдарының қолдауымен, 1918 жылы 21 маусымда Верныйда большевиктік тұңғыш газет шыға бастады. Соған байланысты үндеу таратылды. Онда: «бұрын-соңды мұсылман халқының газеті болмағанын, бұл газеттің халыққа кеңес өкіметі мен коммунистік партияның саясатын түсіндіретінін айта келе, халықты кеңес өкіметін қолдауға»[294] шақырды.

Көріп отырғанымыздай, партия өз дегеніне жету жолында аянып қалмаған. Қазақта бұрын-соңды газет болмаған деп, сонау 1870 жылдан «Түркістан уалаяты» газетінінен бастау алатын қазақтың ұлттық бейресми газеттерін жоққа шығарып отыр. Көп ұзамай Қазақстан аймағында тек кеңестік газеттер ғана шығарылатын болған. Басқа газеттерді сақтау большевиктер үшін аса қауіпті еді. Себебі, олар ұлт зиялыларының бастауымен, большевиктердің жасаған қылмыстарын әшкере етіп, халық көзінің шындыққа жетуіне көмектесуі, яғни көпшіліктің көзін ашуы мүмкін еді.

1917 жылдан бастап жарық көрген газеттердің барлығы бір мақсатқа – қарапайым халыққа партия саясатының ұшқырлығын, тиімділігін насихаттауға, үгіттеуге бағытталды. Большевиктік сипаттағы басылымдар коммунистік партияның өз үстемдігін орнатудағы күшті қаруы болды. Бұл қару іске қосылған дәуірде өз жемісін бергендігіне де өзіміз куәміз. Сонау ғасыр басынан

тәуелсіздікке дейінгі кезеңде қаншама аталарымыз, ағаларымыз большевиктер идеясына құдайындай сеніп, соны паш етіп келді. Кеңестік дәуірдегі көптеген еңбектерде ақпарат құралдарының қажеттілігі коммунистік идеяны терең сіңіруінде екендігі баса көрсетілген. Мысалы, «газеттердің, журналдардың, радио мен телевизия хабарларының мазмұны, олардың идеялық дәрежесі мен алдына қойған мақсаты, оның пәрмендігі, партия комитеттерінің үнемі назар аударуы мен басшылығына байланысты болады. ... баспасөзге партия басшылығын жетілдіре берудің қажеттілігі міне осында»-делінген [294]. Бұдан большевиктер пиғылының жемісінің өзі осы екенін, жалпы, ел санасында мұның барлығы заңдылық, қажеттілік дәрежесінде пісіп жетілгеніне көз жеткіземіз. Коммунистік идеология сіңірген кейбір идеялардан әлі де арыла алмай жүргендер де қаншама.

Партия баспасөзге басшылық жасай отырып, оның қызметінің бағдарын айқындап, белгілі кезеңде оны алдына қойылатын нақтылы міндеттерді, мақсаттарды белгілеп беріп отырған. Партия өз кезегінде төмендегі шараларды жүргізу қажет деп тапқан: «...14.Қазақ АКСР-інің бүкіл баспасөзіне партия комитеттері берік идеялық басшылық жасайтын болсын, бұл үшін: а) губкомдар үгіт бөлімдеріне губерниядағы барлық басылымдарды, мерзімді және мерзімді емес басылымдарды да шоғырландырып отыратын болсын; ә) губкомдар барлық басылымдардан үш данадан Қазақ обкомының баспасөз бөлімшесіне және бес данадан РК(б)П Орталық комитетінің баспасөз бөлімшесіне жіберіп отырсын; б) өлке көлемінде басшылық Қазақ обкомының баспасөз бөлімшесіне шоғырландырылсын. 15. Газеттерді оқушы бұқараға жақындату қажет, олар не жұмысшы-шаруа, не шаруа газеті болуға тиіс, сондықтан да материалдар түсінікті тілмен жазылған болуға және шаруалар мен жұмысшыларға қатысты тақырыптар алынуға тиіс. 16. Губкомдар газеттердің жергілікті өмірді неғұрлым толық көрсетуіне назар аударуға тиіс, мұны тек қалалық хроника ғана деп емес, сонымен бірге негізінен деревня мен заводтың өмірі деп түсіну керек. 17. Баспасөз партия тұрмысына көбірек көңіл бөлуге тиіс. 18. Газеттерде кеңес ұйымдарының жұмысы толығырақ жазылсын оның бер жағында әрбір кеңес бөліміне газетке берілетін материал үшін жауап беретін адам бөлінсін. Әйелдер мен жастар үшін арнаулы бет ашу туралы мәселені обком қайта қарап, жергілікті жерлерге тиісті нұсқау беретін болсын. 19.Газеттердің техникалық жағын неғұрлым жақсы жолға қою мақсатымен төмендегі шаралар жүргізілсін: а) редакциялар қызметкерлермен мүмкіндігінше күшейтілсін; б) деревняда және жұмысшы пункттеріне партия тілшілері тартылсын. Обком газет қызметкерлерінің жағдайын жақсарту жөніндегі шараларды шұғыл түрде талқылайтын болсын [295].

Баспасөздің қоғамдағы үгіт-насихат құралы ретіндегі рөлінің маңызы, оның деректік маңызын да арттырады. Ал, РК(б)П Орталық Комитеті партияның баспасөз саласындағы кезекті міндеттерін белгілей келіп, оның маңызын: «а) партияның жұмысшылармен және шаруа бұқарасымен байланысының және қаланың деревняға әсерінің аса маңызды формаларының бірі; б) партияны нығайтып, топтастыру құралы; в) жұмысшы және шаруа арасына білім тарату, олардың мәдени және саяси деңгейін көтеру құралы»

[293, 25-32 п.]—деп анықтап берді. Көріп отырғанымыздай, партия баспасөзді саясаттан тәуелсіз елестете алмаған және оны әміршіл - әкімшіл жүйе тұрғысында тиімді пайдаланған.

Баспасөз мәселесі, ондағы жарық көретін материалдар партия тарапынан, өкімет тарапынан қатаң бақылауда болды. Облыстық партия конференцияларындағы күнделікті алда тұрған мәселелердің бірі де – осы газет-журнал мәселесі болған. Тіптен баспасөз ісі жөніндегі бас басқарма - қырғыз мемлекеттік баспасы (Киргосиздат- А.У.) жұмыс істеген. Бұл басқарманың құрылуы туралы құжаттарда: «қырғыз мемлекеттік баспасы – бас басқарма ретінде 1920 жылы құрылғанмен соңғы қаңқасы 1922 қалыптасып аяқталды. Бұл басқарманың қажеттілігі қазақ даласының өмір талабынан туындағандығы» [107, 64 п.] айтылған. Бұл жерде де қазақтардың тек патшалық Ресей тарапынан отарлау саясатына ұшырағандығы, олардың қараңғылық пен жабайылықта өмір сүргендігі, соның кесірінен туған тілінде өзіндік баспасөз құралының болмағандығы, болған күнде олардың миссионерлік, монархиялық ескі көзқарастан шыға алмағандығы, көп жағдайда почта тек қана коммерциялық мақсатта газет шығарушы жекелеген іскерлер мүддесі үшін ғана жұмыс істегенін [107, 64 п.]тағы да тілге тиек етеді.

Үгіт насихат жұмыстарының басты тірегі баспасөз болғандықтан партия, газет мәселесін облыстық конференциялар барысында да үгіт - насихат мәселесімен бірге қарастырған. Әсіресе екінші және төртінші облыстық партия конференциялары барысында баспасөз мәселесіне көп көңіл бөлінеді. Мысалы, баспасөз және баспа мәселесі арнайы талқыланған конференциялардың бірі - 1924 жылғы төртінші облыстық партия конференциясы. Конференция, РК(б)П Орталық комитетінің, баспасөз саласындағы кезекті міндеттерін белгілей келіп, оның маңызын анықтап берген. Онда: «партияның жұмысшылармен және шаруа бұқарасымен байланысының және қаланың деревняға әсерінің аса маңызды формаларының бірі, партияны нығайтып, топтастыру және жұмысшы мен шаруа бұқарасына білім тарату, олардың мәдени және саяси деңгейін көтеру құралы» [297] екендігі баса көрсетілген. Одан ары еңбекшілердің қалың бұқарасына баспасөзбен қызмет көрсету жөнінде алға қойылған міндеттерді анықтайды: «таяудағы уақытта біздің барлық күш-жігеріміз еңбекшілердің қалың бұқарасы мен қалың партиялық ортаға тікелей қызмет көрсететін басылымдарды ғана сақтап, ұлғайтуға бағытталуы тиіс» [297, 103 п.]. Көріп отырғанымыздай, осыдан келіп оқырмандардың шектеулі тобына арналған ведомствалық басылымдардың барлығына қарсы күрес, осылардың есебінен бұқаралық басылымдарды күшейту, нығайту және дамыту міндеті шығады. Құжатта: «көпшілікке арналған бұқаралық баспасөз құру саласындағы қол жеткен табыстар, оған қойылатын талаптармен салыстырғанда, әлі өте-мөте жеткіліксіз болып қалып отыр. Сондықтан да баспасөзді осы бағытта одан ары дамыту бәсеңдемеуге тиіс және де партия ұйымдарының басты назары ұлттық баспасөзге аударылуы тиіс. Байланыстың ерекше жағдайларын және газеттерді ауыл мен деревняға жеткізіп, тарату жағдайларын есепке ала отырып, шаруа газеті үлгісіндегі губерниялық апталық шаруа және қазақ газеттерін шығаруға күш салу керектігін» бір атап өтсе, екіншіден, «партия - кеңес баспасөзінің

мазмұнын жақсартудың бұлжымас шарты оның беттерінде партиялық ой - пікір мен партия ұйымы өмірінің бейнеленуі болып табылатындығын» [297, 112 п.] баса көрсеткен.

Бұдан бұрын, 1922 жылғы екінші конференция барысындағы «Қазақ кедейлері арасындағы жұмыстың есепке алынуы мен тәжірбиесі туралы» қарарда -ақ: «Қазақ халқы бұқарасының арасында үгіт – мәліметтік жұмыс тиісті дәрежеде жолға қойылсын, бұл үшін; а) нұсқаушылар арқылы ана тіліндегі газеттер, журналдар және басқа әдебиет таратылсын...» [35, 192 п.] - деген шешімнің қабылдануы баспасөздің қай формада болмасын партия жұмысының жүзеге асуында маңызды орын алғандығы, онда, әміршіл - әкімшіл жүйенің тереңдеп енуіне септігін тигізген мақалалардың жарияланғандығы айқын. Сондықтан да, газет беттерінде жарық көрген мәліметтердің, коммунистер алып келген саяси жүйе тарихын зерттеуде деректік маңызы зор.

Үшінші бүкілқырғыздық партия конференциясы да өз кезегінде мерзімді басылымның, басшылықта, жұмысшы табын қалыптастыру мен тәрбиелеуде, қазақ бұқарасы арасында таптық жіктелуді тереңдетуде маңызы зор екендігін ескере отырып, баспасөз ісін жандандаруды дұрыс жолға қою- партияның жетекші міндеттерінің бірі екендігін ерекше атап өтіп, жергілікті губерниялық және уездік комитеттерге, осы мақсаттағы бірқатар шараларды жүзеге асыруды нұсқау еткен [298].

Мерзімді басылымға байланысты қарастырылған мәселелер саны жағынан өте көп болғанмен, мазмұны бір сарында болған десек қателеспейміз. Газет ісін халыққа тиімді әсер етудің басты қаруы ретінде жандандыру мәселесі- күн тәртібіндегі номері бірінші мәселе болғандығына тағы бір дәлел - РК(б)П-ның Қырғыз облыстық партия комитеті төралқасының №8 хаттамасы. «Советская степь» газеті редакторының есептік баяндамасын тыңдаған төралқа мүшелері: «газет ісін жандандыру мақсатында газет жұмысына жауапты партия қызметкерлерін тартып, оларды аптасына кем дегенде екі рет, өз жұмыстары хақында мақала жариялауға міндеттеу қажет» екендігі және «газет бетінде жарияланатын мақаларға, әсіресе, әлеуметтік мәселелер жөніндегі мақалаларға мұқият болу тиістігі; газет беттерінде ауылшаруашылық және малшаруашылығы мәселелеріне көп көңіл бөлу қажеттігі» [299] хақында сөз қозғайды. Сонымен бірге, қазақ арасында баспасөздің маңыздылығы туралы арнайы компания жүргізудің маңыздылығына тоқталады. Сайып келгенде, большевиктік басылымдардың басты мақсаты – үгіт-насихат болғандығында тағы да көз жеткіземіз. Халық арасында партия саясатының тек қана тиімді екенін үгіттеу, насихаттау - коммунистік, кеңестік идеологияны қалыптастыруға негіз болды.

Қазақ өлкесінде газет - үгіт –насихат негізі болғандықтан, оны шығару мәселесі, ол газеттің типі, сипаты, оған деген идеялық басшылық, редакция алқасы, газет аты, оның көлемі сияқты мәселелер де партия тарапынан келісіліп отырғандығын жоғарыда айтқан болатынбыз. «Трудовой киргиз» газеті мысалында алар болсақ, газет сипаты тар утилитарлық қана емес, сонымен қатар, елдің саяси, экономикалық, қоғамдық өмірін толық қамтитын сипатта болуы тиістігі, оған идеялық басшылық үгіт - насихат бөлімі тарапынан

жасалуы керектігі де төралқа отырысында бекітілген [299, 96 п.]. Газеттің редакция алқасы -Тельжанов, Алдунгаров, Байдельдин, Айсильбеков секілді мүшелерден тұрған. Соның ішінде, Алдунгаров пен Тельжанов басқа қызметтердің бәрінен босатылып, тек баспа ісімен айналысуы қажеттігі де аталып көрсетілген [299, 96 п.]. Партия, өз тарапынан жауапты адамдарды осылайша орталықтан тағайындау арқылы, баспасөз өмірін толық бақылауда ұстай алатындығын жақсы түсінген.

«Мерзімді басылым туралы қаулының жобасында» баспасөз үстінен бақылауды арттыру үшін: «барлық шығарылып отырған газет журналдарды толық тексеріп, редакторлық алқасын ретке келтіру қажет екендігі» [106, 103 б.] баса көрсетіледі. Баспасөз партия мүддесіне сай жұмыс істеуі істемеуі газет ісін ұйымдастырып отырған редакторға байланысты екенін назардан тыс қалдырмаған кеңестік өкімет, баспасөз басшыларын да қатаң тексеруге алып отырған. Арнайы жылдық жоспарға сәйкес, «баспасөз қызметкерлерінің құрамын егжей - тегжейлі білу мақсатында оларды тіркеуге алып, арнайы бөлімшелерден мінездеме мен пікір талап ету қажеттігін» бекіткен [106, 112 п.]. Көріп отырғанымыздай, редакция алқасының да тікелей партия басшылығымен және міндетті түрде партия мүшесінен сайлануы керек екендігі айқын көрініс тапқан.

Қазақ шаруа газеттерінің негізгі бөлімдеріне: кеңестік құрылыс, ауылшаруашылығы, әйелдердің хұқы, халыққа білім беру, партия мен комсомол өмірі сияқты мәселелерді қамту бірінші кезектегі маңызды нәрсе болған [300]. Орталық өз тарапынан жергілікті жерлердегі басылымдарды тек қана нұсқаулық емес, сонымен қатар, насихаттық сипаттағы материалдармен де қамтамасыз етіп отыруы арқылы өз бақылауын күшейткені анық.

Жергілікті жерлерде шығарылатын қазақ газеттері ресми түрде партия комитеттерінің органы болып аталғанмен, партия талаптарына жауап бере алмайтындығын, партия жиі сынға алып отырған. Ең алдымен, баспасөздің, партия атқарып жатқан іс - әрекеттер жөнінде халық арасында қаншылықты оң пікір қалыптастыра алуы сынға алынған. Әрине коммунистік жолды мақтаған, тек қана оның тиімділігін мадақтаған, халыққа партия идеологиясын терең сіндіре алған басылымдар ғана сыннан өтіп отырған. Осы тұрғыдан алғанда, большевиктік басылымдар бетіндегі мақалалар сыңаржақты болғандығын ескере отырып, оларды дерек ретінде пайдалануда, басқа деректермен салыстыра отырып қарастыру өте маңызды.

Сонымен қатар, жер – жерлерге таратылған газеттер арнайы- «Оқылған газеттерді қайтару реті туралы» нұсқауға сәйкес орталыққа қайтарылуға тиіс болған. Нұсқау бірнеше параграфтан тұрады. Нұсқаудың негізгі мазмұны бойынша: «ҚССР кеңестік халық комиссариатының 1921 жылы 17 қыркүйегінде жарық көрген қаулысын орындау мақсатында жергілікті ұйымдар бекітілген көлемдегі газеттерді баспасөз орталығына қайтаруы тиіс болған. Қайтару мерзімі аймақтың қашықтығына сәйкес баспасөз басқармасымен бекітілген. Газеттерді мерзімінде қайтарып отыру үшін арнайы жауапты адам бекітілген. Ал, бұл нұсқау уақытында орындалмаған жағдайда сол жауапты адамдар әкімшілік жауапкершілікке тартылған» [301].

Үгіт-насихат компаниялары коммунистік идеялардың көпшілік арасына таралуын ғана емес, коммунистердің билікке келіп, большевиктер билігінің орнап, елді отарлаудың одан әрі күшеюін нығайтуға бағытталды.

Нәтижесінде, XX ғасыр басында алғаш рет қазақ топырағында, қазақ тілінде бой көрсете бастаған большевиктік газеттер, Кеңес өкіметі жылдарында ұзақ уақыт бойы елімізде шығып тұрған бірден-бір мерзімді басылымға айналды. Әміршіл-әкімшіл жүйенің орнығуымен, мерзімді басылымдар коммунистік партияның халыққа саяси-идеологиялық, экономикалық, мәдени тәрбие беру және бұқара халықты өзінің маңына топтастырып, біріктіруші саяси үгіт-насихат құралына айналды. Большевиктер ықпалына түсіп қатаң қадағалаудан шыға алмағандығынан большевиктік газеттердің бүгінгі таңдағы Қазақстан тарихының құнды дерегі ретіндегі маңызы кемімейді. Жалпы алғанда, Большевиктік басылымдарда да коммунистік партия саясаты біржақты насихатталғандығын ескерген жөн.

Қорыта келгенде, біріншіден, коммунистік партияның қазақ халқының санасын улауда негізге алған басты шараларының бірі ретінде үгіт-насихат жұмыстары ұтымды қадам болғандығы анықталды. Екіншіден, үгіт-насихат шараларының басты тірегі большевиктік мерзімді басылымдар екендігіне баса назар аударылды. Үшіншіден, баспасөз беттеріндегі деректік мәліметтерге деректанулық талдау жасалып, олардың коммунистік идеология үнін үндегеніне көз жеткізілді. Төртіншіден, мерзімді басылымдардың деректік маңызы мен партия тарихын зерттеудегі орны айқындалды.

Жалпы қорыта айтар болсақ, жоғарыда қарастырылған құжаттар мен мерзімді басылымдардың үгіт-насихат жұмыстарының Қазақстан көлемінде қаншалықты ыждаһаттылықпен ұйымдастырылғандығын ғана көрсетіп қоймай, соның нәтижелерін, яғни, қазақ халқының санасына әсер ету дәрежесін саралауға мүмкіндік беретін маңызды құжаттар тобын құрайды.

3.2 Партия қатарын тазалау тарихының құжаттарда бейнелену дәрежесі

Жалпы кеңестік әлемде, соның ішінде Қазақстан аумағында жүргізілген озбыр саясаттың бірі – қудалау, кез-келген күдікпен себепсіз жазалау болды. Тіптен осы мақсатта арнайы тексеру, бақылау ұйымдары – комиссиялар да жұмыс істеді.

Қазақ облыстық бақылау комиссияларының қызметі мен міндеті туралы мәселелерді арнайы қарастырған Қыробком пленумы қарарларында комиссиялардың мақсат-міндеттері мен жұмыс істеу бағыттары айқын көрсетілген. Онда ең алдымен: «барлық жағынан алғанда кеңес ұйымдарының бәрінің қызметінде партиялық бағыттың дұрыс жүргізілуін қаматтасыз етуі қажеттігі» [293, 25-32 п.] негізге алынған. «Өздерінің қылықтарымен және әрекеттерімен партияның бірлігін бұзатын, беделін төмендететін, жалпы алғанда партияның дәстүрлері мен шешімдеріне қайшы келетін партияның жекелеген мүшелерінің ғана емес, сонымен бірге, тұтас топтар мен ұйымдардың да іс-әрекет бағытын түзеп отыру. Ұрыс-керістерді, топқа бөлінулерді, жікшілдіктерді, жанжалдарды, өзара өштесулерді және т.б.

болдырмай жойып отыру. Ұсақ буржуазиялық стихия жағына ауытқуға қарсы, яғни тоғышарлыққа, бетімен кетушілікке қарсы, таптық принциптерге опасыздық жасауға, діни соқыр сенімдерге, коммунистік емес өмір салтына, жұмысшы партия бұқарасынан қол үзуге, арендаға, жеке саудаға, маскүнемдікке, мансапқорлыққа, бюрократизмге, қара бастың қамын ойлаушылыққа қарсы күресу» [293, 28 п.] сияқты зор міндеттер қойған.

Бақылау комиссиялары өз жұмысында пролетарлық емес, жат, зиянды және партияны ыдырататын элементтерден тазалау ісін барлық уақытта да жүргізіп отыруы тиіс болған. Сонымен қатар, «мемлекеттік аппараттардың басшылары арқылы аппаратты ықшамдау мен жақсарту ісін жолға қойып, жоспарлы түрдегі ішкі өзіндік бақылауды орнатуға тиіс» [302] - екендігін басты міндет еткен партия, қарап отырсақ қоғамдық өмірді жан-жағынан шырмап, қатаң бақылауда ұстаған. «Партия ұйымдары тәжірбиесіндегі жұмысшы демократиясы принципін жүзеге асыруға кедергі келтіретін адамдарды жауапқа тартып отыру» [302, 7 б.] қажеттігін баса көрсеткенмен іс жүзінде демократияның лебі де еспегеніне тағы да көз жеткіземіз.

Партия қатарын тазалау РК(б)П X съезінің шешімдері мен РК(б)П Орталық комитетінің 1921 жылғы 21 июльдегі «Партия қатарын тексеру, қайта қарау мен тазалау туралы» қаулысы негізінде жүргізіле бастаған болатын. Қазақстанда партия қатарын тазалау 1921 жылдың тамыз айының соңына қарай басталған [35, 82-83 п.]. Ал, Облыстық бақылау комиссиясы IX бүкілресейлік конференциясы қаулысы негізінде 18 маусымда 1921 жылы бүкілқазақтық бірінші конференция барысында тағайындалды [303]. Ал, Облыстық РК(б)П құрамын бақылау, тазалау, тексеру комиссиясы Қыробком жанынан Орталық комиссияның 1921 жылғы 10 қаңтарындағы отырысында, РК(б)П –ның X съезінің шешімдері мен РК(б)П ОК-нің 1921 жылғы 21 шілдедегі «партия қатарын тексеру, қайта қарау мен тазалау туралы» қаулысы негізінде құрылды [304].

Жарғы бойынша: «бақылау комиссиясының басты мақсаты партия бірлігін нығайтуға ат салысу» [119] - болып бекітілген. Комиссия өз қызметі барысында партия беделіне нұқсан келтіретін элементтерден тазартуды, партия беделін түсіретін басқа ағымдардың қызметін жоюды басты мақсат деп білген. Бақылау комиссиялары партия мүшелерінің тәртібін қадағалап, қажет кезде үкім шығарып, жазалау шараларын жүзеге асырып отырған. Бақылау комиссиясының хұқы барлық партия комитеттерімен тең болған. Партия конференциясы барысында сайланатын бұл екі ұйым өз хұзырларынан асып бір-бірінің шешімін өзгертуге хақы болмады. Партия комитеттері бақылау комиссиясы шешімдерін өзгерте алмағанмен, устав бойынша партия комитеті мақұлдамайынша бақылау комиссиясы шығарған үкім күшіне ене алмады [119, 2 б.].

Жеке ұйым ретіндегі бақылау, тексеру комиссияларының қызметі партия ұйымының идеологиялық дұрыс бағытта жұмыс істеуін, саяси тұрғыдан дұрыс ұйымдастырылуын қадағалау болған. Қоғамды «сауықтыру» жұмыстарын жүзеге асыруда жергілікті жерлердегі бақылау мекемелері қызметіне сүйене отырып, олардың жұмысын жолға қою мәселесімен айналысқан. Бұған,

Москвадан, Кремльден партияны тазартуға байланысты келген № 131829/241-ші жеделхат мәтіні айғақ бола алады [305]. Одан біз: «3 тамызда жарияланған коммунистік партия қатарын тексеру және тазалау туралы ережеде: 1) тазалауға байланысты орталықтан түскен барлық нұсқаулар жергілікті партия ұйымдарымен жүзеге асуы тиіс; 2) жер-жерлердегі тексеру комиссиялары өз қызметтері барысында орталық комиссия нұсқауларын басшылыққа алып, есеп беріп тұруы тиіс. ...4) облыстық және губерниялық комиссиялар шешімі орталық тарпынан дұрыс деп табылған тұста ғана күшіне енсе, жергілікті мекемелердікі уездік не облыстық комиссия тарапынан қолдау тапқанда ғана жүзеге асырылғандығын» -көрсек, ереженің 5-ші пункті бойынша: «партияның әрбір мүшесі тексеруден өтуге тиіс, белгілі бір мерзім аралығында бақылаудан өтпеген жағдайда партиядан шығарылуға» [305, 26 п.] дейін барғандығын көреміз.

Партияның жеке құрамын тексеру кампаниясы тексеру нәтижесінде партия өмірі мен қызметінің барлық қырларынан қателіктер тапты. Аталмыш жетіспеушіліктерді үш категорияға былайша: «а) партия аппараттары құрылымының немесе билікті жүргізу әдістерінің дұрыс еместігінен; б) идеялық тәрбие мен бірліктің әлсіздігінен; в) партияның әлеуметтік құрылымының әртүрлілігінен» [302, 7 п.] деп бөліп қарастырған.

Осылайша әміршіл-әкімшіл жүйе әлеуметтік бақылау мен мәжбүр етудің берік аппаратын құра бастаған болатын. Партияның жеке құрамын тексеруде әр мүшенің әлеуметтік жағдайына, партияға кірген уақытына, оның белсенділігіне, партиялық және кеңестік тәртібіне ерекше көңіл бөлінген. Жеке мүшелер туралы мәліметтерді «сауалнама арқылы және әр мүшемен жеке-жеке сұхбаттасу жолдары арқылы жинау қажеттігі» жоғарғы ұйымдар тарапынан губерниялық, уездік, аудандық ұйымдарға жеделхатпен жолданған [305, 26 п.]. Жергілікті партия қызметкерлеріне деген сенімсіздік соншалық, тіпті, оларға циркулярлы түрде жүріп-тұрудың арнайы қалыбы құйылды. Кейінірек принципке айналған мұндай жеке өмірге араласу тіпті ешқандай қарсылық тудырмай, солай болуға тиіс шарт ретінде қабылдана бастады.

Коммунистік партияның әрбір мүшесіне партиялық тәртіптің төмендегі ережелерін орындау жүктелді. «1) партияның әрбір мүшесі кез-келген партиялық жұмысты атқаруға міндетті: а) барлық жерде, барлық кезде, яғни үйде, көшеде, таныстарының ортасында міндетті түрде ауызша насихат жүргізуге, партияның сауатсыз топтарына дауыстап газет немесе кітап оқып беруге тиіс; б) ұйымды ескертіп үйірмелер ұйымдастыруға, жиналыстар мен митингілер өткізуге тиіс; 2) белгілі бір партиялық немесе кеңестік жұмыс атқарушы партияның әрбір мүшесі өз қызметі туралы, істелініп жатқан жұмыстары туралы ондағы өзгерістер туралы толық, жан-жақты есеп беруі тиіс; 3) партияның әрбір мүшесі партия алдында өз қызметі үшін жауапты, сондықтан да кез-келген талап етілген жағдайда есеп беруге дайын болуы тиіс; 4) өзіне жүктелген жұмысты орындаудан бас тартқан әрбір мүше партия тәртібін бұзған болып есептеледі; 5) партияның қай мүшесі болмасын партия қызметін тек қана партия жиналыстарында ғана сынға алуға құқы бар. Ал, партиялық емес ортада талқылағаны үшін партия алдында жауапты болып

есептеледі.; 7) партия мүшесі партиялық жиналыстар мен отырыстардың бірде-біреуінен қалмауға, кешікпеуге, аяғына дейін шыдап қатысуға және не кәсіподақ, не кооператив ұйымына мүше болуға тиіс; 8) әрбір коммунист барлық ұлттық сезімдерден арылуы қажет; ...10) әрбір коммунист тәрбиеліліктің үлгісі болуға тиіс, яғни ұрсыспай, балағат сөздер айтпай, ішімдіктер ішпей, діни қараңғылықпен айналыспай дұрыс жүріп, басқаларға үлгі болуы тиіс» [305, 26 п.] деген партияның коммунистерге дайындаған ережелік үлгісінен_ әрбір адамның өзіндік көзқарас, өзіндік ой – пікір, еркіндік сияқты жеке тұлғалық қасиеттерінің орнына бір ғана идеологиялық сана-сезімді қалыптастыруға тырысқандығын көреміз. Партияны жат элементтерден тазартуды басты мақсат еткен коммунистік партия: «Қазақ өлкесіндегі партияның басты мақсаттарының бірі партия құрамы мен әкімшілік ұйымдарды байлар мен Алашордалық элементтен тазарту»- [306] деп жат элементтердің кім екенін анықтап беріп отыр. Одан ары: «кеңестік билік идеясы және партия беделі, тек қана кедейлердің қолдарына тиіп отырған жұмысшы диктатурасына сенім артқан кезде ғана артады» - деп сенген партия: «кедейлерді партия құрамына тарту арқылы, біріншіден көпшілікпен байланысудың жолын тапсақ, екіншіден солардың негізінде байларға қарсы мықты күш топтастыра аламыз» [306, 38 п.] -дейді. Одан ары құпия құжат арқылы басшылыққа алу қажет шарттарды көрсетеді: «Басты шаралардың бірі ретінде:...5) жер-жерлерде тазалауға жататын әлеуметтік жат элементтерді уақытында тауып, қарсы шаралар қолдануды атап өтеді [306, 38 п.]. Осы негізде Қыробком тарапынан арнайы 1923 жылдың 18 сәуіріндегі 1832, 2131 номерлі циркулярлары таратылған. Әміршіл-әкімшіл жүйе өзінің құйтырқы саясатын: «ҚАКСР-нда да өзге Ресейлік Кеңестік федерациясындағы басқа да автономиялы аймақтарындағыдай қанаушыларға биліктің бірде-бір ұйымында орын жоқ. Барлық - заңшығарушы, атқарушы, бақылаушы билік толығымен жұмысшы халық қолында болуға тиіс. Адамның адамды қанауын жоюды мақсат еткен партия өз алдына қоғамның топтарға бөлінуін жоюды, қай ұлтқа жатпасада қанаушыларға қарсы күресуді және қоғамның социалистік ұйымын құруды міндет етті»-деп ақтай келе: «ҚАКСР-нда қоғамның паразиттік элементтерін жоюда, социалистік шаруашылықты жылдам ұйымдастыру мақсатында республика азаматтарын жұмысқа жұмылдыру қажет» - деп тапқан [307]. Осылайша партия қазақ кедейлерін, бір қанаудан құтқарушы бола тұра, бүкіл қазақ халқын тоталитаризм қылышының астына жығып берді. Тапқа не топқа бөлінбеуді ұсына отырып, жұмысшы табын үстем тап ретінде бөліп алған коммунистер әміршіл-әкімшіл жүйе саясатын үлкен ептілікпен жүзеге асырды десек қателеспейміз. Партия көсемі болған В.И.Лениннің мемлекет ұғымына байланысты: «басқару үшін ғана құрылған адамдардың ерекше тобы айқындалған жағдайда және олар басқару үшін күштеудің берік аппаратын қалыптастырғанда, яғни басқаның еркін зорлық-зомбылыққа көндіру - абақтыға қамауды, адамдардың ерекше топтарын - әскерін қажет еткен жағдайда ғана мемлекет қалыптасады. Таптық қоғам пайда болған жағдайда мемлекет пайда болып, нығаяды. Мемлекет дегеніміздің өзі де- бір таптың екінші тапқа үстемдік етуімен бірін –бірі қанау машинасы» - деген ой-пікірлерінің өзі

еркіндік, теңдік дегеннің тек қана утопиялық ой ғана екеніне дәлел бола алады [308]. Соған қарамастан, қоғамды демократияландыру принципін негізге алған партия көсемі: «Кеңес өкіметінің демократиялануы мен оның социалистік сипатының басты көрсеткіші - жоғарғы мемлекеттік биліктің жұмысшы халықтар арасынан сайланатын кеңестер қолына жинақталуын» [309]. - деп ерекше атап өтеді. Осыған сай, «Кеңестердің ролін күшейту» ұрандатылғанмен, билік саяси-мемлекеттік әкімшілік қолында болды. Бастапқы этапта кеңестер жұмысшылардың белсенді тобы арқылы жұмысшыларға арналған билік болса, ендігі жағдайда партиялық- мемлекеттік қызметкерлер арқылы жұмысшыларға арналған билікке айналды [310].

«Кеңестер өкіметі» деп дардай болып құрылған мемлекетте 20-шы жылдардың ортасына таман кеңестердің билік органы ретіндегі беделі төмендеді. Тіпті, 1925 жылы партияның губерниялық комитеті әртүрлі себептерді сылтауратып, кеңестерге сайлаудың күшін мүлдем жоя алды. 1925-1926 жылдардағы партияның ОК мәліметтерінде осы жағдай туралы және кеңестерге мүшелерді партия ұйымдарының өздері тағайындап отырғандығы туралы айтылады [311]. Осылайша барлық экономикалық мәселелер, жоспарлардың талқылануы мен қабылдануы кеңестер емес партия съездерінде шешіле бастады. Экономикаға байланысты негізгі қаулыларды қабылдап бекіту ОК аппаратының Саяси бюро құзырында болды. 1925 жылдан бастап, қоғамдық ұйымдардың бірінің де өз бетімен, ОК-тің келісімінсіз съезд не конференция шақыруға құқы болмады. ОК хатшылығы немесе Ұйымдастыру бюролары съезд не конференцияның уақытын ғана емес, оның регламентін ұсақ-түйегіне дейін бекітіп отырды [312]. Бұл да болса әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының маңызды бір ұшы еді.

Партия көсемінің партияның X съезінде (1921ж.) сөйлеген сөзінде: «билеуші партия ретінде біз партия «басшылығы» мен кеңестік «басшылықты» біріктіре алмаймыз, олар бізде онсыз да біріккен» [313] - деп айтқанындай әміршіл-әкімшіл жүйе партиялық және мемлекеттік аппаратты біріктіру сияқты көріністі тудырғаны анық. Әрине, бұл тек көрініс қана болып қалған жоқ. Т.П. Коржихина «Әміршіл-әкімшіл басқару жүйесінің тууы» [310, 5-27 б.] атты мақаласында аталмыш жүйенің белгілерін талдай отырып, төртінші белгісі ретінде - әміршіл-әкімшіл жүйенің басқарудың номенклатуралық принципіне сүйенгенін бөліп көрсетеді. Автордың көрсетуінше «номенклатура-кандидатуралары алдын-ала қаралып, бекітіліп ОК-ке аудандардан арнайы шақырылатын, мемлекеттік аппараттағы аса маңызды қызметтердің тізімі. Номенклатура көбінде мемлекеттегі барлық билікті басшылыққа алған бірпартиялық жүйеге тән» [310, 14 б.]. Осылайша, 1923 жылдың қазан айында партияның ОК «есептік –бөлу жұмыстың негізгі мақсаттары туралы» қаулы қабылдаса [314], кейінірек 1925 жылы 16 қарашада қызметкерлерді тағайындаудың жаңа ережесі қабылданады [315]. Номенклатура жыл сайын қарастырылып, нәтижесінде әр жылда неше түрлі қызметтер мен қызметкерлер тағайындалып отырған. Мысалы, ұйымдастырушылық-бөлу бөлімі арқылы 1922 жылдың сәуір айынан- 1923 жылдың сәуір айына дейін 10 351 адам, 1923 жылдың сәуір айынан - 1924 жылдың маусым айына дейін - 6 088 адам, 1924

жылдың маусымынан-1925 желтоқсан айы аралығында -12 777 адам әртүрлі қызметтерге тағайындалған [316]. Сонымен қатар, партия жағдайында номенклатура екі тізімнен тұрған: №1 және №2. Біріншісіне, ОК тарапынан ғана тағайындалатын қызметтер тізімі кірсе, екіншісіне ОК ұйымдастырушылық-бөлу бөлімі рұқсатымен тағайындалатын қызметтер тізімі кірген. Оған қосымша №3 номенклатура да болған. Ол-№1 және №2 номенклатураға кірмеген қызметтер тізімі еді. Номенклатуралардың өзіндік ерекшеліктері де болған. Мысалы, біріншіден, тағайындалатындардың жалпы саны төмендегідей бөлінген: барлық тағайындалатындар ішінен - №1 номенклатура бойынша -27,8%, №2 бойынша-29,4%, №3 бойынша-42,8% [317]. Бұдан көретініміз қалай дегенмен де қызметкерлердің көпшілігін ОК емес, ұйымдастырушылық-бөлу бөлімі қызметкерлері тағайындап отырғандығы. Екіншіден, бұл номенклатуралар бойынша жалпыодақтық мекемелердің өткендігі. Үшіншіден, үш номенклатура бойынша мемлекеттік мекемелермен қатар, қоғамдық ұйымдардың да өткендігі. Төртіншіден, партия мүшелерімен қатар, партия қатарында жоқтар да номенклатураға енген [318]. Осының нәтижесінде ұйымдастырушылық-бөлімдік бөлімнің адамдардың тағдырын шешуші басшы ұйым болғандығына көз жеткіземіз. Ол бөлім арқылы мемлекеттік аппарат қызметкерлері; халық комиссарлары; бас бухгалтерлер, бас инженерлер; елшілер және т.б. кадрлар өткен. Осылайша номенклатураның барлық саланы қамтыған болып тұр. Сондықтан да бұл бөлім құжаттарын деректанулық талдауда назардан тыс қалдыруға болмайды. Соның өзінде бұл бөлім - тұтас коммунистік партияның бір ғана бөлімі еді. Сондықтан да партия идеологиясынан асып кете алмаған, қатаң жабық жүйе болғандығы сөзсіз.

Номенклатура әміршіл-әкімшіл жүйенің бір белгісі ретінде басқарудың сапасыздығына, яғни сападан гөрі сандық көрсеткіштердің маңызының артуына алып келді. Әміршіл-әкімшіл жүйе «мінсіз» басқарушыны қалыптастырды. Оның басты көрсеткіші - демократиялылығы, білімділігі, адалдығы, принципиалдылығы емес, анкетасының мінсіздігі, партия бағытын дұрыс жүргізе білгендігі сияқты белгілері еді. Осындай асыра сілтеушіліктің негізінде бюрократизм туындады. Партиялық-мемлекеттік бюрократия өз кезегінде әміршіл-әкімшіл жүйе тірегіне айналды.

Қорыта келгенде, социализм құруды жеделдетуге бағытталған бағыттың негізгі қаруы: а) директивалық бастаулардың күшеюі; ә) қатаң орталықтану; б) жедел әкімшілену; в) қатаң бақылау болды. Аппаратта мақсатқа жетудің негізгі тәсілі мамандану емес, керісінше әміршіл-әкімшіл бастамалар еді. «Адамдардың белсенділігін көтерген негіз - кім партияға жақсы қызмет етсе соған жақсы болады деп сенгендігінде. Мемлекет әке, қожайын рөлінде, ал азамат- соның қол астында пана іздеуші рөлінде болды» [310, 16 б.] - деген пікірмен толық келісуге болады. Осылайша қоғамдағы адамдар мүддесінен гөрі, мемлекеттік мүдде басым сияпқа ие болды. Мемлекетте адамдардың жеке шығармашылығына деген ешқандай орын қалмады. Адамдар әміршіл-әкімшіл жүйе аппаратының бір тетігіне айналды.

Партияға жұмысшыларды алуда «РКП-ң әр мүшесін атқарып отырған қызметіне сай жеке-жеке нақты тіркеу» [319] міндетті болды. Партияға кірген

мүшені ұсынған адамның да жауапкершілігі артты. Партия бағдарламасында да бұл басты тармақтардың бірі ретінде қарастырылған. Партия бірлігі, төзімділігі, саяси күші, бірлігі партияға кімнің қандай мақсатпен кіргеніне байланысты екені анық. Жарғы бойынша партияға кіруді көздеген әрбір азамат кандидаттық стаждан өтуі тиіс болды. «Кандидаттар институтының басты мақсаты - үміткерді жан-жақты дайындау, партия бағдарламаларымен, тәртібімен таныстыру және жеке қасиеттерін тексеру» екендігін баса көрсете отырып, кандидаттық стажды устав бойынша төмендегідей белгіледі: жұмысшыларға кем дегенде 6 ай, шаруаларға -1 жыл, басқаларына- 2 жыл, ал басқа партияға қатысы болғандар үшін әлеуметтік жағдайына қарамастан -2 жыл, яғни идеологиялық жат элементтерден тазару үшін [35, 4 п.]. 1922 жылы 9 қыркүйекте ОК-тің өкілетті ұйымы – Қырбюро сайлау кампанияларына өзгеріс енгізді. Кандидаттарды ұсынуды таптық тұрғыдан жүргізу қажеттігін басып айтты. Адамдардың «әлеуметтік жағдайына қарай – жұмысшылар мен кедей шаруаларды көбірек тарту қажет. Интеллигенттерді адалдығы мен іскерлігін әбден шыңдап барып алу қажет болса, Алашордалықтарды және олармен байланыстыларды жібермеу керек» [320] деп анық көрсетілді.

Сонымен қатар, партия жеке адамдармен бірге саяси ұйымдарға қарсы күреске де көп көңіл бөлді. ОК 1924 жылы 9 желтоқсанда Қыробкомға жіберген хатында: «ең алдымен партия ұйымының толық бірлігін қамтамасыз ету қажет. ...әртүрлі топтар құруға жасалған ұмтылыстарға партия ұйымынан қолдау көрсетілмесін» [321] делінген. Партия тарапынан партия ішіндегі жат элементтермен күнделікті күрес жүргізу жолға қойылған. Мысалы, 1923 жылы 8 мамырда ОК хатшысы В. Молотов қол қойған «өте құпия» деген желеумен келген №2 циркулярда: «ОК-ке келіп түскен материалдарды қарап отырып, соңғы уақытта партияның бұрынғы мүшелері арасынан РКП-на және Кеңес өкіметіне қарсы топтардың ұйымдаса бастағанын байқап отырмыз. Көп жағдайда олардың құрамына бұрында партияда жауапты қызмет атқарған мансапқор анархиялық элементтер кірген. Олар өз кезегінде партия арасына жік салуда» - дей келе, Орталық Комитет «бұл топтармен аяусыз күрес жүргізуді, оларға қатысы бола тұра әліде партияда қызмет істеп жүргендерді орындарынан алу» [322] ұсынылған. Ал, осы жылдың 9 мамырында барлық облыстық және губерниялық комитеттерге бағытталған келесі циркулярда болған жағдайды: «партияның кейбір элементтері «шаруашылық жағдайын арттыру» үстінде көрінеді, яғни егер ол қалалы жер болса жеке меншігіне бірнеше үй алу, өздері не семьялары арқылы сауда-өнеркәсіптік орындар жұмысына араласу сияқты шаралар. Партия қатарындағы мұндай бассыздықтар ұсақ-буржуазиялық идеологияның тууына, партиялық жұмыс пен тәртіптен босауына алып келеді. Ал, ол өз кезегінде партияны ыдыратып, партия беделін түсіреді»-деп бағалай келе, «ОК жергілікті ұйымдарға мұндай антикоммунистік көріністермен жүйелі күресуді, партиялық-тәрбиелік жұмыстарды тереңдетуді ұсынады» [322, 30 п.].

Тоталитаризмнің қиян-кескі шараларының бірі – партия қатарын «партияға жат» элементтерден тазарту саясаты Облыстық партия конференцияларында да кеңінен талқыланып отырған. Мысалы, Бірінші бүкілқазақтық облыстық

партия конференциясына РК(б)П ОК хатшысы Ярославский қатысқан. Ол Қазақстанға, өлкедегі партия ұйымдарына X съезд шешімдерін жүзеге асыруға көмектесу, партиялық және кеңестік аппаратты нығайту және бірінші облыстық партия конференциясына дайындық жүргізу мақсатымен келген болатын. Бүкілресейлік X конференция туралы баяндама барысында: «партияның ұлт мәселесіндегі міндеттеріне, ұлттық - мемлекеттілік құрылыс аумағындағы шаралар жүйесіне келгенде, конференция - бұрынғы ұлттық жақтырмаушылық пен таптық тартыс негіздерін тамырымен жойып, халықтар мен ұлттар арасындағы достастықты жандандыруды басты мақсат ететіндігі»-басым көрсетілген [49, 10 б.]. Дегенмен, көптеген әдебиеттерде орын алғандай немесе партия бағдарламаларында көрсетіп, айтқандарындай саяси жүйе механизмі өзгеріп, демократиялана қойған жоқ. Коммунистік партия басқару әдістерін толық өзі билеп, ел мүддесінен гөрі көңілді өз идеяларының жүзеге асу барысына көбірек бөлгендігін көреміз.

Конференцияға «жергілікті партия ұйымдарының партияның ұлттық саясатын қаншалықты түсініп, қалай жүзеге асырып жатқанына, өлкенің ерекше әлеуметтік - экономикалық жағдайында коммунистік бастауларды енгізу жұмысына талдау жасаудың бірінші ұмтылысы болды» [49, 12 б.] – деп баға берген жолдас Ярославский өз баяндамасында басты назарды кеңес өкіметінің өлкедегі алғашқы шараларының бірі-жаңа экономикалық саясатқа (ЖЭС) аударған. Себебі, X конференцияның «бүгінгі күннің түбірлі саяси мақсаты – барлық партия және кеңес жұмысшыларының жаңа экономикалық саясатты толық меңгеріп, дұрыс жүзеге асыруында» [183, 92 б.] -деген шешімімен таныстыра отырып: «Біздің жаңа экономикалық саясат толық салмақталып қабылданған шешім. ... жаңа экономикалық саясаттың негізгі тірегі товар алмасу болып табылады»-дей келе оның себебін: «Жұмысшы табы мен шаруалар арасындағы дұрыс қарым-қатынас орнату, екі тап арасында капитализмнен социализмге өту тұсында тұрақты экономикалық одақ құру - өнеркәсіп пен егіншілік арасында товар және азық-түлік алмасуынсыз мүмкін емес» [49, 10 б.] -деп түсіндірсе, ғалым Е.Г.Гимпельсон жаңа экономикалық саясатты жүзеге асыруда партияның көздеген шынайы мақсатын: «Өзінің «ең жоғарғы міндеттерін» жүзеге асыра отырып «жоғарыдағылар» (партия басшылығындағылар-А.У.) партиялық-мемлекеттік аппаратты өз қаруы ретінде пайдалана отырып, жаппай жазалау, әлеуметтік демагогия әдістері арқылы халыққа идеологиялық әсер ете отырып, өздерінің ең басты мақсаттарын жүзеге асырды. Ол-қоғамдық өмірдің барлық саласын өз бақылауына алу еді және осы үшін жаңа экономикалық саясатты енгізу қажет болды» [28, 7б.] -деп көрсетеді. Яғни Гимпельсонның былайша пайымдауы тоталитаризмнің қалыптасуына жасалған бетбұрыс екендігінің дәлелі. Мұндағы партияның басты мақсаты-жұмысшы қауымға жаңа экономикалық саясаттың мәнін түсіндіру арқылы өз саясатын тереңдете енгізу. Осылайша тоталитаризмнің басты құралы - жаңа билеуші тап қалыптасты.

Партиялық-мемлекеттік құрылымдар билікті жұмысшы табы атынан жүзеге асырып отырғанмен, шын мәнінде олар биліктен де, меншіктен де алыс болатын. Кеңестік саяси жүйенің қалыптасу барысының мұндай бағыты

басынан –ақ большевиктердің «социализм құру», «партияның жетекші рөлі», «жұмысшы диктатурасы» сияқты идеологиялық постулаттары негізінде белгіленген болатын. Сайып келгенде, «пролетариат диктатурасы» бар күшімен буржуазиялық-помещиктік топтарға соққы берді. Оларды тек биліктен айырып қана қоймай дүние – мүліктерінен, елінен, жерінен де айырды.

20 жылдары ел экономикасы ғана емес, Коммунистік партия да дағдарысқа ұшырады. Партия ішінде талас-тартыс, қатарының азаюы кең орын алды. Аппарат күннен-күнге бюрократияланып, «жоғарыдағылардың» партияның төмендегі мүшелеріне деген көзқарасы өзгеріп, қысым көрсетіле бастады, партия қатарын партияға жат элементтерден тазарту кең етек алды. Міне осы тұста, тығырықтан шығу жолында ЖЭС-қа өту көзделді. Осылайша, партияның X съезінде 1921 жылдың наурыз айында Жаңа экономикалық саясатқа көшу туралы шешім қабылданады [183]. «Жаңа экономикалық саясат концепциясы - товар-ақша қатынастарын, мемлекеттік, кооперативтік жеке меншіктерді пайдалану идеяларын негізге алды. ...Жаңа экономикалық саясат реформалары эмпирикалық сипатта болды. Олар елді толық тотальды қамтыған (экономикалық, саяси, әлеуметтік, ішкі саяси) дағдарыстан шығуға бағытталған тактика болды. Оның басты мақсаты - Кеңестік билікті, дәлірек айтсақ коммунистік партия билігін сақтап қалу және нәтижесінде социализм құрудағы стратегиялық мақсатты шешу. ...Жаңа экономикалық саясат «архитекторы» - Ленин үшін сауда еркіндігі Жаңа экономикалық саясаттың ең маңызды тетігі болды. Бірақ, ол туралы айтқанда Лениннің өзі жеке меншік иелері мемлекеттік сектормен бақталастықта ұтып кетпеу үшін оның шектеулі екенін баса көрсетіп қана қоймай, мүмкіндіктерін шектеп те отырған» [28, 20-21 б.] - деген бағаның жаны бар.

20 жылдардағы саяси және экономикалық реформалардың өзара қарым-қатынасын ашудың маңызы тек олардың тағдырын түсінуде ғана емес, сонымен бірге елдің ары қарайғы саяси бағытын айқындауда да зор. Қазақ өлкесіндегі әлеуметтік-экономикалық және саяси хал-ахуал ең алдымен аграрлық және ұлттық мәселелердің шиеленісуімен ерекшеленеді.

Экономикалық саясат туралы Қазақстандағы саяси билік аппараттарыны шақырған кезекті үшінші облыстық партия конференцияда Дунаев жасаған келесі баяндамада: «жаңа экономикалық саясаттың жекеменшіктік қатынастарды пайдалануы ұсақ буржуазиялық тенденцияларды тудырып күшейтті, ол өз кезегінде ұсақ буржуазиялық идеологияның нығаюына алып келді. Жаңа экономикалық саясат жүзеге аса бастаған сәттен бастап партияны жат элементтерден тазарту, әлеуметтік құрамын қайта құру орын ала бастады» -деп әлеуметтік бақылаудың орнай бастағанын көрсетеді және мұны кері әсер ретінде бағалайды. Одан ары: «Жаңа экономикалық саясаттың тиімді жақтарының бірі сол - экономикалық саясат партияны тазалауға өзі көмектеседі, яғни партияға жат элементтер партиядан өздері-ақ кетуде...» - деп сол олқылықтың орнын толтыруға тырысады [101, 76п.].

Сонымен бірге үшінші бүкілқырғыздық облыстық конференциясында ұсақ буржуазиялық стихияның партия мүшелеріне жасайтын ықпалына қарсы тікелей күресу шаралары туралы мәселе айрықша қойылды. «Партияны жат

және азғын элементтерден тазарту және босаң, бірақ коммунистік сана-сезімінен әлі айрылмаған элементтерді ширату жөнінде бақылау комиссиялары арқылы жүйелі, пәрменді әрі тынымсыз жұмыс, осы салада қолдалынып жатқан шаралардың принциптік жалпы алғышарты болып белгіленуі керек» –деген мүдде белгіленген [101, 155п.]. Алдына қойған мақсаттарына айнамай жету үшін өмірдің барлық саласы қамтылған. Одан ары: «деревнядағы біздің салық саясатымыз терең әлеуметтік рухқа негізделіп, кулактар мен неғұрлым ауқатты элементтерге қарсы бағытталуға тиіс, ол кедей топтарға түсінікті болуға тиіс. Мұның өзіне салық жүйеміздің әлеуметтік сипатын білетін, таптық тұрғыдан айқын және мүмкіндігінше неғұрлым саналы элементтер тартылуы керек. ... Кедей бұқарамен байланысымызды нығайту ісінде біздің таптық ұйымдарымызды дұрыс құру үлкен роль атқаруға тиіс» [101, 157] -деп таптық бөлініске алып келеді. Қазақ қоғамындағы дәстүрлі әлеуметтік топтар арасына іріткі салады. Оның айқын көрінісі: «Кедейлерді байларға кіріптарлық тәуелділігі және патриархаттық-туыстық қатынастармен бүркемеленіп кедейлерді шексіз қанау ауылда белгілі бір шамада қаз-қалпы сақталған. Ауылдық Кеңестер мен облыстық ұйымдарда екінің бірінде байлар мен олардың балалары немесе оларды жақтайтындар отырып алып, қолдарындағы билікті өздерінің рулық және таптық мүдделеріне пайдалануда, олар Кеңес өкіметінің саяси және әлеуметтік шаралары мен партияның шешімдерін бұқараға бұрмалап көрсетіп келеді» [101, 157 п.] - деп байларды айыптаса, ұлттық интеллигенцияны: «қазақ ұсақ бұржуазиялық интеллигенциясының аз ғана тобы іс жүзінде әлеуметтік тұрғыдан берік элементтердің мүдделерін білдіреді, кедейлердің таптық сана-сезімінің және қазақ халқының әлеуметтік қайшылықтарының өсіун тежеп, халықтың бірлігін уағыздайды және қоғамдық өмірдің құбылыстарын өзінің ұлтшылдық тұрғыдан түсінуін көлденең тартады. Кезінде Алаш партиясы осы негізде құрылған болатын, ол ұйымдық тұрғыдан ыдырап кетсе де, коммунизмге дұшпан идеялық ағым ретінде сақталған және жас ұрпақты ұлтшылдық пен шовинизм рухында тәрбиелеуге тырысады. Сөйтіп, ұлтшылдық қазақ кедейлеріне коммунистік ықпалдың өсуіне өте күшті кедергі болып отыр» [101, 159 п.] -деп айып тағады. Бұл тек бергі жағы ғана. Ендігі жерде осындай қалыптасқан жағдайдан шығудың жолын іздестіре бастайды. Ол жолда - «қазақ кедейлері мен батырақтарына коммунистік ықпалды нығайтудың басты әдісі - олардың мүдделерін кулактар мен байларға қарсы қою және сол материалдық мүдделер негізінде олардан айырып алу арқылы қазақ кедейлері мен батырақтарын өз мүдделерін қорғау ісіне тарту болып табылады. Бұл үшін ең алдымен сырттай қарағанда кедей туыстарына қайырымдылық, қамқорлық жасау болып көрінетін ауылдағы кіріптарлық қатынастар мен кедейлердің шексіз каналуын жою жөнінде көп әрі жүйелі жұмыс жүргізілуі керек. Аталмыш қатынастар негізінде пайдаланып келген мал, оларды кім пайдаланып отырса соның меншігі деп жариялануы тиіс» [101, 160 п.] - деп онсыз да титықтап жүрген қазақ кедейлерінің жанды жерін тауып, соған әсер ете отырып жүзеге асыруды жөн көрген.

«Әлеуметтік – шаруашылық сипаттағы аталған шаралармен қатар, өкімет ұйымдарына кіріп кеткен байларға қарсы, кедейлерді қанаушылар мен

байлардың құйыршықтарының барлығына қарсы жорық жариялануы тиіс. Біздің аппаратымызды, әсіресе төменгі аппараттарды байлар мен олардың құйыршықтарынан тазалау жөніндегі арнайы науқан бұл тазалауға кедейлерді белсене қатысуға тарта отырып, бүкіл өңірде жүргізілуге тиіс» - деген арнайы қарар қабылданды [101, 86 п.]. Бұл дегеніміз - тазалауға, қазақ қоғамындағы әлеуметтік қайшылықты тудыруға қатысты нұсқаудың айқын көрінісі. «Біздің аппаратымызды, әсіресе төменгі аппараттарды байлар мен олардың құйыршықтарынан тазалау жөніндегі арнайы науқан бұл тазалауға кедейлерді белсене қатысуға тарта отырып, бүкіл Қазақстан бойынша барлық жерде жүргізілуі тиіс» - екендігі де баса көрсетілген [101, 245-249 п.].

Бұл мәселе барлық конференцияларға түрткі болып, қызу талқыланды. Екінші облыстық конференция барысында да ұйымдастыру мәселесіне байланысты бірнеше пункттен тұратын қарар қабылданған болатын. Онда, үкімет қазақ республикасындағы партия ұйымының жағдайы және оның жұмысына байланысты: «Бізде партияны керексіз әрі зиянды элементтерден тазартуға, ұйым мүшелерінің сапалылығын арттыруға, негізгі табанды партиялық ұйытқы жасауға, төменгі ұйымдарға жоспарлы түрде басшылық және партияда жоқ қалың бұқарамен байланыс жасап отыруға бағытталған жүйелі жұмыс жоқ деуге болады» [28] - деген қорытындыға келсе, жалпы міндеттер деген пунктінде: «ұсақ буржуазиялық ауытқулардың барлық көріністеріне қарсы батыл күрес және партия ұйымының саяси сана-сезімін көтеру жолында мұқият жұмыс жүргізу» туралы қаулы етіледі және бұл бастама өз кезегінде тиісті орындармен қадағалануы тиіс» [28, 98 п.] - екендігі атап көрсетіледі. Осыған орай партия қатарының бірігіп күшеюінде, партия беделінің артуында, партия қатарын жат элементтерден тазалауда; бюрократизм, карьеризм, қызмет дәрежесін пайдаланып кетумен күресте; партия ішінде жолдастық қатынастардың бұзылуын қадағалауда және т.с.с., басқа да шараларды жүзеге асыруда бақылау, тексеру комиссияларының ролі зор болғанын көреміз.

Құжаттардан, «Тексеру комиссияларының алдына партия аппараттарының жұмысын кемінде айына бір рет жүйелі түрде тексеріп отыру, кезекті тапсырмалардың дәл де толық орындалуын қадағалау және партия аппараттарының қалыпты жұмыс істеуін қамтамасыз ететін жұмыс жағдайы мен формаларын қалыптастыруға қатысу міндетін қою қажет» [53] - деп табылғанын көруге болады. «Жағымсыз элемент» деп айдар тағылған байлардан партия қатарын тазалау шаралары жан-жақты сараланған. Қазақ кедейлері арасындағы жұмыстың есепке алынуы мен тәжірбиесі туралы қарарда: «Қазақ болыстарындағы коммунистік ұяларға байлармен басқа да жағымсыз элементтертердің кіріп алғанын, жоғарғы партия орындарынан тиісті басшылық пен нұсқау болмағандықтан, бұл ұялардың қоршаған ортаның ықпалына түсетінін ескере отырып, мына шараларды жүзеге асыру қажет: а) ұялар жағымсыз элементтерден үнемі тазартылып, қалған мүшелер партия мектептерінен өткізілсін және ә) жергілікті жерлерге уездік комитеттер мен аудандық комитеттердің мүшелерін жіберіп отыру арқылы ұяларға тұрақты басшылық жасалынсын» - делінген [35, 192 п.]. Партия тарапынан жүзеге асқан

саяси шаралар ұлт мәселесін де назардан тыс қалдырмады. «Ұлттық езгінің, демек ұлттық алауыздықтың да жойылуы, яғни ұлт мәселесінің шешілуі тек пролетариат диктатурасының жағдайында ғана мүмкін, өйткені пролетариат диктатурасы езілген ұлттарды ұсақ буржуазиялық отаршыл элементтің шеңгелінен босатып алады» - деп сенген және халықты сендіре алған партия ұлттық сананы әлеуметтік – топтық санамен алмастыруға тырысқан [323]. Ұлт мәселесі жөнінде қабылданған қарардың бірінде: «Шовинизмді, сондай-ақ ұлтшылдықты да жою жөнінде табандылықпен жұмыс істеп, күрес жүргізу, тіпті партиядан шығаруға дейін бару; ...Бақылау комиссиялары коммунистер арасындағы рулық және басқа да әртүрлі топқа бөлінушілікті мұқият зерттеп, ондайларды жою жөнінде күрес жүргізетін болсын» дей келе осы мақсатты жүзеге асыруда тіпті «Мекемелерде қазақ тілін (іс жүргізуде) енгізу жөніндегі шараларды шапшаң жүзеге асырылуы» міндет етіп қойылған [101, 128 п.].

Осының барлығы халықтар арасында идеялық-саяси жұмысты ұйымдастыру мәселесімен байланысты болған. Партия жұмысының ұйымдастырушылық және идеялық-саяси дәрежесін, партия ықпалын арттыру, маңызды мәселелерді шешуге коммунистерді тарту сияқты мәселелер партияның тәрбиелік жұмысын және идеялық-саяси негіздегі партия бірлігін арттыруды қажет еткен. Осы тұрғыдан РК(б)П-ң X съезінің тіптен партия ұяшықтарының жұмысын жандандыруға және жақсартуға бағытталған шешімдерінің де маңызы зор болған.. Мысалы, мұнда да съезд барысындағы қомақты мәселенің бірі – «партия құрамын сапалық жағынан жақсарту - коммунистік емес элементтерден тазартылу арқылы жүзеге асу керек» [183, 3-4 п.] екендігі айтылған. Осының негізінде коммунистік идеядағы ұлттық ауытқушылықтарды жою партияның өлкедегі ең басты міндеті болған. Оған дәлел X съездегі И. Сталиннің Кеңестерді жеңіп, жұмысшы диктатурасының орнауы - «ұлттық қанаудың жойылуына, ұлттық теңдіктің орнауына, олардың құқықтарының қорғалуына негіз болған» [183, 8 п.] - деген тұжырымдамасы. Партияны жат элементтерден тазалау - шын мәнінде геноцидке алып келгені болмаса еш пайдасы болмағандығына тарих куә. Партия өзіне тән әлеуметтік құрылым құра бастады. Бұқара ішінде тірек табу үшін - бір таптың немесе ұлттың, нәсілдің артықшылығын айқындау қажет деген тоталитаризмнің басты идеяларының бірі осылайша жүзеге асты. Республикадағы партия құрылысының мәселелеріне байланысты баяндама барысында: «Біз қатары аз болсада өзімізге адал- жұмысшы табына сүйене отырып, оларды басқаларға әсер етуде орталық звено ретінде тірек етуіміз керек» [324] - деп ашық айтылған.

Қалыптасқан жағдайдан шығудың жолы-«жұмысты ұйымдастырудың жаңа шараларын қалыптастыру» деп тапқан партия - жұмысшы демократиясы мәселесін көтерген. Партия жұмысының идеялық-саяси және ұйымдастырушылық дәрежесін, коммунистер қатарын арттыруда саяси тәрбие жұмыстары басшы орынға шыққан. Идеялық-саяси негізде партия бірлігін арттыру көзделген. Бұл мәселелерді тек қана демократиялық орталықтандыру тұрғысынан шешу көзделген. Осы негізде басқару, бақылау, тексеру комиссиялары жұмыстары жанданған. РК(б)П X съезінің партия қатарын

коммунистік емес элементтерден тазалау шаралары арқылы сапалық жағынан арттыруға бағытталған шешімінің принциптік маңызы да аз емес.

«Кеңестік басқару ұйымдарын кеңестік билікке жат және жұмысқа қабілетсіз элементтерден тазалауды» жүргізу нұсқаулары бойынша тексеру жұмыстарына кіріспестен бұрын тексеру комиссиялары барлық қызметкерлерді үш категорияға бөліп алуды жөн тапқан: «1) биліктен бірден алыстату қажет қызметкерлер; 2) комиссия шешіміне сәйкес жұмыстан шығарылуы тиіс немесе уақытша орнында қалдырылып, бірақ болашақта орнынан босатылатындар мен қызметте одан ары өсе алмайтындар; 3) қызметте қала беретіндер». Партия ұйғарымы бойынша алдыңғы санатқа патша өкіметі тұсында құпия полиция қызметінде болғандар; ұрлық, алдау, арбау, пара алу сияқты қылмыстары үшін жауапты болғандар; қай діннің болмасын діни қызметкерлері; өздері немесе жақын туыстары (әйелі, күйеуі, әкесі, шешесі) саудамен айналысқандар, ірі шаруашылығы немесе ірі үй-жайы бар адамдар жатқызылса, екінші категорияға патша өкіметі тұсындағы басшылар, офицерлер; бұрынғы байлар, жер, фабрика иелері мен кішкене күдік тудырып, сенімнен айрылғандар жатқызылған [325]. Осы іспеттес элементтерден партия бойын таза үшін барлық айла шаралғыларын пайдаланған комунистік партия, ОК РК(б)П–ң губерниялық және облыстық бюроларға жазған директивалық хатының бірінде былай дейді: «Партияға міндетті түрде тұрғындардың, ең алдымен шаруалардың әртүрлі топтарының Кеңестік билік іс-шараларына деген қатынасын ескеру қажет. ... Уездерден саяси көңіл - күйдің мән - жайы туралы мәлімет жинау керек»[326].

Тоталитарлық жүйенің аталмыш шараларды жүзеге асыруында, партияның ұтымды әдістерінің бірі-адамға саналы түрде әсер ету әдісі өз жемісін бергені анық. Әсіресе ұлт мәселесіне келгенде, партия «қазақ ұлты жөніндегі патша өкіметінің, помещиктер мен буржуазияның сясаты - олардың арасында қандай да болмасын мемлекеттілікке ұмтылушылықты жою, олардың мәдениетін бүлдіру, тіліне қысым жасау, оларды надандықта ұстау және ақырында оларды мүмкіндігінше орыстандыру сясаты болды. Мұндай саясаттың салдарынан бұл халықтар мешеулеп, саяси жағынан артта қалды» [327] -деп патша үкіметінің сясатын әшкерелеп, қазақтарға қамқоршылық сынай танытып, «ұлттық езгінің де ұлттық алауыздықтың та жойылуы, яғни ұлт мәселесінің шешілуі тек жұмысшы (пролетариат-авт.) диктатурасының жағдайында ғана мүмкін» - деп жұмысшы табының рөлін арттырып «жанашырлық» таныта отырып, оны: «өйткені пролетариат диктатурасы езілген ұлттарды ұсақ буржуазиялық отаршыл элементтің шеңгелінен босатып алады» -түсіндіреді [182, 99 п.]. Көріп отырғанымыздай, партия осылайша көпшіліктің санасына әсер ете отырып, өз сясатының еркін жүзеге асуына жол ашқан.

Вайнштейн А.И. өзінің «Өлкедегі партиялық және кеңестік жұмыстарға әлеуметтік базаны игерудің әдістері» деген мәселеге байланысты негізгі ойларында былай дейді: «Коммунистік партияның алдында тұрған басқа да міндеттермен қатар, партия мен кеңестік билік аппаратын қоғамның басым бөлігін құрайтын, қырғыздар (бұдан былай қазақтар-авт.) арасындағы көпшілік – қазақ жұмысшылары мен кедейлері арқылы бекемдеу керек. Партия өз базасын нығайту және көпшілік арасында өз шараларын жүзеге асыру үшін

қазақ жұмысшыларын басты резерв ретінде пайдалану қажет. ...Бұл үшін қазақтар арасындағы партиялық жауапты адамдар жаппай жұмылдырылуы тиіс. Өз ықпалымызды арттыру жолындағы басты шара- қазақ кедейлері мен жұмысшыларының материалдық ахуалдарынан шыға отырып, оларды кулактарға – «байларға» қарсы қою негізінде әсер ету» [205, 106-110 п.]. Патша үкіметімен салыстырғанда халыққа еркіндік сыйлаймыз деген коммунистік партиямыз бір ұлттың өз ішіне іріткі салып қазақ қоғамындағы байлар мен көзі ашық оқыған зиялыларымызға қысым көрсетіп, оларға кедейлерді қарсы ұйымдастырып әлеуметтік топ ретінде жою мақсатын алға тартқандығын көреміз. Мақсат етіп қана қоймай байлар мен кулактарды тап ретінде жоюдың қызу науқанын жүргізгендігі де тарихтан мәлім. Ұлтым, елім, жерім деген қазақтың зиялы азаматтары: «қазақ ұсақ буржуазиялық интеллигенциясының аз ғана тобы іс жүзінде әлеуметтік тұрғыдан берік элементтердің мүдделерін білдіреді» -деген айыппен қоғамдағы «артық» топ ретінде сыртқа тебілген.

«Ескі үкімет тұсында, қазақтың басына қаптаған қара бұлттай қалың пәле торлаған заманда, жұрт үшін, ұлт үшін қызмет қылған, қиналған адамдарға «жұртшыл», «ұлтшыл» - деген таңба басылып, олар қораға жолатпайтын қотыр мал сияқты шетке шығарылып, әлеумет жұмысынан аулақ ұсталды. Қазаққа жаны ашып, қазақ сөзін сөйлеген адам болса, оны ұлтшыл деп әдепсіздік еткен сиырдай қылатын болды» - деген пікір де ащы шындықтың бірі [328]. Партияның ұлт зиялыларынан қорқақтағанын өз саясаттарының шынайы бет-пердесінің әшкереленіп қалу қаупімен ғана түсіндіруге болады. Ол туралы тарихшы М.Қойгелдиев: «кеңестік билікке ұлттық мүддені тура бағалап, ол үшін күресе алатын ұлттық элитаның қажеті жоқ-тын. Оған керегі орталықның әртүрлі директиваларын уақытында бұлжытпай орындап отыратын басқарушы кадрлар еді» [329] - деген тұжырым жасаған. Осылайша, әміршіл-әкімшіл билік партияның барлық күшін, партияның қазақ халқындағы негізгі базасын - жұмысшыларды және қазақ кедейлері мен батырақтарын баурап алу жағына жұмылдыру арқылы дереу және батыл бетбұрыс жасау қажеттігін айқын мақсат еткеніне көз жеткіземіз. Ойды одан ары өрбітсек: «...ұзақ уақыт бойы кедейлер пайдаланып келген мал, оларды кім пайдаланып отырса, соның меншігі деп жариялануы тиіс. Байға тұрақты, не уақытша жұмыс істеудің бәрі еңбек туралы заңмен реттелуге тиіс, ал бұл заңда ауылдың өзіне тән ерекшеліктерін ескеретін арнайы баптар болуы керек. Еңбек халық комиисариатының (халком-авт.) ұйымдары ауылдағы жалдамалы еңбек қызметкерлерін қорғауға айырықша бейімделуі тиіс» [101, 66 п.] - деп алдағы уақыт міндеттері айқындалған. Партия тарапынан жүргізілген осы іспеттес саяси шаралар негізінде елде қанау, қуғын-сүргінге ұшырау, қазақтардың жаппай бытырап, жер аударылуы сияқты оқиғалар орын алған. «Қазақ кедейлерінің шаруашылық деңгейін көтеру үшін» конференция: «байдың шаруашылығына арнайы салық салуды ерекше күшейту ісін жүргізген жөн»[330] - деп тапқан. Бұл шара жеткілікті даярланып барып және кедейлердің белсене жәрдемдесуімен өтетін болғандықтан, байдың беделі мен ықпалы күйретіліп, ауылдағы жіктелу процесі едәуір күшеюі мүмкін.

Қазақ халқы отарлық езгіні әлеуметтік-экономикалық салада ғана емес, рухани салада да, атап өтсек тіл, дін, діл мәселелерінде бірдей көтерді. Оны біз Орталық тексеру комиссиялары есептерінен де көре аламыз. Ең алдымен қандай қылмыстары үшін жауапқа көп тартылып тұрғандары, яғни партия ішінде кең тараған қылмыстардың ретін 1923 жылдың бірінші наурызы мен бірінші қыркүйегі аралығына дайындалған тексеру комиссиясы есебі көрсеткіштері негізінде [53, 16-17 б.] қарастырып көрейік.

Кесте 7-1923 жылдың бірінші наурызы мен бірінші қыркүйегі аралығына дайындалған тексеру комиссиясы есебі

Қателіктер мен қылмыстар атауы	1923 Жалпы жауапқа тартылғандар есебінің % көрсеткіші	1923 жыл Жауапқа тартылғандардың абсалютті саны
Дүние жинау, спекуляция	3,37	810
Жат элементтер	3,97	943
Талас-тартыс	4,26	1024
Діни салт дәстүрлер	4,62	1111
Қылмыстық преступлениелер	6,51	1565
Қызмет бойынша қылмыстар	11,27	2711
Партия тәртібін бұзу	16,46	3959
Ішімдік	25,72	6186
Әртүрлі	23,18	5745

Кестеден көріп отырғанымыздай, ең көп пайыз ішімдік пен партия тәртібін бұзушылыққа және қызмет бойынша қылмыстарға келіп тұр. Одан кейінгі сатыда талас-тартыс (4,26), спекуляция (3,27), жат элементтер мен діни салт дәстүрлер (4,62) тұр. Қылмыстарды жыл сайынғы ара салмағын анықтау үшін, осы мәліметтерді 1922 жылмен салыстырып келесі кестеге назар аударайық.

Кесте 8-1922 жылдың наурыз - қыркүйек аралығына дайындалған тексеру комиссиясы есебі

Қателіктер мен қылмыстар атауы	1922 жыл жалпы жауапқа тартылғандар есебінің % көрсеткіші	1923 жыл жалпы жауапқа тартылғандар есебінің % көрсеткіші
Дүние жинау, спекуляция	3,12	3,37
Жат элементтер	4,52	3,97
Талас-тартыс	5,63	4,26
Діни салт дәстүрлер	2,82	4,62
Қылмыстық преступлениелер	7,3	6,51
Қызмет бойынша қылмыстар	12,95	11,27
Партия тәртібін бұзу	14,28	16,46
Ішімдік	20,52	25,72
Әртүрлі	28,84	23,18

Кестеден көріп отырғанымыздай, ішімдікпен байланысты қылмыстардың 20,52 % -дан 25,72 %ға, партия тәртібін бұзушылықтың 14,28%дан 16,46 %-ға, діни шаралардың 2,82 %-дан 4,62 %-ға өскендігін, ал қалған талас-тартыс, қызмет бойынша қылмыстардың аз-маз төмендегенін байқауға болады.

Аталмыш қылмыстар бойынша жауапқа тартылғандарға бірқатар шара түрлері қолданылған. Біріншісі - партиядан шығарған, оның өзінде белгілі мерзімге немесе біржола шығару қарастырылған. Екіншісі - сөгіс немесе ескерту жариялау болса, үшіншісі - қызметінен түсіру немес басқа жаққа жіберу, төртіншісі- өндіріске ауыстыру, ал бесіншісі – қайта ақтап алу сияқты шаралар. Мысалы,

Кесте 9-Қылмыстарына сай жауапқа тартылғандар мен партиядан шығарылғандар есебі

Қателіктер мен қылмыстар атауы	Жауапқа тартылғандар саны	Партиядан шығарылғандар саны	% көрсеткіш
Дүние жинау, спекуляция	810	499	61,825742
Жат элементтер	943	800	84,8
Талас-тартыс	1024	183	17,87
Діни салт дәстүрлер	1111	717	64,53
Қылмыстық преступлениелер	1565	1108	70,01
Қызмет бойынша қылмыстар	2711	1182	43,6
Партия тәртібін бұзу	3959	1584	40,01
Ішімдік	6186	1782	20,9
Әртүрлі	5742	857	14,81
Барлығы	24050	8712	36,22

Кестеден, бірден көзге түсетіндігі, діни салт-дәстүрді ұстанып, діни шараларды орындағаны үшін партия қатарынан көп шығарылғандығы. Көп пайыздық көрсеткіш, сонымен қатар, партия тәртібін бұзушыларға да келеді. Бұл кестедегі мәліметтерден қандай қылмыс үшін партиядан көбірек шығарылғандығын, партияның әсіресе көңілді неге көбірек бөлгендігін біліп қана қоймай партия идеологиясының қай көпшілік санасын жалған идеология сендіру арқылы тотальдық бағыныштылықта ұстауға тырысқандығын көреміз.

Ал, әлеуметтік топтар ара қатынасы тарабынан келер болсақ, әсіресе жұмысшылар мен шараулар жауапқа көп тартылған. Мысалы,

Кесте 9.А - Әлеуметтік топтар арақатынасы негізіндегі тексеру комиссиясы есебі

Әлеуметтік құрам	Мүшелер саны	Жауапқа тартылғандар	% -дық көрсеткіш
Жұмысшылар	171625	9330	5,32
Шаруалар	102992	8062	7,82
Қызметтегілер	85823	4764	5,55

Бұл кестеден кімдердің жауапқа көп тартылғандығы туралы мәліметпен қатар, 1923 жылы партия қатарында қанша мүше болғандығын және олардың әлеуметтік ара қатынасын да біле аламыз. Есепте, партия тәртібін бұзушылықтың шаруаларға келетіндігі шаруалар арасында партия жұмысының әлсіз жүргізілуімен және ұсақ буржуазиялық әсердің әлі де толық жойылмауымен түсіндіріледі [53, 31 б.].

Құжаттарға сүйенсек, партиялық тәртіпті бұзушылықтың қатарына мүшелік төлемді уақытында төлемеу, жиналыстарға қатыспау және тағы басқа осы сияқты жазалауға тұрмайтын ұсақ-түйек қателіктердің де жатқызылғандығын байқауға болады [53, 37 б.]. «Қылмыстардың» ішіндегі ең көп пайыз қай жағынан алып қарасақ та партияға жат элементтер, дүние жинаумен діни дәстүрлерді ұстануға келеді. Мысалды келесі кестеден [53, 49 б.] көре аламыз:

Кесте 10-Әлеуметтік құрам бойынша жекелеген қылмыс үшін жауапқа тартылғандар есебі

Әлеуметтік құрам	Діни дәстүрлерді ұстанғандығы үшін жауапқа тартылғандардың %	Дүние жинау, спекуляция үшін жауапқа тартылғандардың %	Жат элементтер %
Жұмысшылар	58,52	52,54	72,99
Шаруалар	70,6	72,84	90,75
Қызметтегілер	66,17	53,62	85,61

Кестедегі, бұл сандық мәліметтер, бақылау, тексеру комиссиясының осы үш категория «қылмыскерлеріне» қарсы қатаң да мақсатты күрес жүргізгендігі анық байқалады. Осы негізде, тоталитаризмнің қалыптасуының алғы шарты, орнауы, нығаюы мәселесін қарастыруда әрбір құжаттың деректік маңызын ескере отырып назардан тыс қалдырмау қажет.

Осындай жағдайда XX ғасыр басында өрімтей бастаған қазақ қауымына тән қоғамдық-саяси қозғалыс өз алдына әуел баста жалпы ұлттық-демократиялық мақсат-міндеттерді қойды. Бұл істің басы-қасында екі ғасыр тоғысында қалыптасқан қазақ зиялылары болғандығына тоқталмай кетуге болмайды. Олардың Әлихан Бөкейханов басқарған көпшілігі қазақ халқының жалпы ұлттық мүдделерін білдіретін қоғамдық қозғалысты басқаруға талпынды [331, 10-11 б.]. Ал, партияны партияға жат элементтерден тазарту саясаты қазақтың арасынан шыққан белсенді мүшелері мен жақтастарына «Кеңес өкіметіне жау», «буржуазияшыл ұлтшылдар», «террорлық әрекеттерді дайындаушылар» деген айыптар тағып, түрмеге жауып қана қоймай өлім жазасына да кесіп отырды.

1921 жылғы тамыздың соңында басталып, II облыстық партия конференциясына дейінгі мерзім аралығында жалғасқан партия қатарын тазалау нәтижесі бойынша алдын-ала жасалған қорытындылары II облыстық партия конференциясында хабарланды. Мәліметтерге сүйенсек, тазалау кезінде Қазақстан партия ұйымынан 4855 адам, яғни партия ұйымы құрамының 22%

орнынан түскен, кандидаттыққа көшірілген. Соның ішінде 3660 адам партиядан шығарылған [331]. Ал, бұған өз кезегінде «бүкіл партия сияқты, Қазақстан партия ұйымы да жат, азғындаған және мансапқор элементтердің едәуірінен тазартылды»-деп мақтанышпен баға берілген [300, 104-106 п.]. Конференция барысында облыстық комиссия баяндамасы бойынша қабылданған қаулыда қосымша: «бақылау комиссиялары ең алдымен партия ұйымдарын тексеру кезінде алынған материалдарды жан-жақты зерттеуге, сондай-ақ бақылау комиссиясының болашақ жұмыста жеткен нәтижелерін баянды етуге тиіс. Бақылау комиссиялары өз жұмысында өлкенің партия өміріндегі барлық жағымсыз құбылыстарды егжей-тегжейлі зерттеп, олардың себептері мен қайдан шыққанын ашуға міндетті. Партияның жеке мүшелерінің немесе бүтіндей ұйымдардың тарапынан болсын қайсібір лайықсыз қылықтың тууына себепші болған жағдайлардың өзін зерттеп, оларды болдырмау және жою мақсатын көздеп отыруы қажет» [332] - деп табылған.

Қорыта келгенде, тоталитарлық жүйені орнатуда Қазақстан аумағындағы арнайы құрылған бақылау және тексеру ұйымдарының жұмысын талдауға мүмкіндік беретін бірқатар құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Соған сәйкес, партия тарапынан белгіленген қылмыс категориялары анықталды. Олар: партия тәртібін бұзу, қызмет бабын пайдалану, ішімдікке салыну, діни рәсімдер жасау, спекуляция, сауда, байлық жинау, карьеризм, коммунистік емес өмір салты, жат элементтер, талас-тартыс, партия тәртібін бұзу, ішімдік. Аталмыш қылмыстарға қатысты партия қатарын тазалау немесе бақылау комиссиялары сөгіс жариялау, партия қатарынан шығару, өндіріске ауыстыру секілді жазалау шараларын қолдана отырып қысым көрсеткеніне көз жеткізілді. [53, 12-13 б.].

Партия тарапынан жүргізілген мұндай саясат біріншіден, қазақ халқын орасан зор апатқа ұшыратса, екіншіден, адамның жеке басы мен адамдар қауымын кез-келген жоспар бойынша оңдауға, жондауға болады деген түсінік қалыптастырды. Және де бұл тек түсінік деңгейінде қалмады, шын мәнінде күштеу саясаты арқылы жүзеге асты. Үшіншіден, бақылау, тексеру комиссиялары құжаттарының қатарында құпия айдар тағылған құжаттардың басым екендігі айқындалды.

ҚОРЫТЫНДЫ

Қорыта келгенде, құжаттардың тарихи дерек көзі ретінде пайда болуы ХХ ғасырдың 20–ншы жылдары билікке келген большевиктер партиясының қызметімен, яғни қоғам өмірімен тікелей байланысты. Әміршіл-әкімшіл сипатта жұмыс істей бастаған саяси басшылықтың Қазақстандағы ошағы – Қырғыз облыстық партия комитеті болды. Қыробком құжаттарының пайда болуының объективті алғышартының өзі – коммунистік партияның билікке келгендігі екенін мойындай отыра, партия саясатының мәнін, барысын қоғамдық ұйымдар мен партия бөлімдерінің жұмысы барысында жинақталған деректер - құжаттарға сүйенбей зерттеу, талдау мүмкін емес екендігіне зерттеу барысында көз жеткізілді. Сонымен қатар, заман талабынан туындаған қоғамдық ғылыми ізденістерге сүйене отырып басқарудың рөлі мен маңызының артуы да, Қазақстандағы коммунистік партия қызметі мен идеологиясын теориялық бейнелейтін деректерге – құжаттарға назар бөлуге алып келгені анық.

Бүгінгі таңда, Қыробком құжаттарын Қазақстанда әміршіл-әкімшіл жүйенің қалыптасуы тарихын зерттеуде маңызды дерек көзі ретінде алып қарастыру өзекті мәселелердің бірі екендігіне, оларды тарихи дерек ретінде талдау арқылы, Қазақстан тарихының ақтаңдақ беттерін ашуға үлкен мүмкіндік алатындығымыз дәлелденді. Қыробком құжаттарын да басқа тарихи деректер сияқты адамдардың іс-әрекетінің жемісі ретінде қарай отырып, олардың пайда болған қоғамдық жағдайы мен оның әлеуметтік табиғаты айқындалды. Республикада ортақ бір партиялық ұйымның құрылуы Коммунистік партияның жетекші рөлінің артуына, жұмысшылар арасында идеялық-тәрбиелік және жалпы саяси жұмыстың терең және жан-жақты жүзеге асуына негіз болды.

Біз қарастырған деректер комплексі: –елдің экономикалық және саяси жағдайы мен партия қызметін анықтаған қоғамдық дамудың объективті қажеттіліктері; –партияның өз қызметі барысында сүйенген теориялық және бағдарламалық ережелері; – партия ұйымдарының қарастырып отырған кезеңдегі идеялық және ұйымдастырушылық деңгейі, партиядағы жағдай; –зерттеу аумағындағы партия саясатының қалыптасу процесі; – партия саясатының мәні; –партияның қалыптасқан саясатты жүзеге асырудағы идеологиялық қамтамасыз ету шаралары, партия мен оның ұйымдарының жаппай-саяси жұмысы; – белгіленген саяси мақсаттарды жүзеге асыруға бағытталған партияның ұйымдастырушылық қызметі; –партия қызметінің нәтижелері; –партия жүзеге асырған іс-шаралардың теориялық және практикалық мәні сияқты бағыттардағы проблемаларды бейнелейтін деректердің легін қамтитындығы айқындалды.

Қыробком құжаттарын Қазақстандағы әкімшіл-әміршіл жүйенің орнауының дерегі ретінде қарастыра отырып, тарихи деректік маңызы зор бұл құжаттардың мұрағат қорларында жинақталуы мен сақталуы мәселесі де арнайы зерттеуді қажет ететіндігінен шыға отырып талдау жасалынды. Құжаттардың жинақталуы мен сақталуын талдап зерделеу - деректану

ғылымының басты бағыттарының бірі ретінде мәселеге қатысты құжаттарды жүйелеуде басты критерий екені анықталды.

Мұрағат қорларының құжаттарын талдау нәтижесінде партия материалдары арнайы мақсат пен бағытқа сай дайындалғандығына көз жеткізілді. Біз қарастырған материалдар тобы, біріншіден, партияның іс жүзінде ұлттық және басқа мәселелерді қазақтар пайдасына шешуге тырысатындығына, сондай-ақ, солардың мүддесіне жұмыс істейтіндігіне сендіру мақсатын қойғандығын көрсетсе, екіншіден, құжаттардың жоғарғы басқару ұйымдарына есеп беру мақсатын атқарғандығын байқатады. Ең бастысы - олар жер-жерлерде, соның ішінде, Қазақстанда «орталық» саясатын жүзеге асыру мақсатын көздегендігіндігі айқындалды.

1920-1925 жылдары тоталитарлық жүйенің қалыптасуы мен орнығуы мәселелерін зерттеуде маңызды деректер-құжаттарды сыныптау және сол арқылы деректік маңызын анықтау мақсаттарын алға тартылған болатын. Осы негізде, әртүрлі бағыттағы партия құжаттарын деректанулық тұрғыдан талдау барысында әрқайсысының маңызын – деректерді сыныптау арқылы ашу мүмкіндігі пайдаланылды. Деректанудың басты сыныптау принциптері негізінде, партия құжаттары: – партия конференциялары материалдары; – облыстық партия комитетінің басшы ұйымдары материалдары; – бастауыш партия ұйымдары құжаттары; – партия қызметкерлері шығармалары мен естеліктері сияқты сыныптарға топтастырылып, деректанулық талдау жұмыстары жүргізілді.

Қыробком құжаттарының үлкен тобын құрайтын конференция материалдары, соның ішінде баяндамалар, қаулы-қарарлар белгілі бір мерзім ішіндегі Қазақстандағы партия қызметінің барысы мен қорытындыларын жан-жақты сипаттаған құнды мәліметтер беретіндігі және коммунистік идеологиялық мақсаттарды жүзеге асырудағы жетістіктер мен кемшіліктерін нақты баяндаудағы маңызды құрал екендігі талданды. Мәселені талдау барысында партия конференциялары материалдарының ұйымдастырушы-нұсқаушы сипаттағы құжаттарға жататындығы айқындалды.

Басқарушы ұйым құжаттарына келер болсақ, олар бағыты жағынан нұсқаулық мазмұндағы циркулярлар, нұсқаулар, әртүрлі деңгейдегі отырыстар хаттамалары секілді құжаттар легінен құралған. Әміршіл-әкімшіл жүйенің Қазақстан аумағында кең ауқымдағы, әртүрлі бағыттағы іс-шараларының жүзеге асуында, жоғарыдан түскен нұсқау, қаулы- қарарлардың маңызының күшті лігімен, осы топ құжаттарының барлық түрлерінің деректік маңызы анықталды. Олар, өз кезегінде, басшы ұйымдар құжаттары ретінде партияны нығайту мақсатында күнделікті атқарылып жатқан ұйымдастырушылық бағыттағы жұмыстарды талдау мүмкіндігін арттырып қана қоймай, 1920-1925 жылдардағы Қазақстан тарихының эконмикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени даму беттерін зерттеуде құнды дерек қызметін атқаратындығына көз жеткізілді.

Өз кезегінде, орталық ұйымдардан келген нұсқауларды басшылыққа ала отырып жұмыс жасаған жергілікті партия мекемелері – Қазақстанда Кеңестік өкіметті құруда, партия өмірін жандандыруда, әміршіл-әкімшіл тәртіп орнатуда коммунистік партияның басты тірегіне айналғандығына талдау жасалынды.

Қазақстандағы тоталитарлық билік саясатының жүзеге асу жолдары мен бағыттарын, нәтижелерін көрсететін бастауыш партия ұйымдары құжаттарының қатарына: –коммунистік партия нұсқауларының орындалған не орындалмағандығы туралы анықтамалар; –партия қызметкерлерінің отырыстары мен семинарларының хаттамалары; –атқарылып жатқан іс-шаралардың есебі; –жергілікті нұсқаушылардың мәлімдемелері; –басшы партия ұйымдарымен хат алмасулары; –жабық хаттар; –тексеру, бақылау нәтижелері жататындығы анықталды.

Кеңестік әміршіл-әкімшіл жүйенің қыры мен сырын ашуда, Қазақстанда орнауы ерекшеліктерін талдауда - осы кезеңде жүйеде нақты саяси қызметтер атқарған авторлардың естеліктері де дерек ретінде қарастырылды. Құжаттық деректер мен естеліктерде берілген мәліметтерді салыстыра отырып, шынайылыққа қол жеткізуге болатындығынан шыға отырып, партия қызметкерлері шығармалары мен естеліктерінің құжаттардың маңызды легін толықтыратындығы туралы қорытынды жасай аламыз.

Сондай-ақ, Қазақстанда әміршіл-әкімшіл жүйенің орнауы мен нығаюының жекелеген мәселелерін зерттеудегі маңызды келесі деректер – XX ғасыр басында алғаш рет қазақ топырағында, қазақ тілінде бой көрсете бастаған большевиктік басылымдар құрайды. Большевиктік мерзімді басылымдар – Кеңес өкіметі жылдарында ұзақ уақыт бойы елімізде шығып тұрған бірден-бір мерзімді басылымға айналды. Зерттеу барысында, мерзімді басылымдардың біріншіден, коммунистік партияның халыққа саяси-идеологиялық, экономикалық, мәдени тәрбие беруінде, екіншіден, бұқара халықты өзінің маңына топтастырып, біріктіруде басты саяси үгіт-насихат құралына айналғандығы туралы тұжырымға келдік. Большевиктер ықпалына түсіп қатаң қадағалаудан шыға алмағандығынан большевиктік газеттердің бүгінгі таңдағы Қазақстан тарихының құнды дерегі ретіндегі маңызы кемімейді. Жалпы алғанда, большевиктік басылымдарда да коммунистік партия саясаты біржақты насихатталғандығы байқалды. Бұдан шығатын қорытынды - олардың үгіт-насихат құралы ретіндегі маңызының зор болғандығы. Коммунистік партияның өз идеологиясымен қазақ халқының санасын улауда негізге алған шараларының бірі ретінде - үгіт-насихат жұмыстарының ұтымды қадам болғандығы тұжырымдалды.

Сонымен бірге, тоталитарлық жүйені орнатуда Қазақстан аумағындағы арнайы құрылған бақылау және тексеру ұйымдарының жұмысын талдауға мүмкіндік беретін бірқатар құжаттар ғылыми айналымға енгізілді. Соған сәйкес, партия тарапынан белгіленген қылмыс категориялары анықталды. Олар: партия тәртібін бұзу, қызмет бабын пайдалану, ішімдікке салыну, діни рәсімдер жасау, спекуляция, сауда, байлық жинау, карьеризм, коммунистік емес өмір салты, жат элементтер, талас-тартыс, партия тәртібін бұзу, ішімдік. Аталмыш қылмыстарға қатысты партия қатарын тазалау немесе бақылау комиссиялары сөгіс жариялау, партия қатарынан шығару, өндіріске ауыстыру секілді жазалау шараларын қолдана отырып қысым көрсеткеніне көз жеткізілді.

Партия тарапынан жүргізілген мұндай саясат біріншіден, қазақ халқын орасан зор апатқа ұшыратса, екіншіден, адамның жеке басы мен адамдар

қауымын кез-келген жоспар бойынша оңдауға, жондауға болады деген түсінік қалыптастырды. Және де бұл тек түсінік деңгейінде қалмады, шын мәнінде күштеу саясаты арқылы жүзеге асты. Үшіншіден, бақылау, тексеру комиссиялары құжаттарының қатарында құпия айдар тағылған құжаттардың басым екендігі айқындалды.

Партия тарапынан жүргізілген мұндай саясат біріншіден, қазақ халқын орасан зор апатқа ұшыратса, екіншіден, адамның жеке басы мен адамдар қауымын кез-келген жоспар бойынша оңдауға, жондауға болады деген түсінік қалыптастырды.

Жалпы алғанда, жаңа заман дәуірі деректерінің ішінен кеңестік кезең деректері ерекше бөлініп тұрады. Ол ең алдымен, қоғамдық өмір мен жеке даралыққа деген тым күшті идеологиялық әсерден екені анық. Қыробком құжаттарын Қазақстандағы әкімшіл-әміршіл жүйенің орнауы мен нығаюының дерегі ретінде қарастыра отырып, большевиктердің билікке келген алғашқы жылдардан бастап-ақ қоғамның өміріне тұтастай бақылау орнатуға тырысқандығын, коммунистік идеологияның үстемдігін орната отырып, қарапайым халықты тұтастай бағындыру ұстанымдарын басшылыққа алғанын көреміз.

Зерттеу барысында жасалған тұжырымдар негізінде Қазақстан тарихының әміршіл-әкімшіл билеу жүйесінің үстемдік еткен тұсындағы елдің экономикалық, саяси, әлеуметтік, мәдени дамуы мәселелерін зерттеуде Қырғыз облыстық партия комитеті құжаттарының алар деректік орны ерекше екендігі туралы қорытынды жасалынды.

Осы тұрғыда, мұрағат қорларындағы бай құжаттық деректерді ғылыми айналымға енгізу, оларды деректанулық тұрғыдан зерттеу жұмыстары әлі де өз жалғасын табуы қажет.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

- 1 Назарбаев Н. Тарих толқынында. – Алматы, 1999. -254 б.
- 2 Варшавчик М. А. Предмет и задачи источниковедения историй КПСС. – М.: Высшая школа, 1967. – 212 с.
- 3 Варшавчик М. А. Источниковедение истории КПСС. – М.: Высшая школа, 1989. – 224 с.
- 4 Варшавчик М. А. Историко-партийное источниковедение. Теория, методология, методика. – Киев, 1984. – 198 с.
- 5 Борщевский В.Я. Источниковедение истории СССР (1917-1985гг.). – Киев: Вища школа, 1985. – 232 с.
- 6 Селезнев М.С., Кузьмин С.И. О некоторых вопросах текстологии в публикациях архивных документов по истории советского общества // Советские архивы. – 1990. – №5. – С. 24-29.
- 7 Литвак Б.Г. Профессионализм прежде всего // Советские архивы. – 1991. – №4. – С. 40-56.
- 8 Мазур Л.Н., Русина Ю.А. Проблема достоверности статистических источников и информационные технологии // Информационный бюллетень ассоциаций «История и компьютер». – Минск, 1997. – №2. – С. 21-27.
- 9 Боисенко В.И. Документы о деятельности Центральной комиссии по снабжению рабочих при наркомпроде РСФСР (1919-1922гг.) как исторический источник: автореф. ... канд. ист. наук. – М., 1983. – 23 с.
- 10 Борисова Л.В. Протоколы Президиума ВСНХ РСФСР как исторический источник (1917-1920 гг.): автореф. ... канд. ист. наук. – М., 1985. – 25 с.
- 11 Нұрпейісов К. Алаш һәм Алашорда. – Алматы: «Ататек», 1995. – 256 б.
- 12 Атабаев Қ.М. Ұлт және тарих. – Алматы: Қазақ университеті, 2007. – 232 б.
- 13 Кадыртаева М.А. Документальный материал ЦГА КазССР по истории освоения целинных и залежных земель как исторический источник (1954-1958гг.): дис. ... канд. ист. наук. – Алма-Ата, 1973. – 174 с.
- 14 Кульшанова А.А. Документы Центрального Государственного архива и Архива Президента Республики Казахстан по политике коренизаций в Казахстане (1920-1936гг.) как исторический источник: дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1999. – 132 с.
- 15 Сексенбаева Г.А. Документы фонда Наркомата земледелия КАССР по аграрной реформе в Казахстане в 20-е годы: источниковедческий анализ: дис. ... канд. ист. наук. - Алма-Ата, 1994. – 240 с.
- 16 Жакишева С.А. Баи - «полуфеодалы» в Казахстане на рубеже 20-30-х годов XX в.: историко-источниковедческий анализ проблемы: автореф. ... канд. ист. наук. – Алматы, 1996. – 27 с.
- 17 Омарбеков Т. Қазақ шаруаларын жеке меншік қожалықтарынан айыру және ұйымдастыру, тарихы мен тағылымы: тар. ғыл. докт. ... дис. – Алматы, 1994. – 387 б.

- 18 Омарбеков Т. 20-30 жылдардағы Қазақстан қасіреті. - Алматы, 1997. - 215 б.
- 19 Омарбеков Т., Омарбеков Ш. Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. – 388 б.
- 20 Коржихина Т.П. История и современная организация государственных учреждений СССР. – М.: Высшая школа, 1974. – 205 с.
- 21 Смирнова Т.М. Государственные учреждения СССР в условиях развитого социализма. – М.: Наука, 1977. – 174 с.
- 22 Горедецкий Е.Н. Рождение Советского государства (1917-1918гг.). – М., 1965. – 234 с.
- 23 Мельников М. Областные бюро ЦК РКП(б). – М.: Мысль, 1981. – 108 с.
- 24 Малиа М. Советская трагедия: история социализма в России (1917-1990 гг.) / пер. с англ. – М., 2002. – 309 с.
- 25 Искандеров А.А. Первые шаги Советской власти // Вопросы истории. – 2003. – №2. – С. 73-99.
- 26 Павлова И.В. Механизм политической власти в СССР в 20-30-е годы // Вопросы истории. – 1998. – №11-12. – С. 49-66.
- 27 Осипов В.П. Всматриваясь в 20-30-е годы. Из истории организационно-политического развития Коммунистической партии Казахстана. – Алма-Ата, 1991. – 256 с.
- 28 Гимпельсон Е.Г. НЭП и Советская политическая система в 20-е годы. - М.: ИРИ РАН, 2000. – 384 с.
- 29 Гимпельсон Е.Г. Формирование Советской политической системы 1917-1923 гг. – М., 1995. – 223 с.
- 30 Никулин В.В. Власть и общество в 20-е годы. Политический режим в период НЭПа. Становление и функционирование (1921-1929гг.). – СПб., 1997. – 127 с.
- 31 Сартаев С. Образование и становление Казахской советской государственности. – Алма-Ата: Казгосиздат, 1960. – 130 с.
- 32 Справочник государственных учреждений КазССР. Органы управления народным хозяйством КССР (1920-1936гг.) / под. ред. Рамазановой Р., Хасанаевой М.Ж. – Алма-Ата, 1981. – 274 с.
- 33 Баишев С. Победа социализма в Казахстане. – Алма-Ата: Изд. АН КазССР, 1961. – 326 с.
- 34 Игрицкий Ю.И. Снова о тоталитаризме // Отечественная история. – 1993. – №1. – С. 3-8.
- 35 Радаев В.В., Шкаратан О.И. Социальная стратификация. – М.: Аспект Пресс, 1996. – 319 с.
- 36 Қойгелдиев М.Қ. Ұлттық саяси элита: қызметі мен тағдыры (XVIII-XX ғғ.). – Алматы: Жалын баспасы, 2004. – 400 б.
- 37 Қозыбаев М. История и современность. – Алма-Ата, 2003. – 265 б.
- 38 Козыбаев М.К., Алдажуманов П.С. Тоталитарный социализм: реальность и последствия. – Алматы: Фонд XXI века, 1997. – 258 с.

- 39 Кадысова Р.Ж. Советская модернизация Казахстана (1917-1940 гг.): историография проблемы. – Алматы: НИЦ «Ғылым», 2004. – 288 с
- 40 Фридрих К., Бзежинский З. Тоталитарная диктатура и автократия. – М.: Наука, 1956. – 31 с.
- 41 Арендт Х. Истоки тоталитаризма. – М., 1996. – 671с.
- 42 Гуревич Л. Особенности советского тоталитаризма и положение интеллигенции // Материалы круглых столов и семинаров. – Алматы: Наука, 1996. – С. 90-91.
- 43 Голубев А.В. Тоталитарный режим в СССР: теория, споры и реальность // Преподавание истории в школе. – 2001. – №2. – С. 24-32.
- 44 Трукан Г.А. Путь к тоталитаризму: 1917-1929 гг. – М., 1994. – 149 с.
- 45 Игрицкий Ю.И. Концепция тоталитаризма: Уроки многолетних дискуссий на Западе // История СССР. –1990 г. – №6. – С. 26-31.
- 46 Ильин И.А. Наши задачи // Юность. –1990. –№8. – С. 64-73.
- 47 Гаджиев К.С. Тоталитаризм как феномен XX века // Вопросы философии. – 1992. –№2. – С. 27-31.
- 48 Всероссийская конференция РКП (б) 4-7 августа 1922 г. – М., 1922. –251 с.
- 49 Протоколы первой областной киргизской конференции РКП(б) 11-18 июня 1921 г. – Алма-Ата: Казкрайогиз, 1935. –175 с.
- 50 Вторая Всекригизская облатская конференция РКП(б) 19-27 февраля 1922 года: протоколы. – Алма-Ата, 1936. – 276 с.
- 51 Отчет Губернского комитета РКП(б) и контрольной комиссии 3-й губпартконференции 15 февраля 1923 года. – Кустанай, 1923. - 124 с.
- 52 Отчет Отдела ЦК по работе среди женщин за год работы. – М.,1921. – 138 с.
- 53 Полугодовой отчет Контрольных Комиссии РКП(б). – М.:Тип. им. тов. Воровского, 1924. –72 с.
- 54 Отчет о деятельности Кустанайского губкомитета РКП(б) и губернской контрольной комиссии 1 октября 1924 года-1 октября 1925 года. - Кустанай, 1925. – 107 с.
- 55 Годовой отчет Букеевского губкомитета РКП(б) за время с 1 марта 1923 года по 15 марта 1924 года. РКП(б) Букеевский губкомитет. – Урда, 1924. – 54 с.
- 56 О работе ячеек РКП (б): стенограмма совещания секретарей ячеек при ЦК РКП(б) 9-12 сентября 1924 г. – М.,1924. –82 с.
- 57 Резолюции, тезисы и постановлния IV Кустанайской губернской конференции РКП(б) с 21 по 27 марта 1924 г. – Кустанай: Изд. Губкома РКП(б), 1924. – 39 с.
- 58 Всероссийская перепись членов РКП 1922 года. – М., 1968. – Вып.4. - 201 с.
- 59 Қазақстанның қазіргі заман тарихы бойынша хрестоматия (1917-1939) / Редакциясын басқарған Қаражан Қ.С. – Алматы: «Қазақ университеті», 2007. – Т.І. - 336 б.

- 60 РКП(б): Внутрипартийная борьба в двадцатые годы: документы и материалы 1923 г. / отв. составитель Вилкова В.П. –М.: Рос.полит.энцикл. (РОССПЭН), 2004. – 464 с.
- 61 Из истории борьбы за власть в 1917 г.: сборник документов / сост. Зкоказов Г.И., Иоффе Г.З. – М.: ИРИ РАН, 2002. – 474 с.
- 62 Языковая политика в Казахстане (1921-1990 гг.): сборник документов / сост.: Айбасова М.К., Исахан Г.Т. – Алматы: «Қазақ университеті», 1997. – 325 с.
- 63 Алаш қозғалысы: Құжаттар мен материалдар жинағы: сәуір 1920-1928 жж. /бас ред. Қойгелдиев М.Қ. / жауапты құраст.: Грибанова Е. М., Жағыпаров Н. Р. – Алматы: Ел-шежіре, 2007. – 304 б.
- 64 Алаш қозғалысы: мәселенің зерттелу тарихынан //Құжаттар мен материалдар жинағы (1918–2007 жж.). –/бас ред.: Қойгелдиев М.Қ.; Жауапты құраст.: Зұлқашева А.С. – Алматы: Ел-шежіре, 2008. – Т.4. - 472 б.
- 65 Қазақстан Республикасының Президенті Мұрағатының аса құнды құжаттары: Жинақ. - 1 шығарылымы / жауапты ред.: Шепель В.Н. – Алматы: АП РК, 2009. – 103 б.
- 66 Григорьев В. Колониальная революция (Опыт Туркестана). –Алма-Ата, 1967. – 196 с.
- 67 Медушевская О.М. Современное зарубежное источниковедение. - М.: Наука, 1983. – 283 с.
- 68 Данилевский И.Н., Кабанов В.В., Румянцева М.Ф., Медушевская О.М. Источниковедение: теория, история, метод. Источники Российской истории. – М.: РГУ, 2004. – 701 с.
- 69 Медушевская О.М. Теоретические проблемы источниковедения: уч.пособие. – М.: Издательство Московского архивного института, 1977. – 230 с.
- 70 Ждановская З.В. Источниковедение истории СССР. 2-е издание. Переработанное и доп. – М.: Политиздат, 1979. – 276 с.
- 71 Валк С.Н. Избранные труды по историографий и источниковедению. Научные наследия. – СПб.: Наука, 2000. – 198 с.
- 72 Черноморский М.Н. Источниковедение истории СССР. - М.: Высшая школа, 1976.- 343 с.
- 73 Кардаш А.И. Источниковедение и вспомогательные исторические дисциплины: учебное методическое пособие. – М.: Издательство Рос.Университета, 2000. – 368 с.
- 74 Шмидт С.О. Путь историка: избранные труды по источниковедению и историографий. - М.: РГГУ, 1997. – 612 с.
- 75 Иванов Г.М. Исторический источник и историческое познание (Методические аспекты). – Томск: Издательство Томского университета, 1973. – 208 с.
- 76 Ковальченко И.Д. Исторический источник в свете учения информации (К постановке проблемы) // История СССР. – 1982. – №3. – С. 129-149.

- 77 Ковальченко И.Д. Методы исторического исследования. – М.: Наука, 2000. – 245 с.
- 78 Джилас М. Лицо тоталитаризма. Пер. с сербо – хорватского – М.: Изд-во «Новости», 1992. – 321 с.
- 79 Фромм Э. Бегство от свободы. Человек для самого себя. – М.: Изида, 2004. – 263 с.
- 80 Платонов С. После коммунизма. Книга не предназначенная для печати. - М., 1990. – 173 с.
- 81 Нелидов А. А. История государственных учреждений СССР (1917-1936 гг.). – М.: Высшая школа, 1962. –748 с
- 82 Морозов А.Ф., Портнов В.П. Органы партийно-государственного контроля (1923-1934 гг.). – М.: Юридическая литература, 1964. – 220 с.
- 83 Коржихина Т.П. История государственных учреждений СССР. – М.: Высшая школа, 1974. –310 с.
- 84 Краснов А.В. ЦКК-РКИ в борьбе за социализм (1923-1934гг.) – Иркутск: Восточно-Сибирское книжное издательство, 1973. – 570 с.
- 85 Зиманов С.З., Рейтор И.К. Советская национальная государственность и сближение наций. – Алма-Ата, 1983. – 229 с.
- 86 Зиманов С.З., Рейтор И.К. Теоретические вопросы советского национально-государственного строительства. – Алма-Ата, 1987. – 204 с.
- 87 Агдарбеков Г.А. Проблемы национально-государственного строительства в Казахстане (1920-1936гг.). – Алма-Ата, 1990. – 178 с.
- 88 Байтұрсынов А. Ақ жол: өлеңдер мен тәржімелер, публицистикалық мақалалар және әдеби зерттеу. – Алматы, 1991. –103 б.
- 89 Қырғыз өлкесінде Облыстық бюроны ұйымдастыру туралы құжаттар (хаттамалар, мәліметтер және т.б.) // ҚРПМ. –140 қор. –1 тізбе. –1 іс. – 1-4 пп.
- 90 Выписка из протокола заседания Оргбюро ЦК от 30 апреля 1920 года // ҚРПМ 140 қор, 1 тізбе, 4 іс, 1-2 пп.
- 91 Протоколы закрытых заседаний бюро Киробкома // ҚРПМ қор 139, 9 іс, 7 п.
- 92 ҚРПМ 139 қор, 1 тізбе, 247 іс, 41 п.
- 93 РМЭСТМ, 17 қор, 86 тізбе, 129 іс, 11 п.
- 94 Ланглуа Ш.-В., Сеньобос Ш. Введение в изучение истории. – М.: Наука, 1898. – 275 с.
- 95 Тихомиров М.Н. Источниковедение истории СССР. – М.: Соцэкгиз, 1980. – 319 с.
- 96 Черноморский М.Н. Источниковедение историй СССР. – М.: Наука 1976. –245 с.
- 97 Проблемы источниковедения и историографий. – М.: РОССПЭН, 2000. – 412 с.
- 98 Маслов Н.Н., Степанов З.В. Очерки источниковедения и историографии истории КПСС. – М.: Соцэкгиз, 1974. – 182 с.
- 99 Проблемы источниковедения и историографий //Материалы научных чтений. – М.: РОССПЭН, 2000. –267 с.

- 100 ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 38. - 18п.
- 101 ҚРПМ. – қор 139. – тізбе 1. – іс 541. – пп.10-75
- 102 Источниковедение историй Советского общества. – М.: Наука, 1984 – 298 с.
- 103 Заболотская К.А. Перспективы развития источниковедения новейшего периода Отечественной историй и задачи построения учебного курса // Проблемы источниковедения и историографии материалы научных чтений. - М., 2000. – 452 с.
- 104 Стрекопытов С.П. Административно-командная система и организация науки в 20-30-е годы // Административно-командная система управления. Проблемы и факты. Межвузовский сборник научных работ. – М.,1992. – 326 с.
- 105 Қозыбаев М. Өркениет және ұлт. – Алматы, 2001. – 369 б.
- 106 Статистические сведения губкомов РКП(б) о работе партийной организаций и движение парторганизации // ҚРПМ қор 139. - тізімдеме 1. – іс 666.
- 107 Отчеты // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 347.
- 108 Отчеты о работе Оренбургского губкома за 9-10, 11-12 1922 г. // ҚРПМ қор 139. – тізімдеме 1. – іс 352.
- 109 Отчеты о работе управделами Киробкома // ҚРПМ қор 139. – тізімдеме 1. – іс 484.
- 110 Отчеты, доклады и другая переписка укомов РКП(б) с Киробкомом РКП(б) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 587.
- 111 Статистические сводки о партииных организациях по Киркраю // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 609.
- 112 Циркуляры ЦК РКП(б) Киробкому РКП(б) // ҚРПМ қор 139. – тізімдеме 1. – іс 16.
- 113 Циркуляры и инструкции ЦК РКП(б) // ҚРПМ қор 139. – тізімдеме 1. – іс 17.
- 114 Циркулярные указания Кирпартбюро РКП(б) о положений в партийных организациях // ҚРПМ қор 139. – тізімдеме 1. – іс 35.
- 115 Циркулярные письма: входящая и исходящая переписка с парторганизациями // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 36.
- 116 Циркулярные указания ЦК РКП(б) по агит-массовой работе по Киркраю // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 189.
- 117 Циркулярные указания ЦК РКП(б) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 268.
- 118 Циркулярные указания Киробкома о представлений отчетностей // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 276.
- 119 Циркулярные указания ЦК РКП(б) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 477.
- 120 Циркулярные указания, инструкции ЦК РКП(б) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 553.
- 121 Циркулярные письма ЦК РКП(б) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 560.

- 122 Циркулярные письма ЦК РКП(б) // ҚРПМ. – қор139. – тізімдеме 1. – іс 561.
- 123 Циркулярные указания ЦК РКП(б) по агитационно-пропагандистской и массовой работе // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 693.
- 124 Циркулярные указания ЦК, Киробкома РКП(б) по агитационно-пропагандистской работе // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 694.
- 125 Циркулярные указания ЦК, Киробкома РКП(б) по агитационно-пропагандистской работе // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 695.
- 126 Циркулярные указания ЦК, Киробкома РКП(б) по агитационно-пропагандистской работе //ҚРПМ. – қор139. – тізімдеме1. – іс 696.
- 127 Циркулярные указания ЦК РКП(б) по агитационно-пропагандистской и массовой работе //ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 697.
- 128 Циркулярные указания ЦК РКП(б) по агитационно-пропагандистской работе // ҚРПМ. – қор139. – тізімдеме 1. – іс 698.
- 129 Циркулярные указания ЦК РКП(б) и Киробкома РКП(б)// ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 823.
- 130 Циркулярные указания Киробкома РКП(б) всем губкомам и укомам // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 824.
- 131 Циркулярные письма ЦК РКП(б) //ҚРПМ. – қор139. – тізімдеме1. – іс 829.
- 132 Циркулярные письма Киробкома РКП(б), Кустанайского губкома РКП(б) о партийно-массовой и организационной работе // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 835.
- 133 ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 832.
- 134 Циркулярные указания ЦК РКП(б) и Киробкома РКП(б) по информационно-статистической работе // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 833.
- 135 Циркулярные указания ЦК РКП(б) и Оренбургского губкома // ҚРПМ. қор 139. – тізімдеме 1. – іс 834.
- 136 ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 1. – п.4.
- 137 ҚРПМ. – қор 141. – тізімдеме 1. – іс 12.
- 138 РК(б)П орталық комитеті мен Қыробкомның кіріс және шығыс жеделхаттары // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 28. – пп.1-3
- 139 РК(б)П облыстық комитеті бюросы мен президиумының жұмысы туралы есеп // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 115. – пп. 1-11.
- 140 ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 476. – пп. 1-4.
- 141 РК(б)П губкомдарындағы партиялық және кеңестік жұмысты тексеру материалдары // ҚРПМ. – қор139. – тізімдеме1. – іс635. – пп.100-101.
- 142 ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 140
- 143 РК(б)П Семей губкомының 3-нші губерниялық партия конференциясы, пленумы, президиумы хаттамалары мен өкімдері // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 57. – пп. 52.
- 144 ҚРПМ. – қор 718. –тізімдеме 2. – іс 674. – пп.8.
- 145 ҚРПМ. – қор 718. – тізімдеме 1. – іс 3. – п.1.

- 146 Протоколы президиума Киробкома РКП(б) // ҚРПМ. – қор 139. – іс 818. – тізімдеме 1. – п.14-15.
- 147 ҚРПМ. – 813 қор. – тізімдеме 1. – іс 48.
- 148 ҚРПМ. – қор 718. – тізімдеме 1. – іс 114. – пп.11-12.
- 149 ҚРПМ. – бұйрық № 01-П, 11.01.2005.
- 150 Известия ЦК РКП(б). – 1920. – № 23. – 3 с.
- 151 Ресей Федерациясының мемлекеттік мұрағаты (РФММ). – қор 62. – тізімдеме 2. – іс 151. – п. 7.
- 152 РМӘСТМ. – 62 қор. – 2 тізбе. – 1 іс. – 27 п.
- 153 Оников Л.А. КПСС анатомия распада. – М., 1996. –179 с.
- 154 РМӘСТМ. – 17 қор. – 84 тізімдеме. – 316 іс. – пп. 3- 20.
- 155 РМӘСТМ. – 17 қор. – 1 іс. – 2 пп.
- 156 РК(б)П Қыробкомының РК(б)П ОК – мен және губкомдарымен телеграфты - шифрлы хаталмасуы // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 547. – 94 п.
- 157 Шифрожеделхаттар және басқа құпия хаталмасулар // ҚРПМ. қор 139. – тізімдеме 1. – іс 488. – п.146.
- 158 Толамисов А.Ғ. Заңдар –Қазақстан Республикасы тарихының дернек көзі (1990-2007 жж): тар. ғыл. канд. ... дис. - Алматы, 2010. -130 б.
- 159 Бернгейм Э. Введение в историческую науку. – Спб.,1908. – 81 с.
- 160 Маслов Н.Н., Степанов З.В. Очерки источниковедения и историографий историй КПСС. - М.: Издательство Ленинградского университета, 1974. – 304 с.
- 161 Данилов В.П., Якубовская С.И. Источниковедение и изучение источников советского общества // Вопросы истории. – 1961. – №5. – С. 3-24.
- 162 Фарсобин В.В. Источниковедение и метод. – М.: Наука, 1987. – 438 с.
- 163 Буганов В.И., Туркан Г.А. Актуальные проблемы источниковедения истории СССР //Вопросы истории. – 1977. – №3. – С.3-16.
- 164 Пушарев Классификация русских письменных источников по Отечественной истории. –М., 1975.
- 165 Атабаев Қ.М. Қазақстан тарихының деректанулық негіздері. – Алматы, 2002. – 172 б.
- 166 Ждановская З.В. Большевистская периодическая печать как источник при изучении истории КПСС (1900-1917). – М.,1965. – 381 с.
- 167 Спирин Л.М. Теория, методология и методика исследований по историй КПСС. – М.: Наука, 1982. – 57 с.
- 168 Пушкарев Л.Н. Вопросы классификации источников в русской исторической науке // История СССР. – 1963. – №5. – С. 81-96
- 169 Макаров М.К. К вопросу о терминалогии в источниковедении истории СССР //Тр. Москов.гос.ист.-архив. института. – М.,1963. – Т. 17. – 195 с.
- 170 Ключевский В.О. Сказания иностранцев о Московском государстве. - М., 1991.

- 171 Известия ЦК РКП(б) //ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 129. – п.74. - 1921. – №31. – 11 с.
- 172 ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 272. – п.14.
- 173 РМӨСТМ. – қор 62. – тізімдеме 2. – іс 165. – п. 67.
- 174 Стенографический отчет. Протоколы и стенографические отчеты съездов и конференций КПСС. – М.,1963. – 561 с.
- 175 Протоколы второй областной партийной конференций РКП(б) 19-27 февраля 1922 года. – Алма-Ата, 1936. – 246 с.
- 176 Протоколы циркулярных указаний Киробкома РКП(б) по губкомам и укомам РКП(б) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 272 (260). – пп.15-16.
- 177 Известия областного комитета РКП(б) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 345. – пп.192.
- 178 Обичкин О.Г. Краткий очерк истории Устава КПСС. – М.:Политиздат, 1969. – 111с.
- 179 История коммунистической партии Советского союза. – М.: Издательство политической литературы, 1977. –756 с.
- 180 Программа Российской коммунистической партии (большевиков) // Ленин В.И. Полное собрание сочинений. Издание пятое. – Т.38. – С. 417-446.
- 181 Инструктивные указания Облбюро РКП(б) о формах и методах партийной работы среди киргиз // ҚРПМ. – қор 140. – тізімдеме 1. – іс 37. – пп.12-13.
- 182 I облыстық партия конференциясы стенограммасы // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 2. – пп. 11-13.
- 183 Протоколы X Всероссийской конференций РКП(б). – М.: Партиздат, 1933. – 103 с.
- 184 Қазақстанның жаңа және қазіргі заман тарихы / редакциясын басқарған Қаражан Қ.С. – Алматы: Қазақ университеті, 2005. – 302 б.
- 185 I-ші Бүкілқазақтық облыстық партия конференциясы материалдары: хаттамалар, баяндамалар, қаулы-қарарлар және т.б. //ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 6. – п. 226.
- 186 ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 580. – пп. 20-21.
- 187 Анкеты, мандаты, удостоверения делегатов I краевого партиного совещания состоявшегося 1 октября 1920 года в г.Оренбурге // ҚРПМ. – қор 140. – тізімдеме 1. – іс 12.
- 188 Екінші бүкілқырғыздық партия конференциясы мандаттық комиссиясының есебі (делегаттар тізімі берілген) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 258 (267). – п. 14.
- 189 Бірінші Бүкілқырғыздық партия конференциясы мандаттық комиссиясы хаттамалары және т.б. мәліметтері 12-13 маусым 1921ж. // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 7. – п. 7.
- 190 Мандат // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 3426. – 282п.
- 191 Екінші облыстық конференция делегаттарының мандаттары мен тіркеу карточкалары // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 386. – п.3.
- 192 ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 556. – п.3.
- 193 Известия ЦК РКП(б). – 1924, апреля-б. – №16.

- 194 Известия ЦК ВКП(б). 1927г. – 11 июль. – №№26-27.
- 195 РМЭСТМ. – 60 қор. – тізімдеме 1. – іс 23. – pp.132-133.
- 196 РК(б)П-ның Қазақ облыстық бақылау комиссиясы есебі // ҚРПМ. – қор 718. – тізімдеме 1. – іс 114. – pp.1-4.
- 197 РК(б)П ОК -нің төменгі партия мекемелеріне циркулярлы нұсқаулары мен инструкциялары // РМЭСТМ. – қор 62. – тізімдеме 2. – іс 1. – п.117.
- 198 РК(б)П ОК-нің РК(б)П Қыробкомымен циркулярлардың орындалуы туралы өзара хат алмасу // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 649. – п.201.
- 199 Қыробкомның барлық бөлімдері мен бөлімшелеріне бұйрық // ҚРПМ. – қор 139. – іс 276. – п.168.
- 200 Қостанай губкомының 1922 жылдың ақпан-желтоқсан аралығындағы статистикалық есебі мен баяндамалары // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 350. – pp. 4-5.
- 201 Қостанай губкомының жоғарғы басшы ұйымдардан мамыр айына алған циркулярлары тізімі // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 2. – іс 25. – п. 90.
- 202 РК(б)П Қыробкомы пленумы хаттамалары // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 261(259). – п. 47.
- 203 РК(б)П Қыробкомының ұйымдастырушылық-саяси мәселесі бойынша циркулярлы нұсқаулары // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 19. – п.13.
- 204 ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 261а. – pp.106-110.
- 205 Қырғыз ауылында // РМЭСТМ. – қор 17. – тізімдеме 86. – іс 129. – pp.106-106.
- 206 Төртінші бүкілқырғыздық облыстық конференциясы материалдары // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 815. – п.87.
- 207 Стенограммы I-ой Всекиргизской партконференции. г.Оренбург //ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 2. – іс 2. – п.4.
- 208 РМЭСТМ. – қор 62. – тізімдеме 2. – іс 165. – п.100 об.
- 209 РК(б)П Обком хатшысының атына хат // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 548. – п. 25.
- 210 Циркулярлы хаттар, партия ұйымдарымен кіріс және шығыс хаттар// ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 36. – п.94.
- 211 Инструктивные указания Облбюро РКП(б) о формах и методах партийной работы среди киргизов // ҚРПМ. – қор 140. – тізімдеме 1. – іс 37. – п.52.
- 212 РМЭСТМ. – қор 17. – тізімдеме 4. – іс 1. – pp. 63-64.
- 213 РК(б)П –ның Қостанай губкомының губернияның төменгі партия мекемелеріне циркулярлы нұсқаулары мен инструкциялары //ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 277. – п.7.
- 214 ҚРПМ. – қор 140. – тізімдеме 1. – іс 6. – п.11.
- 215 Переписка Киробкома РКП(б) с ЦК РКП(б), губкомы РКП(б) и другими организациями // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 1040.

- 216 РК(б)П Қостанай губкомының губернияның төменгі партия ұйымдарына жіберген циркулярлы мен нұсқаулары (көшірме) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 277. – 6п.
- 217 РК(б)П Семипалатинск губкомының директивті нұсқаулары // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 839. – пп. 6-7.
- 218 Қыробкомның губкомдар хатшыларымен кеңейтілген пленумының хаттамалары // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 566. – 43-44 пп.
- 219 Ольминский М.С. Доклад на I Всесоюзной конференций архивных работников РСФСР в сентябре 1921 // Архивное дело. – 1921. – №1. – 114 с.
- 220 Известия ЦК РКП(б) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 933. – п. 60. – 1924, октябрь-б. - №1,6.
- 221 Бірінші облыстық партия конференциясы хаттамалары, баяндамалары 1921ж.) // ҚРПМ. – қор139. – тізімдеме 1. – іс 5. – п. 218.
- 222 РМӘСТМ. – қор17. – тізімдеме 86. – іс 15. – п.10 об.
- 223 РК(б)П ОК-нің жергілікті партия ұйымдарына циркулярлы хаты // РМӘСТМ. – қор 17. – тізімдеме 4. – іс 8. – пп.1-10.
- 224 РК(б)П Қыроблбюроның циркулярлық нұсқаулары // ҚРПМ. – қор 140. – тізімдеме1. – іс9. – п.23.
- 225 Положение о волостных (районных) организациях РКП(б) // РМӘСТМ. – 62 қор. – тізімдеме 2. – 165іс. – п. 103об.
- 226 Габуния В. РКП(б)-ның он екінші съезі. – Алматы: Қазақ мемлекет баспасы, 1951. – 28 б.
- 227 Протоколы пленума газетного объединения отдела печати ЦК РКП(б) // ҚРПМ. – 139 қор. – тізімдеме 1. – іс 1094. – п. 76.
- 228 РК(б)П ОК жергілікті партия комитеттеріне циркулярлы хаты //РМӘСТМ. – қор17. – тізімдеме 4. – іс1. – п. 75.
- 229 Регистрационная карточка для местных организации РКП(б) //РМӘСТМ. – қор 67. – тізімдеме1. – іс13. – 22-23 пп.
- 230 17 адамнан тұратын топтың жеке жиналысының резолюциясы // РМӘСТМ. – қор 17. – тізімдеме 4. – іс 31. – п. 59.
- 231 Семейде кеңес өкіметінің орнауы туралы И.М. Морозовтың естелігі // ҚРПМ. – қор 811. – тізімдеме 3. – іс 59. – п. 2.
- 232 РК(б)П Қыробкомының циркулярлары мен нұсқаулары // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 554. – пп. 174.
- 233 РК(б)П ОК-нің губерниялық және партия комитеттеріне нұсқауы // РМӘСТМ. – қор 17. – тізімдеме 4. – іс 1. – пп. 124-125.
- 234 Жергілікті партия комиеттеріне циркулярлы хат // РМӘСТМ. – қор 17. – тізімдеме 4. – іс10. – п.25.
- 235 Циркулярные указания Киробкома РКП(б) по агитационно-пропагандистской работе // ҚРПМ. – қор139. – тізімдеме 1. – іс 699. – пп. 4-4 об.
- 236 Инструкция Букеевского губкома РКП(б) об организаций и задачах партийных ячеек // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 25. – п.104.
- 237 Доклад сводка о деятельности Оренбургского губкома РКП(б) за апрель месяц 1922 года // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 276. – п.24.

- 238 Отчет Облбюро РКП(б) Киркряя о работе за 1920 г. Черновик с правкой председателя Облбюро РКП(б) В.А. Радус-Зенковичем // ҚРПМ. – қор 140. – тізімдеме 1. – іс 10. – п.19.
- 239 РК(б)П - ның Қыробком пленумы материалдары // ҚРПМ. – қор139. – тізімдеме 1. – іс 542. – п.111.
- 240 РК(б)П губкомдары хатшыларының жабық хаттары // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 362. – пп.36-39.
- 241 ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 603. – пп. 36-37.
- 242 Директивные указания Семипалатинского губкома РКП(б) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 839. – п. 117.
- 243 РМЭСТМ. – қор 17. – тізімдеме 4. – іс 58. – 34 п.
- 244 Переписка секретариата ЦК РКП(б) с местными партийными организациями: сборник документов /ред.кол. Аникеев В.В., Лавров Р.А. и др. – М., 1970. – Т.5. - 234 с.
- 245 РМЭСТМ. – қор17. – тізімдеме 4. – іс 23. – 73 п.
- 246 Голубцов В.С. Мемуары как источник по истории советского общества. – М.: Издательство Московского университета, 1970. – 114 с.
- 247 Тартаковский А.Г. Русская мемуаристика XVIII - первой половины XIXвв.: от рукописи к книге. – М.: Наука, 1991. – 286 с.
- 248 Алимгазинов К.Ш. Воспоминания участников гражданской войны в Казахстане как исторический источник: применение методов многомерного статистического анализа: дис. ... канд. ист. наук. – Алматы, 2001. –178 с.
- 249 Волобуев П.В. Вступительное слово // В кн.: революция и человек. Быт. Нравы. Поведение и мораль. – М.: РАН, 1997. –223 с.
- 250 Черноморский М.Н. Работа над мемуарами при изучении истории КПСС. Издание второе исправленное. – М.: «Высшая школа», 1965. –135 с.
- 251 ҚРПМ. –қор 811. –тізімдеме 4. –іс 196. –8п.
- 252 Материалы семинара методики работы с литературными, историческими и мемуарными источниками. –Волгоград, 2003. –286 с.
- 253 Қозыбаев М.Қ. Ғұмырнама жанрын зерттеу мәселелері // Қазақ тарихы. –1997. –№4. – Б. 37-43.
- 254 ҚРПМ. –қор 811. –тізімдеме 7. – іс 247. – п. 25.
- 255 Семейде кеңес өкіметінің орнауы туралы И.М. Морозовтың естелігі // ҚРПМ. – қор 811. –тізімдеме 3. –іс 59. –2п.
- 256 ҚРПМ. –қор 811. –тізімдеме 2. – іс 24. – п.17.
- 257 Ленин В.И. Политические партии в России и задачи пролетариата. – М.: Коммунист, 1918. –25 с.
- 258 ҚРПМ. –қор 139. –тізімдеме 1. –іс 818 в. – пп. 71-72.
- 259 ҚРПМ. –қор 140. –тізімдеме 1. –іс 6 б. – пп.26.
- 260 Отчеты о деятельности Киробкома РКП(б) в области агитационно-пропагандистской работы (май 1924-март 1925 гг.) // ҚРПМ. –қор 139. – тізімдеме 1. –іс 1083. –п.39.
- 261 Документы (стенограммы, доклады, бюллетени) первой I киргизской областной конференций РКП(б) // ҚРПМ. –қор 140. –тізімдеме 1. – іс 19. –п.28.

- 262 РК(б)П ОК-нің Қырғыз өлкесіндегі үгіт-насихат жұмыстарына байланысты циркулярлы нұсқаулары //ҚРПМ. –қор 139. – тізімдеме 1. – іс 189. –п.28.
- 263 РК(б)П Қыробкомы қызметкерлерінің үгіт пен насихатқа байланысты кеңесінің хаттамалары // ҚРПМ. –қор 139. –тізімдеме 1. – іс 191. – п.2.
- 264 Известия ЦК РКП(б). 1921. –№31. – п. 8 // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 89.
- 265 ҚРПМ. – қор 140. – тізімдеме 1. – іс 90. – п.34.
- 266 Қыробком пленумы хаттамалары //ҚРПМ. –қор 139. –тізімдеме 1. – іс 542. –п.88.
- 267 Қазақ халқының арасындағы жұмыс // РК(б)П Қазақ облыстық бірінші конференциясының протоколдары. –1935. – п. 42.
- 268 РМӘСТМ. –қор 17. –тізімдеме 14. – іс 326.. – п. 13; ҚРПМ. – қор 139. –тізімдеме 1. – іс 266 а. – пп. 56,65.
- 269 РМӘСТМ. –қор17. –тізімдеме 31. – іс 27. – п. 25.
- 270 ҚРПМ. – қор141. –тізімдеме 1. – іс 386. – п.13.
- 271 Қыробком бойынша циркулярлар мен нұсқаулар // ҚРПМ. – қор 139. –тізімдеме 1. – іс 17. – п. 32.
- 272 Тасмагамбетов А.С. Политика Советской власти в Казахстане в отношении ислама в 1917-1940 гг.: дис. ... канд. ист. наук. – Уральск, 1996 . – 107 с.
- 273 РК(б)П Қыробкомының үгіт-насихат саласындағы жұмысының есебі // ҚРПМ. –қор 139. –тізімдеме 1. –іс 821. – п. 23.
- 274 Бөкей губкомының есептері мен баяндамалары //ҚРПМ. –қор 139. – тізімдеме 1. – іс 615. – п. 6.
- 275 РМӘСТМ. – қор 17. – тізімдеме 86. –іс 129. – п.126 об.
- 276 Социализм и религия //Ленин В.И. Полное собрание соч. – М., 1982. - Т.7.
- 277 Махат Д. Баспасөз: Сталиншілдіктің Қазақстанда орнауы (1925-1956жж.). – Астана, 2007. –20 б.
- 278 Материалы семинара методики работы с литературными, историческими и мемуарными источниками. – Волгоград, 2003. – 45 с.
- 279 Бекхожин Х., Қозыбаев С.К., Матвиенко С.С. Очерки истории журналистики Казахстана. – Алма-Ата, 1988. – 296 с.
- 280 Аллаберген Қ., Нұсқабайұлы Ж., Оразай Ф. Қазақ журналистикасының тарихы (1870-1995 жж.). – Алматы, 1990. –183 б.
- 281 Атабаев Қ.М. Мерзімді басылым – ХІХ ғасырдың аяғы мен ХХ ғасыр басындағы Қазақстан тарихының дерегі ретінде. – Алматы, 1998. – 192 б.
- 282 ҚРПМ. –қор141. –тізімдеме1. – іс. – п. 487.
- 283 № 40 хаттама // ҚРПМ. –қор 141. – тізімдеме1. – іс 488.
- 284 №2 хаттама // ҚРПМ. –қор 139. – іс 266а,
- 285 Еңбекшіл қазақ. – 1924. - №203, май-4.
- 286 Еңбекшіл қазақ. – 1924. - №205, май-15.
- 287 Еңбекшіл қазақ. – 1924. - №204, май-10.

- 288 ҚРПМ. – қор140. –іс 9. –24 п.
- 289 Циркулярные распоряжения Кироблбюро РКП(б)П // ҚРПМ. –139 қор. – тізімдеме1. – іс 9. – пп.12.
- 290 Еңбекшіл қазақ. - 1924. - № 139, январь-29. – 2 б.
- 291 Төртінші жалпықазақтық конференция хаттамалары, баяндамалары және қаулылары //ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 809. – п. 321.
- 292 Атабаев Қ.М. Қазақ баспасөзі Қазақстан тарихының дерек көзі (1870-1917 жж.). – Алматы, 2000. – 358 б.
- 293 ҚРПМ. –қор 139. –тізімдеме 1. –іс 816. – пп.25-32.
- 294 ҚРПМ. –қор 139. –тізімдеме 1. –іс 818 в. п. 74.
- 295 Еңбекшіл Қазақстан. –1929. –№163.
- 296 Известия Киробкома РКП(б). –1922. –№24. –32-34пп // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме. – іс 234.
- 297 РК(б)П Төртінші облыстық партия конференциясы стенограммалары // ҚРПМ. – қор 139. –тізімдеме 1. –іс 811. – п. 190
- 298 Циркулярные письма ЦК, Киробкома РКП(б) по агитационно – пропагандистской работе // ҚРПМ. –қор139. –іс 696. –п.22.
- 299 РК(б)П Қыробком президиумы хатамалары// ҚРПМ. –қор 139. – тізімдеме 1. – іс 818. – пп.106.
- 300 РК(б)П Қыробком президиумы хаттамалары// ҚРПМ. –қор 141. – тізімдеме 1. – іс 1040-а. – пп.27-30.
- 301 Оқылған газеттерді қайтару реті туралы нұсқау// ҚРПМ. – қор 139. –тізімдеме 1. – іс 195. – 28-29 пп.
- 302 РМӘСТМ. –қор17. –тізімдеме 86. – іс 9. – п.7.
- 303 ҚРПМ. –қор 718. –тізімдеме 2. – іс 674.
- 304 ҚРПМ. –қор 813. –тізімдеме 1. – іс 48.
- 305 ҚРПМ. –қор 718. –тізімдеме 1. – іс 2а. – пп. 26.
- 306 Барлық губком хатшыларына (жедел, қатаң құпия) // ҚРПМ. –қор 139. – тізімдеме 1. – іс554. – п.38.
- 307 Хрестоматия по новейшей истории Казахстана (1917-1939 гг.). – Т.1. /Под.ред. Каражанова К.С. – Алматы: «Санат», 2002. – 408 с.
- 308 Ленин В.И. О государстве. Лекция в Свердловском университете 11 июля 1919 г. // Полное собрание сочинений. –Т.39. – издание пятое. – июнь-декабрь 1919 г. – М., 1974. – 685 с.
- 309 Ленин В.И. О демократизме и социалистическом характере Советской власти // Полное собрание сочинений. – М.,1974. – Т.40. - 704 с.
- 310 Коржихина Т.П. Рождение административно-командной системы управления // Административно-командная система управления. Проблемы и факты. –Межвузовский сборник научных работ. – М.,1992. – С. 5-27
- 311 РМӘСТМ. –17 қор. – тізімдеме 32. – іс 24. – п.1.
- 312 ҚРПМ. –қор 139. –т ізімдеме 1. –іс 1300.
- 313 Ленин В.И. Полное собрание сочинений: издание пятое. – М.,1976. – Т.43. - 672 с.
- 314 РМӘСТМ. –17 қор. – тізімдеме 68. – іс 24. – п.32.
- 315 РМӘСТМ. –17 қор. –тізімдеме 86. – іс 136. – пп.167-169.

- 316 РМӘСТМ. –17 қор. –тізімдеме 68. – іс 58. – п.22.
- 317 РМӘСТМ. –17 қор. –тізімдеме 69. – іс 142. – п.2.
- 318 РМӘСТМ. – 17 қор. –тізімдеме 68. – іс 455. – п.1-84.
- 319 Коммунистерді есепке алу және бекіту мәселелеріне байланысты РК(б)П Қыробкомының РК(б)П губкомдары және укомдарымен өзара хат алмасуы // ҚРПМ. –қор139. – тізімдеме 1. –іс 178. –п. 42.
- 320 ҚРПМ. –қор 139. – тізімдеме 1. – іс 540а. – п.17.
- 321 Коммунистическая партия Казахстана в документах и цифрах. – Алма-Ата, 1960. – 65 с.
- 322 РМӘСТМ. –17 қор. –тізімдеме 2. – іс 30. – п. 25.
- 323 Екінші бүкілқырғыздық облыстық партия конференциясы материалдары // ҚРПМ. – қор139. – тізімдеме 1. – іс 249. – п.98.
- 324 Бірінші бүкілқырғыздық облыстық конференциясы материалдары (хаттамалар, тезистер, баяндамалар) // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 3. – пп. 258.
- 325 ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 4. – пп.12-14.
- 326 Кеңестік мекемелердегі жұмысшылар арасында тексеру және тазалау жүргізудің нұсқаулары // ҚРПМ. – қор 139. –тізімдеме 1. – іс 837. – п.1.
- 327 Известия ЦК РКП(б). –1921. – №31.
- 328 Бірінші бүкілқырғыздық облыстық конференциясы стенограммасы (Орынбор қаласы) //ҚРПМ. –қор 139. – тізімдеме 1. – іс 2. – 110 пп.
- 329 Ұлттың ұлы ұстазы (халқымыздың көрнекті қоғам қайраткері, ғалым, ағартушы Ахмет Байтұрсыновқа арналады: «Ұлы тұлғалар» атты ғылыми-библиографиялық серия // Құрастырушы В.Қ. Күзембаева. –Алматы: Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Орталық ғылыми кітапхана, 2001. –305 б.
- 330 II бүкілқырғыздық партия конференциясы стенограммасы (Орынбор қаласы) // ҚРПМ. –қор 139. –тізімдеме 1. –іс 254 (263). – пп.182-185.
- 331 Қырғыз өлкелік ОК-нің жылдам және құпия мәліметтері // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме1. – іс 364. – п.201.
- 332 Екінші бүкілқырғыздық партия конференциясын өткізуге байланысты ұйымдастырушылық комиссиясы материалдары // ҚРПМ. – қор 139. – тізімдеме 1. – іс 265. – пп.48.